1. Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлықпен күрестің көкейтесті проблемалары/ О. А. Абдыкаримов. - Астана: ҚР Президенті жанындағы Мем. бас. акад.,2005.
2. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде және оның алдын алу шаралары: Оқу құралы. /Г. С. Мауленов. - Астана: ҚР Президенті жанындағы Мем. бас. акад., 2005.
3. Сұлтанов, Қ. Қоғам індеттен арылып, аурудан айығуы керек // Егемен Қазақстан. - 2014. - 31 шілде (№ 147).
4. <https://bestdiplomats.org/ways-to-fight-corruption>



ӘОЖ 342.72/73

## ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚАРСЫ ІС - ҚИМЫЛДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Арғынбай Инабат Мәдешқызы**  
оқытушы Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты  
«Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы»  
**Рахымбай Мөлдір Қайратқызы**  
ҚҚ-23-3 топ студенті

**Аңдатпа.** Мақалада отбасылық және тұрмыстық зорлық - зомбылық мәселесі қарастырылады. Бұл мәселенің өзектілігі - тұрмыстық зорлық - зомбылықтың психологиялық және құқықтық тетіктерді қолдана отырып шешілуі. Осы зерттеу жұмысының басты мақсаты - тұрмыстық зорлық- зомбылық ұғымын құқықтық түрде талдау, оның түрлерін анықтау және аталған мәселемен күрес шараларын қарастыру .

**Кілт сөздер:** тұрмыстық зорлық-зомбылық , тұрмыстық зорлық-зомбылық нысандары,тұрмыстық зорлық - зомбылық түрлері,тұрмыстық зорлық- зомбылықпен күрес шаралары,отбасылық зорлық- зомбылық себептері .

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема семейного и домашнего насилия. Актуальность данной проблемы заключается в решении проблемы домашнего насилия с использованием психологических и правовых механизмов. Основной целью данной исследовательской работы является юридический анализ понятия домашнего насилия, определение его видов и рассмотрение мер борьбы с данной проблемой.

**Ключевые слова:** домашнее насилие, формы домашнего насилия, виды домашнего насилия, меры борьбы с домашним насилием, причины семейного насилия.

**Annotation.** The article examines the problem of family and domestic violence. The relevance of this problem lies in solving the problem of domestic violence using psychological and legal mechanisms. The main goal of this research work is a legal analysis of the concept of domestic violence, determination of its types and consideration of measures to combat this problem.

**Keywords:** domestic violence, forms of domestic violence, types of domestic violence, measures to combat domestic violence, causes of domestic violence.

Жанжалдар мен даулар кез-келген қарым-қатынаста пайда болады. Тұрмыстық зорлық-зомбылықты жанжалдан ажырату маңызды. Егер жанжал жағдайында серіктестер тең емес қатысса, тұлғаның серіктесі тұлғаның әрекеттері мен сезімдерін басқаруға және басқаруға тырысып, зорлық-зомбылық әдістеріне жүгінсе, дау тұрмыстық зорлық-зомбылыққа айналуы мүмкін.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық - жеке тұлғаға қол сұғылушылық ,азаматтардың құқын бұзатын бір адамның екінші адамға тәндік немесе психикалық ықпал етуі. Түрлі тәсілдермен ұрып-соғу, дене жарақатын салу, азаптау , денсаулыққа зиян келтіру ,адам психикасына әсер етуі , қорқыту, тәнге жарақат салу катері жолымен ықпал ету және тағы басқа залал келтіру . Тұрмыстық зорлық-зомбылықты қолдану арқылы жасалған қылмыс, қылмыстық жауапкершілікті ауырлататын мән-жай болып табылады . Біздің заманауи дамыған қоғамда тұратынымызға қарамастан, отбасылардағы тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары өте жиі кездеседі. Көбінесе адамдар бұл туралы ашық айтпайды – онысы бекер. Қазақстан Республикасының Конституциясында адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды, әркімнің ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар деп анық жазылған.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық күш көрсету, психологиялық, жыныстық немесе экономикалық зорлық-зомбылық түрінде болуы мүмкін.

1-Күш көрсету зорлық-зомбылығы - дене күшін қолданып, денені ауыртып денсаулыққа қасақана зиян келтіру.

2-Психологиялық зорлық-зомбылық – адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу ,еріксіз көндіру арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту.

3-Тәндік зорлық-зомбылық –адамның жыныстың тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты тәндік сипаттағы іс-әрекеттер.

4-Экономикалық зорлық-зомбылық – адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыруды айта аламыз .

Еліміздің Ата Заңы адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға кепілдік береді. Осыған орай, тұрмыстық зорлық- зомбылық фактісіне қарсы адамдардың құқықтарының қорғауда болу қажеттігін ҚР Конституциясының бірнеше баптары көздеген. Атап айтқанда, конституцияның 13-бабына сәйкес «әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқықтары бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын ,қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы». Ал , Конституцияның 17-бабы адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық және ешкімді азаптауға , оған зорлық-зомбылық жасауға , басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайтындығы туралы тікелей айтады. Сонымен қатар, мемлекет ананы, әкені, баланы қорғау жөніндегі міндеттемені толығымен өзіне алады. Мәселен, ҚР Конституциясының 27-бабында неке мен отбасы ,ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында болатыны бекітілген. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы әрі міндеті. Кәмелетке толған балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әйелдерге қатысты жасалу қауіпінің жоғары мәнге ие болуы Қазақстан Республикасының халықаралық құқық қорғау келісімдерін ратификациялай отырып, әйелдерді мемлекеттік, сондай-ақ , жеке тұлғалар жасайтын зорлық-зомбылықтан қорғау жөнінде өзіне міндеттемелер алуына әкелді.

Бұл Қазақстан Республикасының Конституциясында және халықаралық құқықтық құжаттарда бекітілген ережелер мен бірқатар нормативтік актілерде нақтыланады. Олар:ҚР Азаматтық кодексі, ҚР Қылмыстық кодексі, ҚР Еңбек кодексі, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, ҚР Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заңы және т.б. Мұнда әйелдер мен балаларды тұрмыстық зорлық - зомбылықтан қорғауды реттейтін негізгі баптар мен заңдар келтірілген . Азаматтар құқықтарының аса қауіпті бұзылуы қылмыстық жауапкершілікке әкеліп соғады және ҚР Қылмыстық кодексінің қолданылу аясына жатады. Отбасындағы зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамдардың құқықтарын қорғау мәселелерін шешу кезінде, сот тәжірибесі көрсеткендей айыптау кезінде ҚР Қылмыстық кодексінің мынадай баптары жиі қолданылады: ҚР Қылмыстық кодексінің

106-бабы (денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру), 107-бабы (денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру), 110-бабы (қинау) және т.б. Сондай-ақ, тұрмыстық зорлық - зомбылық кісі өлтірумен аяқталатын жағдайлар да жиі кездеседі, мұндай жағдайларда Қылмыстық кодекстің 99-бабы (адам өлтіру) бойынша айыптау жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексінің 73 бабына сәйкес, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер қатарана былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге тұрғынжайда жасалған басқа да әрекеттер жатады. Аталған заңнамалардың барлығында тұрмыстық зорлық -зомбылық жағдайында болуы мүмкін адамдардың құқықтары және оны қорғау шаралары сипатталған . Бірақ, халықтың мемлекеттің заңдарын білмеуі және өзін қорғауға құлықсыздығы тұрмыстық зорлық-зомбылық көріністері болып табылатын құқық бұзушылықтардың өркендеуіне қолайлы негіз болып табылады.

Тұрмыстық зорлық зомбылыққа қарсы іс-қимылды шешу қазіргі таңда өте өзекті мәселе болып табылады.Себебі тәуелсіздік тәрімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық- адам бостандығы . Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау- Конституциялық заңдылықтың басты талабы. Қоғамда орын алып жатқан түрлі жайттар қоғамды алаңдатпай қоймайды. Отбасындағы зорлық-зомбылық құрбандарының көпшілігі – моральдық тұрғыдағы мінеуден қорқып, құқық қорғау органдарына шағымданудан бас тартып жатады. Осыған сәйкес, әйелдер мен қыздар арасында әйелдердің құқықтық сауаттылығын арттырып, зорлық-зомбылықтың түрлері мен себептерін зерделеп, алдағы уақытта қылмыстық әрекеттерді болдырмау бағытында тиісті профилактикалық жұмыстар жасалу керек. Мамандардың айтуынша, отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың басты себебі маскүнемдік пен жұмыссыздық салдары болып табылады. Осындай жағдайларда жиі туындайтын бір мәселе бар. Ол тұрмыста зорлық көрген әйелдер өзіне қол жұмсаған адаммен бір шаңырақтың астында тұрғылары келмейтіндігі. Әйелдердің дені қорқыныштан, болмаса баспанасыз қалмауы үшін көбіне көрсетілген зорлыққа амалсыз шыдауға бел байлайды. Зорлықтан зардап шегушілердің көбісі түрлі себептерге байланысты полицияға хабарласуға асықпайды. Бірі отбасы жағдайының төмендігін ойласа, енді бірі бұл қадамы онсыз да берекесі кеткен шаңырағын одан әрі шайқалтып кетер деп қауіптенеді. Зорлық-зомбылық, егер ол жұбайлар , бұрынғы жұбайлар , бірге тұратын немесе тұрған адамдар , жақын туыстар , ортақ балалары бар адамдар отбасылық- тұрмыстық қатынастар аясында жасалса, «тұрмыстық» зорлық-зомбылық болып есептелінеді .

Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен сәтті күрес жүргізудің негізгі шарты- қоғамның көзқарасын өзгерту. Ол үшін қоғамдық сана мен қалыптасқан стереотиптерді түбегейлі өзгертіп, отбасындағы зорлық-зомбылықтың салдарына сәйкес түсінік қалыптастыру қажет, қоғамға қарсы мінез-құлықты еркімен жібермеу керек. Әрбір жазасыз қалған үй бұзақысы өзінің бойында бұдан да ауыр құқық бұзушылықтарды жасауға негіз болатын жауапсыздық сезімін дамытады. Отбасындағы ата-ананың мінез-құлқы – баланың өз алдындағы үлгі,өнеге алатын, оған қарап өсетін нысаны. Шылым шегу, ішімдікке үйірлік, бұзықтық жолға түсіп, зорлық-зомбылық жасауға мүмкіндік туғызады, еңбек етуге, қоғамға, денсаулыққа, ұрпаққа, отбасына зиянын тигізеді. Салауатты өмір сүрудің бір негізгі күрделі мәселесі – жаман қылықтардан, сондай-ақ зорлық-зомбылықтан аулақ болу. Зорлық-зомбылық тәрбиесіздіктен де туындайды. Сондықтан да бала тәрбиесіне екі жақты болып, яғни мектеп пен ата-ана болып, бала жүрегі мен санасына гүл сепкендей білім, тәлім мен тәрбие, адамгершілік құндылықтарын ақылмен ексек, келер ұрпақтың да, адам жанының сұлулығы да байиды. Бар әлемге ақ жүрекпен, жанға күн шуағындай, гүлдің нәзіктігіндей қарап өскен ұрпақтан тек келер күннің шұғылалы болуына толық сеніммен айта аламыз.

Тұрмыстық зорлық - зомбылық туындаған жағдайда түрлі шаралар қолданысқа ие болады. Ішкі істер органдары мынадай шаралар қолданады:Жәбірленушілерді тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау үшін ішкі істер органдарының тұрмыстық зорлық-

зомбылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану құқығы бар. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектісі тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адаммен профилактикалық әңгімелесуді жүргізеді. Профилактикалық әңгімелесудің негізгі міндеттері тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаудың себептері мен жағдайларын анықтау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әлеуметтік және құқықтық салдарын түсіндіру және заңға мойынсұнушылық мінез-құлықтың қажеттігіне сендіру.

Ішкі істер органы жергілікті полиция қызметінің басшысы немесе орынбасары, учаскелік полиция инспектор немесе кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспектор он алты жасқа толған, есі дұрыс адамға қатысты қорғау нұсқамасын шығарады.

Қорғау нұсқамасында тұрмыстық зорлық-зомбылық жасауға, жәбірленушінің отбасының кәмелетке толмаған және әрекетке қабілетсіз мүшелерін қоса алғанда, оның еркіне қарамастан оны іздестіруге, оның ізіне түсуге, оған баруға, онымен ауызша, телефон арқылы сөйлесуге және өзге де тәсілдермен байланыс жасауға тыйым салынады. Өзіне қатысты қорғау нұсқамасы шығарылған адамды ішкі істер органдары профилактикалық есепке қояды және оған профилактикалық бақылау жасауды жүзеге асырады. Қорғау нұсқамасының қолданылу мерзімі ол өзіне қатысты шығарылған адамға берілген кезден бастап отыз тәулік. Тексеру мерзімділігі күнтізбелік жеті күнде кемінде бір ретті құрайды.

Әкімшілік ұстау – тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды арнаулы орында мәжбүрлеп ұстай отырып, бас бостандығынан айыру.

Мәжбүрлі амбулаториялық бақылау мен психиатрда емделу, жалпы үлгідегі, мамандандырылған үлгідегі, интенсивті бақылайтын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу түрінде медициналық сипаттағы мәжбүрлі шараларды Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне сәйкес сот тағайындайды.

Құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу – Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңының 22 бабына сәйкес әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасы болып табылады және ол әкімшілік жаза қолданумен қатар және әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам әкімшілік жауаптылықтан босатылған кезде оның орнына да қолданылады.

Әкімшілік шара - Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 73 бабына сәйкес ескерту жасау не үш тәуліктен он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалса он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу немесе бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу қарастырылған.

Ата-ана құқықтарын шектеу немесе айыру. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексіне сәйкес, егер ата-аналар ата-аналық міндеттерін орындаудан жалтарса, оның ішінде алимент төлеуден қасақана жалтарса, өздерінің ата-ана құқықтарын теріс пайдаланса, балаға қатыгездік көрсетсе, оның ішінде оған күш қолданса немесе психикасына зорлық жасаса, оның жыныстық тиіспеушілігіне қастандық жасаса, спирт ішімдіктеріне немесе есірткі заттарына салынса, психотроптық заттарды және осыларға ұқсас заттарды теріс пайдаланса, олар ата-ана құқықтарынан айрылады. Егер баланың ата-аналарымен қалуы ата-аналарға байланысты емес мән-жайлар бойынша, ата-аналардың мінез-құлқының салдарынан, бірақ бұл ретте ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру үшін жеткілікті негіздер анықталмай, ол үшін қауіпті болса, ата-ана құқықтарын шектеуге жол беріледі.

Қылмыстық процесте іс жүргізудің мәжбүрлеу шараларын және жәбірленушілердің қауіпсіздік шараларын қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жолын кесу және жәбірленушінің, куәнің және қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын басқа да адамдардың, олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын және қылмыстық процесті жүргізетін органдар қолданады.

Мамандандырылған дағдарыс орталықтары тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен тұлғаларға көмек көрсетеді, консультативті-психологиялық және заңгерлік көмекті

тегін ұсынып, қажет болған жағдайда жәбірленушілерді медициналық көмек көрсетілу үшін медициналық мекемелерге жібереді, уақытша баспана береді, осы ретте тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының толық қауіпсіздігі мен анонимділігін қамтамасыз етеді. Балалары бар әйелдер мамандандырылған дағдарыс орталығында бір айдан жарты жылға дейін бола алады. Шара қолдану деңгейінде балаларға зорлық-зомбылық көрсетілгені туралы өкілетті органдарға міндетті түрде хабардау жүйесін жасау, жүйенің тиімділігін арттыру үшін бала құқықтарын қорғау жүйесіне қосымша әрекет етуші тұлғаларды енгізу, өкілетті органдар арасында нақты үйлестіру және тиімді өзара әрекеттесу тетігін жасап шығару, мамандарды балаларға зорлық-зомбылық көрсету оқиғаларымен жұмыс жасауға үйрету, сонымен бірге, білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау жүйелеріндегі зорлық-зомбылық оқиғалары кезінде құқық қорғау және сот органдарының шара қолдануына қатысты нұсқаулықтар әзірлеу маңызды. Мамандардың және халықтың балаларға зорлық-зомбылық көрсетілетінінен, соның ішінде, зорлық-зомбылық көрсету қауіп-қатерлерінен және белгілерінен, оған қоса балаларға зорлық-зомбылық көрсетудің жағымсыз салдарынан хабардарлығын арттыруға көңіл бөлудің де маңызы аз емес. Сонымен қатар, жағдайды және оң өзгерістерді бақылап отыру үшін балаларға көрсетілетін зорлық-зомбылықтың барлық түрлері туралы әкімшілік мәліметтерді жинауды әрі қарай жетілдіру қажет.

Балаларға қамқорлық жасау, баланың абыройы мен құқықтарын құрметтеу - бұл тек мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар жекелеген әрбір адамның міндеті екенін естен шығармауымыз қажет. Үзіліссіз ұрпақ тәрбиесіндегі қос босаға-тәртіп пен мәдениет күллі адам атаулының күнделікті әдеттеріне айналған кезде, біздер мейірімі мол, қайырымды қоғамды құрып ғана қоймай, зорлық-зомбылықсыз балалық шақтың шаңырағын биіктете түскен болар едік. Бейбіт ел, ынтымағы жарасқан халық, үлгілі отбасын құру бәрі де адамның өз қолында.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1) Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. — Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008 жыл.
- 2) Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы.



**ӘОЖ: 316.624**

## **ЛУДОМАНИЯ МЕН ОЙЫНҒА ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Куанышева Индира Кирымжанқызы**

**заң ғылымдарының магистрі, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы»**

**Аңдатпа.** Лудомандар - құмар ойынның шырмауына түскен адамдар. Қазіргі кезде казино, түрлі ақшалай ойын автоматтарының таралуына байланысты құмар ойындар мәселесі өзекті мәселеге айналып тұр.

**Кілт сөздер:** Лудомандар, лудомания, букмекерлік конторалар, казино, ойын бизнесі, құмар ойын.

**Аннотация.** Лудоманы-это люди, попавшие в ловушку азартных игр. В настоящее время актуальной становится проблема азартных игр в связи с распространением казино, различных денежных игровых автоматов.

**Ключевые слова:** Лудоманы, лудомания, букмекерские конторы, казино, игорный бизнес, азартные игры.

**Annotation.** Ludomaniacs are people trapped in gambling. Currently, the problem of gambling is becoming urgent due to the proliferation of casinos and various money slot machines.

**Keywords:** Ludomania, ludomania, bookmakers, casinos, gambling, gambling.

Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Мемлекет басшысы лудоманияны қазақстандық қоғамның өзекті әлеуметтік проблемаларының бірі ретінде атап өтті.

Ал, еліміздегі желкілдеген жеткіншектеріміздің бұл дертке шалдығуының себебі не? Лудомания ойыны – жастармен ересектер арасындағы құмар ойындарға тәуелділік мәселелесі - қазіргі таңда өзекті болып отыр.

Ғалымдардың арасында адамдарды рулеткаға, карталарға және ойын автоматтарына не итермелейтіні туралы ортақ пікір жоқ. Кейбір ойыншылар өз іс-әрекеттерінде бай болудың жолын көреді, басқалары не істерлерін білмегендіктен және толқуларға деген шөлді қандыруға тырысады, ал басқалары жұмыс күндерінен кейін шиеленісті жеңілдетеді. Құмар ойындарға қайта — қайта оралудың ең нашар нұсқасы-патологиялық тәуелділік-лудоманияға әкеліп соқтыратыны қиын жағдай.

Лудомания енді медициналық аурулар тізіміне енді. Себебі, жыл санап елде ойынқұмарлыққа тәуелді жастардың саны артып келеді екен. Соның ішінде өңірімізде де лудомандар қатары көбеюде. Облыста психологтардың көмегіне жүгінетін адамдардың 70 пайызы дәл осы ойынқұмарлыққа тәуелді адамдар. Бұл аурудан қалай айығуға болады? Лудомандарға кім көмектесе алады?

Лудомандар - құмар ойынның шырмауына түскен адамдар. Қазіргі кезде казино, түрлі ақшалай ойын автоматтарының таралуына байланысты құмар ойындар мәселесі өзекті мәселеге айналып тұр. Қоғамда оларға ешқандай шара қолдана алмайды. Себебі құмар ойындардың көбісі заң жүзінде рәсімделген. Ойынқұмарлардың көбеюі салдарынан елімізде лудомандарды емдейтін арнайы орталықтар да ашылған. Бірі білсе екінші білмейді.

Алайда, осы жолда адасқан адамдар тек ақшадан емес, өмірінен айырылады. Не себептен адамдар тәуелділікке ұшырайды?

Бірінші және ең көп таралған мәселе ол: - отбасындағы мәселе. Егерде үй ішінде тыныштық орнамаса, іштегі ызаны басып тастау үшін ойындарға көңіл бөліп уақыт өткізетін болады.

Екінші, ол қаржылық моральды қиындықтар.

Үшінші мәселе: қанағатсыздық. Яғни өмірден түңілу, бар дүниені бағалай алмау.

Мамандардың айтуынша, лудомания дертіне шалдығу бірнеше факторға байланысты:

-биологиялық;

-психологиялық;

-әлеуметтік;

-рухани;

Лудоманды былайша аңғаруға болады:

Біріншіден, барлық бос уақытын ойынмен өткізеді. Казиноларға ставка қояды. Букмекерлік контораларда отырады.

Екіншіден, қаржыны көп жұмсайды, ставкалар қомақты ақшаны қажет етеді, соның нәтижесінде үйіндегі құнды заттарын сатады, жақындарымен таныстарынан қарызға ақша алады, тіпті одан қала бере банктерден несие алады, сөйтіп қарызға белшесінен батады екен.

Үшіншіден, көңіл күйі өзгереді. Лудоман әрқашанда ойын туралы ойлайды.

Төртіншіден, жеңілістен кейін, қайтадан ойнап, ұту идеясы пайда болады.

Егер лудоман үлкен сомадан ұтылып қалса, ол керісінше тоқтамайды, ол тезірек ақша іздей бастайды.

«Жеңіл ақшаға» ұмтылу кезінде олар көбінесе қаржылық және психологиялық тұзақтарға түседі. Азарт ойындарға құштарлық көптеген адамдарды банкротқа ұшыратты, бірақ бізде ойынға тәуелділікпен тиімді күресуге көмектесетін ұйымдар әлі жоқ.

Билік құмар ойындар бизнесін бақылауға алуға қаншалықты тырысса және бұл ішінара сәтті бола қоймаған. Мысалы, 2009 жылдан бастап казиноларға тек астаналар мен ірі қалалық агломерациялардан алыс орналасқан арнайы аймақтарда ашуға рұқсат етілді.



Алайда, бұл мәселенің шешімі болған жоқ, өйткені бизнес онлайн-жер астына кетті. Осыған ұқсас процестер басқа елдерде де орын алды-сайып келгенде, құмар ойындар саласындағы әлемдік көшбасшының, американдық MGM Resorts International компаниясының мәліметтері бойынша, онлайн-нарықтың айналымы 60 млрд долларға жетті. Сонымен қатар, пандемия басталған кезде ойындардың онлайн режимінде кетуі тек күшейіп, нақты әлеммен байланысын жоғалтатын жаңа тәуелді ойыншылардың пайда болу ықтималдығын арттырды. Лудомания мәселесі тіпті танымал мәдениетке де әсер етті. Ол өте түрлі-түсті «кальмар ойыны» хит сериясында көрсетілген, онда кейіпкерлер «жеңіл ақшаны» қуып ергендер, өз өмірлерін қиған.

2017 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) бүкіл әлем бойынша құмар ойындарға тәуелділіктің эпидемиологиялық сипаты туралы хабарлады. Нәтижесінде адамдарды лудоманиядан арылту стратегиясының қажеттілігі айқын көрініс тапты.

Бүгінгі таңда құмар ойындарға қатысу кез-келген адамға қол жетімді болды: кез-келген адам казино рұқсат етілген арнайы аймаққа барып, ақшасын сол жерде қалдыра алады. Немесе спорттық жарыстардың нәтижесіне шексіз ставкалар жасай алады. Сонымен қатар, көптеген онлайн платформалар өз пәтерінен шықпай-ақ ақша ойнауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты ойыншылардың саны үнемі өсіп келеді, ал толқуға төтеп бере алмайтын адамдар туралы қайғылы және тіпті қайғылы оқиғалар көбейіп келеді.

ДДҰ-ның бағалауы бойынша, жылына 350 миллион адам проблемалық құмар ойындардан зардап шегеді. Канадада 15 жастан асқан халықтың 2% -ында құмар ойындар проблемалары бар. Жапонияда азаматтардың 3,6% - ы белгілі бір уақытта құмар ойындарға тәуелді болды. Ресейде бүгінде ел тұрғындарының 6% - ы лудоманиямен ауырады. Қазақстанда құмар ойындарға тәуелді 300 мың адам саны бүгінгі күні ескірген мәлімет. Қазір ел бойынша кем дегенде миллион ойыншы немесе күн сайын 100 мың ставка жасайды деген ақпарат бар. [1]

«Біз ажырасудың 40% - ы осы себепті болатынын көреміз. Лудомания қазір біздің отбасымыздағы ажырасу себептері арасында алкоголизм мен нашақорлықтан кейін 2-ші орынға шықты. Бұл үлкен проблемаға айналды», - деген болатын Әлихан Смайылов өз сұхбатының бірінде.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мемлекет тарапынан белсенді іс-қимылсыз бұл мәселені шешу мүмкін емес.

Оң мысал 2005 жылы проблемалық құмар ойындар жөніндегі ұлттық кеңес құрылған Сингапурды көрсетеді. Оның негізгі функциясы-бұқаралық білім беру, барлық мүдделі тараптардың құмар ойындар бойынша кеңестері, тәуелді ойыншылар мен олардың отбасыларына профилактикалық және емдік қызметтер, сондай-ақ осы саладағы іргелі зерттеулер жүргізу жатады.

Финляндияда 2004 жылдан бастап проблемалы ойыншыларға ақысыз жан-жақты қолдау көрсететін Peluugi ұйымы бар. Ұйымды қаржыландыратыны маңызды ұлттық құмар ойын операторы Veikkaus. Осылайша, ойын бизнесінің операторы құмар ойындарға патологиялық тәуелділіктің таралуымен күресетін құрылымды қолдайды.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, елімізде лудоманияға шалдыққан адамдардың саны жыл сайын көбейіп келеді. Бүгінде күніне 100 мыңнан астам қазақстандық осы дерттің құрбанына айналған. Елімізде ойынқұмарлықты емдеу кепілдендірілген тегін медициналық көмек көрсету жүйесі шеңберінде жүргізіледі. Лудоманиядан айыққысы келген азаматтар оңалту бағдарламасынан өтіп, амбулаториялық ем қабылдай алады. Дегемен, наркологтардың көмегіне өз бетінше жүгінетіндер тым аз. Бұл үрдістің де өз себебі бар. Лудомания психикалық ауықтушылыққа жататындықтан, ем іздеп келген азаматтар диспансерлік есепке қойылудан қорқып жатады. Сарапшылардың пікірінше, нарколог-дәрігердің есебіне қою ережесі алынып тасталса, өз еркімен ем шараларын өтуге келетіндер саны артуы мүмкін. Арамызда ауруын жасырып жүргендер тым көп.

Өңірдегі психикалық денсаулық орталығына жыл сайын лудоманияға шалдыққан 20-дан астам адам ем қабылдайды. Бұл тек құмар ойынға шалдыққандар. Мамандардың айтуынша, дерт әбден ушыққан кезде ғана байқалады. Құрғақ статистиканың болуы да сондықтан.

Лудоманияның ерекшелігі сол, бұл дертке шалдыққандарды мәжбүрлеп емдеу жүйесі жоқ. Елімізде тек ішімдік пен есірткіге құмар азаматтар ғана күштеп ем қабылдайды. Оның өзі тек соттың шешімімен жүзеге асырылады.

Бұл ретте ерте диагностикалау маңызды. Бірінші кезекте ойынқұмардың жақындары мен достары бейжай қарамай, шұғыл дабыл қағу керек. Өйткені, ойынқұмарлық алкоголизация, есірткіге тәуелділік сияқты өзге де ауруларғы әкеп соқтырады.

Бұл дертпен күресу жолдарының бірі – заңнамада бекіту. Бір сөзбен айтқанда, қылмыстық және әкімшілік жаза тағайындау керек. Өкінішке қарай, заң жобасы әлі күнге дейін, яғни 1,5 жыл бойы депутаттардың қарауында жатыр. Қатаң тәртіп пен ереже енгізілген күнде лудоманияның тамырына балта шабуға бола ма? Қорытынды шығару тым ерте. Бұл – болашақтың ешісінде.

Осыған байланысты Парламент депутаттарының тобы ойын бизнесі, лотерея және лотерея қызметі бойынша заңнамаға түзетулер енгізуге бастамашы болды. Отырысқа қоғамдық Палата мүшелерімен, парламентарийлермен, туризм және спорт, ішкі істер және денсаулық сақтау министрліктерінің басшыларымен қатар дәрігерлерді, психологтар мен сарапшыларды шақырып, құмар ойындарға тәуелділіктің пайда болу себептері туралы айтты.

Лудоманиямен күресуге бағытталған заң жобасында не ұсынылады?

- 1) телекоммуникация желілерінде және Интернетте бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырғаны үшін қылмыстық жауаптылық белгіленсін;
- 2) Бороткерлердің бірыңғай тізілімінде мәліметтері бар жеке тұлғалар үшін құмар ойындарға қатысуға тыйым салу және бәс тігу енгізілсін;
- 3) ҚР-да ойын бизнесі саласында қызметпен айналысу құқығына лицензиясы жоқ шетелдік букмекерлік кеңселердің, тотализаторлардың интернет-ресурстарына тыйым салуды және салық заңнамасына сәйкес жоғарғы деңгейдегі ұлттық домені бар және тіркеу есебіне қойылғандардан басқа, тотализатордың және (немесе) букмекерлік кеңсенің электрондық кассаларына тыйым салуды енгізуге;
- 4) сот актісі негізінде ҚР аумағында қызметі заңсыз деп танылған шетелдік ойын бизнесін ұйымдастырушылардың тізбесін құруға, сондай-ақ осындай тұлғалардың пайдасына төлемдерді жүзеге асыру бойынша қызметтер көрсетуге тыйым салу белгіленсін;
- 5) уәкілетті орган бекітетін ойын мекемесінің, букмекерлік кеңсенің, тотализатордың жұмысының, ставкаларды және өткізілетін құмар ойындарды және (немесе) ставкаларды қабылдаудың үлгілік қағидалары енгізілсін;
- 6) ойын бизнесін ұйымдастырушылар үшін уәкілетті органда ойын мекемесінің, букмекерлік кеңсенің, тотализатордың және өткізілетін құмар ойындардың және (немесе) бәс тігудің жұмыс қағидаларын келісу міндеті белгіленсін;
- 7) құмар ойындарға және бәс тігуге қатысушыларды теріс салдарға әкеп соғатын құмар ойындарға және бәс тігуге қатысудың тәуекелдері мен зияны туралы міндетті түрде хабардар етуді енгізу;
- 8) ойын мекемелерінде, букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың үй-жайларында микроқаржы ұйымдарының, ломбардтардың орналасуына және жұмыс істеуіне тыйым салу енгізілсін;
- 9) букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамасын орналастыруға және таратуға қойылатын талаптарды қатаңдату;
- 10) ставкаларды есепке алу орталығының (ОЖСБ) жүйесін алып тастауға, оның орнына салықтық әкімшілендіруді күшейтуді көздеуге;
- 11) ойын автоматтары залдарын орналастыру жөніндегі талаптарды қатаңдату;
- 12) креативті индустрияларды қолдау қорын құру;
- 13) лотерея операторының қызметін айқындау және тоқтату тәртібін, сондай-ақ лотерея операторына қойылатын біліктілік талаптарын енгізсін;
- 14) «лотерея билеті» ұғымын өзгертіп, «лотерея түбіртегі» және «электрондық лотерея билеті» ұғымдарын енгізу;

- 15) ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді, оның ішінде Интернетті, сондай-ақ байланыс құралдары мен лотерея терминалдарын пайдалана отырып, жедел лотереяның лотерея билеттерін таратуға (өткізуге) тыйым салу енгізілсін;
- 16) лотерея операторы үшін уәкілетті органда лотерея өткізу шарттарын келісу міндеті белгіленсін;
- 17) лотерея операторының бөлімшелерін (лотерея орталықтарын) құқықтық реттеу белгіленсін;
- 18) тираждық лотереяның жүлде қорының ұтыс ойынына жиырма төрт сағат сайын бір реттен артық емес шектеулер енгізілсін;
- 19) лотерея билеттерін, электрондық лотерея билеттерін таратуды (өткізуді), лотерея терминалдарын орнатуды құқықтық реттеу белгіленсін;
- 20) лотерея операторының қызметін тоқтату негіздері белгіленсін.[2]

2024 жылғы 28 наурыздағы ресми статистикаға сәйкес динамикалық бақылауда 13 пациент тұр. Жеке оңалту орталықтары лицензиялаудан қашады және өздерін әлеуметтік-психологиялық қызмет көрсететін ұйымдар ретінде көрсетеді, осылайша Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылауынан жалтарады. Мәселені шешу үшін сарапшы мұндай орталықтар үшін лицензиялау және лицензиядан кейінгі бақылау тетігін әзірлеуді, сондай-ақ олардың қызметіне мониторинг жүргізу үшін ұлттық алдын алу тетігін тарту мәселесін қарауды ұсынылды.

Медициналық жазықтықтағы лудомания проблемасын «Niet Clinic» орталығының психолог-аддиктологтары сипаттады. Олар ойыншылардың отбасыларымен және олардың мотивациялық кеңес беру тәжірибесімен бөлісті.

Заң жобасының нормаларында, борышкерлер тізілімінде, сондай-ақ 25 жасқа толмаған жеке тұлғалар үшін құмар ойындарға қатысуға тыйым салынады деп көрсетілді. Бұдан басқа, заңды тұлғалардың рұқсат етілген жасқа толмаған және оларға қатысуы шектелген адамдарды құмар ойындарға тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілігі, сондай – ақ онлайн-казино ұйымдастырғаны үшін қылмыстық жаза бекітіледі.

Проблеманың салдарымен жұмыс істеу бөлек, себептерімен жұмыс істеу керек екені баршамызға аян. Сол себептен балалар мен жастарды тәрбиелеу мен жұмыспен қамтуға баса назар аудару керек. Азаматтарымыздың жас кезінен бастап дене шынықтыру мен спортқа бейілділігін қалыптастыру бөлігінде жаңа заңнамалық нормаларға бастамашылық жасау мүмкіндігін қарастыруды да ұсынылды.


Соңғы 2,5 жылда өз қызметін жүзеге асыруға лицензия алған ойын компанияларының саны үш есеге – 97-ден 26-ға дейін қысқарғанан. Бұл өз кезегінде құқық қорғау блогымен бірлесіп және депутаттардың жан-жақты қолдауымен жүргізілген азаматтардың конституциялық құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі байыпты кешенді жұмыстың көрсеткіші болып табылады. Ойын бизнесі саласын мемлекеттік реттеу мен бақылауды едәуір күшейтетін жаңа заңның қабылдануымен шешілетін бірқатар мәселелер әлі де бар.

Жалпы, лудоманияның қоғамға төндіретін қаупі орасан зор. Жас ұрпақты құмар ойынның зиянды ықпалынан жан-жақты қорғауымыз керек. Сондықтанда, сөз соңында қазақ жастарына айтарым, құмар ойындарына емес, спортты серік ететін жігерлі, жалынды азамат болыңыздар.

Сөз соңында құмар ойынның құмарлығынан шыға алмай, құрдымға кеткен талай жас көз алдымызда. Бұл дерт күн өткен сайын қанатын жайып, өмір шырғалаңында талайларды шырылдатты. Қоғамдық дертті, қоқысқа тастайтын уақыт жетті. Уақыт өткен сайын жастарымыздың санасын улап, құрдымға түсіруде. Мәселені уақыттың еншісіне қалдырмай, тиісінше дұрыс әрекет жасап, жастарымызды дерттен сауықтырып, уақытты емшіге айналдыруымыз қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. <https://24.kz/ru/news/social/item/601405-ludomaniya-stala-v-kazakhstane-problemoj-natsionalnogo-masshtaba>
2. [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=32477769&pos=4;-106#pos=4;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32477769&pos=4;-106#pos=4;-106)



ӘОЖ: 343.851.5

## ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Куанышева Индира Кирымжанқызы  
аға оқытушы Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық  
институты «Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы»  
Асылқызы Диана, ҚҚ-23-3 топ студенті

**Аңдатпа:** Мақалада жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алудағы мәні, мазмұны, оның жолдары мен маңызы қарастырылған. Қазіргі таңда жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтар мен олардың зиянды салдарының артуы бұл мәселені өзекті тақырыпқа айналдыруда. Сондықтан жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алудың мәнін, мазмұнын, жолдары мен маңызын білу әр-азамат үшін қажет.

**Кілтті сөздер:** Жасөспірімдердің құқықбұзушылығын жою, алдын алу, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық, құқықтық сана, профилактика шаралары, жеке профилактика, жалпы шаралар.

**Аннотация:** В статье рассматриваются смысл, содержание, способы и значение профилактики правонарушений среди подростков. В настоящее время рост преступности среди подростков и ее пагубных последствий делают данную проблему актуальной. Поэтому каждому гражданину необходимо знать значение, содержание, способы и значение профилактики правонарушений среди молодежи.

**Ключевые слова:** ликвидация преступности несовершеннолетних, профилактика, административная, гражданская, уголовная, правосознание, меры профилактики, личная профилактика, общие меры.

**Abstract:** The article deals with the meaning, content, ways and significance of the prevention of delinquency among teenagers. Nowadays, the increase in crimes among teenagers and their harmful consequences make this issue a topical issue. Therefore, it is necessary for every citizen to know the meaning, content, ways and importance of prevention of offenses among young people.

**Key words:** elimination of juvenile delinquency, prevention, administrative, civil, criminal, legal awareness, preventive measures, personal prevention, general measures.

Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет болғандықтан қоғамға саналы адам қалыптастыру мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі, ол міндетті іске асырудағы басты мақсат - жасөспірімдерді жаңа рухта, жаңа көзқараста тәрбиелеуден айқын көрінеді.

Сондықтан қазіргі таңда қоғамның алдында тұрған басты мәселелердің бірі - жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықты жою, оның алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Жасөспірімдердің құқықбұзушылығын жою, алдын алу арқылы олардың үлкен қылмыстарға баруының алдын аламыз.

Өкінішке орай бүгінде жасөспірімдер арасында көптеген құқықбұзушылықтарды кездестірудеміз. Кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдердің құқық бұзушылықтары әртүрлі болуы мүмкін: зорлық-зомбылық, қатыгездік, агрессивтілік, ауыр қылмыстар, вандализм және т.б. Әрбір адам қылмыс жасауға қабілетті. Алайда, мұны барлығы бірдей

жасай бермейді. Ересек адамдардың көпшілігі жеткілікті ақылды және өз іс-әрекетінің нәтижесі мен салдарын болжай алады, және азаматтық борышты, адамгершілік ережелерін және қоғамда бейбіт өмір сүруді басшылыққа алады. Бірақ жасөспірімдер көбіне өзін ғана емес, іс-әрекетін де адекватты түрде бағалай алмайды. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың негізгі себептері көбінесе балалар мен жасөспірімдер қылмыстың ауырлығын түсінбеуі және заңсыз әрекеттерді қауіпті және қызықты ойын сияқты санайды. Заңнамалық деңгейде кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілік түрлерін жасына қарай ажырата отырып, жас шектеулері белгіленеді.

Құқық бұзушылықтар әкімшілік, азаматтық және қылмыстық болып 2 жалпы топқа бөлінеді: теріс қылықтар және қылмыстар. Айырмашылығы құқық бұзушының әрекетінің салдарларының ауырлығына қарай жүргізіледі. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстарға: бөтеннің мүлкіне зиян келтіру, бүлдіру немесе жою; ұсақ ұрлық; психотроптық заттардың, есірткі құралдарының және сол тектестердің заңсыз айналымы; психотроптық, есірткілік заттарды және олардың аналогтарын дәрігердің рецептінсіз қолдану; билетсіз жүру; тиісті куәлігі жоқ жүргізушінің көлік құралын басқаруы; жүргізуші көлік құралын мас күйінде немесе есірткі, психотроптық немесе сол тектес заттарды қабылдаған жағдайда басқарса; жәбірленушінің денсаулығына жеңіл немесе орташа ауырлықтағы зиян келтірген жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзу; мамандандырылған жедел жәрдем қызметтеріне жалған қоңыраулар; қоғамдық орындарға мас күйінде немесе психотроптық, есірткі немесе ұқсас заттарды қабылдау кезінде шығу және т.б. жатқызамыз. Ал кәмелетке толмағандар тарапынан ұсақ бұзақылыққа: алкогольді ішімдік ішу, әдепсіз мінез-құлық, түнгі уақытта жүру, вандализм және т.б. жатқызамыз. Құқық қызметкерлерінің, яғни полиция қызметкерлерінің мәлімдемелеріне назар аударатын болсақ, кәмелетке толмағандар көбінесе ұрлық, тонау секілді қылмыстар жасайды. Соңғы кезде аталған қылмыстар ішінде ұялы телефондарды ұрлау жиі орын алуда. Мұндай қылмыстық істер бойынша жәбірленушілер құқық бұзушылардан жасы кіші, әлсіздеу, кәмелеттік жасқа толмағандар болып табылады.

Статистика бойынша Жамбыл облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына 2023 жылдың 9 айында 67 тұлғаға қатысты 48 қылмыстық іс келіп түскен. Оның басым көпшілігі 188-бабымен (ұрлық), 188-1-бабымен (мал ұрлау), 122-бабымен (он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау), 191-бабымен (тонау) бойынша сипатталған.

Сонымен қатар Әкімшілік құқық бұзушылықтардың көбеюі де үлкен аландатушылық тудыруда. Қазіргі таңда жасөспірімдер арасында кеңінен таралған әкімшілік құқық бұзушылықтарға: Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 441-бап жекелеген қоғамдық орында темекі шегуге тиым салуды бұзу, 442-бап кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерін еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғын жайдан тыс жерде болуын жатқызамыз.

Осыған байланысты полиция қызметкерлері кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерін еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғын жайдан тыс жерде болуын жою мақсатында түнгі рейд жұмыстарын да жүргізуде. Рейд барысында кәмелетке толмағандар түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін ойын-сауық мекемелерінде болуы заңды өкілдеріне үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Ал кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғын-жайдан тыс жерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуы заңды өкілдеріне ескерту жасалады. Сондай-ақ егерде бұл жағдайлар бір жыл ішінде қайталанса – заңды өкілдеріне жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Яғни барлық заңсыз әрекеттер анықталып, жазаланады. Өйткені жасөспірімдер құқық бұзушылыққа жауапты болмаса, бұл жазасыздық сезімін тудырады және көбінесе аса ауыр қылмыстарға әкеледі. Бұл дегеніміз құқық бұзушылық үшін жазалар: ескертпе, айыппұл, міндетті жұмыс (қоғамдық жұмыстар) тарту, құқық бұзушылық жасағаны үшін затты немесе құралды тәркілеу, әкімшілік қамауға алу болады. Ал егерде қылмыстық құқық бұзушылық

адам өлтіру , қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтіру, ауырлататын мән-жайларда денсаулыққа қасақана орташа ауырлықта зиян келтіру, адамды ұрлау, ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып алу, ауырлататын мән-жайларда көлікті айдап кету, терроризм, адамды кепілге алу, қаруды ұрлау немесе жарылғыш заттар мен басқа да құрылғылар, ауырлатылған мән-жайларда бұзақылық, тағылық, есірткі заттары мен психотроптық заттарды ұрлау немесе қорқытып алу, ауырлатылған мән-жайларда мәйітті немесе олардың көмілген жерлерін қорлау, көлік құралын немесе теміржолдарын қасақана жарамсыздық жағдайға келтіргені үшін тұлғалар 14 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың орын алуының себептеріне: тәрбие, құқықтық сауаттылық пен білімнің аз болуы немесе мүлдем болмауы, ата-анасының дұрыс көңіл бөлмеуі және т.б жағдайлар жатады. Сондықтан жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті арттыру өте маңызды. Және де осы мақсатта көптеген органдар қызмет атқаруда.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңының 5-бап: «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, орталық атқарушы органдар, сондай-ақ жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады». 4-бап: Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік органдардың негізгі міндеттері:1) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алып, олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою;2) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету; 3) арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту;4) кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыру; 5) кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тарту фактілерін анықтап, жолын кесу; 6) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жөніндегі заңды тұлғалардың қызметін үйлестіру болып табылады .

Сонымен қатар «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заңымен «құқық бұзушылық профилактикасы жалпы, арнаулы және жеке шаралар арқылы жүзеге асырылатыны» реттелген. Ал осы заңның 21-бабына сай құқық бұзушылық профилактикасының жалпы шаралары айқындалған, Оларға:1) халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарын қорғау жөніндегі шаралар;2) экономиканы, әлеуметтік саланы, құқық қорғау қызметін басқарудағы қателіктер мен кемшіліктерді жоюға, сондай-ақ құқық бұзушылық профилактикасын нормативтік, ақпараттық, әдістемелік және ресурстық қамтамасыз етуді жетілдіруге бағытталған ұйымдастырушылық-басқарушылық шаралары; 3) азаматтардың жалпы, тұрмыстық және құқықтық мәдениетін арттыратын, жалпы адамзаттық құндылықтарға, заңға мойынсұнушылық мінезқұлыққа, құқыққа қарсы мінез-құлыққа төзбеушілікке бағдарланған адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру арқылы криминогендік факторларды жоятын немесе шектейтін идеологиялық шаралар» жатқызылады.Сондай-ақ, заңнамада құқық бұзушылық профилактикасының жалпы шаралары құқық бұзушылық жасауға тосқауыл болатын ғылым мен техника жетістіктерін қолдану арқылы іске асырылатынында белгіленген.

Жеке алдын алу теріс құбылыстар ғана пайда болған және мұндай құбылыстар әлі анықталмай, бірақ олардың пайда болу мүмкіндігі болған жағдайларда жүргізіледі. Сондай-ақ, бұл шара психикадағы ауытқулары бар балаларды анықтауды, аномальды дамуды бейтараптандыру және жеңілдету бойынша шаралар қабылдауды қамтитын тиісінше алдын алу шараларын айқындайды.Жеке алдын алу кәмелетке толмаған қылмыскердің жеке басына

да, оның қоршаған ортасына да әсер етеді. Оның мақсаты кәмелетке толмағанды түзеу және қайта тәрбиелеу немесе оның криминогендік бағдарын өзгерту. Жеке профилактика мақсатына жету үшін кәмелетке толмағандарды анықтау, мінез-құлқы, көзқарастары, қылықтарының себептері қылмыс жасау мүмкіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін, мұндай жасөспірімдердің жеке басын зерделеу, оларға теріс әсер ету көздерін анықтау және жою, қылмыстық ниеттердің орындалуына жол бермеуге ықпал ететін жағдай жасау, мінез-құлқы мен олардың өмір сүру салтына бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу қажет.

Кәмелетке толмағандарға жеке әсер етудің негізгі нысандарына ішкі істер органдарының қызметкерлері өткізетін әңгімелесулер, оларды еңбек, қоғамдық, спорттық, мәдени және өзге де сипаттағы әлеуметтік-пайдалы сабақтарға тарту болып табылады. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шаралары кәмелетке толмағандар тарапынан құқық бұзушылық жасаудың алдын алу, сонымен қатар оларды құқық бұзушылық жасауға итермелейтін жағдайлар мен себептерді жою мақсатында олардың мінез-құлқы мен құқықтық санасына мақсатты түрде жүйелі әсер етуді көздейді.

Осылайша, «кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шаралары: профилактикалық әңгімелесу, құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныс, профилактикалық есепке алу және бақылау, арнаулы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберу, тәрбиелік ықпал ету шаралары, қорғау нұсқамасы, әкімшілік жаза қолдану, сот үкімі бойынша қабылданатын шаралар, медициналық-әлеуметтік есепке алу жатқызылған. Осы орайда, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шаралары осы шаралар қолданылатын кәмелетке толмағандардың жеке ерекшеліктері және олар жасаған құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілігінің сипаты мен деңгейі ескеріле отырып айқындалады».

Бүгінде білім беру органдары өз құзыреті шегінде арнаулы білім беру ұйымдарының және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарының, сондай-ақ бала құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асыратын өзге де ұйымдар жүйесін дамыту жөніндегі шараларды жүзеге асырады; кәмелетке толмағандардың жазғы демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыруға қатысады; дәлелсіз себептермен жалпы білім беретін оқу орындарына бармайтын кәмелетке толмағандарды анықтайды және есепке алады, олармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жеке профилактикалық шаралары жүргізеді; кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыруға, олардың бойына имандылық пен салауатты өмір салтының берік негіздерін дарытуға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеп, білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесіне енгізеді; дамуында немесе мінез-құлқында ауытқушылықтары бар кәмелетке толмағандарды анықтайтын психологиялық-медициналық, педагогикалық комиссияларды құрады, олардың кешенді түрде тексерілуін жүргізеді және оларды одан әрі оқыту және тәрбиелеу нысандарын анықтау жөнінде ұсыныстар әзірлейді; жалпы білім беретін оқу орындарында қол жетерлік спорт секцияларын, техникалық және өзге де үйірмелер, клубтар ұйымдастыруды қамтамасыз етеді және оларға кәмелетке толмағандарды тартады.

Сонымен қатар құқықтық сауаттылықты арттыру, құқықтық білім алу мақсатында қазіргі таңда мектептерде 9 сыныптан бастап «Құқық негіздері» деген пән өтілуде. Бұл пән арқылы әр жасөспірімге құқық жайлы, құқық бұзушылыққы қандай жағдайлардың жататынын, оның зардабы мен жазасы жайлы ақпарат береді.

Сондай-ақ кәмелетке толмағандардың қылмысын ерте алдын алудың негізгі құралы ретінде құқықтық сананы дұрыс тәрбиелеуді айтқым келеді. Құқықтық сананы тәрбиелеу ең алдымен отбасынан бастау алады. Отбасы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесінің маңызды элементі болып табылады, ал өскелең ұрпақты құқықтық саналы азамат етіп тәрбиелеуде отбасының алатын орны орасан зор. Жасөспірімдер үлкен деңгейге


мектепте құқықтық білім алғанымен, оларға ата-анасы дұрыс тәрбие бермесе немесе көңіл бөлмей, қадағаламаса жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықты толықтай жою мүмкін емес. Сондықтан кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары балаларының құқықбұзушылыққа баруының алдын алу мақсатында психологтардың бала тәрбиесі жөнінде кеңестерің орындағаны дұрыс деп санаймын. Мысалға: Ата-ана баланың көзінше жанжалдасатын отбасылық жағдайларға жол бермеу керек, өйткені олар оған күрт теріс әсер етеді. Ата-аналар балаларына және олардың әрекеттеріне төзімді болуы керек. Ата-ана баласын мансаптан кейін екінші орынға қоймауы керек. Ата-ана баласына дұрыс тәрбие беруі керек. Дұрыс өмірлік нұсқауларды, нанымдарды, құндылықтарды сіңіру - мұның бәрі отбасының басты міндеті.

Ескертетін жағдай: елімізде кәмелетке толмаған құқықбұзушылардың ісімен шұғылданатын комиссия құрылған. Оған айтарлықтай арнайы өкілеттіліктер берілген. Егер ата-ана баласының тәрбиесіне қарамаса, комиссия оларды ата-ана құқынан да айыра алады.

Қортындылай айтарым жастардың құқық бұзушылықтарға баруының алдын алу бұл өте маңызды да өзекті мәселе. Ол үшін бүкіл қоғам атсалысуы керек. Келешек ұрпақтың осындай құқыққа қайшы әрекеттер жасауға жол бермеу үшін жасөспірімдер мен ата-аналар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру керек. Оқу орындарынан бөлек арнайы жүйелі құрылған жоспарлар бойынша әрбір жеткіншекке, әрбір ата-анаға Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы, Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтары туралы, Қазақстан Республикасының Отбасы-неке қатынастарын реттейтін Заңдары бойынша арнайы түсіндірме жұмыстары жасалынып, құқықтық жалпы оқыту арқылы сауаттылықтарын арттыру керек. БАҚ-ы да, интернет желілері де өз бағдарламаларын түзетіп отыруы аса қажет деп санаймын. Себебі олардағы ақпарат балалар мен жасөспірімдердің ақылын кемітпей, қатыгез етпей, дұрыс бағдар беруі тиіс. Сонымен қатар есірткі мен алкогольді пайдаланудың алдын алудағы, бұл заттардың зияны туралы ақпаратты барлық деңгейде таратудағы рөлі мен жауапкершілігі заң жүзінде анықталғаны жөн. Елдің ертеңі, болашағының негізі - жастар болғандықтан олардың саналы, тәрбиелі, құқықты сауатты болуы өте маңызды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.«Әкімшілік құқық бұзушылық» туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ.
- 2.«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы
- 3.«Құқық бұзушылық профилактикасы» туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы.



**ӘОЖ: 343.851.5**

### **ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУЫ**

**Куанышева Индира Кирымжанқызы**  
**аға оқытушы Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық**  
**институты «Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы»**  
**Нұрқожа Нұрай Кенжеханқызы, ҚҚ-23-3**

**Андатпа:** Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот - бұл «адамның негізгі құқықтары туралы» конвенцияға қатысушы барлық мемлекеттердің еуропалық деңгейде адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асыратын тәуелсіз



ұлттықтан жоғары сот органы. Мақалада осы органның құрылымы мен қызметіне қатысты мәселелер қаралды.

**Кілт сөздер:** Еуропалық сот адам құқықтары бойынша, Еуропалық одақ, Еуропалық конвенция.

**Аннотация:** Европейский суд по правам человека представляет собой независимый наднациональный орган правосудия, который на европейском уровне осуществляет контроль за соблюдением основных прав и свобод человека всеми государствами - участниками Конвенции «Об основных правах человека». Рассмотрены вопросы, касающиеся структуры и деятельности данного органа.

**Ключевые слова:** Европейский суд по правам человека, Европейский союз, Европейская конвенция.

**Annotation:** the European Court of Human Rights represents independent supranational judicial body which at the European level exercises control of observance of basic rights and freedoms of the person by all states by participants of the Convention "About Fundamental Human Rights". The questions concerning structure and activity of this body are considered.

**Keywords:** European Court of Human Rights, European convention, European Union.

Құқықтық дереккөздерге сәйкес, адамның құқықтары мен бостандықтары қазіргі қоғам үшін бірінші орында. Адам құқықтары көп жағдайларда танылмай жатады, елеусіз қалған құқықтарды қорғау мақсатында адамдар еуропалық конвенция бойынша еуропалық сотқа жүгіне алады.

Адам құқығы ұғымы дегеніміз адамдардың адамдық қадір қасиетіне сәйкес барлық құқықтардың жиынтығы. Адам құқықтарын қорғаудың алғашқы тәжірибелері көбіне ұлттық деңгейде. Халықаралық деңгейде адам құқығын қорғау жөніндегі зерттеулер 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырларда бастау алған. Халықаралық құқықтың адам құқықтарына қатысты бөлігі тұтастай алғанда БҰҰ келісімімен жүзеге асады. Бұл шартта адам құқықтары туралы айтылғанымен, құқықтар туралы түсінік жоқ. Осы себепті экономикалық және әлеуметтік кеңестің жолынан Адам құқықтары жөніндегі комиссия құрылды оған осы мәселе ойынша жұмыс жүргізу тапсырылды. Комиссия осы мақсат үшін дайындалған жобаны Бас Ассамблеясының 12.12.1948 жылғы шешімімен Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы ретінде қабылданды. Бұл декларация БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімі ретінде автоматты түрде байланыспайтындықтан және ешқандай кепілдік механизмі реттелмейтіндіктен, декларациядан кейінгі өзгерістер осы кемшілікті жоюға бағытталған. Осы шеңберде жаңа ережелер екі деңгейде кездеседі: жалпыға бірдей және аймақтық. Аймақтық деңгейде, Адам құқықтары туралы Еуропалық конвенция жасалды. Адам құқықтары туралы конвенцияның басты мақсаты- адам құқығын тиімді қорғауды қамтамасыз ету. Бірақ адам құқығын қорғау мен реттеу мемлекеттің өз мойнында, демек ең алдымен оны мемлекет реттеу керек. Ал Еуропалық Сотты қосымша құрал десекте болады.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот (Еуропалық сот адам құқықтары бойынша деп те аталады, European Council of Human Rights) Страсбургте орналасқан халықаралық сот органы, міндеттерді сайлауда қамтамасыз ету мақсатымен Еуропалық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенциямен құрылған екі органның бірі.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот – Еуропа кеңесіне қарасты мекеме.

АҚЕС - юрисдикциясы Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды қорғау туралы еуропалық конвенцияны ратификациялаған Еуропа Кеңесіне мүше барлық мемлекеттерге тарайтын және конвенцияны түсіндіруге және қолдануға қатысты мемлекетаралық істер мен жекелеген адамдардың шағымдарын қоса алғанда, барлық мәселелерді қамтитын халықаралық сот органы.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот мемлекеттердің міндеттемелерін осындай орындауының нәтижесіне бақылауды жүзеге асырады және бұл өз тәжірибесінде факторларды, қалау еркіндігінің көлеміне әсер ететін. Әдеттегідей Сот бағалауға қатысты жағдайларда мемлекет қатысушыларының барынша кең дискрециялық өкілеттіктерін таныды ұлттық қауіпсіздікке және таңдауға қатер төндіру онымен күресу үшін, сондай-ақ

қандай мәселе бойынша жалпыеуропалық консенсус болмаған жағдайда. Яғни қорғау қажеттілігі Республикасының Ұлттық мәдени және құқықтық айырмашылықтар негіздер ретінде Сотпен мемлекеттердің өздерінің халықаралық құқықтық міндеттемелерін орындауы жөніндегі талаптарға көзқарастардағы ерекшеліктер үшін.

Еуропа кеңесінің мүше мемлекеттер санына сәйкес. Адам құқықтары жөніндегі еуропалық сот 46 судьядан тұрады. Еуропа кеңесінің мүше мемлекеттер санына сай. Әр мемлекеттен бір өкіл және ол сол мемлекеттің азаматы болуы міндетті емес. Судьялар тәуелсіз, өз бетінше шешім қабылдауға құқылы. Сотта бір мемлекеттен екі өкіл сайланбауы тиіс. Судьялар жоғары моральдық қасиетке ие және жоғары судьялық лауазымдарға тағайындалу талаптарын қанағаттандыруы тиіс жалпыға танылған беделді заңгерлер болып табылады. Судьялар Соттың жұмысына жеке тұлға ретінде қатысады. Судьялар өкілеттіліктерінің барлық мерзімі ішінде олардың тәуелсіздігімен, бейтараптығымен немесе олардың толық жұмыс уақытының сипатынан туындайтын талаптармен үйлеспейтін қызметпен айналыспауға тиіс. Судьяларды Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясы 9 жыл мерзімге сайлайды, және судьялар қайта сайлануы мүмкін емес. Қалған судьялардың үштен екісінің дауысымен судьяның талаптарға сай еместігі туралы шешім қабылданған жағдайда ғана судья қызметінен босатылады.

Еуропалық адам құқықтары бойынша Сот - мемлекеттің заңы мен іс-әрекетін конвенциядағы міндеттемеге қаншалықты лайықты екенін қадағалайды. Осының бәрі Адам құқықтары жөніндегі еуропалық сотқа жүгіну тәртібінде көрініс тапқан. Адам құқықтарын қорғау – мемлекеттің басты міндеті. Сондықтан Еуропалық сотқа кез-келген шағыммен тікелей жүгінуге болмайды. Ол мемлекеттің заңы мен іс-әрекетін конвенциядағы міндеттемеге қаншалықты лайықты екенін қадағалайды. Осының бәрі Адам құқықтары жөніндегі еуропалық сотқа жүгіну тәртібінде көрініс тапқан. Адам құқықтарын қорғау – мемлекеттің басты міндеті. Сондықтан Еуропалық сотқа кез-келген шағыммен тікелей жүгінуге болмайды. Конвенцияда адам құқығының бұзылғаны туралы шағымдардың бәрі бірдей қабылдана бермейтіндігі жазылған. Қабылдау талаптары конвенцияның 34 және 35-ші бабында көрсетілген.

34-бап – Жеке шағымдар

Сот Жоғары Уағдаласушы Тараптардың бірінің осы Конвенцияда немесе оның Хаттамаларында танылған құқықтарын бұзуының құрбаны боламын деп мәлімдеген кез келген жеке тұлғадан, кез келген үкіметтік емес ұйымнан немесе кез келген адамдар тобынан өтініштерді қабылдай алады. Жоғары Уағдаласушы Тараптар осы құқықты тиімді жүзеге асыруға ешбір жолмен араласпауға міндеттенеді.

35-бап – Рұқсат ету шарттары

Сот істі халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормаларында көзделген барлық ішкі қорғау құралдары таусылғаннан кейін және ұлттық органдар іс бойынша түпкілікті шешім қабылдаған күннен бастап алты ай ішінде ғана қарай алады.

Сот 34-бапқа сәйкес жасалған жеке арызды, егер:

а) анонимді; немесе

(b) сот бұрын зерттеген немесе халықаралық тергеудің немесе реттеудің басқа рәсімінің нысанасы болып табылғанға айтарлықтай ұқсас болса және егер ол жаңа тиісті фактілерді қамтымаса.

3. Сот 34-баптың ережелеріне сәйкес жасалған кез келген жеке арызды, егер ол:

(a) өтініш осы Конвенцияның немесе оның Хаттамаларының ережелерімен үйлеспесе, анық негізделмеген немесе жеке өтініш беру құқығын теріс пайдалану болып табылса; немесе b) егер осы Конвенцияда және оның Хаттамаларында айқындалған адам құқықтарын құрметтеу принципі шағымды мәні бойынша қарауды талап етпесе және істі осы негізде қараудан бас тартуға болмайтын жағдайда, өтініш беруші елеулі зиян шекпеген болса. отандық сот тиісті түрде тексермеген.

4. Сот осы бапқа сәйкес қабылдауға болмайтын деп санайтын, өзіне берілген кез келген шағымды қабылдамайды. Ол мұны процестің кез келген сатысында жасай алады [1].

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың істі қарауы - шағым сот кеңсесіне тіркелгеннен басталады. Соттың қарау тәртібі мен істі жүргізуі күрделі жұмыс саналады. Бұл бөлімде сот алдымен шағымның талапқа сай екенін тексереді. Талапқа сай болса ғана мәні бойынша қарайды. Алдымен сот шағымда конвенциядағы қандай құқық бұзылғанын анықтайды. Ол сот шешімінің сипаттау және қарару бөліктерінде айтылады. Соттың шешімі бұл істі тоқтата алмайды. Егер жауапкер мемлекет соттың шешіміне наразы болса, Еуропалық соттың “Жоғарғы палатасына” шешімді қайта қарау туралы өтініш бере алады. Жоғарғы палата 17 судьядан тұрады. Олардың басым дені бұл іспен әлі таныс емес болады. Дегенмен, өтініштің бәрін қабылдай бермейді. Өтінішті Жоғарғы палатаға жолдауды - соттың бес судьядан тұратын алқасы шешеді. Өтінішті қабылдамаса немесе өтініш түспеген болса, шешім күшіне енеді. Яғни, ендігі жерде шағым қабылданбайды және заңды күшіне ие болады. Өтінішті қабылдаса, Жоғарғы палата шағымның талапқа сай екенін және мәні бойынша қайта қарайды. Ол да сот шешімінің сипаттау және қарар бөліктерінде айтылады. Конвенцияның 46-бабына сәйкес ол шешім мемлекет үшін міндетті күшке ие болады. Сот мемлекеттің конвенцияны бұзғанын анықтаса мемлекет репарация (мүмкіндігінше) немесе қаржылай өтемақы төлеуге міндетті. Мемлекеттердің сот шешімін орындағанын Еуропалық кеңестің министрлер комитеті қадағалайды.

Адам құқықтары бойынша Еуропалық Сот классикалық халықаралық сотпен және Еуропа қауымдастығымен ұқсайтын жақтары көп. Айтып өтсек, Халықаралық сот процедуралының негізгі сипаттамалары: алдын ала анықталған істі қарау тәртібі, сот тәуелсіздігі, халықаралық құқық негізінде талас тартыстын шешілуі, шешімдердің міндеттеушілік сипаты еуропалық сотқа тән[3].


Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот мемлекеттердің міндеттемелерін осындай орындауының нәтижесіне бақылауды жүзеге асырады және бұл өз тәжірибесінде факторларды, қалау еркіндігінің көлеміне әсер ететін. Әдеттегідей Сот бағалауға қатысты жағдайларда мемлекет қатысушыларының барынша кең дискрециялық өкілеттіктерін таныды ұлттық қауіпсіздікке және таңдауға қатер төндіру онымен күресу үшін, сондай-ақ қандай мәселе бойынша жалпыеуропалық консенсус болмаған жағдайда. Яғни қорғау қажеттілігі Республикасының Ұлттық мәдени және құқықтық айырмашылықтар негіздер ретінде Сотпен мемлекеттердің өздерінің халықаралық құқықтық міндеттемелерін орындауы жөніндегі талаптарға көзқарастардағы ерекшеліктер үшін. Алайда, соңғы кездері Еуропалық сот еркіндігінің шектерін айтарлықтай шектейді, тіпті неғұрлым маңызды және мемлекет үшін сезімтал мәселелер. Және конвенциялық органның осындай қатаң ұстаным және қалау еркіндігін ұлттық мүдделерін қозғайтын жағдайларды ескере отырып, құқықтық дау-дамайларға, тіпті органдармен конституциялық әділет органдары -Еуропалық конвенция қатысушылары түседі.

Қорытындылай келе Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сот өзіне жүктелген қызметтері толыққанды атқаруда. Сонымен қатар сот кеңсесіне кез келген шағым түсе алмайтындығы анық, еуропалық конвенцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіріліп құқық бұзылған жағдайда ғана жүгіне аламыз.

Еуропалық соттың құқықтық ұстанымдары Конвенция аясында құқықтық ұғымдарды түсіндіруді қамтитын квазинормалардың бір түрі болып табылады. Әрбір ұлттық құқықтық жүйеде олардың көптеген факторларға негізделген ерекшелігі бар, олардың арасында айқындаушы заңды факторлар болып табылады. Конвенция нормалары мен Еуропалық сот шешімдерінің ұлттық құқықтық жүйеге кіру ерекшеліктеріне қарамастан, соңғылары орындалуға жатады, бұл Еуропалық сот шешімінің дәлелдеу бөлігінде қамтылған қарар бөлігін және прецеденттік норманы орындауды көздейді.

**ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Европейская конвенция о защите прав человека и основных свобод.
2. Обращение в международно-правовые органы, как средство защиты прав и свобод человека. Манов Б., Манов А., Москаленко К.,
3. Колосов Н. М. Конституционное право граждан на обращение в Международные



УДК 378.147:004

**Актуальные вопросы применения инновационных технологий для эффективного  
расследования уголовных правонарушений**

**Сәткей Талғат Бейсенбіұлы**  
**Доктор криминалистики, доктор PhD**  
**Газаев Асхат Ибрагимович**

**Доктор криминологии, доктор PhD Международный Таразский инновационный  
институт им.Шерхана Муртаза кафедра «Государственно-правовых дисциплин»**

**Аңдатпа:** Ғылыми-техникалық прогресс қылмыспен күресу теориясы мен тәжірибесіне көптеген жаңа нәрселерді енгізеді, дәлелдеу әдістері мен құқық қорғау органдарының кәсіби деңгейінің мазмұнын өзгертеді және ішкі істер органдарының қызметін одан әрі жетілдірудің маңызды мәселелерін қояды.

**Кілт сөздер:** Ғылыми-техникалық прогресс, дәлелдеу әдістері.

**Аннотация:** Научно-технический прогресс вносит много нового в теорию и практику борьбы с правонарушениями, изменяет методы доказывания и содержание профессионального уровня деятельности правоохранительных органов, ставит важные проблемы дальнейшего совершенствования деятельности ОВД на научной основе.

**Ключевые слова:** Научно-технический прогресс, методы доказывания.

**Annotation:** Scientific and technological progress brings a lot of new things into the theory and practice of combating crime, changes methods of proof and the content of the professional level of law enforcement agencies, and poses important problems for further improving the activities of internal affairs bodies on a scientific basis.

**Keywords:** Scientific and technological progress, methods of proof.

В настоящее время, во времена глобального развития инновационных технологий, когда мир ни минуты не задерживается на месте и развивается стремительными шагами в направлении компьютерных технологий во всех сферах жизни человека и науки, возникает очевидный вопрос применения тех самых инновационных технологий при проведении следственных действий. Это очень важно как технологический то, есть облегчение работы следователя, так и качества проведения таких следственных действий. С технологической стороны это очень экономит время, исключает появление технических ошибок и при правильном применении не будет структурных ошибок проведения следственных действий, что объективно фактически является очень важным фактором при расследовании уголовных дел, также очень важны и тактические преимущества для получения доказательств, то есть ускоряет сроки принятия решений, что зачастую играют важную роль при расследовании уголовных дел.

В связи с этим особую важность приобретает использование научно-технических достижений в выявлении, закреплении и исследовании объективной доказательственной информации. Кроме того, постоянно расширяющиеся возможности использования достижений науки и техники в административной и следственной практике позволяют по-

новому, на новом уровне решать конкретные вопросы раскрытия и расследования правонарушений. Научно-технический прогресс вносит много нового в теорию и практику борьбы с правонарушениями, изменяет методы доказывания и содержание профессионального уровня деятельности правоохранительных органов, ставит важные проблемы дальнейшего совершенствования деятельности ОВД на научной основе [1]. Очевидно, что потребности правоприменительной практики, предопределяются дефицитом научных знаний и практических рекомендаций в указанной сфере деятельности органов уголовного преследования. Одним из основных аспектов совершенствования деятельности ОВД, является определение путей и средств устранения либо значительного сокращения разрыва между научным потенциалом расследования и реальными возможностями правоохранительных органов [2]. Отмеченное свидетельствует об актуальности целевого исследования возможностей улучшения использования научно — технических достижений в деятельности ОВД по предупреждению, раскрытию и расследованию преступлений [3].

Решение задач борьбы с преступностью на современном этапе требует существенного совершенствования деятельности правоохранительных органов. Необходимость этого применительно к органам внутренних дел обуславливается рядом новых специфических обстоятельств [4].

Природа и характер причин, влияющих на эффективность научно-технических достижений, применяемых в ОВД.

В современный период причинами, обуславливающими необходимость использования достижений научно-технического прогресса в уголовном судопроизводстве и административной практике, являются:

особенности функционирования отдельных элементов процесса труда работников следственных и административных органов (физические и духовные возможности лиц, осуществляющих расследование и рассмотрение уголовных и административных дел, объективно нуждаются в усилении за счет использования технических средств; помимо материальных средств труда существуют и духовные, к которым относятся знания);

возрастание социальной значимости борьбы с преступностью и как следствие этого, необходимость улучшения качества работы органов, осуществляющих административное и уголовное судопроизводство, во многом за счет использования достижений научно-технического прогресса;

значительное расширение в условиях научно-технической революции спектра достижений, предоставляемых наукой и техникой на службу борьбе с преступностью;

наличие кадров, способных квалифицированно, со знанием дела применять достижения научно-технического прогресса;

потребность в использовании достижений научно-технического прогресса со стороны субъектов процесса, непричастных к осуществлению функций расследования (экспертов, адвокатов и др.);

использование в уголовном судопроизводстве и административной практике документов (материалов), ознакомление с содержанием которых требует применения научных знаний и технических средств;

невозможность совершенствования деятельности административных и следственных органов экстенсивными методами, что делает необходимым переход к методам интенсивным, которые предполагают широкое использование достижений науки и техники [5].

В ходе расследования можно структурировать по группам следственные действия, для облегчения понимания подаваемой нами идеи применения инновационных технологий при их проведении практически:

- первым естественно является осмотр места происшествия, где и раньше применялись все передовые технические средства, но с развитием дистанционных технологий появляется возможность оформление данного следственного действия в электронном формате, на наш взгляд в данное время мы обладаем достаточными ресурсами

для осуществления данного механизма проведения следственного действия, что положительно скажется как технологически так и тактико-технически, также это существенно облегчит качество получения, изъятия и фиксацию доказательств на месте совершения преступления, а в некоторых случаях по определенным видам преступлений будет играть наиважнейшую роль в процессе доказывания причастности к совершению преступления либо увеличит круг выявления свидетелей и очевидцев при повторном исследовании,

- следующим следственным действием, которое обязательно проводится при расследовании уголовных дел является опрос свидетелей и очевидцев преступления. Зачастую при оформлении данного следственного действия работники ОВД фиксируют полученную информацию которая по их мнению представляют интерес по конкретному факту и может отрицательно сказаться на расследовании, в случае применения инновационных технологий то есть аудио, видео техники и дистанционной связи экономиться время и действия сотрудников ОВД, так можно и привлекать в ходе данного следственного действия и несколько сотрудников из более опытного состава, и также при повторном исследовании выявить некоторые факторы которые могут быть незаметны при первоначальном проведении опроса, что значительно может увеличить шансы на раскрытие уголовного правонарушения и расследование уголовного дела, и это касается как тактики и методики проведения опроса так и допроса всех участников уголовного дела,

- назначение и проведения всех видов экспертиз как технических так и медицинских, тоже встает вопрос актуальности выставляемых вопросов на решение эксперта, при выставлении вопроса для разрешения эксперта так же важную роль играет полнота предоставляемых объектов для исследования а также обстоятельства при которых были получены объекты где важную роль играют окружающая среда момент получения которые более точно и можно выразить с применением инновационных технологий, и немаловажную роль играет постановка вопроса где также можно применять дистанционные методы для участия и привлечения более опытных и специализированных сотрудников ОВД.

- ну а в постановке вопроса о санкционировании следственных действий зачастую самую главную роль играет вопрос своевременного проведения следственного действия, а также важно правильно и своевременно поставить вопрос о необходимости проведения данного следственного действия, актуальности проведения именно на тот момент, и его доказательственную важность и критическую необходимость при расследовании уголовного дела,

- в ходе проведения оперативных мероприятий при раскрытии и расследовании уголовных дел скорость принятия решений и санкционирование определенных оперативно-следственных мероприятий и полноценное проведение следственных действий с применением инновационных технологий как технического, так и тактического характера играют критическую роль при раскрытии определенных видов уголовных правонарушений, применение электронного документа оборота при проведении следственно-оперативных мероприятий напрямую влияют на результат раскрытия и расследование преступлений.

Перспективным направлением использования инновационных технологий является развитие автоматизированных баз данных, содержащих социальные и биологические свойства человека. Следы, взятые в комплексе, дают возможность установить важные для розыска данные (пол, рост, возраст, профессиональные навыки и др.), в том числе и групповую принадлежность признаков человека можно определять по следам крови, слюны, потожирового вещества, спермы и т.д., это создает возможность моделирования внешнего облика, функциональных свойств и других свойств, причем учет таких сведений уже ведется в рамках Интерпола.

В нынешнее время с учетом высокого развития инновационных технологий они применяются во всех сферах жизни человечества и в связи с этим возникает актуальный вопрос применения этих технологий в процессе раскрытия преступлений и расследования уголовных дел. При эффективном использовании научных достижений в сфере

инновационных технологий естественно увеличится качество и эффективность расследования уголовных дел на всех стадиях. Но при этом надо не забывать о нормативном сопровождении и учете специфики проведения того или иного следственного действия, основополагающих принципах законности. И это является самым важным фактором для развития применения инновационных технологий в сфере уголовного процесса. Также немаловажно поднимать умения и навыки сотрудников ОВД, в направлении применения технологий в тактике и методике при расследовании уголовных дел, для чего обязательно проводить повышение квалификаций сотрудников ОВД как в сфере применения компьютерных, дистанционных технологий, так и в сфере технических знаний и оснащений, помимо этого постоянно держать в фокусе внимания нормотворческую деятельность в сфере регулирования данного аспекта уголовно-процессуального института права с целью не допущения нарушения прав и законных интересов участников уголовного процесса. Необходимо и далее совершенствовать развитие применения инновационных технологий, научных разработок и новых технологий в работе ОВД, а также совершенствовать нормативную базу по регулированию процессуальной деятельности. По нашему мнению выполнение всех вышеуказанных предложений внесет свой положительный вклад в практической деятельности ОВД РК при раскрытии и расследовании уголовных дел.

### **СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Кусаинов Д.Ш., Ахметова А.А. «Перспективы применения электрошоковых устройств сотрудниками правоохранительных органов Республики Казахстан» // Актуальные вопросы современной науки: Материалы международной научно-практической конференции — Караганда: Карагандинская Академия МВД РК, 2012

2 Особенности использования научно-технических средств в уголовно-процессуальной и административной деятельности ОВД, перспективы их развития и внедрения (методические рекомендации) — Караганда: Карагандинская Академия МВД РК, 2013

3. Источник: <https://bank.nauchniestati.ru/primery/referat-na-temu-ispolzovanie-innovacionnyh-tehnologij-v-preduprezhdenii-raskrytii-i-rassledovanii-prestuplenij-imwp/>

4. Аминев Ф.Г. Комплексное использование экспертно-криминалистических учетов в информационном обеспечении расследования и раскрытия преступлений: Дис.... канд. юрид. наук. Уфа, 2001. С.204

5. Демина Р.Е. Проблемы криминалистической регистрации и ее использование в расследовании преступлений: Дис.... канд. юрид. наук. Саратов, 2001. С.137,162.



**ӘОЖ 343.72**

## **ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ**

**Қайпулдаева Асель Калыбекқызы**

**аға оқытушы Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы»**

**Аңдатпа.** Ғылыми-техникалық прогрестің дамуымен теріс құбылыс пайда болды — интернеттегі алаяқтық. Қазіргі виртуалды әлемдегі интернет-алаяқтықтың негізгі мәселелерін анықтау болып табылады. Бұл тақырып өзекті болып табылады, өйткені интернет-алаяқтық әлеуметтік құбылыс ретінде қоғамға теріс әсер етуде. Мақалада алаяқтықтың анықтамалары және оны ғаламдық Интернет желісінде жасау тәсілдері

қарастырылады, талдау жүргізілді, пайдаланушылардың ақпаратын қорғау шаралары, сондай-ақ компьютерлік қылмыстың, оның ішінде әлеуметтік желілерді пайдалану бойынша шаралар әзірленді.

**Кілт сөздер:** алаяқтық, фишинг, фишинг, фишинг, спам.

**Аннотация.** С развитием научно-технического прогресса большое распространение получило такое отрицательное явление, как мошенничество в сети Интернет. Целью настоящей работы является выявление основных проблем интернет-мошенничества в современном виртуальном мире. Данная тема является актуальной, поскольку интернет-мошенничество как социальное явление все больше обретает негативный эффект по отношению к обществу. В статье рассматриваются различные дефиниции мошенничества, исследованы способы его совершения в глобальной сети Интернет, проведен анализ, разработаны меры защиты информации пользователей, автором также предложены меры по профилактике компьютерной преступности, в том числе с использованием социальных сетей

**Ключевые слова:** мошенничество, фишинг, вишинг, смишинг, спам.

Annotation. With the development of scientific and technological progress, a negative phenomenon has appeared — fraud on the Internet. The purpose of this work is to identify the main problems of Internet fraud in the modern virtual world. This topic is relevant because Internet fraud as a social phenomenon is increasingly gaining a negative effect in relation to society. The article examines the definitions of fraud and the ways of its commission on the global Internet, analyzes, develops measures to protect users' information, as well as measures to prevent computer crime, including using social networks.

Key words: fraud, phishing, vishing, smishing, spam.

Алаяқтық дегеніміз – ерте заманнан бері адамзат баласымен бірге жасап келе жатқан қылмыстардың түрі. Ол қоғамның жағдайына байланысты түрленіп, дамып, жаңа сипатта көрініс беріп жатады. Алаяқтықтың бүгінгі таңдағы жаңа бір сипаты – ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты өмірге келген интернет алаяқтық болып отыр және оның түрлері де күн өткен сайын кең таралып, көбейіп келеді. Интернет алаяқтық деп – ақпараттық жүйені пайдалану арқылы бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді айтамыз. Яғни бұл жерде қылмыскер компьютер, смартфон, планшет секілді заманауи құралдардың көмегімен интернет арқылы адамдарды алдап-арбап, олардан ақша бопсалау, мүлкін жымқыру секілді жымысқы әрекеттерге барады. Бүгінде интернет алаяқтықтың ауқымы кеңейіп, әртүрлі интернет ресурстары мен әлеуметтік желілерді пайдалана отырып алаяқтардың арбауына түскен алданушылар саны күн санап өсуде. Өткен жылы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы таратқан мәліметтерге қарағанда, қазіргі күні алаяқтық қылмыстардың көбі интернет арқылы жасалатын болыпты. Ғылыми тілде мұны «Ақпараттық жүйені пайдаланып жасалатын алаяқтық» деп атайды. Бүгінде халықтың көбі, әсіресе оң-солын танып үлгермеген жастар интернетке жіпсіз байланғанын ескерсек, алаяқтардың да сол ауылды торуылдайтыны түсінікті жайт.

Ішкі істер министрлігі ұсынған статистика бойынша ағымдағы жылы елімізде 4,5 мың интернет алаяқтық жасалған. Еліміздің банктері мен байланыс операторлары алаяқтықтың жаңа түрі туралы мәлімдеме жасап отырады. Интернет алаяқтар қазір елдің ақшасын интернет-мессенджерлер арқылы үптеп кетуге тырысады екен. Қаржы жобаларын ұсынып, өзін брокермін деп таныстыратын алаяқтар да қаптап кеткен. Қазіргі кезде инвестициялық жобаларға қатысты алаяқтық жиілеген. Азаматтар жинаған ақшаларын қаржы жобаларына саламыз деп сан соғып жатады. Одан өзге әлі алмаған тауарына немесе қызметке ақша жіберіп, алданып жатады. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметінше, Қазақстанда 2023 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша алаяқтықтың (Қылмыстық кодекстің 190-бабы) төмендеуі байқалуда. Жалпы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардан алаяқтықтың үлесі 30%-ды құрайды. Аймақ бойынша ең көп алаяқтық тіркелген облыстар төмендегіше: Алматы қаласы – 6742, Астана қаласы – 5358, Қарағанды облысы – 2590, Шымкент – 1921,



Алматы облысы – 1836, Ақтөбе – 1334, Атырау – 1319, Қостанай – 1311, Павлодар – 1244, Шығыс Қазақстан – 1243. Алаяқтық әрекеттердің салдарынан 34 623 адам зардап шекті, оның ішінде: Ерлер – 15603, Әйелдер – 19020. Сондай-ақ, кәмелетке толмағандар – 102, мектеп, гимназия, лицей, колледж, жоғарғы оқу орындарында оқитындар – 291, зейнеткерлер – 1714, мүгедектер – 8. Интернет алаяқтық фактілері 1,5%-ға төмендеді. Еліміз бойынша барлығы 15616 (15848) осындай қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. Ақша қаражатын қарызға алу арқылы алаяқтық 73%-ға төмендеді, барлығы 24 (89) факт орын алған. Төлем карталарын пайдалану арқылы жасалған алаяқтық фактілері бойынша да төмендеу байқалады, барлығы 197 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13,2%-ға аз.

Ең күрделі әрі көп жасалатын қылмыс түрлері – пәтер ұрлығы мен алаяқтық. Алаяқтық негізінен интернет жүйесі, яғни инстаграм, OLX секілді қосымшалар арқылы іске асып жүр. Аңқау халық сондай парақшалардағы жалған ақпараттарға сеніп қалады. Алатын затың, басқа нәрселерді қолмен ұстап көрмей тұра, ақшаны алдын ала аударып жібереді. Ақшасынан айырылғанына көзі жеткен соң ғана бізге жылап келіп, шағымданып жатады. Алаяқтықтың тағы бір түрі, мысалға, «100 мың теңге жіберсең, екі жүз мың қылып қайтарып аласың» дейтін немесе арзан автокөлікті саудаға шығарып, алдын ала бастапқы сомасын төлеуді ұсыну секілді жалған ақпараттар. Оңай олжаға кенелуді, арзан көлікті иеленіп қалуды көздеген аңқау халық сол кезде қалайша алаяқтың құрбаны болғанын аңдамай қалады, сол себепті де тұрғындарға айтарымыз: оңай жерде ақша болмайды! Ешкім де өзінің мүлкін арзанға бере салмайды! Осыны ойланғандары абзал. Ғаламторды торуылдайтын алаяқтар дәстүрлі алдау қағидаларын ұстанғанымен, олардың ерекше сипаттары да бар. Мәселен, олар интернетті пайдаланатындықтан, халықаралық деңгейде таралуымен ерекшеленеді. Яғни бір елде отырып, екінші елдегі адамдарды алдап-арбай беретін шекара талғамау сипаты бар. Екіншіден, интернет-алаяқтар жасырын болып келеді. Яғни олар жалған жеке және заңды тұлғалардың атынан жиі әрекет етеді.

Интернеттегі алаяқтықтың түрлері

1. Фишинг — алаяқтардың өздерін сенімді ұйымдар немесе жеке тұлғалар ретінде жасырып, құпия сөздер, банктік ақпарат және несие картасының нөмірлері сияқты жеке ақпаратты алуға әрекеттенетін әдіс. Бұл жалған электрондық пошталар, веб-сайттар немесе әлеуметтік желілер арқылы болуы мүмкін.

2. Карта деректерін пайдаланатын алаяқтық түрі. Бұл жағдайда алаяқтар адамдардың карта деректеріне қол жеткізіп, оны рұқсатсыз транзакциялар немесе сатып алулар жасау үшін пайдаланады. Бұл сканерлеу, жалған веб-сайттар немесе зиянды бағдарламалар арқылы болуы мүмкін.

3. Кибер бопсалау — бұл төлем төленбес бұрын компьютерлік жүйелерге кіруге тыйым салу немесе құпия деректерді шифрлау арқылы адамдарды немесе ұйымдарды бопсалау процесі. Бұл ransomware сияқты зиянды бағдарламалар арқылы болуы мүмкін.

Сақтық шаралары және қорғаныс

- Жеке ақпаратты бергенде абай болыңыз. Құпия сөздер, банк ақпараты немесе несие картасының нөмірлері сияқты жеке ақпаратты ешқашан электрондық пошта арқылы немесе сенімсіз веб-сайттарда бермеңіз. Веб-сайт мекенжайларын тексеріңіз және олардың HTTPS арқылы қорғалғанына көз жеткізіңіз.

- Электрондық хаттар мен сілтемелерді ашқанда сақ болыңыз

- Белгісіз жіберушілердің электрондық пошталарын ашпаңыз немесе күдікті сілтемелерді баспаңыз. Әсіресе электрондық пошта немесе сілтеме жеке ақпаратты немесе қаржылық транзакцияларды сұраса, сақ болыңыз.

- Сенімді антивирустық бағдарламалық құралды пайдаланыңыз. Құрылғыларыңызға сенімді антивирустық бағдарламалық құралды орнатыңыз және оны жүйелі түрде жаңартыңыз. Бұл сізді зиянды бағдарламалардан қорғауға және күдікті веб-сайттарға кіруге тыйым салуға көмектеседі.

- Қаржылық операциялар мен есептерді қадағалаңыз. Қаржылық транзакцияларыңыз бен есептерді жүйелі түрде қарап шығыңыз. Күдікті әрекетті немесе рұқсат етілмеген транзакцияларды байқасаңыз, дереу банкке немесе қаржы мекемесіне хабарласыңыз.

- Білім және хабардарлық. Интернеттегі алаяқтықтың әртүрлі түрлерін және өзіңізді қалай қорғау керектігін жақсы біліңіз. Интернеттегі алаяқтықтың алдын алу бойынша ұсыныстар мен кеңес беретін ресми ақпарат көздеріне немесе мамандандырылған ұйымдарға жүгініңіз.

Интернет алаяқтықпен айналысып, мұндай қылмыс түрін жасаған адамның мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ақпараттық жүйелерді пайдаланып алаяқтық жасайтындарға алданып қалмау үшін интернетте керемет тауарлардың жарнамаланып жатқанын көргенде оны сатып алуға бірден талпынбаған дұрыс. Мұндай жағдайда, ең біріншіден, сол тауар алатын сайт қандай сайт, жалған емес пе, соны анықтауға тырысуымыз керек. Оның мекенжайы, телефондары бар ма, соған қараймыз. Егер болып жатса, оған хабарласып, сатушысымен сөйлесуіміз қажет. Осы сайтта бұл тауарды бұрын алған адамдардың пікірлері бар ма, олар не дейді, осыған да назар аударған артық болмайды. Осындай жан-жақты ақпараттарды анықтап алғаннан кейін ғана ақшаны төлеуімізге болады. Ал, жалған интернет-дүкендерге алданып қалып жатқандардың көбі «дүкеннің» егжей-тегжейін қарап тексеріп жатпай-ақ, сайтта көрсетілген шотқа ақшаны жібере салады. Тағы бір мәселе әрбір интернетке қосылған компьютерде, планшетте вирусқа қарсы бағдарламалар міндетті түрде болғаны дұрыс. Өйткені ол сізге қажетсіз, күмәнді, сіздің бағдарламаларыңызға тікелей зиян келтіретін бөтен файлдарды тез анықтап, бәрін өзі-ақ жойып отырады немесе сізден сұрап отырады. Банктер болсын, құқық қорғау орындары болсын, жеке тұлғаларға телефонмен хабарласып немесе мессенджермен жазып, логин, пароль секілді құпия мәліметтерді сұрамайды. Тіптен, қажет болған жағдайда, банк қызметкері сізге хабарласып, бар мәселені нақтылау үшін «біздің кез келген бөлімшемізге келіп кетіңіз» деп өтінуі мүмкін. Өйткені телефон арқылы ондай мәселелер шешілмейді. Алаяқтық схемасы қарапайым: кез келген адамның әлеуметтік желідегі жалған аккаунты жасалады. Сол арқылы оның жақын туыстарына, достарына не өзге таныстарына хат жазу арқылы белгілі бір банк картасына ақша аудару сұралады. Мұндай деректер әсіресе Telegram мессенджерін пайдаланушылар арасында жиілеген. Егер интернет алаяқтарға алданып қалғанымызды білген жағдайда алаяқпен ұрысып-керіспей, онымен байланысты мейлінше созуға тырысу керек. Шұғыл түрде өз картаңызды бұғаттап, банктік қосымшадағы жеке кабинетіңіздің, электрондық поштаңыздың, әлеуметтік желілердегі аккаунттарыңыздың паролін ауыстыруды кейінге қалдырмаңыз. Оған қоса, егер алаяқтар сіздің шотыңыздан ақшаны шешіп үлгерсе, дереу өз банкіңізге, сондай-ақ құқық қорғау органдарына жүгініңіз. Банк картаны бұғаттап, қайта жаңасын шығарады. Сондай-ақ, алаяқтардың сіздің атыңызға жалған қарыз ресімдемегеніне көз жеткізу үшін, міндетті түрде кредиттік бюроларда, ХҚКО-да немесе egov.kz сайтында дербес кредиттік есепті алып, оны мұқият қараңыз. Алданып, оның алаяқ екенін білген болсаңыз: «Қазір менде ақша жоқ еді, бір жерден алып келейін, жарты сағаттан кейін немесе ертең хабарласа аласыз ба?» деген секілді онымен қарым-қатынасты созудың амалын жасау қажет. Яғни, ол телефондарын өшіріп, мүлдем жасырынып кетуіне жол бермеуге тырысқан жөн. Сол секілді терминалмен төлеген чектерді, әлеуметтік желіде, мессенджерлер арқылы сөйлескен диалогтарыңыз болса, оларды да сақтап, дереу арада құқық қорғау органдарына жүгіну қажет. Бұл мәліметтер алаяқты тезірек құрықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар интернет жүйесі арқылы келген сілтеме бойынша өткен кезде мекенжай жолына, яғни доменнің дұрыстығына, акция жүргізетін ұйымның не компанияның ресми атауындағы артық символдарға назар аудару керек. Әлеуметтік желілердегі өз профиліңіздің дербестігін баптауларда байланыс деректерін (қызметтік және жеке телефон нөмірі) көпшілікке қолжетімді етпеген дұрыс. Мобильдік нөмірді (бизнес-аккаунт) көрсету қажет болған

жағдайда, жеке және жұмыс нөмірлерін бөлу қажет, яғни жеке нөмірді туыстармен және жақындармен байланысу үшін ғана пайдаланған дұрыс. Есептік деректеріңізді үнемі тексеріп, көп факторлы аутентификация пайдаланылатын сенімді парольдерді қолданыңыз. Браузерде, операциялық жүйеде және мобильдік құрылғыларда пайда болатын түрлі терезелер мен хабарламаларға қатысты абай болыңыздар. Банк картаңыздың деректерін сақтап, картаның сыртқы жағындағы 3 санды CVV/CVC-кодын ешкімге айтпаңыз. Сондай-ақ, банктен келіп түсетін SMS-кодты ешбір жағдайда бейтаныс жандарға хабарламаңыз. Интернетке қол жеткізудің ашық қоғамдық Wi-Fi-нүктелеріне сенбеңіз, сонымен қатар өз аутентификациялық деректеріңізді қорғалмаған сымсыз желілер арқылы енгізбеуге тырысыңыз. Бопсалаушылардың телефон бойынша талаптарын орындамаңыз, ал егер Сіз интернет алаяқтардың құрбаны болсаңыз, ең жақын полиция бөліміне барыңыз немесе 102 телефоны арқылы дереу жүгінізіз. Жеке деректерді, жеке куәлік деректерін, банк карталарының деректерін және тағы басқа мәліметтерді қамтитын құжаттарыңыздың көшірмелері мен банк картасының суретін ешкімге жібермеңіз. Күдікті интернет-ресурстар немесе ақшалай пайдаға үміттендіретін сілтемелер айқындалған жағдайда KZ-CERT қызметіне хабарлаңыз.

Қорыта айтқанда, интернеттегі алаяқтық Қазақстанда үлкен қауіп болып табылады, бірақ дұрыс сақтық шаралары мен ақпараттандыру шаралары арқылы сіз өзіңізді және қаржылық мүдделеріңізді қорғай аласыз. Жеке ақпаратты беру кезінде сақтық, сенімді антивирустық бағдарламалық құралды пайдалану желідегі алаяқтықты болдырмаудың негізгі факторлары болып табылады. Бұл мәселемен күресуде білім мен хабардарлық та маңызды рөл атқарады.

Сол сияқты, Ұлттық Банктің [kazcoins.nationalbank.kz](http://kazcoins.nationalbank.kz) интернет-дүкенінің сатып алушыларына сатып алынатын коллекциялық монеталар санына қойылған шектеулерді айналып өту үшін арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуды ұсынатын алаяқтардың белсендірілгені туралы ескертеді. Осылайша, мессенджерлерде және әлеуметтік желілерде Қазақстан нумизматтарының тақырыптық топтарындағы алаяқтар Ұлттық банк интернет-дүкенінің қоржынына коллекциялық монеталарды автоматты түрде қосатын «ассистенттік бағдарламаға» бір реттік кіруді ақылы түрде (кез келген мөлшерде) ұсынады.


Жоғарыда айтылғандарға байланысты Ұлттық Банк сақ болуды, интернет-дүкенімен жұмыс істеу үшін күмәнді бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алмауды немесе қолданбауды сұрайды. Сонымен қатар, сатып алынған монеталардың санына шектеуді Ұлттық Банк әрбір транзакция бойынша тексеретінін хабарлайды, бұл монеталарды, тіпті егер олар монеталар қоржынына сәтті қосылған болса да, белгіленген лимиттен асырып сату мүмкін еместігін білдіреді.

Интернет-алаяқтық көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда да кездесетін күрделі мәселе. Интернеттегі алаяқтық түрлеріне фишинг, картамен алаяқтық, кибер бопсалау және т.б. жатады. Алаяқтар жалған электрондық пошталарды, веб-сайттарды және әлеуметтік желілерді қолданатын сенімді ұйымдар мен жеке тұлғалар ретінде көрінеді. Қазақстанда қаржылық алаяқтық пен киберқылмыспен байланысты мыңдаған интернет-алаяқтық фактілері тіркеліп жатыр. Дегенмен, көптеген алаяқтық жағдайлары тиісті орындарға хабарланбайды, сондықтан нақты сандар одан да көп болуы мүмкін. Өзіңізді онлайн алаяқтықтан қорғау үшін жеке ақпаратты беру кезінде абай болу, күдікті электрондық пошталар мен сілтемелерді ашпау, сенімді антивирустық бағдарламалық құралды пайдалану және қаржылық транзакцияларыңызды жүйелі түрде тексеру маңызды. Білім және алаяқтық туралы хабардар болу да онлайн алаяқтардан қорғауда маңызды рөл атқарады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Багаутдинов Ф.Н. Финансовое мошенничество (уголовно-правовой и криминологический аспекты противодействия) / Ф.Н. Багаутдинов, Л.С. Хафизова. — М.: Юрлитинформ, 2008. — 280 с.

2. Никитина И.А. Финансовое мошенничество в сети Интернет // Вестник Томского государственного университета. — 2010. — № 337. — С. 122–124.
3. Жмыхов А.А. Компьютерная преступность за рубежом и ее предупреждение: Дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.08. — М., 2003. — 178 с.
4. Комаров А.А. Криминологические аспекты мошенничества в глобальной сети Интернет: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.08. — Саратов, 2011. — 36 с. Интернет-алаяқтық: жасалу тәсілдері 247 Хабаршы — Вестник. 2022. № 2 (76)
5. Малахов А.С., Дубинин А.С. Некоторые особенности раскрытия и расследования мошенничества в сети Интернет // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. — 2013. — № 9. — С. 187–190.
6. Дарменов А.Д., Жолжаксынов Ж.Б. Криминологическая характеристика лиц совершающих уголовные правонарушения в сфере информатизации и связи // «Хабаршы — Вестник» Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова. — 2021. — № 4(74). — С. 41–47
7. Стрижкова, Д.А. Фишинговые атаки и методы борьбы с ними // Д.А. Стрижкова. Современные научные исследования и инновации. 2017. № 1 [Электронный ресурс]. URL: <https://web.snauka.ru/issues/2017/01/76973> (дата обращения: 23.04.2021)



ӘӨЖ 343 (43).

## Адам құқықтары мен бостандықтарының өзекті мәселелері

**Иманбаев Қуат Сарыбайұлы**

з.ғ.к., Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты  
«Мемлекеттік-құқықтық пәндер» кафедрасы

**Тасыбаева Мадина Даулетқызы**

з.ғ.магистрі., Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық  
институты

**Аңдатпа.** Бұл мақалада адам саудасы мен адам құқықтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдары туралы баяндалады

**Түйін сөздер:** адам саудасы, адам трафигі, қылмыс, механизм, бостандық

**Аннотация.** В этой статье рассматриваются способы обеспечения безопасности торговли людьми и прав человека

**Ключевые слова:** торговля людьми, трафик людей, преступность, механизм свобода

**SUMMARY** This article discusses ways to ensure the safety of human trafficking and human rights

**Keywords:** human trafficking, human traffic, crime, mechanism, Freedom.

Занда адам саудасының құрбандары мен олардың отбасы мүшелерін қорғау үшін оларды жаңа тұрғылықты мекенге көшіру; құжаттарды алмастыру; сырт пішінін өзгерту; жеке басын күзету, тұрғын жайы мен мүлкін күзету; арнайы жеке қорғаныс, байланыс және төнген қауіп туралы хабарлау құралдарын беру; қорғалатын адам туралы мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз ету; жұмыс немесе оқу орнын өзгерту; уақытша қауіпсіз жерге орналастыру жолымен нормативтік және құқықтық база жасалған. Бұл ретте жәбір көргендердің де, олардың отбасыларының да қорғалуы көзделген.

Сан-ғасырлар бойы аңсаған ата-бабаларымыздың шынды армандары, міне бүгін орындалуда. Қазақстан өз тәуелсіздігіне жетіп, жеке шаңырағын жылдан-жылға бекем ұстауда. Қазақ елі халықаралық сахнада өз орнын тауып, жылдан-жылға беделі асуда. Алайда бұл жолда бізге кедергі болып тұрған, қауіп қатер төндіріп отырған проблемалар,

өкінішке орай жеткілікті болып отыр. Қанатын жаңадан жайып келе жатқан Қазақстан үшін ондай мәселелерді дер кезінде шешу ауадай қажет деп ойлаймыз. Сондай мәселелердің бірі – адам трафигі, яғни, адам саудасы болып отыр.

БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Жоғары Комиссары Басқармасының мәліметтері бойынша ТМД елдерінен 500 мыңнан астам әйел сатылған. Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сату Қазақстан мен басқа да бірқатар елдер үшін аса маңызды құбылыс болып отырғандығы соншалық, ол қауіпсіздік пен ұлттық генофондға қауіп төнгізіп отыр. Адам саудасына ұлты мен азаматтығына қарамастан қылмыскерлердің ұйымдасқан желісі жағдай жасап отыр. [1, 1 б.].

Мәселені объективті себептері бар екендігін көрсететін көптеген белгілердің бар екенін атап өту керек. Біріншіден, бұл Қазақстанның ТМД елдерімен шекарасының ашықтығы; екіншіден, мемлекеттер арасындағы және Қазақстанның ішіндегі көші-қон ағынының күшеюі; үшіншіден, экономикадағы игілікті жағдай және бұрынғы кеңестік елдермен салыстырғандағы жоғары жалақы; төртіншіден, ұйымдасқан қылмыстың жаһандануы, «тірі тауарлар» жеткізудің орнықты арнасын ұйымдастырудағы оның мүмкіндіктерін кеңейту, ол біздің елімізге жеткізуші ғана емес, сонымен бірге сатып алушы, транзиттік дәліз ретінде де қарайды.

Адам саудасының өсіп келе жатқан жағдайында біздің елімізде қолданыстағы қылмыстық заңнамаға аталған құқыққа қарсы әрекет түрі үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейтін арнайы құқықтық нормалар енгізілген.

Адам трафигі, яғни, адам саудасы қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерінің тізе қоса отырып күресетін мәселелерінің қатарына көтерілуде. Адам саудасы шын мәнінде өңі аударылған ежелгі дәуірдегі құлдықтың көрінісі. Сондықтан да адам трафигі қазіргі ХХІ ғасырдың белесінде адамзат қауымдастығы үшін белгілі ұлттық сезімдерді тудыратын құбылыс болып отыр.

Адам саудасына негізделген Заңның 1 бабына сәйкес мәлімдеушілер, көрген адамдар және қылмыс құрбандары болып табылатын қорғалатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын шаралар кешені көзделген.

Шынына келгенде, бұл мәселенің ұлттық және мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей қатысы барын атап өту қажет. Аталған мәселе тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар әлемнің көптеген мемлекеттерін шарпып отыр. Егер біз, өз тәуелсіздігімізді, мемлекеттігімізді сақтаймыз десек, аталған мәселелерді ушықтырмай дер кезінде шешуіміз қажет. Бұл тұста еліміздің Президенті, Н.Ә. Назарбаевтың сөзінен үзінді келтірсек: “Адамзат дамуының бүкіл тарихи тәжірибесі мемлекеттің алға басуы және тұрақты өсуі жүзеге асырылатын қажетті шарттардың бастауында оның қауіпсіздігі мен мемлекеттілігінің сақталуы тұрғанына куә. Бостандық пен тәуелсіздікті жеңіп алу жеткіліксіз, оны табанды түрде қорғап, нығайтып, ұрпақтарға қалдыру қажет. Біздің ұрпақ еңсере алмай, өздеріне қалдырған ауыртпалықтар, қиыншылықтар мен проблемалар үшін болашақ ұрпақ кешірер. Егер біз өз мемлекеттілігімізден айырылып, егемендігіміздің стратегиялық негіздерін, өз жерлеріміз бен ресурстарымызды қолымыздан шығарып алсақ, бізге кешірім жоқ. Әрине, болашақты бағамдаудың мұндай қисыны кез - келген ішкі және сыртқы жағдайларда ұзақ мерзімді кезеңге арналған. Қазақстан саясатының стратегиялық бағыты үшін уақыты жағынан үздіксіз болуы керек. Бұл Қазақстанның 2050 жылға дейінгі дамуының бірінші стратегиялық басымдығы болуға тиіс” [2, 15 б.].

Адам саудасы мәселесі - қазіргі таңда қоғамдағы теріс құбылыстардың біріне айналуға, бұл мәселе бірінші рет ХХ- ғасырдың басында құқық қорғаушылардың тарапынан көтерілген болатын. Сол кезде континенталды Еуропа мемлекеттерінде жезөкшелікпен айналысуға мәжбүр етілген Ұлыбританиядан шыққан әйелдерге ерекше мән берілген еді. Сол тұста “ақ құлдық” термині пайда бола бастады және ол кешікпей адам саудасы түсінігімен ұштасуға ұласты.

Сол сәттен бері адам саудасының феномені тұрақты талдаулар мен әр түрлі пікірталастарға ұшырауда. Бірақ, бұл тұста айта кететін жайт, көптеген осы мәселеге

арналған мақалалар мен құжаттарда “адам саудасы” түсінігі “әйел саудасымен” шектелуде. Бұл тұста әйел саудасы жөнінде көптеген оқиғалар оларды жезөкшелік, порнобизнес, сексуалды сипатта және т.б. [3, 1 б.].

Өзінің мәні бойынша адам трафигі – құл саудасына жақынырақ келеді. Және бұл құбылыстың құрбандары болып негізінен әйелдер мен жас өспірімдер табылуда. Бүгінгі таңда әлемде бұл мәселенің өзектілігі күннен күнге артуда десек артық айтпаған болар едік. Бұл бүгінгі таңдағы құлдықтың жаңа нысанына айналуда.

Өркениетті XXI-ғасырда кезігіп отырған бұл мәселенің түп төркіні тереңде. Себебі, адамды адамның қанауы, оны өз игіліктеріне пайдалануы әлемдегі алғашқы мемлекеттік құрылымдардың пайда болуымен тығыз байланысты. Қоғамның әрбір дамуы тарихында адамды адамның қанау нысаны, механизмі өзгеріп отырады. Ертеректе ол құлдық нысанда көрініс тауып, оны мемлекет тарапынан қолдап, қанаушы таптың мүддесін ескеріп отырса, ал XX- ғасырдың басынан бастап мемлекеттің мәні өзгеріп, адам құқықтары мен бостандықтарына мемлекет тарапынан кепілдік беріліп, адамды адамның қанауы сияқты келеңсіз құбылыстарға шектеу қойыла бастады. Бұдан былайғы уақытта мемлекет жеке-жеке күреспей, бүкіл әлемдік қауымдастық болып бірігіп адам құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын халықаралық ұйымдар мен халықаралық құқықтық құжаттар дүниеге келе бастады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда адам трафигіне, адам саудасына қарсы күрес жүргізетін құқықтық механизм қалыптасып келе жатыр. Атап айтатын болсақ Қазақстан бүкіл әлемдік өркениет таныған адам құқықтары мен бостандықтары, оның ішінде адамды құлдыққа салу, мәжбүрлі еңбек ету, адам трафигіне қатысты бірнеше халықаралық құжаттарды таныды және бекітті.

Дегенмен, Қазақстанда адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін және адам саудасымен күресетін ең негізгі құрал, әрине бұл Ата заңымыз. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабына сәйкес: “Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтығы мен бостандықтары” [4, 4 б.]. Мемлекет әрбір өз азаматы үшін, өз территориясында немесе шетелде жүруіне қарамастан жауапты, әрі кепіл бола білуі тиіс.

Конституцияда көрініс тапқан бұл нормаларды жүзеге асыру мақсатында көптеген шаралар жүзеге асырылуда. Оған мысал ретінде, Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасында: “Қазақстан Республикасының Конституциясында жария етілген, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы, құқықтың үстемдігі, біртұтас мемлекеттік биліктің тармақтарға бөлінуі және олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы келісе қызмет істеуі принциптеріне негізделген демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет құру бағытының заңнамада дәйекті түрде іске асырылуын қамтамасыз ету керек.

Бүгінгі таңдағы Қазақстандағы орын алып отырған келеңсіз құбылыс – адам трафигі осы аталған нормаға сай келетін сияқты. Себебі, адамды саудаға салу меншік құқығының белгілі бір атрибуттарын пайдалана отырып іске асырылатын әрекет. Адам саудасына қатысты түсінік Қазақстан Республикасы мақұлдаған “Бала саудасы, бала жезөкшелігі және бала порнографиясына қатысты бала құқықтары жөніндегі Конвенцияға қосымша хаттама” атты халықаралық конвенцияның 2 бабында сараланған. Аталған нормаға сай: “торговля детьми означает любой акт или сделку, посредством которых ребенок передается любым лицом или группой лиц другому лицу или группе лиц за вознаграждение или любое иное возмещение” делінген [5, 1 б.].

Тірі тауарлар контрабандасына қатысты ресми статистика болмағанымен де, әйелдер құқығын қорғайтын топтар мен миграция жөніндегі халықаралық ұйым өкілдері аталған мәселенің шын мәнінде күрделі күйінде және жылдан жылға ушығуда деген ойларын алға тартуда. Сарапшылардың мәліметтері бойынша, соңғы 10 жыл ішінде Қазақстаннан шамамен 5000 әйел шетелге сатылған. Қазақстан Республикасы ІІМ 1999 жылғы мәліметтері бойынша

Грециядан-25, БАӘ-21, Түркиядан-16, Израильден-3 әйел елге қайтарылды. Құқық қорғау органдары қаңтар мен қазан айларының аралығында 300-дей адам тауарының контрабандасын тіркеді. Контрабандашылардың негізгі қолға түсетін олжалары 30 жасқа дейінгі қыздар. Әйелдер мен балалар үшін Қазақстандық кризистік орталықтың мәліметтері бойынша әйелдерді шетелде жақсы жұмыс немесе күйеуге шығу төңірегіндегі уәделермен баулиды. Еңбекпен қамтумен шұғылданатын туристік және неке агенттіктері, фирмалар өзінің құрбандарын көбінесе шетелдегі жақсы жұмысқа орналастырамыз деген уәдесімен қолға түсіретін көрінеді. Сондай-ақ құрбандарды шетелде қыз сыны байқауына қатысуға шақырумен де қолға түсіреді. Көптеген құрбандардың айтуларына қарағанда, олар өздерін шетелге жезөкшелікпен айналысуға жіберіп отырғанын білген немесе сезген, бірақ олар жезөкшелікпен күң ретінде тегін айналысатынына көздері жетпеген екен. Үкіметтік емес ұйымдардың пікірінше, мемлекетімізден шетелге сатылып отырған әйелдер санының артуы жұмысқа тұру мүмкіншілігінің болмауынан, сондай-ақ бұл мәселе жөніндегі мәліметтің болмауынан көрінеді [6, 1 б.].

Шын мәнінде Қазақстанда соңғы жылдары адам саудасымен күресуге бағытталған әрекеттер оң шешімін табуда. Қазақстан әлем таныған адам трафигімен күресуге бағытталған халықаралық ұйымдар мен конвенцияларға қатысып, қойылған талаптарды біртіндеп орындау үстінде. Қазақстанның бұл саладағы оң қадамдары АҚШ Президентінің Конгресс алдында жасаған баяндамасында тоқталып кетті.

Адам саудасымен күресуге бағытталған жаңа заңдарды әзірлеу және қабылдау; ұлттық баспа және теледидарларда аталған проблема жөнінде жариялылықты күшейтуге бағытталған кең көлемді кампанияларды жүзеге асыру; адам саудасымен күресу саласында полиция, иммиграциялық қызмет және сот қызметкерлерін жаңа бағдарламен оқыту; ұлттық арнайы топтар құру және әрекет ету жоспарларын әзірлеу; сыбайлас жемқорлық пен адам саудасымен күресу мақсатында жеке сенім телефондарының ашылуы; және құрбан болғандарға тиісті жәрдем көрсету жүйесін қалыптастыру.


Бүгінгі таңда адам саудасы алдыңғы орында тұрған қылмыстардың бірі. Халықаралық сарапшылардың пайымдауынша, адам сату наркобизнес пен қару саудасынан кейінгі үшінші орында тұр.

Сол себепті де, барлық мемлекеттер осы мәселемен күресудің ортақ жүйесін қалыптастырып, әсіресе мәлімет алмасу, осы салада қарсы күресте жиналған тәжірибелермен алмасу секілді іс-шаралар, сонымен қатар семинарлар, конференциялар секілді әр түрлі, тиімді жиындарды жиірек ұйымдастырып тұру қажет деп ойлаймын.

Бұл аталған іс-шаралардың барлығы қазіргі кезде кезек күттірмей атқарылатын шаралардың қатарына жатады. Сонымен қатар еліміздегі адам саудасымен күресу Қазақстанның ұзақ дамуының стратегиялық басымдықтарының бір бағытын құрайды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Торговля людьми как явление // База данных Международный женский правозащитный центр Ла Страда-Украина. // <http://www.lastrada.kiev.ua/tr>.
2. Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін. Президенттің Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан.
3. Қазақстан Республикасы Конституциясы. 1995 жыл 30 тамыз. – Алматы: Юрист, 2003. – 36 б.
4. Зиманов С.З. Состояние и задачи разработки проблемы обычного права казахов // Проблемы казахского обычного права. - Алма-Ата: Наука, 1989. – 140 с.
5. Факультативный протокол к Конвенции о правах ребенка, касающийся торговли детьми, детской проституции и детской порнографии. – Нью-Йорк, 2000. – 15 с.
6. Доклад о соблюдении прав человека в Казахстане в 2001г. // Государственный департамент США. // <http://www.state.gov>.



УДК 342.725

## АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

**Әбубәкірова Гүлнұр Мұратбекқызы**  
**заң ғылымдарының магистрі, оқытушы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**  
**университеті, Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы.**

**Аңдатпа:** Конституцияның 7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында қазақ тілі мемлекеттік тіл болып табылады. Мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен тең дәрежеде орыс тілі ресми түрде қолданылады. ҚР «Тіл туралы» Заңның 4 - бабына сәйкес, мемлекеттік тіл-мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын мемлекеттік басқару, заңнама, сот ісін жүргізу және іс жүргізу тілі. Сот ісін жүргізу тілінің маңызы өте зор, өйткені сот ісін жүргізу тілі қағидатын іске асыру арқылы ұлтына қарамастан барлық азаматтардың сот алдында теңдігі қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматының борышы Қазақстан халқын шоғырландырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру болып табылады.

**Кілт сөздер:** Азаматтық процесс, тіл қағидасы, мемлекеттік тіл, аудармашы.

**Аннотация:** В соответствии со статьей 7 Конституции в Республике Казахстан казахский язык является государственным. В государственных организациях и органах местного самоуправления наравне с казахским языком официально используется русский язык. В соответствии со статьей 4 Закона РК «О языках» государственный язык - это язык государственного управления, законодательства, судопроизводства и делопроизводства, применяемый во всех сферах общественных отношений на всей территории государства.

Язык судопроизводства имеет большое значение, так как через реализацию принципа языка судопроизводства обеспечивается равенство всех граждан независимо от национальности перед судом. Долг каждого гражданина Республики Казахстан - овладение государственным языком, что является важнейшим фактором консолидации населения Казахстана.

**Ключевые слова:** Гражданский процесс, принцип языка, государственный язык, переводчик.

**Annotation:** In accordance with article 7 of the Constitution, the Kazakh language is the State language in the Republic of Kazakhstan. In state organizations and local self-government bodies, Russian is officially used along with the Kazakh language. In accordance with Article 4 of the Law of the Republic of Kazakhstan "On Languages", the state language is the language of public administration, legislation, judicial proceedings and record keeping, used in all spheres of public relations throughout the state.

The language of legal proceedings is of great importance, since through the implementation of the principle of the language of legal proceedings, equality of all citizens, regardless of nationality, before the court is ensured. It is the duty of every citizen of the Republic of Kazakhstan to master the state language, which is the most important factor in consolidating the population of Kazakhstan.

**Keywords:** Civil procedure, the principle of language, state language, translator.

Конституцияның 7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында қазақ тілі мемлекеттік тіл болып табылады. Мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен тең дәрежеде орыс тілі ресми түрде қолданылады [1].



ҚР «Тіл туралы» Заңның 4 - бабына сәйкес, мемлекеттік тіл-мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын мемлекеттік басқару, заңнама, сот ісін жүргізу және іс жүргізу тілі [2].

Жаңа Азаматтық процестік кодекстің қабылдануымен сот ісін жүргізу тілін қолдануды реттейтін заң нормаларының кейбір ережелері өзгерді. Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 14-бабының 1999 жылғы редакциясында азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда сот ісін жүргізуде орыс немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады деп көзделген.

Қазіргі қолданыстағы редакцияда заң шығарушы азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүзеге асырылатынын, сот ісін жүргізуде ресми түрде орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа да тілдер қолданылатынын анықтады. Бұрынғыдай сот ісін жүргізу тілі сотқа талап арыз (арыз) берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Сол Азаматтық іс бойынша іс жүргізу бастапқыда белгіленген сот ісін жүргізу тілінде жүзеге асырылады. Іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін немесе жеткіліксіз меңгерген іске қатысушы адамдарға өтініштер жасау, түсініктемелер мен айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеу, шағымдар келтіру, іс материалдарымен танысу, сотта ана тілінде немесе өздері білетін басқа тілде сөз сөйлеу құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі [3]. Аудармашының қызметтерін тегін пайдалану ҚР Азаматтық процестік Кодексте белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

ҚР АПК-нің 14-бабының 2-тармағы сот ісін жүргізу тілі сотқа талап арыз берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленетінін көздейді.

Көрсетілген норманың мазмұнынан іс бойынша сот ісін жүргізу тілі іс бойынша іс жүргізілетін тіл деп түсініледі, өтініштер беріледі, түсініктемелер мен айғақтар беріледі, өтініштер мәлімделеді, шағымдар келтіріледі, сотта сөз сөйлейді.

Бұл бап императивті сипатқа ие және сот талқылауы барысында сот ісін жүргізу тілін өзгерту мүмкіндігін көздемейді. Бұл, егер олар сот процесінде сот ісін жүргізу тілін өзгерткісі келсе, өтініш берушілердің жағдайын біршама қиындатады.

Бұдан басқа, ҚР АПК-ның 14-бабы ана тілін қолдану құқығын сот ісін жүргізу тілін білмейтін немесе жеткіліксіз меңгерген адамдарға ғана ұсынылған деп өте тар түсіндіруге мүмкіндік береді. Өтініш беруші осы адамдардың арасынан шығады, өйткені сот ісін жүргізу тілі оның таңдауы бойынша белгіленеді деп болжанады, сондықтан ол оны жеткілікті дәрежеде меңгереді.

Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық жағы - сот ісін жүргізу тіліне аудару және істерді қарау кезінде аудармашының қызметтерін ұсыну маңызды.

Білікті аудармашылардың өткір тапшылығы - бұл үлкен назар аударуды қажет ететін мәселе, өйткені аудармашы сот төрелігін жүзеге асыруға ықпал етуде маңызды рөл атқарады. АПК-ң 56-4 бабына сәйкес, аударма жасау үшін білуі қажет тілдерді, оның ішінде ымдау тілін және (немесе) Брайль әліпбиін меңгерген және іске қатысатын адам, сондай-ақ куә, сарапшы, маман іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмеген жағдайларда, сол сияқты жазбаша құжаттарды аудару үшін процестік әрекеттерге қатысуға тартылған, іске мүдделі емес адам аудармашы ретінде шақырылады.

Азаматтық сот ісін жүргізуге қатысатын адамдарға сот заңға сәйкес басқа тілде жазылған қажетті іс материалдарын сот ісін жүргізу тіліне тегін аударуды қамтамасыз етеді. Сот процесіне қатысушы адамдарға сот келісімінің басқа тілде жүргізілетін бөлігінің сот ісін жүргізу тіліне аудармасы өтеусіз қамтамасыз етіледі. Сот құжаттары іске қатысатын адамдарға олардың ана тіліне немесе олар білетін басқа тілге аударылған жағдайда тапсырылады.

Кодекстің жаңа редакциясында тараптардың сот ісін жүргізу тілін сайлау бөлігіндегі құқықтары неғұрлым кеңейтілді және нақтыланды, атап айтқанда, екі тараптың жазбаша өтінішхаты бойынша істі сот талқылауына дайындау сатысында сот ұйғарымымен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге құқылы.

Егер істі бірінші сатыдағы сотта қарауға дайындық барысында талапкердің оның өкілі талап арыз (арыз) берген тілді меңгермегені анықталса, онда талапкердің жазбаша өтінішхаты бойынша сот іс жүргізу тілін өзгерту туралы ұйғарым шығарады. Сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамға істен құжаттарды беру тәртібі неғұрлым нақты жаңа іс жүргізу Заңымен айқындалған. Іске қатысатын және сот ісін жүргізу тілін білмейтін адам істен бергені туралы жазбаша түрде мәлімдеген сот құжаттары оған ана тіліне немесе өзі меңгерген басқа тілге аудармада тапсырылады.

Істі сот талқылауына дайындау аяқталғаннан кейін сот ісін жүргізу тілінде дайындалмаған тараптармен іске қатысатын басқа да адамдар ұсынатын құжаттарға сот ісін жүргізу тіліне аударма қоса берілуге тиіс екенін атап өткен жөн. Дегенмен, ҚПК – ң 81 бабының 5 тармағына сәйкес, дәлелді себептерсіз келуден немесе өзінің міндеттерін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін аудармашыға осы Кодекстің 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін. Көрінеу дұрыс аудармаған жағдайда аудармашы қылмыстық жауаптылықта болады.

Сот ісін жүргізу тілінің маңызы өте зор, өйткені сот ісін жүргізу тілі қағидатын іске асыру арқылы ұлтына қарамастан барлық азаматтардың сот алдында теңдігі қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматының борышы Қазақстан халқын шоғырландырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру болып табылады.

Қорытындылай келе, демократиялық мемлекетте азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қол жетімді, ашық, түсінікті болуы керек, сондықтан ол бірыңғай мемлекеттік немесе ресми тілде жүргізілуі керек деп айтқым келеді.

Бұл қағида жалпы түрде Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген, ол Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылады

Осы конституциялық норманың мазмұнынан республикада сот ісін жүргізу тек мемлекеттік (қазақ) немесе орыс тілдерінде және тең дәрежеде жүргізілуі мүмкін екендігі шығады.

Ұлттық тіл қағидатының проблемасы азаматтық сот ісін жүргізудің барлық кезеңдерінде байқалады. Сондықтан, сәйкестіктің нақты кепілдігі, ең алдымен, азаматтардың саяси құқықтары, сот ісін жүргізудің заң шығару және құқық қолдану практикасы азаматтық сот ісін жүргізуде ұлттық тіл қағидатын іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Азаматтық сот ісін жүргізудегі ұлттық тіл қағидаты, негізінен, кез-келген ұлт азаматтарының конституциялық құқықтарын қорғаудың кепілі, демократиялық принциптер мен тараптардың теңдігі, азаматтардың теңдігі.


#### **Пайдаланған әдебиетте тізімі:**

1. 1995 жылдың 30 тамызындағы Қазақстан Республикасының Конституциясы, 2023 жылғы 01 қаңтар Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000/\\_history](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000/_history)

2. Қазақстан Республикасының Тіл туралы 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы (14.07.2022 өзгерістер мен толықтырулармен бірге). [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151/\\_history](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151/_history)

3. Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексі 2015 жылы 31 қазандағы №377. ҚР Кодексі (01.04.2023 жылғы енгізілген өзгерістер және толықтырулармен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377/history>

4. ҚР «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы (03.03.2023 жылғы енгізілген өзгерістер және толықтырулармен) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000261/\\_history](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000261/_history)



ӘОЖ 328.185

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫ

Арғынбай Инабат Мәдешқызы

Оқытушы Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты  
«Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы»

Асылқызы Диана

ҚҚ-23-3 топ студенті

**Аннотация.** Бұл мақалада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл құралдары жайлы ақпараттар қарастырылған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қоғамдағы ең өзекті және маңызды бағыттардың бірі. Себебі сыбайлас жемқорлық елдің экономикасын, халықаралық беделін төмендететін, дамуын тежейтін, халықтың заң мен әділдікке, билікке деген сенімін жоятын оның болашағына тікелей әсер ететіндіктен, оны жою еліміздің басты маңызды мәселесінің бірі.

**Кілтті сөздер:** Сыбайлас жемқорлық, қарсы іс-қимыл, құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, жемқорлықпен күрес, қарсы мәдениетті қалыптастыру, мониторингі.

**Аннотация.** В данной статье представлена информация о мерах по борьбе с коррупцией. Борьба с коррупцией является одним из наиболее актуальных и важных направлений в жизни общества. Поскольку коррупция оказывает прямое воздействие на экономику страны, международную репутацию, препятствует ее развитию, разрушает веру людей в закон и справедливость, оказывает прямое влияние на ее будущее, ее ликвидация является одной из важнейших проблем нашей страны.

**Ключевые слова:** Коррупция, меры противодействия, выявление и предупреждение нарушений, борьба с коррупцией, формирование контркультуры, мониторинг.

**Abstract.** This article provides information about anti-corruption measures. Action against corruption is one of the most relevant and important directions in society. Because corruption has a direct impact on the country's economy, international reputation, hinders its development, destroys people's faith in law and justice, and has a direct impact on its future, its elimination is one of the most important problems of our country.

**Key words:** Corruption, countermeasures, detection and prevention of violations, fight against corruption, formation of counter culture, monitoring.

Қазіргі таңда қоғамның ең қауіпті және жағымсыз құбылыстарының бірі-сыбайлас жемқорлық. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік экономикалық даму процесін, нарықтық экономика құрылысын, инвестиция тартуды тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер етеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді.

Қазақстан үшін сыбайлас жемқорлықты жеңу мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады. Сондықтан "Қазақстан-2050" стратегиясында қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты мемлекеттің басым бағыттарының бірі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аталды. Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңында "Сыбайлас жемқорлық - бұл мемлекеттік

функцияларды орындайтын адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды заңда көзделмеген қабылдауы не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, сол сияқты осы адамдарды жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы сатып алуы" , -деп белгіленген. Яғни пара арқылы лауазымды адам басқа тұлғадан өзі атқаратын лауазымына байланысты қандай да бір қызметтер көрсетілетін ақша немесе өзге де игіліктер алуы. Бұл ретте аталған ақша мен игіліктерді әрдайым пара алушы ала алмайды, көбінесе олар оған жақын адамдарға немесе жалған ұйымдарға берілуі мүмкін. Пара болуы мүмкін:

1. Заттар - ақша, оның ішінде валюта, банктік чектер және бағалы қағаздар, бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомашиналар, пәтерлер, саяжайлар және қала сыртындағы үйлер.

2. Тамақ өнімдері, тұрмыстық техника мен аспаптар, жер учаскелері және басқа да жылжымайтын мүлік.

3. Қызметтер мен пайда-емдеу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаториялық және туристік жолдамалар, шетелге сапар, ойын-сауық және басқа да шығындарды төлеу тегін немесе төмендетілген құны бойынша.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру сияқты міндеттерді шешу арқылы іске асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

- 1) Заңдылық.
- 2) Адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы болып табылады.
- 3) Жариялылық және ашықтық
- 4) Мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы
- 5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану қағидаттарына негізделеді
- 6) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану
- 7) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу болып табылады
- 8) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттарына негізделеді.

Біздің елімізде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін қатаң жаза қолданылатынын білу өте маңызды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құралдар екі негізгі бағытты қамтиды – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлықпен күрес.

Негізгі құралдарға мемлекеттік сатып алу мониторингі, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау, бағыныштылардың сыбайлас жемқорлық үшін басшылардың

жауапкершілігі, қоғамдық бақылау, НҚА сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру кіреді.

1. Мемлекеттік сатып алу - мемлекеттік аппараттың барлық сатыларын қамтитын сала. Әсіресе тәуекелдер бір көзден сатып алу кезінде пайда болады. Мемлекеттік сатып алу мониторингі ұқсас шарттардың техникалық ерекшеліктерін салыстыру, сондай-ақ бірдей тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бағасының негізділігін тексеру мақсатында жүргізіледі.

2018 жылы 20 маусымда «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң қабылданды. Заңның 1 бабы: Осы Заң тапсырыс берушінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды не жарғылық қызметін орындауына қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты қатынастарға қолданылады, оған мыналар:

- 1) жеке тұлғалардан еңбек шарттары бойынша сатып алынатын көрсетілетін қызметтер;
- 2) кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардан өтеулі қызметтер көрсету шарттары бойынша сатып алынатын көрсетілетін қызметтер;
- 3) іссапар шығыстарын жүзеге асыруға байланысты көрсетілетін қызметтер;
- 4) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес мемлекеттік тапсырма және оны орындау шеңберінде сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;
- 5) жарналар (салымдар) енгізу, оның ішінде заңды тұлғалардың жарғылық капиталына енгізу;

6) ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық басқарушы компаниялар, ұлттық компаниялар және олармен үлестес заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, оның ведомстволары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымына кіретін ұйымдар және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар сатып алатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;

7) мемлекеттік қорғаныс тапсырысының құрамына кіретін әскери және қосарлы мақсаттағы (қолданудағы) тауарлар (өнімдер), жұмыстар және көрсетілетін қызметтер, делінген. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларынан, «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Негізгі міндет - бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалуды болдырмау.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу мақсатында жүргізіледі. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, олардың туындауына ілеспе жағдайлар мен себептерді анықтау және азайту негіз қалаушы буын болып айқындалды.

Осыған байланысты, сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын болдырмау мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау (сыртқы және ішкі) сияқты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу институттары енгізілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 155 Жарлығымен Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу қағидалары бекітілді, олар арнаулы мемлекеттік органдарды қоспағанда, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметінде оны жүргізу тәртібін айқындайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;

3) мүдделер қақтығысын реттеу;

4) мемлекеттік қызметтер көрсету;

5) рұқсат беру функцияларын орындау;

6) бақылау-қадағалау функцияларын іске асыру;

7) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау объектісінің ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

3. Заңнамада Қазақстандағы бағыныштылардың сыбайлас жемқорлық үшін басшылардың жауапкершілігі туралы норма бар. Өйткені бірінші басшы мемлекеттік органда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты бақылайды. Бұл норма біздің заңнамада өте тиімді екенін атап өткім келеді. Бұл заң және оны ешкім бұзуға құқылы емес. Әсіресе, қазір әлеуметтік желілер арқылы қоғам мемлекеттік қызметшілердің іс-әрекеттерін бақылайтын коммуникацияның даму дәуірінде. Заң талабын тарқатып айтар болсақ, «Мемлекеттік қызмет туралы» заңның 60-бабында «саяси мемлекеттік қызметшілер тағайындалған күннен бастап үш ай өткен соң бағыныстылары сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған жағдайда отставкаға өтініш береді» деп жазылған. Ал әкімшілік қызметкерлер, яғни мемлекеттік органдардың бірінші басшылары, жергілікті атқарушы органдардың дербес құрылымдық бөлімшелерінің басшылары қол астындағы қызметкерлердің жемқорлығы үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

2021 жылғы дерек бойынша осы норма енгізілгелі бері елімізде 1 облыс әкімінің орынбасары отставкаға кетіп, 4 аудан әкімі мен облыстық бағыныстағы 2 қала әкімі қызметтерінен босатылған. Сондай-ақ түрлі деңгейдегі 10 әкім тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік секторлардың 57 бірінші басшысы жазаға тартылса, оның 13-і атқарып отырған қызметінен айырылған. Жемқорлыққа барғаны үшін қызметінен қуылып, қатаң жаза арқалағандардың 35-і әкімшілік мемлекеттік қызметкер болса, олардың қатарында 4 – әскери, 11 – құқық қорғау органдары, 7 – квазимемлекеттік сектор қызметкері бар.

Өзіне тікелей бағынысты қызметкері заңсыздыққа барып, іс сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде болғанда басшылары өз қалауымен жұмыс орнын босатқан жағдайлар да аз емес. Осы уақытқа дейін мұндай 9 жағдай тіркелген.

Тұжырымдамалық тұрғыдан алғанда, тікелей бағыныштылардың сыбайлас жемқорлығы үшін басшылардың отставкаға кетуі бүгінгі қоғамның талабына толық жауап береді. Дәл осы өзекті тақырып әлеуметтік желі мен БАҚ-та ең көп талқыланады. Бұл халықтың мемлекеттік қызметшілердің айналасындағы жемқорлық мәселесін жіті қадағалайтынын байқатады.

4. Нормативтік құқықтық актілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамасы НҚА мәтіндерінде сыбайлас жемқорлық факторларының туындауы үшін жағдай жасауға ықпал

ететін ережелерді анықтауға, олардың сыбайлас жемқорлық дәрежесін бағалауға, осындай факторларды жоюға бағытталған ұсынымдарды әзірлеуге бағытталған.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің мониторингі мемлекеттік қызметтердің уақтылы және сапалы көрсетілуін анықтау мақсатында жүргізіледі. Мұнда Мемлекеттік қызметтерді көрсетуге цифрландыруды енгізу үлкен рөл атқарады, өйткені бұл өтініш берушінің әкімдік қызметкерлерімен байланысын болдырмайды.

Қала әкімдігі және оның құрылымдық бөлімшелері ұсынатын барлық қызметтердің 98%-ы онлайн режимінде көрсетіледі. Мысалы, бұл қызметтер:

- азаматтарға тұрғын үй беру туралы есепке қою және кезекке қою бойынша. Өтініш берушінің көрсетілетін қызметті берушілермен тікелей байланысы толығымен жойылады. Қызмет көрсету рәсімдері, сондай-ақ Қызмет көрсету мерзімі 15 күнге дейін жеңілдетілді.

Процестердің ашықтығы өтініш берушінің Үкіметтің электрондық порталында өзінің өтінімінің мәртебесін қадағалай алуымен, есепке қою кезінде әрқашан портал арқылы кезектіліктің ілгерілеуін қадағалай алуымен қамтамасыз етіледі.

- жер учаскелеріне құқық беру. Өтініш берушінің әкімдіктің лауазымды адамдарымен байланысы толығымен жойылады. Қызмет көрсету рәсімдері, сондай-ақ Қызмет көрсету мерзімі 30 күнге дейін жеңілдетілді.

Процестердің ашықтығы өтініш берушінің ресімдеудің барлық кезеңдерінде өз өтінімінің мәртебесін дербес қадағалай алатындығымен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, жер учаскелерін беру туралы шешім жер комиссиясының отырысында алқалы түрде қабылданатынын атап өткім келеді.

Осылайша, көрсетілетін қызметті алушымен байланысты төмендете отырып, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық тәуекелдері азаяды. Бұл артықшылықты, жеке мүдделерді, туыстық байланыстарды қоспағанда, мемлекеттік қызметтер көрсетудегі ашықтықты айтарлықтай арттырады.

5. Біздің елімізде азаматтық қоғамды дамыту, ең алдымен, қоғамдық бақылау функциясын кеңейту арқылы жүзеге асырылуы керек. Қоғамдық бақылауды сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары ретінде пайдалану қажет. Белсенді азаматтық ұстанымды көрсету, республикамыздың Заңдарын мүлтіксіз сақтау басты мақсатқа жетуге көмектеседі яғни қоғамдағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жою. Егер сіз сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың куәгері болсаңыз, бұл туралы Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне арнайы қызметке хабарлаңыз. Сіздің хабарламаңыз қабылданады, содан кейін қызметкерлер тиісті шараларды қабылдауға міндетті, өйткені заңда мемлекетке сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте көмектесетін барлық азаматтарды қорғау көзделген.

Қортындылай айтарым қазіргі таңда мемлекет сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл құралдарын барынша дамытып қолдануда. Алайда сыбайлас жемқорлықты түбегейлі жою үшін тек мемлекет тарапынан қолданылатын құралдар аздық етеді. Оны түбегейлі жою үшін әр азамат сыбайлас жемқорлықтың зардабын түсініп оған қарсы көзқарасты қалыптастыру керек. Егер әр азамат елдің ертенің ойлап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қолдайтын болса, еліміз көркейіп, ең дамыған елдердің алдыңғы қатарында болатыны анық.

#### **Пайданылған әдебиеттер тізімі :**

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы Қазақстан Республикасының Заңы (2015 жылғы 18 қараша)

2. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2018 жылы 20 маусым)
3. Қазақстан-2050" стратегиясы. (2012жыл)
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 155 Жарлығы



ӘОЖ 334.722.8

## АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Иманбаев Қуат Сарыбайұлы**  
**з.ғ.к., «Мемлекеттік-құқықтық пәндер» кафедрасы**  
**Арғынбай Инабат Мәдешқызы**  
**з.ғ.магистрі., Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық**  
**институты**

**Түйіндеме.**Мақалада Қазақстан Республикасындағы азаматтық деңгейдегі акционерлік қоғамдар қызметінің ерекшеліктері сипатталған.

**АННОТАЦИЯ.**В статье описаны особенности деятельности акционерных обществ на гражданском уровне в Республике Казахстан.

**SUMMARY.**This article describes the features of activity of joint-stock companies on the civil level in the Republic of Kazakhstan.

Нарықтық экономика жағдайында Қазақстан Республикасының саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани өмірінде күрделі өзгерістер орын алуда. Еліміз қазіргі кезеңде нарықтық қатынастардың қажеттіліктерін, мүдделерін үйлестіретін экономикалық базаны қалыптастыру үстінде. Бұл бағытта еліміз нақты қадамдар жасауға талпынуда. Қазақстанның қазіргі алдына қойып отырған басты мақсаты – экономикалық тұрғыда тұрақты дами отыра, дамыған отыз елдің қатарына ілігу болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті өзінің соңғы Халыққа жолдауында: “Үкімет шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілеттігін ынталандыру жөніндегі дәйекті жұмысты жалғастыруға тиіс” деп нақты қадап айтқан болатын.

Кейбір ведомстволар заңнаманы бұза отырып, түрлі сылтаулармен акционерлік қоғамдарды бірнеше рет “тексеруге” мүмкіндіктер іздейді. Бұл бизнесті өз ісінен едәуір алаңдатады. Бұл мен жүргізіп отырған саясатқа қайшы келеді. Құқық қорғау және басқа да тексеруші органдардың тексерулерінің санын едәуір қысқартып, ретке келтіру керек” [1], - деп мемлекеттің дамуы, жеке бизнес пен мемлекеттік органдардың арасындағы үйлесімді қызметте екендігіне баса назар аударған болатын.

Қазақстан Республикасындағы акционерлік қоғам саласындағы заңнамада осы бағыттар аясында дамуы қажет. Сондықтан экономиканың одан әрі дамуы нарыққа қатысушылар қызметін осыған барабар мемлекеттік реттеу арқылы, бірақ олардың акционерлік қоғам қызмет еркіндігіне деген азаматтық құқығын сақтау және теріс пиғылды бәсекеге жол бермеу жағдайында жүзеге асырылуы тиіс. Және де бірінші кезекте шағын және орта бизнесте, сол



секілді аграрлық секторда жұмыс істейтін тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдауға бағытталуы тиіс” [2]

Ал біздегі акционерлік қоғам аясындағы заңдарды қалыптастыруына көз салатын болсақ, онда бұл бағытта концептуальды айқындалған тұғырнаманың жоқ екендігін көреміз. Акционерлік қоғам саласында заңдық базаны қалыптастыру ісінде, оның азаматтық құқықтық негіздерін айқындап алуымыз қажет. Ол бізге бұл бағыттағы заңнаманы жүйелі және түпкілікті орнықтыруға мүмкіндік береді. Акционерлік қоғам саласындағы заңнаманы қалыптастыруда еліміздің мүддесі, акционерлік қоғамдардың азаматтық мәртебесін айқындай отыра, әлемдік озық үлгідегі тәжірибені орайлы қолдана отыра, жүзеге асырғанымыз өте тиімді болып табылар еді.

Қазақстан Республикасында Акционерлік қоғамның түрлеріне байланысты екі үлгісі бар, яғни ол акционерлік қоғам ашық және жабық түрде кездеседі. Қоғам өз үлгісін акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша және заң талаптарын сақтай отырып өзгерте алады. Мысалы, егер жабық қоғам акционерлерінің саны 100-ден асса, ол қоғамның үлгісін ашық етіп өзгертуі туралы шешім қабылдау үшін келесі үш айдың ішінде акционерлердің жалпы жиналысын еткізуге міндетті. Қоғамның фирмалық атауы болады, онда қоғамның атауы сондай-ақ қоғамның үлгісіне қарай «Ашық акционерлік қоғам» немесе «Жабық акционерлік қоғам» деген сөздер, немесе тиісінше «ААҚ» және «ЖАҚ» аббревиатурасы болуға тиіс. Қоғам осындай фирмалық атаумен мемлекеттік тіркеуден өтеді. [3]

Акциялары тек өз құрылтайшылары немесе алдын-ала белгіленген өзге адамдар тобы арасында орналастырылған Акционерлік қоғам жабық акционерлік қоғам болып табылады. Жабық қоғамның өзі шығаратын акцияларға ашық түрде жазылу жүргізуге не оларды сатып алуға өзгеше түрде адамдардың шектеусіз тобына ұсынуға құқығы жоқ. Жабық қоғам құрылтайшылардың саны 100-ден аспауы тиіс. Қоғамның акционерлерінің осы қоғамның басқа акционерлері сататын акцияларды сатып алуына басым құқығы бар. Жабық Акционерлік қоғамның жарғысында өзінің әрекетімен немесе әрекетсіздігімен қоғамның мүдделерін едәуір бұзушы құрылтайшыларды сот тәртібімен акционер қатарынан шығару мүмкіндігі көзделуі мүмкін. Аластатылған акционердің акциялары қоғамның таза активтері құнының ол шығарған акционерлердің жалпы санына қатысты есебінен сот белгілеген баға бойынша қоғам сатып алуға тиіс.

Акционерлік қоғам еркіндігін азаматтық-құқықтық құрылыстың бір элементі ретінде негіздеу, сонымен қатар, оның адам құқықтары мен бостандықтары жүйесіндегі алатын орнын айқындау, Акционерлік қоғам еркіндігінің азаматтық табиғатын тану, оның басқа құқық салаларындағы өрбуін және реттелу ерекшелігін айқындауға мүмкіндік берер еді. Акционерлік қоғам еркіндігінің азаматтық құқықтық категория ретіндегі сипатын беру, бұл бағыттағы заңнаманың сәтті дамуының тұғырлы мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасында акционерлік қоғам қызмет ерекшелігінің азаматтық деңгейде тәртіптеу бірнеше кезеңді қамтыған болатын. Жалпы елімізде акционерлік қоғам ұғымы 1990 жылы 11 желтоқсанда қабылданған “Қазақ КСР-да шаруашылық қызмет еркіндігі және акционерлік қоғамды дамыту туралы Заңында” көрініс тапқан болатын. Қазақстан Республикасының 1992 жылы 4 шілдеде қабылданған “Акционерлік қоғамды қорғау және қолдау туралы Заңында” акционерлік қоғамды қорғаудың негіздері және тәртібі белгіленіп акционерлік қоғам аясындағы қатынастарды заңсыз бұзғаны үшін қолданылатын жауапкершілік түрлері белгіленді. Әрине, бұл заңдар елімізде Акционерлік қоғамды

дамытуға елеулі үлес қосқанмен, акционерлік қоғам қызметін адам құқығы мен бостандығының ажырамас көріністерінің бірі ретінде жоғары деңгейде көтере алмады. Соған қарамастан елімізде акционерлік қоғам қызметінің азаматтық деңгейде танылуында маңызды рөл атқарғандығын жоққа шығара алмаймыз.

Сонымен қатар, шетел азаматтары мен заңды ұйымдардың, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдардың Акционерлік қоғам қызметімен айналысуға байланысты, мемлекет қорғауында болатындығы айтылды. Әрине, шетел азаматтары мен акционерлік қоғам қызметінің еліміздің қорғауында болуы шетелдік компаниялардың Қазақстан өндірісіне дендеп енуіне жол ашуымен қатар, көптеген салықтық жеңілдіктер жасалды. Бұл, Қазақстанда акционерлік қоғамның дамуына белгілі дәрежеде кері әсер етті. Елімізде қордаланған капиталдың басқа елдің үлесінде кетіп, өз кәсіпкерлеріміздің құқықтық жағынан теңсіздікке ұшырауына, шетелдік компанияда жұмыс істейтін Қазақстан азаматтарының әлеуметтік тұрғыда тиісті деңгейде қорғалмауына жол ашқан болатын.

Акционерлік қоғам қызметті азаматтық принциптер мен еркіндіктерге сай азаматтық құқықтық қатынастар саласында рететудің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық Кодексі еді. Шын мәнінде, азаматтық кодекс нарықтық қатынастарды құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етуде басты роль атқарды. Акционерлік қоғам қызметін жүзеге асыруының әдістерін және оның нысандарын белгілеген негізгі заңның бірі болып табылады. [4]

Акционерлік қоғам қызметінің азаматтық нормаларға сай құқықтық кеңістігін қалыптастыруда елеулі орын алған келесі құжат 2006 жылғы 31 қаңтарда қабылданған “Акционерлік қоғам туралы” заң болып табылады. Бұл заң жеке және мемлекеттік емес акционерлік қоғам жүзеге асыруына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді. Қазақстан республикасындағы акционерлік қоғам еркіндігін қамтамасыз ететін негізгі құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар мен кепілдіктерді айқындайды.

Қазақстан Республикасында акционерлік қоғам қызметтің құқықтық кеңістігі азаматтық құқықтың нормаларынан өрбитін заңнамадан және заңға негізделген актілерден тұратын күрделі жүйе. Акционерлік қоғам қызмет мемлекеттің экономикалық дамуының негізгі ауқымын қамтитын болғандықтан, бұл қызметтің де азаматтық-құқықтық негіздерден бастау алатын құқықтық аясы әркез жаңарып, түлеп отырады. [5]


Акционерлік қоғам қызмет еркіндігін жүзеге асырушы субъектілердің міндеттері мен қатар жауапкершілігі ажырағысыз бірге жүреді. Жалпы акционерлік қоғам аясындағы жауапкершілік көп жағдайда өздеріне жүктелген міндеттерді орындамаудан немесе тиісінше талапқа сәйкес орындамаудан туындап жатады. Акционерлік қоғам қатынастарының субъектілері көп жағдайда, өздерінің борыштарына байланысты жауап береді. Акционерлік қоғам қызметін жүзеге асырушы субъектілердің жауапкершілігі азаматтық құқықтық заңдарда немесе акционерлік қоғам қатынастарды реттейтін арнайы заңдарда тәртіптеліп жатады. Еліміздің азаматтық құқықтан тікелей акционерлік қоғамға байланысты жауапкершілік белгіленбесе, оны біз жалпы адам және азаматтың міндеттерінен басқа да жауапкершіліктің негіздерін белгілейтін талаптардан көреміз. Сондықтан да, акционерлік қоғам қызмет еркіндігінің субъектілерінің азаматтық құқықтық жауапкершілігі, жалпы азаматтық құрылыстың меншік қатынастарының т.б. заңдылық тәртібіне қарсы әрекеттерді бұзуда қолданылатын шаралардың жиынтығы деп қабылдағанмыз жөн.

Акционерлік қоғам қызмет еркіндігі адам құқықтары мен бостандықтары қатарынан орын алған азаматтық құқықтық норма болғандықтан, оны жүзеге асыру мемлекет тарапынан арнайы органның қалыптасуын талап етеді.

Бүгінгі күні акционерлік қоғам қызметін тексеруші мемлекеттік органдардың қатары өте үлкен. Осындай тексерулерді мемлекетте арнайы заң қабылданып тексеруді тек қызметіне күмән тудыратын акционерлік қоғамдарғана. Бірақта акционерлік қоғам қызметімен айналысу құқығын пайдалануға ниет еткен тұлға нақты жүзеге асыру мүмкіндігі өте аз. Себебі жоғарыда аталған мемлекеттік органдардың тарапынан мақұлдауын алу өте қиынға соғады. Тіпті ол өзінің қызметін ашқанымен де осы органдар кез келген уақытта қызметіне шек қоюға құқығы бар. Былайша айтқанда, адамның азаматтық құқығы жүзеге аспай отыр. Сондықтан, тексеруші органдардың қатарын азайтып, олардың құзыретін анықтайтын құжаттарға өзгерістер енгізу керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Юрист, 2008. – 32 б.
2. Битеміров Қ.Т. ҚР Акционерлік қоғам қызметінің даму жолдары және құқықтық негіздері. – Алматы, 1998. – 135 б.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқықтан сы. Алматы: Юрист, 2004. – 36 б.
4. Қазақстан Республикасында шағын және орта Акционерлік қоғамды дамыту жөніндегі жеделдетілген шаралардың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы: // Қазақстан Республикасындағы Акционерлік қоғам: Нормативтік актілер жиынтығы. – Алматы: Юрист, 2006. – 35-78 бб.
5. Азаматтар мен заңды тұлғалардың Акционерлік қоғам қызмет еркіндігіне құқықын қорғау туралы Қазақстан Республикасының Президентінің 1998 жылғы 28 сәуірдегі Жарлығы // Қазақстан Республикасындағы Акционерлік қоғам нормативтік актілер жиынтығы. – Алматы: Юрист, 2006. – 3-4 бб.



**ӘОЖ 34.07:351**

### **ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ**

**Курманалиева Нургуль Сайлаубековна**  
заң ғылымдарының магистрі

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**  
«Мемлекеттік-құқықтық пәндер» кафедрасы

**Жұманова Ақмарал Сериковна**  
құқық магистрі

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**  
«Мемлекеттік-құқықтық пәндер» кафедрасы

**Аңдатпа.** Құқық қорғау органы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін, өз құзыретіне сәйкес қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын, заңдылықты қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті қолдау, құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу, тергеу, қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін атқару жөнінде арнаулы өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган

**Кілтті сөздер:** құқық, адам құқығы, бостандық, Құқық қорғау органдары, жауапкершілік, Конституция, мемлекет.

**Аннотация.** Правоохранительный орган – орган, обеспечивающий соблюдение и защиту прав и свобод человека и гражданина, законных интересов физических и юридических лиц, государства, реализующий в соответствии со своей компетенцией политику государства по противодействию преступности и иным правонарушениям, обеспечивающий законность и поддержание общественного порядка, выявление, предупреждение, пресечение правонарушений государственный орган, наделенный специальными полномочиями по исполнению судебных решений по следственным, следственным, уголовным делам.

**Ключевые слова:** право, права человека, свобода, правоохранительные органы, ответственность, Конституция, государство.

**Annotation.** A law enforcement body is a state body that ensures the observance and protection of the rights and freedoms of Man and citizen, individuals and legal entities, legitimate interests of the state, implements the state policy on countering crime and other offenses in accordance with its competence, is endowed with special powers to ensure the rule of law and maintain public order, identify, prevent, suppress, investigate offenses, execute court decisions in criminal cases.

**Keywords:** law, human rights, freedom, law enforcement agencies, responsibility, constitution, state

Құқық қорғау органдары қарапайым сөзбен айтқанда басқа заңдық пәндерді оқу алдындағы кіріспе болып табылады және олармен үздіксіз байланыста болады. Құқық қорғау және қолдану қызыметін жүзеге асыратын соттың, прокуратура, адвокатура және өзге органдар жұмысы туралы хабардар болмай тұрып өзге заңдық пәндерді ұғыну сондай ақ қылмыстық іс жүргізудің азаматтық іс жүргізудің қылмыстық атқарудың қаржылық және басқада құқық салаларына мәні мен мазмұнын ұғыну қиынға түседі. Құқық қорғау органдарын қалыптастырудағы ұйымдастырудағы және оның қызыметіндегі ерекшеліктері. Бұл органдардың қызыметі құқықтық нормативтік актілермен регламенттелген. Сот билігі ұғымын ашуға республика соттары қызыметі негізін құраған принциптер мен осы орындаудың басты формасы тек сот жүзеге асыратын әділ сотқа басты назар аударылған. Соттөрелігін алқабилерді қатыстырып жүргізуге байланысты 2007 жылы 1 қаңтарда алқабилерді сайлау тәртібі олардың құқықтары мен міндеттері қарастырылған нормативтік құқықтық заң актісі жарияланды. Соттық қолжазбатану бұл адамның жазбасына тән заңдылықтарды зерттейтін және азаматтық қылмыстық істің немесе әкімшілік өндірістің мән жайларын анықтап алу мақсатында сол заңдылықтардың негізінде жазба үлгілерін жинау бойынша ұсыныстардың жазба материалдарын зерттеу пайдалану бойынша негізделген әдістерді дайындайтын криминалистік техника саласы сот қолжазбатанудың объектілері қолмен жазылған жазулар қолтанбалар және міндетті түрде адам қолымен жасалған символдар белгілер соттық қолжазбатанудың мәні жазба негізіне салынған икемнің қалыптасу даму атқарымдық өзгеру заңдылықтарын зерттеу жазбаны сарапшылық зерттеудің заңдылықтарын анықталған заңдылықтар негізінде тергеушілерге прокурорларға судьяларға, адвокаттарға, сот қолжазбатану сараптамасын тағайындау үшін материалдарды дайындау бойынша ұсыныстар жасау болып табылады. Сонымен қатыр құжаттарды

криминалистік зерттеудің міндеттері құжаттардың олардың бөлшектердін дайындау әдістерін анықтау жалған құжаттарды қолдан жасау әдістерін анықтау белгілі бір себептерге байланысты оқылуы мүмкін емес құжаттын бастапқы мәтінің анықтау оларды қалдыру әдістерін анықтау құжаттарды материалдарын зерттеу құжаттын немесе оның жекеленген бөлшектерді абсолюттық және салыстырмалы ескілігін анықтау болып табылады .

Құжаттар сараптамалық зерттеудің көп кездесетін объектілерінің бірі болып табылады. Алайда техника криминалистік сараптама өндірісінің тәжірбиесі қазіргі таңда оларды жүргізуде бір қатар кемшіліктердін бар екендігін көрсетіп отыр көптеген сұрақтар шешімсіз ал қорытындылары жеткілікті дәрежеде негізделмеген болып отыр .

Материалдар құжаттардың техника криминалистік сараптамасы саласындағы сарапшылардың алдында тұрған негізгі міндеттердін шеңберін қамтиды .

Құқық қауым мүшелерінің ортақ құндылықтар мен стандарттарға көзқарасын біріктіретін аса маңызды құндылық. Ол бір жағынан қауым мүшелері белгілі бір құқықтар беріп , міндеттер жіктеу арқылы өзара келісімге келіп құқықтық келісімге келіп құқықтық қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік туғызады. Екінші жағынан сол нормаларды бұзғаны үшін мәжбүрлеу шараларымен жазалаумен көздейді. Құқық қоғамдағы мінез-құлықтар реттейді және қоғамның идеялары мен мақсаттарын бейнелейтін нормалар жиынтығы.

Қазақстанның өзінің құқықтық, демократиялық мемлекеттер қатарына жатқызатындығы , адамды , оның өмірін , құқықтары мен бостандығын аса жоғары құндылық деп санайтындығы, демократиялық принциптер мен жалпы адамзат құндылықтарын мойындайтындығы біздің еліміздің Ата заңында жарияланған. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін халықаралық-құқықтық актілердің негізгі ережелері мен адам құқығын қорғаудың көпшілік мойындаған құқықтық стандарттары ұлттық заңнамада едәуір орын алады. Мысалы, 1995 жылғы Конституция адам және адамзат құқығы мен бостандығына өзінше тарау арнаған. Адам құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету мақсатында адамзаттардың құқықтарына , бостандығы мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді, оларды қолданудың міндетті шарты ретінде ресми жариялау туралы конституциялық норма қабылданды. Сонымен қатар, бұл норманы бақылаудың тетігі ретінде оны тіркеу қарастырылды.

Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап адам құқығының Жалпыға бірдей Декларациясында 1948ж баяндалған талаптарды мойындады. Сонымен қатар, республика бірқатар халықаралық конвенцияларды , олардың ішінде Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт пен Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пакт 1966ж сияқты көпшілік мойындаған актілерді бекітті.

Адам құқығы мен бостандығын аса жоғары құндылық деп жариялау, ал адамның және адамзаттың құқықтары мен бостандығын сақтауды және қорғауды мемлекеттің **міндеті** деп тану Республика Конституциясының аса маңызды құқықтық ережелері болып табылады.

Бұл барлық заң шығарушы, атқарушы және сот органдарының, сонымен қатар оларға жатпайтын басқа органдардың да елдегі заңдылық пен құқық тәртібін сақтау үшін жан-жақты шара қолдануға, құқықтық қорғалуына күш салуға тиіс екендігін білдіреді, яғни мемлекеттік органдардың басым көпшілігі құқық қорғау қызметіне атсалысады. Және де , азаматтарды заңсыздық әрқашан қорғау үшін, құқық бұзушылықтық айқындау , тыю және оның алдын алу , құқық бұзушыларға әртүрлі санкциялар қолдану үшін мемлекет арнаулы органдар құрады , олар негізінен құқық қорғау қызметімен айналысады.

Құқық қорғау қызметі мемлекеттік қызметтің бір түрі ретінде құқықты қорғауға демократиялық қоғамда заңдылық режимін қамтамасыз етуге міндетті құқық заңдардың көмегімен бостандық шегін белгілейді, қоғамдық өмірді туралаудың негізгі мәселелері бойынша мемлекеттің ырықын білдіреді. Құқық жалпыға бірдей және құқықтық қатынастарға қатысушыларды барлығын қамтитындықтан, заңдылық барлық құқықтық жүйенің қалыпты жұмыс істеуінің қажетті шарты болып табылады.

Осы айтылғандарды ескерсек заңдылықты түгел заң нормаларын бәрнен бұрын заңдарда барлық құқықтық актілерде көрсетілген нормаларды азаматтардың олардың бірлестіктерінің зауазымды адамдардың мемлекеттік органдарда бұлжытпай сақтауы және орындауы деп ұғынуы керек мызғымастай құқықтық тәртіп заңдылық режимінің ойдағыдай жүзеге асырылғандығының нәтижесі болып табылады.

Құқық қорғау органдарының санының бұл оқу құралында әр түрлі авторлар 5тен 16 ға дейінгі аралықта береді. Құқық қорғау органдары сот органдары, прокуратура, қауіпсіздік органдары, ішкі істер органдары, есірткі айналымын бақылау органдарын кеден органдары және әділет органдары жатқызылған. Бұл аталған 7 құқық қорғау органдарының әрқайсысы оның өз ара байланыстылығы элементтерінің жиынтығын құрайды.

Құқық қорғау органдары барлық мемлекетте жіті дамып қамтамасыз етілген, олар ел тыныштығы мен мемлекеттің ішкі және сонмен қатар сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Елімізде болған түрлі дүрбелен кезендерде және қаңтар оқиғасы уақытында сонмен қатар шекаралас мемлекеттер арасында болған оқиғаларда өз бастарын қатерге тігіп жұмыстарына адал қызмет атқарған құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің еңбегі зор. Елдеріне қызметтеріне адал, үлкен жауапкершілікті сезінген қызметкерлердің әрбірінің елеулі еңбектері ел есінен кетпейді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. ҚР-ң Конституциясы 1995 ж. 30 тамыз
2. ҚР Қылмыстық процесілік кодексі 04.07.2014 ж.
3. ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі 31.10.2015 ж.
4. ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексі 05.07.2014 ж.
5. «ҚР Заңы Ішкі істер органдары туралы» 23.04.2014 ж
6. «ҚР ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» ҚР Президентінің заң күші бар Жарлығы 21.12.1995ж
7. «Прокуратура туралы» ҚР заңы 30.06.2017 ж
8. «ҚР кедендік реттеу туралы ҚР Кодексі. 26.12.2017 ж.
9. «Жедел іздестіру қызметі туралы» ҚР заңы. 15.09.1994 ж.
10. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 қазандағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі туралы Ереже
11. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» ҚР заңы 05.07.2018ж
12. «Нотариат туралы» ҚР заңы 14.07.1997 ж.
13. «Әділет органдары туралы» ҚР заңы 18.03.2002 ж.
14. Градовский, А. Д. Начала русского государственного права. Том 2. Органы управления / А. Д. Градовский ; под редакцией В. А. Томсинов. — Москва : Зерцало, 2016. — 542 с. — ISBN 978-5-94373-356-7. — Текст : электронный // Электронно-библиотечная система IPR BOOKS : [сайт]. — URL: <https://www.iprbookshop.ru/49189.html>
15. Денисова, Е. И. Правоохранительные органы : практикум / Е. И. Денисова ; под редакцией Л. А. Терехова. — Омск : Омский государственный университет им. Ф.М.

Достоевского, 2016. — 208 с. — ISBN 978-5-7779-1973-1. — Текст : электронный // Электронно-библиотечная система IPR BOOKS : [сайт]. — URL: <https://www.iprbookshop.ru/59642.html>

16. Быкова, А. Г. Органы законодательной и исполнительной власти : учебное пособие / А. Г. Быкова, А. В. Быков, А. В. Дорофеев ; под редакцией А. Г. Быкова. — Омск : Омская юридическая академия, 2017. — 515 с. — ISBN 978-5-98065-143-5. — Текст : электронный // Электронно-библиотечная система IPR BOOKS : [сайт]. — URL: <https://www.iprbookshop.ru/66819.html>

17. Сыдорук, И. И. Правоохранительные органы : учебник для студентов вузов, обучающихся по специальности «Юриспруденция» / И. И. Сыдорук, А. В. Ендольцева, Р. С. Тамаев. — 8-е изд. — Москва : ЮНИТИ-ДАНА, 2017. — 471 с. — ISBN 978-5-238-02258-1. — Текст : электронный // Электронно-библиотечная система IPR BOOKS : [сайт]. — URL: <https://www.iprbookshop.ru/71042.html>



ӘОЖ 328.185

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС.

Курманалиева Нургуль Сайлаубековна

з.ғ.магистрі.,

Тасыбаева Мадина

з.ғ.магистрі., «Мемлекеттік-құқықтық пәндер» кафедрасының оқушысы

**Аңдатпа.** Бұл мақалада сыбайлас жемқорлықпен күресу және алдын алу шаралары баяндалады.

**Кілтті сөздер.** Жемқорлық, заң, мемлекет, экономика, тұлға.

**Аннотация.** В данной статье описаны меры по борьбе и предупреждению коррупции.

**Ключевые слова.** Коррупция, право, государство, экономика, личность.

**Abstract.** This article describes measures to combat and prevent corruption.

**Key words.** Corruption, law, state, economy, personality.

Сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген мемлекетінде оның дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде жалғасып келеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін төмендетеді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына зиянын тигізеді, мемлекеттің дамуына үлкен қауіп төндіреді. Еліміздің мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын қалыптастыру мақсатында оқу орнында тұрақты түрде «Таза сессия» штабы жұмыс жасайды. Штаб қызметінің негізгі мақсаты жастармен кездесулер ұйымдастыру және оларға жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сыбайлас жемқорлық туралы ұғымды түсіндіру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша шараларды жетілдіру, студенттер арасында заңдылық пен жемқорлыққа қарсы тәртіп орнату, сыбайлас жемқорлық құбылыстарына қарсы әрекет ете білуге үйрету.

Студенттердің алған білімдері оларды өмірде туындаған кез келген жемқорлық атаулымен кездестірмейтіндігіне сенеміз.

Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы!

Елдің болашағы – жастардың қолында!

Соңғы кезде мемлекетімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін белгілі бір заңнамалық база құрылды. Халықаралық стандарттарға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында нормативтік құқықтық база жиырмадан астам заң арқылы толықтырылды.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңында сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген: бұл – «...жеке түрде немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктерді заңсыз алу және мемлекеттік қызмет атқарушы тұлғалардың, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалардың өз лауазымдық өкілеттіктері мен өкілеттеріне қатысты мүмкіндіктерін мүліктік пайда табу үшін жеке басына пайдалануы, сондай-ақ аталмыш тұлғаларға жеке және заңды тұлғалардың көрсетілген игіліктер мен жеңілдіктерді құқыққа қайшы түрде пара ұсыну жолымен сатып алуы».

Дүние жүзіндегі ең үлкен ұйым болып табылатын БҰҰ-ның құжаттарында қолданылатын жемқорлық терминінің анықтамасы мынадай деп берілген: сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану.

Қарапайым тілмен айтқанда, сыбайлас жемқорлық – бұл өкілеттілігін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу немесе беру болып табылады.

Бұл лауазымды тұлғаның екінші тұлғадан лауазымына қатысты көрсететін қандай да бір қызмет түріне берілетін ақша немесе өзге игіліктерді алуы. Бұл жағдайда көрсетілген ақша мен игіліктерді әрдайым парақордың тек жеке өзі алмайды, оларды көбіне оның туыстарына немесе жасанды жалған ұйымдарға ұсынады. Пара деп саналатын нәрселер:

Заттар – ақша, валюта, банк түбіртектері мен құнды қағаздар, бағалы металдар мен асыл тастардан, автокөліктер, пәтерлер, саяжайлар мен қала сыртындағы үйлер, азық-түліктер, тұрмыстық техника мен аспаптар, өзге тауарлар, жер учаскелері және өзге жылжымайтын мүлік.

Қызмет түрлері және олжа – емделу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторлық және туристік жолдамалар, шетелдік саяхат, ойын-сауықтар мен басқа шығындарды өтеусіз және төмен бағамен төлеу.

Азаматтардың көбі пара беру мен сыбайластықты қандай жағдайда да өздері үшін пайдалы немесе зиянсыз құбылыс ретінде қарастырады:

- «Мұның несі жаман? Көбірек төледім, есесіне техникалық байқаудан мүлде қиындықсыз өттім, онымен бірге уақытты да үнемдедім».

-«Дипломды сатып алдым да, баламды беделді жұмысқа тұрғыздым. Бұдан кімге жаман болды?»

Ақыр соңында бұл тек бәрі үшін «жаман» ғана емес, сондай-ақ әрбір адам үшін қауіпті. Өйткені заң әділ болмаса, ол кез келген адамды бұзуы мүмкін және уайымға түсіріп, жат етуі мүмкін.

Жете түсінуге тырысайық. Бәріміз де түрлі салық төлейміз. Бірақ табыстың бір бөлігін мемлекетке бере отырып, біз оның әлеуметтік қызметті жүзеге асыруын қамтамасыз етеміз: тегін білім алу, денсаулық сақтау, инфрақұрылымды құру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Егер мемлекеттік қаражатты сыбайлас жемқорлық әдісімен бөлсе, не болар еді?

Мысалы: Мемлекет белгілі бір заңды тұлғамен Мектеп салу немесе оны жөндеуден өткізуге келісімшарт жасасады. Шарт жасасу барысында жеке мемлекеттік қызметкер шартты онымен «сенімдік қарым-қатынасқа» түскен фирма өкілдеріне ұсыну үшін олардан пара алады. Бірақ та бірде бір фирма параға кеткен шығындар есебінен өзіне зиян келтіретін жұмыс жасамайды. Сондықтан «рұқсат» алған мұндай фирма жұмыстың және қолданатын материалдардың сапасын төмендетеді, оған қоса олардың құнын көтеріп тастайды. Нәтижесінде тек қоғам зардап шегеді.



Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тек зиянын тигізіп қоймай, сонымен бірге жақсылыққа жеткізбейтінін естен шығармауымыз керек! Өйткені сыбайлас жемқорлық әлемінде параны көбірек беруші ғана жеңіске жетеді. Бір қорқыныштысы - сыбайлас жемқорлықпен айналысу сол тұлға мен оның жақындарының сана-сезіміне кері әсерін тигізіп, дүниетанымдарын бұзады.

Жемқорлықпен күресудің өзектілігі бірнеше жағдайларға негізделген:

- сыбайлас жемқорлық азаматтардың конституциялық құқықтары мен еркіндіктерінің бұзылуына әсер етеді;
- сыбайлас жемқорлық қылмыстың субъектілері әдетте жоғары қоғамдық жағдайда болады;
- әбден жетілдірілген зияткерлік тәсілдермен айналысу; бұл құбылыс әртүрлі жағдайларға үздіксіз өзгере және жетілдіріле отырып бейімделеді;
- осы іс-әрекет келтіретін үлкен материалдық және моральдық шығын;
- ерекше беймәлімсіздік – бұл құбылыс туралы толық деректің немесе көрнекі дәлелдің жоқтығы, қылмыстық сотқа тартылатын кінәлі тұлғалардың аздығы және олардың тек бірен-саранына ғана шынайы қылмыстық жаза қолданылуы;
- сыбайлас жемқорлық тек жасырын сипатта ғана емес, сонымен қоса ұйымдасқан түрде жасалады, қағида бойынша ол өз артынан шағым тудырмайды, өйткені кінәлі тараптар заңсыз жасалған мәміледен өзара тиімді пайдаға жетеді;
- сыбайлас жемқорлық әрекеттер әдетте кәсіби емес адамның тексеріп қарауына қиын келетін күрделі өзіндік және құпия мемлекеттік қызмет түрлерінде жасалады;
- сыбайлас жемқорлық мемлекеттік аппаратқа деген шынайы сенімді жояды, оның абыройын түсіреді;
- аталмыш құбылыс өкімет құрылымдарында тез таралады;
- шындығында, заңмен қорғалатын барлық қоғамдық қатынастар сыбайласқан лауазымды тұлғалардың қылмыстық әрекеттерінің объектісі бола алады.

Жоғарыда көрсетілген жағажайлар жеткілікті болып табылмайды, бірақ соның өзі де дәл қазіргі уақытта аталмыш құбылыспен күресу бойынша теориялық ережелерді даярлауда, сондай-ақ күнделікті әрі тәжірибелік жұмыстар жүргізуде өткір қажеттілікті талап ету уақытының келгендігін куәландырады. Барак қандай да бір құбылысқа қарсы тұруға шақырмас бұрын, сол құбылысты анық және нақты түрде анықтау қажет және ол жамандықтың шығу себептері мен механизмін талдап қарастыру қажет.

Қазір әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдірілу үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жолы жоқ. Әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу әдістері өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болады.

Елімізде экономиканы жандандыру және ауқымды әлеуметтік түрлендіру жағдайында мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған заманауи әлеуметтік-экономикалық саясатымен тығыз байланысқан бүтіндей стратегияның қажеттілігіне көзіміз жетті.

Жемқорлыққа байланысты ақпарат беру және оны қоғамға насихаттау басты жоспарға алынбақ. Тақырып бойынша дәрістер, баяндама оқу күн тәртібіне енгізілмек. Осыған орай Қазақстан Республикасының Заңнамасында көрсетілгендей біз сыбайлас жемқорлықтың күресуге және оның мүлдем қоғамымызда туындамауына қажет, тиісті деңгейде жұмыс атқарылуын қадағалауымыз қажет.

Жемқорлықпен күрес мыналардың негізінде жүзеге асырылады:


- заң мен сот алдында бәрі тепе-тең;
- мемлекеттік органдар қызметін нақты құқықтық реттеумен қамтамасыз ету, аталмыш қызметтің заңдылығы мен жариялылығы, оған мемлекеттік және қоғамдық қадағалау жасау;

- жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық, ұйымдастыру-басқару жүйелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдылығы;
- жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қайта қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою және алдын алу;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылармен күресуге жәрдемдескен азаматтардың жеке қауіпсіздігін және оларды ынталандыруды қамтамасыз ету;
- мемлекеттің мемлекеттік қызметті орындауға уәкілетті және оған теңестірілген тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауы, аталмыш тұлғалар мен олардың отбасыларының лайықты өмір сүрулері үшін бұл тұлғаларға еңбекақы мен жеңілдіктер тағайындау;

Қорыта келгенде сыбайлас жемқорлықпен күрес әрдайым үздіксіз жалғасуға тиіс және мемлекетіміздегі әрбір азаматтың аталмыш қубылыспен күресе білуі маңызды. Жемқорлық еліміздің экономикасының дамуына үлкен кедергі және бұл кедергіні жоюға күш салуымыз қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы» заңы
2. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңы
3. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет көрсету түрлері туралы» заңы
4. «ҚР Заңы Ішкі істер органдары туралы» 23.04.2014 ж
5. «ҚР ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» ҚР Президентінің заң күші бар Жарлығы 21.12.1995ж



ӘОЖ 328.185(574)

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ**

**Куанышева И.К**

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық Институты,  
«Мемлекеттік-құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы**

**Рахымбай Мөлдір**

**“Заң” Факультетінің студенті,**

**Аннотация.** Аталған мақаланың негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ұлттық заңнаманы жетілдіру. Мақалада кейбір шет елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі тиімді тәжірибесі қарастырылады.

**Кілт сөздер:** сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес; халықаралық тәжірибе.

**Аннотация.** Основной целью данной статьи является повышение эффективности антикоррупционной деятельности, расширение международного сотрудничества и совершенствование национального законодательства по вопросам противодействия коррупции. В статье рассматривается эффективный опыт некоторых зарубежных стран по борьбе с коррупционной коррупцией.

**Ключевые слова:** борьба с коррупционной практикой; международный опыт.

**Annotation.** The main goal of this article is to increase the effectiveness of anti-corruption action, expand international cooperation and improve national legislation on anti-corruption issues. The article discusses the effective experience of some foreign countries in the fight against corrupt corruption.

**Keywords:** fight against corrupt practices; international experience.

Қазіргі кезде қоғамымызда қауіпті құбылысқа айналып отырған қылмыстардың бірі – сыбайлас жемқорлық болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің өзекті мәселелері, бұл яғни жалпыға мәлім ең алдымен, қоғамға қауіптілігімен, құпиялылығымен, ерекше құрылымы мен экономикаға кері әсер етуімен, құқыққа қайшылығымен, күш көрсетумен және басқа да зиянды зардаптарымен сипатталады. Бүгінгі күні жемқорлықпен күрес мәселесі Қазақстандық қоғам мен мемлекеттің басымдылық көрсетіп отырған міндеттерінің бірі болып отырғаны баршамызға мәлім. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін сыбайлас жемқорлықтан туындайтын қатерден қорғау, жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, оны анықтау және ашу, олардан келген зардаптарды жою, кінәлілерді жауапқа тарту жолымен мемлекеттік органдардың, лауазымды және басқа да мемлекеттік қызметтерді жүзеге асырушы адамдардың қызмет ету тиімділігін қамтамасыз етудің талаптары, Қазақстан Республикасында 1998 жылы 2 шілдеде № 267, ТМД аумағында бірінші болып алғаш рет қабылданған, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының шығуына себеп болып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте шешуші рөл атқарғанын атап айтқан жөн. Аталған Заң сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: «мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу» .Аталмыш заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамсыз етуге, жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Яғни, сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір мемлекеттік органдар басшыларының, ел азаматтарының міндеті екендігі атап көрсетілген. Бұл заң сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік теріс құбылыс ретіндегі ұғымы мен мазмұнын айқындап, оған қарсы заңнаманың тұтастай бір жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті. Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлықпен күрес барлық мемлекеттік органдар алдындағы басты міндеттің бірі болып отыр. Қылмыстың бұл түрінің қоғамымыздың барлық саласына тамыр жайып кеткені жасырын емес. Өкінішке қарай, ол білім беру, медицина сияқты ізгілікті діттеген салалардан бастап құқық қорғау органдарына дейін бой көрсетіп жүр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет шараларының ғылыми танымдары мен өзекті мәселелері Қазақстандағы қоғамдық қатынастарды реформалаудың барлық кешенді мәселелерімен тығыз байланыста. Сондықтан да қоғам бойындағы бұл кесапат кеселмен күреске мемлекетіміз айрықша мән беріп отыр

Осы бағыттағы жұмысты жетілдіру үшін шет ел мемлекеттерінің тәжірибелерін зерделеп, талдау және олардың оңтайлы тұстарын пайдалану мәселесін зерттеу өзекті болып табылады. Дүниежүзін алаңдататын проблемалардың бірі шетелдік әріптестерді ақшаға сатып алу болып табылады. Мәселен, кейбір мәліметтерге сүйенсек, АҚШ компаниялары дамушы елдердің нарығын оңай жаулап алу үшін ондаған миллион доллар жұмсайды екен. Бұл компанияға тиімді болғанымен, дамушы мемлекетке тиімсіз екені сөзсіз. ЕҚЫҰ осыған қарсы 1997 жылы «Халықаралық істер операцияларын жүргізуде шетелдік мемлекеттік лауазымды тұлғаларды парамен сатып алуға қарсы күрес конвенциясын» қабылдады.

Америка Құрама Штаттарының заңнамасында сыбайлас жемқорлық ұғымы, оның мәні мен мазмұны, ерекшеліктері мен түрлерінің анықтамасы берілген, олардың алдын алу шаралары анықталған. Мәселен пара үшін оның үш есе мөлшеріндегі айыппұл немесе 15

жылға дейін түрмеде ұстау, не екеуін бірдей қолданса, ал ауырлататын мән-жайларда - 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Бұл елде жалпы құқық бұзушылықты қадағалау, алдын алу қатаң жолға қойылған. Бұл елде АҚШ Конгресінің Сенаты мен өкілдер Палатасының, Үкіметтің этика жөніндегі комитеттері жұмыс істейді. Әділет министрлігі барлық шаралардың үйлестірушісі ролін атқарады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте Федералдық тергеу бюросының да орны ерекше. Бұл жұмысқа сондай-ақ, прокуратура, Пентагонның арнайы қызметі, полиция, сот жүйесі де ат салысады. Бұл елде төменгі деңгейдегі сыбайлас жемқорлық толығымен жоқ деп айтуға болады. АҚШ заңдар жинағы (US Code), 201-бабының бірнеше тармақтарына сәйкес азамат пара беру мен алу, уағдаласу жайттары үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Пара беруші үш еселенген айып төлеуге міндетті немесе 15 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылады. АҚШ-та кез келген шенеунік секілді президент те қылмыстық жауапкершіліктен құтылмайды. Мәселен, АҚШ вице-президенті Спиро Агню парақорлықпен айыпталып, қызметінен босатылғаны былай тұрсын, ендігі саяси мансабына мүмкіндік жоқ. АҚШ-та заң шығарушы, атқарушы және сот биліктері арасындағы міндеттер, құқықтар мен функциялар қатаң бөлінген. Конгресс өзі шығарған заңдардың орындалуын мұқият қадағалайды. Құқық бұзушылықты бақылауды өз палаталарының тұрақты және арнайы комитеттері арқылы жүзеге асырады. Сыбайлас жемқорлық проблемасымен, негізінен, этика жөніндегі Арнайы сенат комитеті мен өкілдер Палатасының лауазымды адамдарының қызметтік іс-әрекеттерінің стандарттары жөніндегі Комитет айналысады. Бұл қылмысқа байланысты мәселелер басқа Комитеттерде де тыңдалады.

Герман Федеративтік Республикасында сыбайлас жемқорлыққа федералдық деңгейде Бундестаг (қылмыстық-құқықтық және басқа актілер қабылдап) және жергілікті деңгейінде Ландтагтар (қызметтік-құқықтық актілер қабылдап) қарсы күрес жүргізеді. Атқарушы билік саласында: федералдық деңгейде - Федералдық ішкі істер министрлігі және басқа органдар (алдын алу функциясы), сондайақ Федералдық әділет министрлігі қылмыстық қудалау саласында (қуғындық функция); жерлер деңгейінде - тиісті жерлер министрліктері сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізеді. Атқарушы билік саласында: федералдық деңгейде - Федералдық ішкі істер министрлігі және басқа органдар (алдын алу функциясы), сондайақ Федералдық әділет министрлігі қылмыстық қудалау саласында (қуғындық функция); жерлер деңгейінде - тиісті жерлер министрліктері сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізеді. Сыбайлас жемқорлық фактілерін айқындау және олардың алдын алу функцияларын полиция, прокуратура, ішкі тергеу органдары, есеп және тексеру органдары атқарады. Бұл елде 1995 жылы ішкі ревизия қызметі құрылды, ол барлық мемлекеттік және муниципалдық билік органдарына әртүрлі тексерулер жүргізеді. Оның негізгі міндеті – ПМде, биліктің жоғарғы органдарында және басқа ведомстволарда ревизия жасау. Тексерудің негізгі бағыттары: - мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлыққа шалдығуы мүмкін лауазымды орындарға талдау жүргізу; - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен күрес шараларын қайта тексеру; - сыбайлас жемқорлық туралы келіп түскен хабарларды зерделеу; - басқару салаларының жыл сайынғы есептеріне баға беру; - жалпы федералдық аумақта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға келісу; - ішкі ревизияларға кәсіби қадағалау жасау; - сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті стратегиялық жоспарлау; - сыбайлас жемқорлыққа қарсы өзге де іс-шаралар. Бұл қызметте орта қадағалау буыны бар, ол аумақтық үкіметтің вице-президентіне бағынады, барлық бөлімдерді, коммуналдық басқарманы, құрылымдардың басқармасын, басқа да құрылымдарды тексереді. Сыбайлас жемқорлықтың қылмыстық жазаланатын фактісі анықталған жағдайда материалдарды полицияға не прокуратураға тергеуге береді. Германияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің федералдық бағдарламасы бар, ол «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың және оған қарсы тұру тұжырымдамасы» деп аталады. Мұндай тұжырымдамалар муниципалдық деңгейде де бар. Олардың орындалуын Ішкі істер министрлері, сенаторлар конференциясы бақылап отырады.

БҰҰ-ның 2003 жылы қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес конвенциясына» сәйкес заңсыз байлыққа ие болған шенеуніктің қылмысы заң алдында дәлелденуі тиіс. Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы конвенциясына қосылып ратификациялады. 140 мемлекет қосылған Конвенция елімізге осынау қауіпті індетпен күресте жаңа мүмкіншіліктер туғызып, міндеттер жүктейді. Бұл бойынша мемлекеттік қызметке келген азамат артықшылықтарға емес, шектеулерге ұшырайды.


Франция мемлекетінің саяси-әкімшілік жүйесін соңғы онжылдықта жайлап алған сыбайлас жемқорлық қасіреті қоғамдық пікірге, партиялар мен саяси ұйымдардың іс-әрекетіне қауіпті ықпал етіп отыр. Ол – саяси партияларды қаржыландырудың тәсілін реформалау қажеттігін көрсетті. Саяси партиялар сайлау науқанына қаржы табу үшін заңсыз тәсілдерге жүгініп, саяси-әкімшілік шешім қабылдайтын шенеуніктер мен лауазымды адамдардың іс-әрекеті, мердігерлік келісім-шарттар жасасу кезіндегі билік органдары мен кәсіпкерлер арасындағы өзара байланыс жемқорлықтың таралуының негізгі саласына айналды. Франция мемлекетінің саяси-әкімшілік жүйесін соңғы онжылдықта жайлап алған сыбайлас жемқорлық қасіреті қоғамдық пікірге, партиялар мен саяси ұйымдардың іс-әрекетіне қауіпті ықпал етіп отыр. Ол – саяси партияларды қаржыландырудың тәсілін реформалау қажеттігін көрсетті. Саяси партиялар сайлау науқанына қаржы табу үшін заңсыз тәсілдерге жүгініп, саяси-әкімшілік шешім қабылдайтын шенеуніктер мен лауазымды адамдардың іс-әрекеті, мердігерлік келісім-шарттар жасасу кезіндегі билік органдары мен кәсіпкерлер арасындағы өзара байланыс жемқорлықтың таралуының негізгі саласына айналды. 1995 жылғы 19 қаңтарда Сеген (loi Seguim) заңы қабылданды, ол қоғамдық жұмыстар нарығының жариялылығын күшейтті, мемлекеттік қызметке тағайындау процесін Есеп палатасы бақылайтын болды. Осы заң бойынша француз парламенті депутаттарының мүліктік жағдайын бақылауға тиісті қаржы жариялылығы жөніндегі комиссия құрылды. Бұл заң қабылданғанға дейін депутаттар сайлау науқанына жұмсалатын қаражаттың мөлшері, өзінің меншігі жайында декларация тапсыратын. Францияда, құқықтық тұрғыдан алғанда, барлық министрлер үшін, мейлі премьерминистр, мемлекеттік министр, министр-делегат, мемлекеттік хатшы болсын, айрықша мәртебе бар. Конституция бойынша министрлерге бұл қызметті депутаттың немесе сенаторлық мандатпен және қоғамдық немесе жеке сектордағы кез келген басқа кәсіби қызметпен біріктіруге тыйым салынған. Министрлер лауазымдарынан босатылғаннан кейін алты ай бойы кәсіби және кәсіпкерлік одақтарда, экономиканың мемлекеттік секторының компанияларында, сондай-ақ мемлекетпен бірлесіп іс жүргізуші жеке компанияларда басшы қызмет атқара алмайды. Бірақ бұл тәртіп ондай салаларда министр болғанға дейін жұмыс істеген министрлерге таралмайды. Ал алты ай бойы «жұмыссыз қалған» министр сол кезеңде министрдің жалақысына тең мөлшерде жәрдемақы алып тұрады.

Жоғарыда келтірілгендерден дамыған шетел мемлекет басшыларының билік органдарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және онымен күресуге аса көңіл бөліп отырғандығын көреміз. Демек біздің мемлекетіміз, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте осы шет мемлекеттердегі жағымды тәжірибелерді ескеріп, пайдалануы керек. Бүгінгі күні біздің еліміз бұрын болмаған саяси және экономикалық жүйені түбірімен қайта құруда өз тарихында күрделі кезеңді бастан кешуде. Оның куәсі қазіргі уақытта экономикалық қайта құрудың нақтылы нәтижелеріне қол жеткізіліп: іс жүзінде өндірісті реттеудің нарықтық тетігі қалыптасып, тауарлық жетіспеушілік құрдымға кетіп, сыртқы саудадағы оңтайлы тұрақтылық қамтамасыз етілді. Дегенмен, өкінішке орай, осы нарықтық шаруашылықты қалыптастыру өмірге бірқатар жағымсыз құбылыстар мен процестерді ала келді. Олардың бірі – елдің экономикасына үнемі кері әсерін тигізіп отырған сыбайлас жемқорлық пен көлеңкелі экономикалық қызмет. Бізге белгілі экономика саласындағы қылмыстылықтың көптеген себептерінің ішінде сыбайлас жемқорлық та бар. Шет елдердің мемлекеттік қызметкерлерінің, оларға теңестірілгендердің, сондай-ақ олармен аралас қызметтегілердің лауазымдық қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілігін реттеудегі тәжірибесі әртүрлі,

карама-қайшылықтар да кездеседі, дегенмен де солардың жағымды тұстарын назарға алып, оңтайлы үлгілерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіруде пайдалануымыз қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиет тізімі:**

1. Наумов А.В. Ответственность за коррупционные преступления по законодательству европейских стран (салыстырмалы-құқықтық талдау). Жинақ: Коррупция: политические, экономические, организационные и правовые проблемы. - М., 2001. – С. 121.
2. Современные проблемы борьбы с преступностью // Материалы конференции, посвященной юбилею профессора Е.И. Каиржанова. – Алматы, 2003. – С. 17.
3. Николайчик В. Правила этики – попытка предупреждения коррупции // Чистые руки. – 1999. – №1. - С. 2-3.
4. Исмагулов Д.К. Причины и условия коррупционных правонарушений в государственных органах // Материалы научной конференции молодых ученых Казахстана – Алматы: Универ. им. Д.А. Конаева, 2007. - С. 67.
5. Зубченко В.А. Коррупция во Франции // Экономические и социальные проблемы России: проблемно-тематический сборник. – М.: ИНИОН РАН, 2004. – С. 129.
6. Коржанский Н.И. Объект посягательства и квалификация преступлений: Учебное пособие. – Волгоград: НИиРИО, 1976. - С. 87.
7. Ответственность за должностные преступления в зарубежных странах. – М.: Юрид. литература, 1994. – С. 62.



**ӘОЖ 316.6:343.6**

## **ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ПРОФИЛАКТИКАСЫ**

**Куанышева Индира Кирымжанқызы,  
заң ғылымдарының магистрі Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз  
инновациялық институты «Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы»**

**Құралбай Арайлым  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты  
заң факультетінің студенті Тараз, Қазақстан**

**Аннотация:** Мақалада қазіргі таңдағы үлкен мәселе «Зорлық-зомбылық» не екенін, зорлық-зомбылықтың алдын алу профилактикасы мен зомбылыққа қарсы күрес пен арнайы шығарылған шаралар қарастырылған. Бұл тақырып қазіргі қоғамдағы ең ірі, ең өзекті, ауқымды, өйткені әрбір азаматтың құқығына, қадір - қасиетіне нұқсан келтіру болып табылады сәйкесінше, адам құқығы мен бас бостандығы үлкен қазына екенін және ең бастысы оны қалай жүзеге асатынын білу маңызды.

**Кілт сөздер:** Зорлық-зомбылық, тәуелсіздік, заң, азамат, қоғам, құқық, қылмыстық іс-әрекет, профилактика.

**Аннотация:** В статье рассматривается актуальная большая проблема «Насилие», что это такое, предотвращение насилия и борьба с насилием и специальные меры. Эта тема является самой большой, самой актуальной и обширной в современном обществе, ведь она является нарушением прав и достоинства каждого гражданина, соответственно, важно знать, что права и свободы человека – это великое сокровище и, самое главное, как их реализовать.

**Ключевые слова:** Насилие, независимость, закон, гражданин, общество, закон, преступная деятельность, профилактика.

**Annotation:** The article deals with the current big problem "Violence", what is it, prevention of violence and the fight against violence and special measures. This topic is the biggest, the most relevant and extensive in modern society, because it is a violation of the rights and dignity of every citizen, accordingly, it is important to know that human rights and freedom are a great treasure and, most importantly, how to realize them.

**Key words:** Violence, independence, law, citizen, society, law, criminal activity, prevention.

Зорлық-зомбылық әлемдік проблемалардың бірі. Қазіргі қоғамдағы өзекті тақырыптардың бірі десек, қателеспейміз. Мемлекетте бұл тақырыпқа ерекше көңіл бөліп, алдын алу шараларын жасауда. Себебі қоғамда орын алып жатқан түрлі жайттар қоғамды аландатпай қоймайды. Зорлық-зомбылық құрбандарының көпшілігі – моральдық тұрғыдағы мінеуден қорқып, құқық қорғау органдарына шағымданудан бас тартып жатады. Әйелдердің көбі қорқыныштан, болмаса баспанасыз қалмауы үшін және менталитет болып қалған “ҰЯТ!” деген пікірден қорқып көбіне көрсетілген зорлыққа амалсыз шыдауға бел байлайды. Зорлықтан зардап шегушілердің көбісі түрлі себептерге байланысты полицияға хабарласуға асықпайды. Бірі отбасы жағдайының төмендігін ойласа, енді бірі бұл қадамы онсыз да берекесі кеткен шаңырағын одан әрі шайқалып кетер және бопсалаушылар көбейеді деп қауіптенеді. Бұл үнсіздік қаншама нәзік жандылардың өмірі мен, психологиясын құртуда.

(Осыған сәйкес, әйелдер мен қыздар арасында әйелдердің құқықтық сауаттылығын арттырып, зорлық-зомбылықтың түрлері мен себептерін зерделеп, алдағы уақытта қылмыстық әрекеттерді болдырмау бағытында тиісті профилактикалық жұмыстар жасалуда. Дүниежүзі денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) бағалауы бойынша әрбір бесінші әйел зорлық зомбылықтың құрбаны. Ең алдымен зорлық-зомбылық дегеніміз не?- деген сұраққа жауап берейік. “Зорлық-зомбылық” ұғымы жыныстық белгі негізінде жасалған кез-келген зорлық-зомбылықты білдіреді, яғни, зорлық-зомбылық әйелге қатысты жасалады. Бұл өрескенді қылық әртүрлі формада болуы мүмкін. Ол жоспарланған немесе күтпеген болуы мүмкін. Жалпы зорлық-зомбылықтың түрін ажыратып, аражігін ажыратып алайық.

Қазақстан заңнамасында зорлық-зомбылықтың төрт түрі бар. Күш қолдану, психологиялық, сексуалдық және экономикалық. Тұрмыстық зорлық-зомбылық күш көрсету, психологиялық, жыныстық немесе экономикалық зорлық-зомбылық түрінде болуы мүмкін.

-Күш көрсету зорлық-зомбылығы - дене күшін қолданып, денені ауыртып денсаулыққа қасақана зиян келтіру.

-Физикалық зорлық-зомбылық - бұл басқа адамға бақылау жасау мақсатында жасалатын физикалық күш қолдану немесе қорқыту арқылы жасалатын зорлық-зомбылықтың бір түрі. Бұған соққы беру, ұру, тұншықтыру, тістеу, тепкілеу, суық қару қолдану т.б.

-Жыныстық зорлық-зомбылық - бұл жыныстық мәжбүрлеу немесе бақылау әрекеттері. Бұған мәжбүрлеу арқылы жыныстық қатынасқа түсу немесе белгілі бір жолмен жыныстық қатынасқа түсу, әйелді басқалармен жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу, әйелдің жыныстық қатынасын қорлау және контрацепцияны қолданбай жыныстық қатынасқа түсу туралы талаптар кіруі мүмкін.

-Сексуалдық зорлық-зомбылық - бұл әйелдің психикалық, физикалық, жыныстық және репродуктивті денсаулығына бірқатар жағымсыз әсер етуі мүмкін травматикалық өмірлік оқиға.Бұған сын, қоқан-лоққы, қорлау, қорлайтын ескертулер және серіктес тарапынан қорлайтын қарым-қатынас кіруі мүмкін.

-Психологиялық зорлық-зомбылық - бұл әйелді оқшаулау және оның өзін-өзі бағалау сезімін бұзу үшін әртүрлі тактикалық әдістерді қолдану, нәтижесінде ол барған сайын қорқатын серіктесіне тәуелді болады. Бұған мыналар кіруі мүмкін: әйелдің үйден тыс жерде жұмыс істеу құқығынан бас тарту, оны қолма-қол ақшадан айыру, оны отбасынан және

достарынан оқшаулау, адамдарға немесе ол бағалайтын нәрселерге зиян келтіру қаупі және оның әрекеттерін үнемі бақылау.

-Экономикалық зорлық-зомбылық - өмірлік маңызды заттарды (мысалы, тамақ, қажетті киім, аяқ киім, гигиена және санитария заттары, дәрі-дәрмектер) сатып алу үшін қолма-қол ақшадан бас тарту.

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселесі Орталық Азия елдерінде әлі де өзекті болып отыр. БҰҰ мәліметтері бойынша, осы аймақтағы әйелдердің 18% - ы тұрмыстық зорлық-зомбылық пен кемсітушілікке тап болады. Сонымен қатар, әйелдердің көп бөлігі бұл жағдайда қалай қолдану керек, қандай көмекке жүгіну керегін білмейді. Себебі, бұл тақырыпты есту, көру, айту “ҰЯТ!”-деп санайды. Бұл адамның өмірі, тағдыры.

Бұл жағдайға да салғырт қарау надандық. Қазіргі таңда тек әйел адам ғана емес, жасөспірім ұлдарда зорлық-зомбылықтың құрбаны болып жатыр! 2023жылдық қорытындыға сүйенсек, жыл басынан бері тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағаны үшін 60мың адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. 9 айда 651 тұрмыстық қылмыс тіркелген. Оның себептері әлеуметтік тұрақсыздықта жатыр. Сонымен қатар мемлекеттік органдардың рөлі түсініксіз. Олардың мұндай қылмысқа немқұрайлылығы құқықбұзушының құқықтық санасын қалыптастырады. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауында айтылған тапсырмаларын орындау аясында министрлік тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейту бойынша заңнамалық түзетулер әзірледі. Көтерілген мәселенің маңыздылығын ескере отырып, 2023 жылдың 19 қазанында Парламент депутаттарының, мемлекеттік органдар мен жұртшылық өкілдерінің қатысуымен өткен құқықтық форумда отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланды. Зомбылықтың барлық түрлері үшін жазаны қатайту мәселелері мәжіліс жанындағы қоғамдық палатаның отырысында да талқыланды. Парламентте, оның қорытындысы бойынша мемлекеттік органдарға нақты ведомствоаралық өзара іс-қимылға баса назар аудара отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша «жол картасын» әзірлеу ұсынылды. Елімізде зорлық-зомбылыққа құрбан болған азаматтарға қолдау көрсететін 70-ке жуық орталық құрылғанын еске салайық. Онда зардап шеккендерге медициналық, психологиялық және құқықтық көмек көрсетіледі. Алайда бұл орталықтардың қатары жеткіліксіз.

«Үш жыл ішінде қосымша осындай 97 орталық ашу көзделіп отыр. Қазіргі уақытта олардың қызметін жүйеге келтіру жұмыстары жүріп жатыр. Сонымен қатар орталықтарды тиісті кадрлармен қамтамасыз ету мәселесін де шешу қажет», деді Премьер-министр. Ол тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тап болған азаматтарға жүйелі түрде психологиялық көмек беру жұмыстары жүргізілмейтінін айтты. Бұл ретте «Жедел желі» мен сенім телефондарының мүмкіндігін кеңейту маңызды. Премьер-министр 2025 жылға дейін әр облыста балаларға арналған психологиялық қолдау орталықтарын ашу жоспарын әзірлеп, бекітуді, зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдатуға қатысты қабылданған түзетулер бойынша ауқымды түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруды тапсырды. Еске сала кетейік елімізде арнайы осы мәселеге қатысты заң бар екенін елеп, ескеру керек. «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 қарашадағы қаулысы. Осы Заң отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі мемлекеттік органдар мен коммерциялық емес ұйымдардың қызметін жүзеге асырудың құқықтық негіздерін белгілейді, адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді. Айта кетсек, алдағы уақыттағы қолданысқа енетін заңдар: Адам зорлағаны үшін (ҚР Қылмыстық кодексінің 120 бабы) 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру ұсынылды. Қазір үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.

Егер адам зорлау ауыр жағдайда болса 12 жылдан 17 жылға дейін бас бостандығынан айыру ұсынылды. Қазір ол 10 жылдан 15 жылға дейін. Педофилдерді өмір бойына бас бостандығынан айыру:



Жеткіншектерді зорлағаны, оларға қарсы сексуалдық сипаттағы зорлық әрекеттер көрсеткені, жәбірлегені үшін қылмыскерге өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау ұсынылып отыр. Қазіргі қолданыстағы заңда педофилдерге 7 жылдан 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Жаңа редакциядағы заңға сәйкес мұндай қылмыс жасағанда қоғамдық жұмыста 600 сағатқа дейін істеуге тиіс немесе 3 жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

Бұл өзекті тақырып әлемдік дау демекші 2021 жылдағы Ресейдегі көрсеткіш бойынша әрбір екінші әйел зорлық-зомбылық құрбаны болған. “2017 жылы заңға отбасылық зорлық-зомбылық көрсеткендерге әкімшілік жаза қолдану туралы өзгеріс енгізілген. Содан бері қылмыстың артқаны сөзсіз. Заң шығарушы орган осы салдардан заңды 2 есе күшейтетін құжатты қайта қарап жатыр”, - дейді РФ мемлекеттік думасының депутаты. Қоғамға дерт болғаны соншалықты тіпті бүлдіршіндерде бұл қылмыстың құрбаны болып жатыр. «ЮНЕСКО-ның және халықаралық ұйымдардың мәліметінше, бүгінгі таңда әлем бойынша 2 миллиардтан астам бала әр-түрлі жағдайда ( жеңіл, ауыр ұрыс, отбасылық, әке-ана тыйымы да жатады) зорлық-зомбылық көреді екен. Қазақстан да бұл жағдайда әлемдік қауымдастықтардың мүшесі ретінде кәмелет жасына толмаған балаларды қорғау мен олардың құқығын қорғау бағытында қолдан келер шараларды жүзеге асырып келеді. Алдын алу шаралары:

-Әйелдер мен қыздарға, әсіресе әлсіз топтарға қатысты зорлық-зомбылықты болдырмау және оны жою үшін инклюзивтік, кешенді және ұзақ мерзімді стратегияларды, бағдарламалар мен ресурстарды бөлу жөніндегі міндеттемелерді насихаттау.


-Әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықты болдырмауда және тоқтатуда азаматтық қоғам ұйымдарының жетекші рөлін мойындау, демек олардың осы саладағы жұмысын көтермелеу және қолдау.

-Жас өспірім кезінен бастап ондай әдеттерден аулақ болу керек екендігін дәріптеп, адамгершілігі мол азамат болып өсуіне ықпал ету.

Қоғам үшін ең бастысы - тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі - заңдылық. Қазіргі күні мемлекет болып, халық болып осындай келеңсіз жайттарға тосқауыл қою үшін көптеген заңнамалық сипатта шаралар жүргізіліп жатыр. Бейбіт ел, ынтымағы жарасқан халық, үлгілі отбасы құру бәрі де әр адамның өз қолында. Зорлық- зомбылыққа жол жоқ!

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасы, Астана қ. Егемен Қазақстан газеті @egemen.kz
2. Википедия <https://ru.m.wikipedia.org> > wiki
3. <http://azattyq-ruhy.kz>
4. <https://qazaqstan.tv>
5. <https://t.me/kursivm>



**ӘОЖ 37.02:379.8**

## **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК, ОНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ**

**Қуанышева Индира Кирымжанқызы,  
заң ғылымдарының магистрі Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз  
инновациялық институты «Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы»**

**Сметулла Жандос Ернарұлы**  
**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты ,**  
**заң факультетінің студенті**

**Аннотация:** Бұл мақаланың негізгі мақсаты кәмелетке толмағандардың бос уақыты туралы түсінік беріп, олардың мазмұны мен құрылымдарымен таныстыру болып табылады. Яғни кәмелетке толмаған балалардың бос уақытыда қандай іс-әрекеттермен айналасуы, олардың толық құрылымдарымен толықтай танысатын боламыз.

**Кілт сөздер:** жасөспірімдік шақ, бос уақыт, қарым-қатынас, технология, Instagram, Tik-tok, YouTube, байланыс платформасы, әлеуметтік топ, қарым-қатынас, демалыс, әлеуметтік тәуекел, хобби.

**Аннотация:** Основная цель этой статьи-рассказать о понятии несовершеннолетних, их содержании и структуре. То есть, какими видами деятельности занимаются несовершеннолетние в свободное время, с их подробными структурами мы познакомимся в полной мере.

**Ключевые слова:** несовершеннолетние, закон, асоциальный, юридический аспект, трудовое право несовершеннолетних.

**Annotation:** The main purpose of this article is to give an idea of the leisure activities of minors and to acquaint them with their content and structures. That is, what types of activities minors engage in in their free time, we will fully familiarize ourselves with their detailed structures.

**Key words:** Minors, Law, Asocial, Legal aspect, Labor rights of minors

Заң аспектісі тұрғысынан кәмелетке толмағандар дегеніміз - белгілі бір жас кезеңіне жетпеген тұлға. Заң кәмелетке толмағандардың еңбек құқығын айрықша қорғайды, өйткені олар дене күші жағынан да, рухани жағынан да толық өсіп-жетілмеген. Заң, сонымен қатар кәмелетке толмағандарды өздерінің материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында түрлі қоғамдық қатыныстарға қатысушылар деп те таниды.

Кәмелетке толмағандар құқық субъектілері ретінде өздерінің кәсіби қызметтің қайсыбір түріне қабілеттілігін байқатуға өздерін жеке тұлға ретінде көрсетуге мүмкіндік беретін еңбек қатынастарын ерекше бөліп көрсету керек.

Кәмелетке толмағандардың еңбек құқығы субъектілері ретіндегі жалпы және арнаулы құқықтың мәртебесі сипатына байланысты ажыратылады.

Республика аумағында тұратын жас азаматтарға: кәсіби-бағдарлық қызметті, кәсіби даярлықтан және қайта даярлықтан өтуді; бос жұмыс орындары туралы ақпараттарды; қолайлы жұмыс таңдау және жұмысқа орналасуды өкілетті органдардың делдалдық көмегін пайдалануда жұмысқа қабылдаудан орынсыз бас тарту және жұмыстан негізсіз шығарудан қорғау жөнінде тегін көмек алуға кепілдік беріледі.

Жас азаматтармен жеке еңбек шартын жасасқан кезде олардың білім алу, кәсіби, мәдени және басқа да әлеуметтік мүдделері ескерілуі керек.

Жұмыс берушілер тарапынан жастардың құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда жас азаматтардың олардың іс-әрекеттері жөнінде сотқа шағымдануға құқығы бар. Бос уақыт дәстүрлі түрде балалар өмірінің маңызды салаларының бірі болып табылады. Қоғам өмірінің барлық аспектілерінің өзгеруі бос уақыт саласындағы әлеуметтік-мәдени жағдайдың өзгеруіне әкелді. Кәмелетке толмағандар-бұл әлеуметтік-мәдени инновацияларға ең сезімтал ерекше әлеуметтік топ, олар жас адамның жеке басының қалыптасуына әр түрлі әсер етеді.

Кәмелетке толмағандардың бос уақыты - бұл бос уақыттағы қоғамдық және күнделікті еңбектен тыс қызмет, соның арқасында жеке адам өзінің еңбекке қабілеттілігін

қалпына келтіреді және өз бойында негізінен еңбек саласында жетілдіруге болмайтын дағдыларды дамытады.

Жасөспірімдер ерекше әлеуметтік топ ретінде қазіргі қоғамның жағымсыз тенденцияларының әсеріне бейім. Демалыс саласында оқушылардың жағымды және жағымсыз жағдайлары мен мінез-құлқы айқын көрінеді, әлеуметтік өзгерістердің салдарына көбірек бейім. Өздеріңіз білетіндей, жасөспірімдер тәуекелге бейім; жасөспірім үшін экстремалды болу-бұл уақытты, прогресті, дамуды тежемеу. Қазіргі уақытта жасөспірімдердің бос уақытын өткізу құралы әлеуметтік желілер (Instagram, Tik-Tok, YouTube), қоғамдық коммуникациялық платформалар кеңістігі болып табылады, жастарда қоғамдық коммуникациялық платформаларға тәуелділік қалыптасуы мүмкін. Сондықтан, осы платформалар кеңістігіндегі ақпараттың сапасы, оның мінез-құлыққа, қарым-қатынасқа, жеке дамуға және балалардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне әсері мұғалімдер мен жұртшылықтың қосымша зерттеулері мен жұмысын қажет етеді. Желілерде көп уақыт өткізетін жасөспірімдер, ең алдымен, жолдастарымен, ересектермен, ата-аналармен қарым-қатынасын жоғалтады. Компьютерлік технологиялар дәуірінде адамдар виртуалды байланысқа басымдық бере бастады. Жасөспірімдердің қысқа хабарламалар арқылы қарым-қатынасын шектеу, сөздік қорын азайту, орфографиялық ережелерді сақтау және т.б. сияқты проблемалар туындайды. жасөспірімдердің өзгермелі мінез-құлқына байланысты олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, хоббиін дамыту, түрлі тәрбиелік іс-шаралар қажет.

Қазіргі қоғамда бос уақыт қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтарымен қайшылыққа түсті. Мемлекеттік жастар саясаты жалпы қабылданған әлеуметтік-рухани, мәдени және акмеологиялық құндылықтарды толық есепке алмайды. Әлеуметтік институттардың жастардың бос уақытын ұйымдастыру мәселелерінде нақты бағдарын жоғалтуы тәрбиелік және педагогикалық әсердің айтарлықтай жоғалуына әкелді. Өскелең ұрпақты гуманистік құндылықтар негізінде тәрбиелеу идеясы жастардың бос уақытын ұйымдастырудың акмеологиялық (әлемнің шығармашылық түрленуі, өзін-өзі жүзеге асыру) негіздерін одан әрі дамытуға негіз бола алады.

Бос уақыт әрекет болғандықтан, бұл бос уақыт емес, қарапайым бос уақыт емес және сонымен бірге: «Мен қалағанымды істеймін» деген қағидаға сәйкес емес екенін білдіреді. Бұл адамның алдына қойған белгілі бір мүдделері мен мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылатын іс-әрекет. Балалар бос уақытында қуаныш пен өзіне деген сенімділік сезімін оятатын, үлкендермен және құрдастарымен қарым-қатынас шеңберін кеңейтетін, оны мазмұнды мазмұнмен толтыратын, сайып келгенде, олардың ойынша, қызықты және мазмұнды іс-әрекеттермен айналысады.

Жағымды эмоцияларға толы қызықты іс-әрекеттер балаларға мүмкіндік береді, физикалық және рухани күш-қуатыңызды қалпына келтіреді, эмоционалды әл-ауқат атмосферасын орнатуға көмектеседі. Белгілі бір жағдайларда бос уақыт балалардың физикалық дамуының маңызды факторына айналуы мүмкін.

Кәмелетке толмағандардың бос уақытты өткізу эмоционалды денсаулықты қолдайды. Бос уақыт стресті және болмашы уайымдарды жеңілдетуге көмектеседі, сайып келгенде, бос уақыт аурудың алдын алудың маңызды құралы ретінде танылады.

Белгілі бір жағдайларда бос уақыт балалардың физикалық дамуының маңызды факторына айналуы мүмкін. Бұл бос уақытты өткізу эмоционалды денсаулықты қолдайды. Бос уақыт стрессті және ұсақ уайымдарды жеңілдетуге көмектеседі, және сайып келгенде, бос уақытты ақыл-ой кемістігінің алдын алудың және психикалық ауру балаларды

сауықтырудың маңызды құралы ретінде танылады. Бос уақыттың ерекше құндылығы оның балаға, жасөспірімге, жас жігітке бойындағы бар жақсылықты сезінуге көмектесуінде.

Әмбебап маңызды мақсаттарға жетуге, өзінің өмірлік бағдарламасын жүзеге асыруға, өзінің маңызды күштерін дамыту мен жетілдіруге бос уақытында өз іс-әрекетін бағыттай білуден бастап, баланың әлеуметтік әл-ауқаты мен оның бос уақытына қанағаттануы көп нәрсеге байланысты. Бос уақыт әрекет болғандықтан, бұл оның бос емес екенін білдіреді «Мен қалағанымды істеймін» деген қағида бойынша бос жүріс емес, уақыт өткізу. Бұл адамның алдына қойған белгілі бір мүдделері мен мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылатын қызмет. Мәдени құндылықтарды сіңіру, жаңа нәрселерді үйрену, көркемөнерпаздық, шығармашылық, дене шынықтыру және спорт, туризм, саяхат - бұл оның бос уақытында жасай алатын істері. Бұл әрекеттердің барлығы қол жеткізген демалыс деңгейін көрсетеді.

Бос уақыттың анықтамасы төрт негізгі топқа бөлінеді.

- мәдениет пен интеллекттің жоғары деңгейімен байланысты ойлау ретіндегі бос уақыт; бұл ақыл мен жанның күйі. Бұл тұжырымдамада әдетте бос уақыт адамның қандай да бір әрекетті орындау тиімділігі тұрғысынан қарастырылады.

- Бос уақытты өткізу әдетте жұмысқа қатысы жоқ іс-әрекет ретінде сипатталады. Бос уақыттың бұл анықтамасы өзін-өзі жүзеге асыру құндылықтарын қамтиды.

- Бос уақыт сияқты бос уақыт, таңдау уақыты. Бұл уақытты әртүрлі жолдармен пайдалануға болады және ол жұмысқа байланысты немесе жұмысқа байланысты емес әрекеттер үшін пайдаланылуы мүмкін. Бос уақыт адамның өз міндетіне жатпайтын істермен айналысатын уақыты деп есептеледі.

Жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастырумен айналысатын көптеген ұйымдардың ішінде мәдениет мекемелері жетекші орын алады. Тәжірибе көрсеткендей, мәдениет мекемелерінің әртүрлі асоциалды құбылыстардың, соның ішінде қылмыстың алдын-алу жөніндегі нақты қызметі әлдеқайда кең, алуан түрлі және тереңірек. Оған халықтың барлық дерлік санаттары қатысады, дегенмен мұнда балалар, жасөспірімдер мен жастар басымдыққа ие. Мәдениет және өнер құралдарымен бос уақытты жұмыспен қамтуды және ағартуды сауатты ұйымдастыру бүгінде балалар мен жасөспірімдердің қараусыздығына балама ретінде қарастырылады, бұл заңсыз әрекеттердің алғышарттарының бірі, осы асоциалды құбылыстың алғашқы алдын-алу бойынша үлкен жұмыстың құрамдас бөлігі ретінде. Балалар мен жасөспірімдер өздерінің жас ерекшеліктеріне байланысты барлық жаңа және белгісіз нәрселерді салдары туралы ойланбастан қабылдауға дайын. Сонымен қатар, олар әлі де идеологиялық тұрғыдан тұрақсыз, олардың санасына оң және теріс бейнені енгізу оңайырақ.

Мәдениет мекемесінің жағымды, тартымды имиджін құру оның қабырғаларына балалар мен жасөспірімдерді көбірек тартуға мүмкіндік береді, бұл қылмыс жасаудың алғышарттарының бірі болып табылатын бос уақытты өткізуге белгілі бір балама жасайды. Бұл әсіресе халықтың мәдени деңгейі қала тұрғындарының бірдей деңгейінен әлдеқайда төмен шағын қалалардың жасөспірімдеріне қатысты.

Шағын қалалар мен елді мекендерде жасөспірімдерге кейде үлгі алатын ешкім жоқ, олар бос уақыттарын қалай тиімді өткізуге болатынын білмейді.

Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру мәселелері демалыс уақытында, балаларда бос уақыт көбейген кезде ерекше өзектілікке ие болады.

Демалысы ұйымдасқан емес жасөспірімдер мұқият назар аударуды қажет етеді. Мәдениет мекемелерінің қабырғаларында өткізілетін және осы міндеттерді шешуге бағытталған жобалар мен іс-шаралар жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысы мен бос уақытын ұйымдастыруға арналған муниципалитеттер аумағында әзірленетін және жүзеге асырылатын мақсатты бағдарламалардың құрамдас бөлігі болуы керек.

Жазғы кезеңде жасөспірімдердің бос уақытын және оларға мәдени қызмет көрсетуді ұйымдастырудың негізгі формалары болуы мүмкін:

- мәдени-демалыс мекемелерінің базасында балалардың сауықтыру лагерлерінің жұмысын ұйымдастыру;
- қалалық және қала сыртындағы балалар сауықтыру лагерьлеріне, балалар алаңдарына (концерттік, зияткерлік-танымдық, конкурстық, ойын-сауық, ойын-сауық бағдарламалары, театрландырылған қойылымдар, Мерекелер, кино көрсетілімдері және т. б.) мәдени қызмет көрсету;
- ұйымдастырылмаған балалар мен жасөспірімдер үшін мәдени-демалыс іс-шараларын өткізу және кино көрсетілімін ұйымдастыру;
- жасөспірім күндерін өткізу (құқықтық және психологиялық консультациялар, кәсіптік бағдар беру бойынша кездесулер және т. б. ұйымдастырумен);
- балалар мен жасөспірімдерді клубтық бірлестіктер мен көркемөнерпаздар халық шығармашылығы ұжымдарына тарту;
- көркемөнерпаздар халық шығармашылығы ұжымдарының гастрольдік қызметін ұйымдастыру;
- көркемөнерпаздар халық шығармашылығы ұжымдарының қатысушылары мен дарынды балалар үшін шығармашылық ауысымдар өткізу («театр ауысымдары», «фольклорлық демалыс» және т. б.);

Көптеген елдерде бос уақыт мәселесі көптеген авторлардың зерттеу тақырыбы болды. Ол адамға әсер ете алады, оның дамуын, қалыптасуын, қалыптасуы мен көзқарасын қамтамасыз етеді. Бос уақыт адамның жеке саласы болып табылатын бос уақыттың бір бөлігін алады, жеке тұлғаның мүдделері мен қажеттіліктеріне негізделген сабақтарды ерікті түрде таңдауға мүмкіндік береді, оқушыны өзгермелі өмір сүру жағдайларына дайындайды.

Балалардың бос уақыты жас ерекшеліктеріне байланысты өзіндік мазмұнға ие және әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту құралы ретінде әрекет етеді, оқушылардың жеке еркіндігінің уақыты, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі оңалту тәсілі болып табылады.

Келесі мәселелер бойынша одан әрі ғылыми зерттеулер жүргізу қажет:

- жастардың бос уақытын өткізу қызметінің мазмұндық аспектісі бойынша әлеуметтік институттарды интеграциялаудың негізгі жолдарын анықтау;
- қоғамдастықтың (корпоративтік) және өзін-өзі ұйымдастыратын (жеке) бос уақыттың бос уақытын өткізудің қолайлы нысандарын белгілеу;
- қоғамның барлық мекемелері қызметінің мазмұнын өзгерту және акмеология негізінде мекемелердің жаңа түрлерін және бос уақытты ұйымдастыру.

Жалпы жастардың бос уақытын ұйымдастыруға және бос уақыт мәселелерімен тікелей немесе жанама түрде айналысатын басқа әлеуметтік институттармен өзара әрекеттесуге жаңа көзқараспен қарау негізгі аспектілерді жақындастыру негізінде өзара әрекеттесудің жаңа механизмін құруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл әлеуметтік факторлар жүйесі арқылы бос уақытты бейімдеу принципіне негізделген: бірыңғай мемлекеттік, оның ішінде жастармен жұмысты аймақтық жоспарлау; жастардың әлеуметтік-демографиялық, жас, кәсіби және мотивациялық белгілері бойынша сұраныстарын есепке алу; қоғамдағы бос уақыт қызметтеріне сұраныс пен ұсынысты реттеу; бос уақыт саласының әлеуметтік маңыздылығын күшейту; дәстүрлі жұмыс түрлерінің үйлесімі және т. б.

Осылайша, жастардың толыққанды бос уақытына қызығушылық танытатын барлық іс-әрекеттердің ішкі үйлесімділігі мен логикалық дәйектілігі бос уақытты өткізудің әлеуметтік бағытын, оның ұйымдастырушылық және басқарушылық әдістерін күшейтеді. Алайда, бұл процестердің барлығы аймақтарда және мемлекеттік деңгейде жастармен жұмыс істеудің оңтайлы моделін құру кезінде тәрбиелік-педагогикалық және акмеологиялық әсерлерді міндетті түрде сақтау кезінде болуы керек.

Бос уақыт саласындағы педагогикалық процесс-бұл бос уақытты мақсатты ұйымдастыру, оны репродуктивтіден трансформатор арқылы шығармашылыққа жүйелі түрде жоғары деңгейге ауыстыру. Бос уақытты ұйымдастырушы маманның кәсіби-

педагогикалық қызметі оқушының жеке басының үйлесімді дамуына, оның жеке өсуін қалыптастыруға белсенді ықпал етуге бағытталған.

Балалардың бос уақытын ұйымдастырумен айналысатын көптеген ұйымдардың ішінде мәдениет мекемелері жетекші орын алады. Балалар мен жасөспірімдер өздерінің жас ерекшеліктеріне байланысты барлық жаңа және белгісіз нәрселерді салдары туралы ойланбастан қабылдауға дайын. Сонымен қатар, олар әлі де идеологиялық тұрғыдан тұрақсыз, олардың санасына оң және теріс бейнені енгізу оңайырақ. Оң балама болмаған кезде идеологиялық вакуум есірткіге, темекі шегуге, алкоголизмге және басқа да жаман әдеттерге тез толады.

Сондықтан басқару органдары мен мәдениет мекемелерінің негізгі міндеті балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын жұмыспен қамтуды ұйымдастыру, халықтың осы санатының бос уақытын ескере отырып, ұсынылатын мәдени қызметтер тізбесін жетілдіру және кеңейту болуы тиіс.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. «Құқықтану»: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық /А. Ибраева, Г. Өлібаева, Қ. Айтхожин. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006
2. Аванесова Г.А. Культурно-досуговая деятельность: Теория и практика организации: Учебное пособие для студентов вузов. - М.: Аспект Пресс, 2006. - 236 с.
3. Воловик А.Ф. Педагогика досуга: Учебник. - М.: Московский психолого-социальный институт: Флинта, 1998. - 235 с.
4. Зацепина М.Б. Культурно-досуговая деятельность в детском саду. программа и методические рекомендации. - М., 2005. - 64 с.
5. Культурно-досуговая деятельность.
6. Методические рекомендации по ведению досуговой и социально-воспитательной работы с населением по месту жительства
7. Тюрина Э.И. Социальная работа с семьей и детьми: учебник для студ. сред. проф. учеб. заведений / Э.И. Тюрина, Н.Ю. Кучкова, Е.А. Пенцова. - М.: Изд. центр «Академия», 2009. - 288 с.



**ӘОЖ 326.1**

### **ЕЛІМІЗДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ**

**Бақтыхожаев Ж.Ж.**

заң ғылымдарының кандидаты

**Иманғали Н.Н.**

**Магистрант Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**

*Аннотация.* В данной статье - Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық және лауазымдық қылмыстық құқықбұзушылықтарының себептері және алдын алу жолдары қарастырылған. В данной статье рассматриваются пути предупреждения и причины уголовного правонарушения должностных лиц и по борьбе с коррупцией в Республике Казахстан.

**Abstract.**In this article, in Kazakhstan, the Land sybils gemerli and lazimdi almasty but Sabater and aldyn Alu Zholdary Anasterian. In this article rassmatrivaetsya ways of prevention and the causes of criminal offense officials and to combat corruption in the Republic of Kazakhstan.

Мемлекетіміздегі сыбайлас жемқорлықты әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырғанда, оның пайда болудың себебі неде, ол неліктен болады? Отандық философия ғылымында себеп-салдар (латын тілінен – causa) ұғымын белгілі шартта себеп құбылысы салдар құбылысына айналғанда объективті байланысы ретінде қарастырады[1]. Бұл философиялық қағидасын отандық криминологиясында бекітілген қағида бойынша жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтың, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың себептері ретінде қарастырылады.

Еліміздегі сыбайлас жемқорлық пен ол тудыратын проблемалар арасындағы байланысы екі жақты қарастырылады[2]. Атап айтар болсақ, бір жағынан ол проблемалар сыбайлас жемқорлықты тереңдетеді, ал олардың шешуі сыбайластықты кемітеді, екінші жағынан – кең көлеміндегі сыбайлас жемқорлық өтпелі дәуірдің проблемаларын артқа тартып, өзекті де өткір проблемаларға айналдырып, оларды шешуге нұқсан келтіреді. Сондықтан, біріншіден, сыбайлас жемқорлықтың проблемалары мен оларды тудыратын жағдайды шеше отырып, оны азайтуға және шектеуге болады, екіншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы барлық бағыттағы күресі ол проблемаларды шешуде көмегін тигізеді.

Сыбайлас жемқорлықты тудыратын мәселелерді шартты түрде жалпы және арнайы деп бөлуге болады. Жалпы мәселелер дегеніміз, тек Қазақстанға ғана емес, орталықтандырылған экономикасынан нарықтық экономикаға көшетін өтпелі кезеңдегі барлық елдерге қатысты проблемалар. Бұл төмендегі мәселелер:

1) демократиялық және саяси дәстүрлері тұрақтыландырылмағаны.

2) азаматтық қоғамның әлсіздігі, Үкіметтің қоғамнан бөлінуі. Демократиялық мемлекет өз проблемаларын азаматтық қоғамның институттармен бірлесіп шеше алады. Азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендеуі, бұрынғы үміттің орнына келетін өкініші – бәрі де қоғамның өкіметтен алыстауына септігін тигізеді. Соның өзінде жоғары жақтағы да, төмендегі жақтағы да сыбайлас жемқорлығы қоғамдық ұйымдарының күшінсіз жойылмайды.

3) Үкімет институттарының тиімсіздігі. Тоталитарлық тәртіптегі мемлекеттер үлкен мемлекеттік механизмін жасайды. Ол, әуелі, атқарушылық билік туралы айтқанымыз.

Төрешілдік құрылымдар қиын жағдайда да тіршілікке қабілетті болады, әсіресе, өзгерістер неғұрлым қарқынды болса, соғұрлым бұл құрылым өзін сақтауда тапқырлық танытады. Нәтижесінде қоршаған орта өзгереді, ал төрешілдік институттары, сонымен қатар басқару жүйесі де ол өзгерістерінен қалып қалады.

Тәуелсіз Қазақстан қалыптасудың бастапқы кезеңінде басқару жүйесі күрделі де көптеген проблемаларына қарсы аппаратты көбейтіп, басқарудың иерархиялық деңгейлерін енгізіп, көптеген жауапкершіліксіз үйлестіруші құрылымдарын көбейтіп әрекетін жасаған. Қазіргі таңда жыл сайын мемлекеттік қызметкерлердің санын қысқартуы жүргізіледі, дегенмен аталған пайыздық қысқартулар жаңа құрылымдар көбейтуге бағытталады. Нәтижесінде – басқару жүйесі неғұрлым күрделі болады, соғұрлым оның және оның проблемаларының арасындағы келеңсіздік көп болады, соғұрлым бұл жүйеде сыбайлас жемқорлық тез орнайды, ал ол лауазымдық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау мүмкіндігін көбейтеді.

Мемлекеттегі саяси тұрақсыздық түрлі деңгейдегі шенеуніктердің арасында сенімсіздік сезімін қалыптастырады, әсіресе, биліктің жоғарғы деңгейде. Бұл жағдайда сақтанудың ешбір кепілдігі жоқ, сондықтан олар сыбайлас жемқорлыққа тез бейімделеді. Қазіргі арнайы заманауи мәселелер кеңес дәуірінде болған мәселелерінің жалғасы болып табылады. Оның ішінде өтпелі кезеңнің төмендегі жағдайымен күрделеніп тұр:

- сот жүйесі жұмысының төмен тиімділігі;
- тұрғындар құқықтық санасының жетілмегені;

- құқық қорғау органдарының және олардың өкілдерінің «қоғамдық меншігін» және «мемлекеттің мүддесін» сақтауға бағытталуы;
- шенеуніктердің заңға емес, бастыққа бағыну дәстүрі.

Сыбайлас жемқорлықтың тиісті анықтамасын іздеуі де, оның себебін іздеуі де түрлі бағыттарда жүргізіледі. Көптеген батыс зерттеушілері сыбайлас жемқорлықты мемлекеттің қоғам өміріне қол сұғушылығымен байланыстырады. Неғұрлым мемлекет көп араласады, соғұрлым ол көп заң шығарады, неғұрлым ол бюрократиялық аппаратын өсіреді, соғұрлым қосарлас құрылымдарының пайда болу қауіпі жоғары болады.

Сыбайлас жемқорлық мемлекет пен азаматтар арасындағы өзара әрекеттесудің алуан түрлерінен туындайды.

Зерттеушілердің басқа бөлігі нарықтық реттеуді кеңейтуде мемлекет өзінің жалпы мүдделерін көрсетуші ретінде мәртебесінің жоғалтқан себебін көріп, пайда табу ықпалынан қоғамдық құндылықтарының жоғалтқанын айтады. Саяси, экономикалық, әлеуметтік салаларын мемлекетпен реттеуде әділеттік пен тәртіптің кепілін көреді. Сөйтіп, біріншіден, сыбайлас жемқорлықтың себебін өзінше пайымдауы бір-біріне қарсы, екіншіден, оларды мінсіз деп есептеуге болмайды. Біздің ойымызша, ақиқаты олардың алтын ортасында.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың мәселесі, оның ішінде сыбайлас жемқорлықтың мәселесі бойынша отандық және шетелдік мамандардың арнайы криминологиялық әдебиетін зерттеуде сыбайлас жемқорлықты заңды құбылыс ретінде танытатын бірнеше себептері мен жағдайы анықталды. Мазмұны немесе әлеуметтік өмірдің салалары бойынша сондай факторларға жатқызады: құқықтық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, тәрбиелік, идеологиялық, әлеуметтік-экономикалық және басқа да себептері мен шарттары [3].

Құқықтық факторларға отандық мамандар қызметтің кейбір салаларын құқықтық тұрғыдан дұрыс реттелмегенін жатқызады. Жиі кездесетіндер:

- а) мемлекеттік билік пен басқару органдарының лауазымдық адам өкілеттілігінің дұрыс реттелмегені;
- б) сыбайлас жемқорлықтың нақты түрлері үшін жауаптылыққа тарту туралы қылмыстық заңнаманың тиімсіздігі;
- в) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресіне бағытталған кешенді құқықтық базасының жоқтығы;

Төмендегі қабатындағы сыбайлас жемқорлықтың тартымдылығы – минималды қауіпінде екі жаққа да: пара алушы мен пара берушіге де – ерекше құнды болады. Пара үнемі мәселелерді шешуге көмектеседі (тіркеуге тұрғанда, жылжымайтын мүлікке құқықтық құжаттарды рәсімдеуде, түрлі лицензияларды алғанда, т.б.) Пара – заңдар мен нұсқаулықтарды бұзу бойынша ұсақ құқық бұзушылық жасауға мүмкіндік беретін кішігірім төлемі.

Көп адамдардың сана-сезімі өзгеріп, екі жаққа қайшы болады, өйткені үйлесімсіз қағидалар мен ұстанымдарын үйлестіруге ұмтылады. Түрлі қоздырғыштардың, жағымсыз эмоциялардың (көңіл-күйдің) жиналғаны эмоциональды күйзеліске апарады. Сондықтан тұрғындардың невротизациясы мен психопатологизациясы едәуір байқалады. Қоғамдағы психологиялық жағдайы билік органдарындағы сыбайлас жемқорлықтың деңгейіне ықпалын тигізеді. Бұл жағдайдың пайда болуы сыбайлас жемқорлықты тудыратын жоғарыда аталған мәселелер мен шарттарға әрі әлеуметтік-психологиялық факторларға байланысты. Олардың табиғатын ұғынса, сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін қажеттісін анықтауға болады.

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлықпен және лауазымдық құқық бұзушылықпен күрес Қазақстан қауіпсіздігін нығайту мәселелерінің бірі болып табылады, өйткені жақсы, жағымды өзгерістерсіз қоғамның әлеуметтік жағдайы нашарлайды және мемлекеттік басқару жүйесінің тәртібі бұзылады. Көптеген қоғам және саяси қайраткерлері, ғалымдар мен тәжірибе жүзінде ісінің шеберлері бір пікірге ортақ – сыбайлас жемқорлықпен күресі бойынша қатаң және тиімді шаралар қолдану керек.

Қазақстан Республикасындағы Құқықтық саясат Тұжырымдамасының басыңқы бағыттарына сәйкес «қылмыстықты алдын алын алу және болдырмау, онымен күресуде



шабуыл стратегиясын ұстану, жедел-іздігі қызметін жетілдіру, шұғыл жағдайларға дұрыс әрекет жасау, ақпараттық қамтамасыздандырудың және сараптамалық жұмысының деңгейін арттыру, халықаралық серіктестіктің аясын кеңейту. Құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдарының тұрғындарымен байланысын белсенді дамытатын бұзушылықтың алдын алу жүйесін жергілікті және республикалық деңгейінде құру қажет» [4].

Заң әдебиетінде көрсетілгендей, қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуы – құқықпен қорғалатын құндылықтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға ықпалын тигізетін жағдайын, себебін анықтайтын шаралар жүйесін жүзеге асыратын әлеуметтік басқарудың еркеше түрі [5]. Ол туралы ҚР Президентінің соңғы Жарлықтарында және «Сыбайлас жемқорлықпен күресі туралы» Заңында айтылған.

Көптеген сарапшылардың пікірінше, сыбайлас жемқорлық пен лауазымдық қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресі бойынша алдын алу жүйесінің негізіне келесі шаралар жатады:

- сыбайлас жемқорлық пен лауазымдық қылмыстық құқық бұзушылықтардың сипаттары мен олармен күресудің тиімді шаралардың мониторингі (бақылау, сараптау, болжау мен бағалауды қамтиды);

- құқықтық актілерінің сыбайластық жемқорлықпен күресіне қатысты сараптау;

- сыбайлас жемқорлық пен лауазымдық қылмыстық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпалын тигізетін құбылыстарды шектейтін, кедергі келтіретін сыбайластық жемқорлыққа қарсы стандарттарын жасау;

- заңнамамен басқа қарастырылмаса, белгілі, әйгілі адамдардың шешімдерін ашық жария етуіне септігін тигізу;

- сыбайлас жемқорлықпен күресетін қоғамдық бірлестіктердің жұмысына мемлекеттік қолдау көрсету;

- ұзақ мінсіз қызметіне байланысты мемлекеттік қызметкерлеріне жеңілдіктер белгілеу;

- мемлекеттік қызметкерлер, сондай-ақ тұрғындар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресін насихаттау;

- сыбайлас жемқорлық пен лауазымдық құқықбұзушылық үшін сотталған адамдарға мемлекеттік қызмет атқаруға тыйым салынатын лауазымдардың тізімін белгілеу;

- лауазымдық өкілеттілігін жүзеге асыруына байланысты қызметінде этикалық нормаларын бұзған адамдарды мемлекеттік қызметтен босату;

- мемлекеттік басқаруды реформалау бойынша басқарудың жүйесін жаңғырту бағдарламасын құру және жүзеге асыру;

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Сериев Б.А., Толамисов А.Ф. Жемқорлықпен күрес шараларын жетілдіру шаралары Жаһандану кезеңіндегі мемлекет пен құқықтың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Каскелең, 2017. – 286-291 бб.

2. Сериев Б.А. Қазақстан Республикасында жемқорлықпен күресудің қылмыстық-құқықтық қырлары: Оқу құралы. – Талдықорған: «Skylink» ЖШС баспасы, 2019. – 70 б.

3. Беисов Е.Ж. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді шаралар// «Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізудің саяси, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық қырлары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конф. матер. - Талдықорған, І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2021. 52-54 бб.

4. Е. Белгібеков Сыбайлас жемқорлыққа байланысты жеке тұлға мәселелері.- «Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі жемқорлықтың алдын алу шаралары» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Талдықорған, 2019. - 48 б.

5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Астана: Елорда, 2011. – 56 б.



ӘОЖ 378.1

## ОҚУ ҮРДСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Усенбаева Асемгуль Узакбаевна,  
заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Еуразия технологиялық  
университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
Кулажанова Аяжан Нусипжановна,  
заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Еуразия технологиялық  
университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

**Аңдатпа.** Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру.

Мақалада қазіргі таңда білім берудің инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізу жолдары қарастырылады.

**Кілт сөздер:** инновация, интеграция, интерактив, инновация, монизм, кооперация, тренинг, кейс-стади.

**Аннотация.** Одной из задач, поставленных перед работниками сферы образования, является постоянное совершенствование методов и приемов обучения и овладение современными педагогическими технологиями.

В статье рассматриваются способы влияния инновационных и интерактивных методик образования на качественное и интересное проведение занятий с использованием их в ходе занятий.

**Ключевые слова:** инновация, интеграция, интерактив, инновация, монизм, кооперация, тренинг, кейс-стади.

**Annotation.** One of the tasks set for employees in the field of education is the continuous improvement of teaching methods and techniques and the mastery of modern pedagogical technologies.

The article examines the ways in which innovative and interactive educational methods influence high-quality and interesting classes using them during classes.

**Keywords:** innovation, integration, interactive, innovation, monism, cooperation, training, case study.

Инновациялық үдерістің негізі — жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновациялық оқыту оқытуды ұйымдастыру шарттарына, сондайақ оқытушының жұмысына қойылатын талаптарды белгілі бір түрде өзгертеді.

Оқытуды ұйымдастырудың формалары – белгілі бір тәртіпте және мезгілде жүзеге асырылатын оқытушы мен білім алушылардың бірлескен іс-әрекетінің сыртқы көрінісі. Олар әлеуметтік тұрғыда шартты, дидактикалық жүйелердің дамуымен байланысты пайда болып жетілдіріліп отырылады.

2007 жылғы 27 шілдеде Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы қабылданды. Заңда білім берудің анықтамасы көрсетілген. Білім беру дегеніміз имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі.

Сонымен қатар, инновациялық - білім беру консорциумы - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, ғылыми ұйымдар мен өндіріс саласында жұмыс істейтін басқа да заңды тұлғалар іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулер мен технологиялық инновациялар негізінде жоғары білікті мамандар даярлау үшін зияткерлік, қаржылық және

өзге де ресурстарды біріктіретін, бірлескен қызмет туралы шарт негізіндегі ерікті тең құқықты бірлестік [1. 46].

Қазіргі сабаққа қойылатын жалпы талаптар: ғылымның жаңа жетістіктерін, педагогикалық практиканың озат тәжірибесін пайдалану, сабақты оқу-тәрбие үрдісінің заңдылықтарының негізінде құру; сабақта барлық дидактикалық принциптерді және ережелерді тиімді арақатынаста жүзеге асыру; білім алушылардың қызығушылықтарын, ынталарын және сұраныстарын ескере отырып өнімді танымдық іс-әрекетке қажетті жағдайды қамтамасыз ету; білім алушылар ұғынатын пәнаралық байланысты орнату; бұрыннан оқылған білімдермен және іскерліктермен байланыс, білім алушылардың даму деңгейіне сүйену; тұлғаның барлық аясын дамытуды өзектендіру және белсендету; оқыту-тәрбиелеу іс-әрекетінің барлық кезеңдерінің логикалық байланысы және эмоционалдылығы; педагогикалық құралдарды тиімді пайдалану; өмірмен, өндірістік іс-әрекетпен, білім алушының жеке тәжірибесімен байланыс; практикаға қажетті білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды, ойлауды және іс-әрекеттің тиімді тәсілдерін қалыптастыру; оқи білу іскерлігін, тұрақты түрде білім көлемін толтыруға деген сұранысын қалыптастыру; әрбір сабақты тиінақты диагностикалау, болжау, жобалушы және жоспарлау.

Қазіргі сабаққа қойылатын дидактикалық талаптар: әрбір сабақтың білім беру мақсатын дәл анықтау; сабақтың ақпараттылығын реттеу, әлеуметтік және жекелік сұраныстарды ескере отырып тиімді мазмұнды таңдау; танымдық іс-әрекеттің жаңа технологияларын енгізу; оқытудың әр қилы түрлерін, формалары мен әдістерін тиімді ұштастыру; сабақтың құрылымын қалыптастырудағы шығармашылық ыңғай; білім алушылардың әр түрлі ұжымдық іс-әрекетінің формаларын дербес іс-әрекетімен ұштастыру; жедел кері байланысты, әрекетті қадағалауды және басқаруды қамтамасыз ету; сабақты өткізудегі ғылыми есеп және шеберлік.

Сабаққа қойылатын тәрбиелеушілік талаптар: сабақтағы іс-әрекеттің, оқу материалының тәрбиелеушілік мүмкіншіліктерін анықтау; оқу жұмысының мақсаты мен мазмұнынан ғана шығатын тәрбиелік міндеттерді қою; білім алушыларды жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу, ұқыптылықты, жауапкершілікті, зейінділікті, ұжымшылығы, т.б. қалыптастыру; білім алушыларға зейінді және сезімталдық қатынас, олармен ынтымақтастықта жұмыс істеу.

Сабаққа қойылатын дамытушылық талаптар: оқу-танымдық іс-әрекеттің оң мотивін, қызығушылықты, шығармашылық бастамашылықты және белсенділікті қалыптастыру; білім алушылардың даму деңгейін және психологиялық ерекшеліктерін зерттеу және есепке алу; сабақтарды «озу» деңгейінде жүргізу; білім алушылардың интеллектуалдық, эмоционалдық, әлеуметтік дамуындағы «секірістерді» болжау. Осы талаптардан басқа сабаққа мынадай да талаптар қойылады: ұйымдастырушылық, психологиялық, басқарушылық, санитарлықгигиеналық, этикалық т.б.

Жаңа әдістер мен формаларды ендіру колледждер мен жоғары оқу орындарының үнемі қажеттілігі болып отыр. Соңғы оншақты жылда педагогика, психология мен әлеуметтанумен интеграциялана бастады. Жаңа оқу өзара әрекетінің мазмұнын бейнелейтін анықтама іздеу үрдісінде интерактивті оқыту термині пайда болды, ол шын мәнінде педагогикалық өзара әрекеттің мәнін, мазмұнын және құрылымын жақсартуға қабілетті. Мұндай технология педагогты даярлау үрдісінде белгілі бір қайта құруларды талап етеді. Ол студенттермен қарым-қатынаста жаңа өзара іс-әрекет түрін қалыптастырумен байланысты, сабақтың өзіндегі бағалау жүйесінің өзгерісіне, оқытушы, әкімшілік, студенттер тарапынан интерактивті сабақты бағалауына да әсер етеді.

Соңғы кезде белсенді оқу әдістері (интерактивті) кең тарауда, оған әлеуметтік-психологиялық тренингтер, топтық талқылау және әртүрлі ойындардың (рөлдік, иммитациялық, т.б.) түрлері жатады. Бұл әдістің ерекшелігі оқытудың белсенді түрі, топтық сипат және кері байланыстың үздіксіздігі. Оқытудың белсендігі бірқатар процедуралармен қамтамасыз етіледі: оқыту үрдісіне проблемалық жағдайдың қосылуы, зерттеушілік элементтері, нақты үрдістердің әртүрлі моделдерін қолдану. Белсенді оқытудың көптеген

әдістері, әсіресе элеуметтік-психологиялық тренингте міндетті принципі кері байланыс саналады, бұл сабаққа қатысушыға өзін сырттан қаруға мүмкіндік береді, өз мінез-құлқын біршама адекваттыға өзгертуге және өзін жаңа ұстанымда сынауға мүмкіндік береді. Белсенді әдістерде топтық өзара әрекет әсері кең қолданылады.

Оқытудағы инновациялық әдістерге топтық оқытуды, даралық жұмыстың әртүрлі формаларын, бригадалық оқытудың әртүрлі формаларын, дамытушы оқыту жүйелері және т.б. енеді. Байланысты қамтамасыз етіп, ақпарат берумен шектелмейтін және өзгелерге белгілі бір әсер ететін, олардың мінез-құлқының, іс-әрекетінің өзгеруін қамтамасыз ететін қарым-қатынастың қызметі ретінде интерактивтіліктің психологиялық мәнінен бастау ала отырып, біз интерактивтілікті оқу үрдісінде байланыстың интерактивтілігін ұйымдастырушы дидактикалық құралдардың белгілі бір қасиеті деп анықтаймыз.

Интерактивті және белсенді оқыту әдістерін салыстыру бұл әдістердің оқыту субъектілерінің «іс-әрекеттік тұрғысын», олардың өзбеттілігі мен шығармашылығын дамытуға бағытталғанын көрсетеді.

«Интерактив» сөзі ағылшынның —interactl сөзінен шыққан. «Inter» - бұл өзара, «act» - әрекет ету деген мағынаны береді. Кейде интерактив сөзін кейбір әдебиеттерде интербелсенді деп жазады. Интерактивті сөзі бұл бір нәрсемен (мысалы, компьютермен) немесе біреумен (адаммен) әңгімелесу, диалог түрінде өзара әрекет етуге қабілеттілік дегенді білдіреді. Сондықтан интерактивті оқыту - диалогтық оқыту, оның барысында оқытушы мен студент арасында өзара тікелей әсер ету, қарым- қатынас жүзеге асырылады. Интерактивті оқыту түрі – кооперация мен бәсекелестік [2. 1426].

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

«Инновация» деген сөз – латынның «novis» жаңалық және «іп» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді.

Жаңа педагогикалық технологиялар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға көмектеседі. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғышарттар қажет: оқу үдерісін интенсифтендіруді жаппай қолға алу; оқушылардың сабақтастығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру. Оның ғылыми-әдістемелік, оқыту-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп-білу пәндік білім стандартымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру технологиясын меңгеру арқылы оқушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игертуге қол жеткізу, оқыту үдерісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу қажет.

Оқытудың инновациялық технология бойынша әдістемелік жүйесі сапалы нәтижеге жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнымен тікелей байланысты. Сондықтан инновациялық әдіс-тәсілдерді оқыту үдерісіне енгізу барысында танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнын, белгілі деңгейде белсенділігін көздейді. Осы екі үдерісінің өзара сапалы нәтижесінде оқушының өз ісіне сенімділігін, жауапкершілік сезімін, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мақсатын жүзеге асыруға жағдай туғызатын оқытудың инновациялық негізгі түрлері анықталады.

Инновациялық үдерістің негізі – жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады: оқушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты; жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады; жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгізу барысында

әрбір оқу орнының материалдық-техникалық базасының бүгінгі талапқа сай еместігі, әрі жетіспеуі, кадрлық әлеуеттің төмендігі көп кедергі жасайды.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру үдерісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижені пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Біздің ойымызша, оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру – міндет. Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай: әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу; білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу; өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту; аналитикалық ойлау қабілетін дамыту [3.236].

Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда оқытушы сабақты дайын күйінде бағалайды, әрбір білім алушының өзі ізденіп, ғылыми негіздерін өз бетінше игеріп, ғылыми зерттеуді көздейді, ал оқытушының негізгі міндетіне білім алушының іс-әрекетін бақылау жатады.

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Масырова Р., Линчевская Т. «Жаңару» (новшество) дегенімізді былай деп түсіндіреді: «Жаңару – белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея.

Бүгінгі таңда Қазақстанда Ш. Қалановтың, Ж. Қараевтің, Ш. Таубаеваның, Қ. Қабдықайыровтың, С. Лактикованың, М. Жанпейісованың, Ә. Жүніспек пен Қ. Нағымжанованың, С. Көшімбетованың, К. Ж. Бұзаубақованың, Б. Тұрғанбаева мен А. Әлімовтың, т.б. ғалымдардың зерттеулерінде оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологиялары жан-жақты қарастырылады. Бұл технологиялар теориялық тұрғыдан дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтиже көрсетіп жүр.

Инновациялық оқытуды ұйымдастырудың қажетті шарттары: оқытушы біліктілігінің жоғары деңгейі; білім алушы мен білім алушылар арасындағы жағымды қарым-қатынас; демократиялық стиль; білім алушы мен білім алушылардың өзара қарым-қатынасы барысындағы ынтымақтастық; жеке тәжірибеге сүйену («педагогикалық»), оқу процесіне дәйекті мысалдар, фактілер, бейнелерді енгізу; ақпарат беру әдістері мен формаларының әр түрлілігі, білім алушылардың қызмет түрлері, олардың ұтқырлығы; білім алушылардың сыртқы және ішкі уәждемесін, сондай-ақ өзара уәждемесін қосу; мультимедиялық технологияларды қолдану.

Оқытушы келесі іскерлікке ие болуы керек: тапсырманы зерттеу процесін білім алушылардың өз бастамасы ретінде қабылдайтындай деңгейде ұйымдастыру; білім алушылар үшін күш-жігерді біріктіруге итермелейтін оқу жағдайларын мақсатты түрде ұйымдастыру; аудиторияда оқу атмосферасын құру және студенттерге көмек көрсету; педагогикалық өзара іс-қимылды оқытушының басқаруындағы әсерге білім алушылардың реакцияларының әсері ретінде сезіне отырып, стандартты емес оқу және тұлғааралық жағдайларды шешу; өзінің ғылыми беделін сақтай отырып, студенттерге өздерінің ойлау қабілетін көрсетуге нұсқан келетін оқытушының айтқан ой-пікіріне тәуелділікке түспеуге, интеллектуалды мінез-құлықта дербестік көрсетуге көмектесу.

Инновациялық оқытуды ұйымдастыру: сабақ тақырыбының проблемалық тұжырымын табу; диалогқа ие оқу кеңістігін ұйымдастыру; білім беру процесінде студенттер мен оқытушының бірлескен күшжігерге уәждемелік дайындығын қалыптастыру; қойылған міндеттерді шешу үшін студенттерді күш біріктіруге итермелейтін арнайы жағдайлар жасау; студенттер мен оқытушылар үшін оқу ынтымақтастығы ережелерін әзірлеу және қабылдау; қарым-қатынастың «қолдаушы» тәсілдерін пайдалану: мейірімді интонациялар,

конструктивтік сұрақтар қоя білу және т. б.; бірлескен қызмет нәтижесін және процесті бағалау жүйесін оңтайландыру; өзін-өзі талдау мен талдаудың жалпы топтық және тұлғааралық дағдыларын дамыту.

Инновациялық оқыту: оқытушылар, студенттер және кураторлардың виртуалды жұмыс кабинеттерін құру және қызмет ету; оқу-әдістемелік материалдардың электрондық базасын үнемі жаңарту және пайдалану; электронды оқу-әдістемелік кешендерді (оқу-әдістемелік материалдар, тесттер, есептер, практикумдар, курстық және дипломдық жұмыстарды рәсімдеуге қойылатын талаптар және т. б.) үнемі жаңарту және пайдалану; компьютерлік сыныптарда лекциялар мен практикалық сабақтар өткізу; лекциялар мен семинарлар өткізу үшін мультимедиялық құралдарды қолдану; лекция курстары мен бизнес-кейстермен видеотеканы қалыптастыру; оқу процесінде виртуалды оқу фирмасын/корпорациясын құру және пайдалану.

Кейс-стади әлеуметтік ғылымдарда, оның ішінде білім беру саласында сапалық зерттеудің жиі қолданылатын тәсілдерінің (әдістерінің) бірі болып табылады. Кейс-стадидің тек әдіс қана емес, сонымен бірге осы әдісті қолдану арқылы жүргізілетін зерттеудің өзін де білдіретіндігін айта кету керек. Кейс-стади қолданыста бар теорияны тексеріп, толықтыру үшін де, жаңасын әзірлеу үшін де өте тиімді. Ол, негізінен, зерттеу сұрақтарына байланысты таңдалады.

Проблемаға бағытталушылық пен тар ауқымдылық – кейс-стадидің негізгі сипаты. Бұл жерде кейстің өзі маңызды, себебі кейс арқылы зерттелетін құбылыс пен оның әлеуметтік құрамы ашылады. Кейс-стади мақсаттың нақтылығының арқасында практикалық міндеттерді шешудің тамаша әдісі болып табылады. Сипаттамалық пен көрнекілік те аталған әдістің айрықша белгілері болып есептеледі. Кейс-стади зерттелетін жағдайдың күрделілігі мен көп қырлылығын ашуға мүмкіндік береді.


Зерттеуші деректерді жинағаннан кейін зерттелетін мәселеге толыққанды әрі мазмұнды сипаттама жасайды. Ол назарды сан мен статистикаға түсіретін сандық зерттеумен салыстырғанда сапалы сипатқа ие. Зерттеуші зерттеуге қатысушыларға сілтеме жасай отырып, жағдайға қатысты бақыланатын оқиғалар мен артефактілерді жазып алады. Оның үстіне кейс-стади зерттеушінің зерттеу пәні туралы түсінігін кеңейтеді, жаңа дүние іздеуге немесе бұрыннан барын қайта қарауға жетелейді.

Кейс-стадидің көмегімен алынған білім оқырманға жетеді, өйткені сипатталып отырған нақты да жанды мәселе оқырман тәжірибесімен астасып жатады. Басқаша айтқанда, мәнмәтінге негізделген деректерден айнымалылар, ұғым-түсініктер, болжамдар арасында жаңа байланыс пайда болғанда кейс-стади зерттеліп отырған мәселенің мәнін түсінуге ықпал етеді. Әдіс зерттеушіге мәселенің себептері мен астарын (не болғанын және неліктен болғанын) түсіндіруге, сонымен қатар мәселені талқылап, бағалауға, жалпылап, қорытындылауға мүмкіндік береді, сол арқылы зерттеудің қолданбалы әлеуетін арттырады [4.1166].

Кейстің мәні мен оның зерттеу аясын жақсырақ тану үшін ағылшын тіліндегі «case» сөзінің «контейнер», «капсула», «жайт», «қабық», «прецедент» және «жағдай» секілді мағыналарына назар аударайық. Көріп отырғанымыздай, зерттеу нысаны немесе кейс «шектелген жүйе» болып көрінеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319
2. Мұханбетжанова Ә. Педагогиканы оқыту әдістемесі. Оқулық. – Алматы: ЖШС РПИК «Дәуір», 2011ж. – 368 бет.
3. Бөрібекова Ф. Б., Жанатбекова Н. Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Алматы: 2014.-360 б.
4. Білім беру зерттеулеріне кіріспе: теория, әдістер және тәжірибелер. Монография / Аида Сағынтаева, Әсел Қамбатырова, Лаура Қарабасова, Гүлмира Қанай, Айнұр Әлмұхамбетова – Нұр-Сұлтан: Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі, 2022 – 232 б.



ӘОЖ 339.375.4/6

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЙТА ӨНДЕУДІ ЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

Г. Тулеубаева -Phd

Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институт, Қазақстан, Тараз қаласы

А.Нурматов ЮР -23/2тобы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының заң факультетінің 1 курс студенті

**Аннотация:** Қазақстанда экономиканың өсуі мен урбанизацияның жалғасуы жыл сайын қатты тұрмыстық қалдықтардың артуының себептері болып отыр. Бүгінгі таңда бұл елдегі ең өткір экологиялық проблемалардың бірі. Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі Тұжырымдамаға сәйкес 2030 жылға қарай қалдықтарды қайта өңдеу 40% дейін құрауы тиіс. Бұл жұмыста авторлар ғылыми әдебиеттер мен БАҚ талдау арқылы Қазақстанда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу процесінің тежелу себептерін анықтауға тырысты және қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеуді ынталандыруға бағытталған бірқатар іс-шараларды ұсынды.

**Кілт сөздер:** жасыл экономика, тұрмыстық қалдықтар, қалдықтарды басқару, қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу, бәсекеге қабілеттілік

**Аннотация:** Рост экономики и продолжающаяся урбанизация в Казахстане являются причинами ежегодного повышения твердых бытовых отходов. Сегодня это одна из самых острых экологических проблем в стране. Согласно Концепции по переходу Казахстана к «зеленой экономике», переработка отходов должна к 2030 году составить до 40%. В данной работе авторы посредством анализа научной литературы и СМИ попытались выявить причины, по которым в Казахстане заторможен процесс переработки твердых бытовых отходов и предложили ряд мероприятий, направленных на стимулирование переработки твердых бытовых отходов.

**Ключевые слова:** зеленая экономика, бытовые отходы, управление отходами, переработка твердых бытовых отходов, конкурентоспособность

**Annotation:** Economic growth and ongoing urbanisation in Kazakhstan are causes for the annual increase in solid household waste. Nowadays it is one of the most urgent environmental problems in the country. According to the Concept for transition of Kazakhstan to «green economy», waste recycling should reach up to 40% by 2030. In this paper, the authors, through the analysis of the scientific literature and the media, tried to identify the reasons why the process of solid waste recycling is slowed down in Kazakhstan and proposed a number of measures aimed at stimulating the processing of solid household waste.

**Keywords:** green economy, household waste, waste management, solid household waste recycling, competitiveness

Тұрмыстық қалдықтарды сақтау мәселесі Қазақстанда бірнеше рет көтерілді. Ең өзекті мәселе 2013 жылы «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» ҚР Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы №577 Жарлығын қабылдау кезінде қойылды (ҚР Президентінің Жарлығы, 2013). Дәл осы Жарлықпен қайта өңделген қалдықтардың үлесін 2030 жылы 40% және 2050 жылы 50% дейін арттыру міндеті қойылды. Соның салдарынан Қазақстан Республикасы тарапынан ҚР Үкіметі атынан қатты тұрмыстық қалдықтарды (бұдан әрі-ҚТҚ) қайта өңдеуді дамыту және

ынталандыру бойынша белсенді жұмыс басталды. Алайда, бүгінгі таңда бұл бағыттағы жұмыс «баяулады». Қазақстан бүгінде ҚТҚ сақтау аумағын ұлғайту мәселесіне тап болып отыр. Атап айтқанда, ресми деректер бойынша 2020 жылдың 3 тоқсанына республикада 3292 полигон бар, оның ішінде 601 полигон (18,2%) экологиялық және санитарлық нормаларға сәйкес келеді («ҚР азаматтарына арналған үкімет» КЕАҚ, 2021).

ҚТҚ сақтаудың ең көп тараған тәсілі-ҚТҚ жағу, содан кейін полигонда ҚТҚ қалдыру және сақтау. Аталған Тұжырымдамаға сәйкес «халыққа қызмет көрсетуді ұйымдастыру стандарттарға сәйкес келмейді. Ірі қалалардан тыс жерлерде халықтың орта есеппен төрттен бір бөлігі ғана ҚТҚ шығару қызметтеріне қол жеткізе алады. Сондай-ақ, қызмет көрсетуде айтарлықтай аймақтық айырмашылықтар бар. ҚТҚ тасымалдау және кәдеге жарату әдістері стандарттарға сәйкес келмейді. ҚТҚ 97% бағалы қайталама ресурстарды қайта өңдеусіз және алып тастамай, санитарлық талаптарға сай келмейтін бақыландырылған полигондар мен полигондарға әкетіледі» (ҚР Президентінің Жарлығы, 2013).

Осылайша, жақын арада Қазақстан халқы бұл үшін аумақтардың болмауына байланысты ҚТҚ сақтаудың физикалық тұрғыдан мүмкін емес мәселесіне тап болады. Сондықтан аталған тақырып өзекті және үнемі зерттеуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасында қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды тиісті дәрежеде дамытуға мүмкіндік бермейтін басты себептердің бірі-ҚТҚ қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорындарды құруды және дамытуды ынталандыру жөніндегі шаралардың жеткіліксіздігі болып табылады.

Қазақстанда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеуге айтарлықтай кедергі келтіретін тағы бір маңызды себеп – Қазақстан халқында қоқыс жинайтын компаниялар мен қоқыс полигондары иелерінің қоқысты сұрыптауға байланысты мәдениетінің болмауы.

Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасында «ҚТҚ бөлек жинау, тасымалдау, қайта өңдеу және кәдеге жарату инфрақұрылымының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етумен ұштасқан ҚТҚ жұмыс істеу жүйесін дамытудың өзекті мәселесіне назар аударылады. Сондай-ақ, шет елдердің тәжірибесін ескере отырып, ҚТҚ жинау мен жоюдың жаңа стандарттарын қолдану қажеттілігі көрсетілген. Бұл ретте Тұжырымдама жобасында әрбір тұтынушыға тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау жөніндегі талаптарды енгізу туралы көрсетіледі. Бұл ретте Тұжырымдама жобасында қалдықтарды бөлек «жинау» бөлігінде жекелеген елдер бойынша шолу келтірілген. Алайда, тұтынушылардың тұрмыстық қатты қалдықтарды бөлек «жинаудың» тиімді механизмі ұсынылмаған» (Дюсенов, Е.А., Лямбекова, А.К., 2018).

- по согласованию с уполномоченным органом государственного планирования утверждает инструкцию по подготовке, подаче и рассмотрению расходов на государственные закупки товаров, работ и услуг в области информатизации;
- утверждает правила аудита информационных систем по согласованию с уполномоченным органом в области информационной безопасности;
- утверждает методику расчета затрат на создание, развитие и содержание средств информатизации государственных органов и их стандарты;
- утверждает методологию расчета стоимости информационно-коммуникационных услуг для государственных органов по согласованию с центральным органом бюджетного планирования и уполномоченным органом в области информационной безопасности;
- разрабатывает и утверждает правила работы Международного технологического парка «Астана-хаб», в том числе порядок оказания услуг и определения их стоимости;
- разрабатывает и утверждает методологию оценки эффективности деятельности государственных органов по использованию информационно-коммуникационных технологий;

Электронный сервис - это частично автоматизированный сервис, который включает последовательность бумажного и электронного документооборота в процессе обслуживания. По способу предоставления услуг в электронном виде:

- 1) информация;

- 2) интерактивный;
- 3) транзакционный;
- 4) композитный;
- 5) проактивный

Сервис по предоставлению электронных информационных ресурсов пользователю является информационным сервисом, предоставляемым в электронном виде. Интерактивный сервис, предоставляемый в электронном виде, представляет собой сервис, предоставляемый пользователю по его запросу или по соглашению сторон, который требует обмена информацией. Электронная цифровая подпись может потребоваться для предоставления интерактивной услуги.

Транзакционный сервис - это сервис, который предоставляет пользователю электронные информационные ресурсы, которые требуют взаимного обмена информацией и связаны с оплатой в электронной форме. Электронная цифровая подпись может потребоваться для предоставления транзакционных услуг.

Составная услуга - это совокупность взаимосвязанных услуг, предоставляемых в электронной форме, которая достаточна для запроса получателя услуг в электронной форме и должна быть заверена электронной цифровой подписью. Основным звеном в процессе информатизации правовой сферы общества является создание национальной автоматизированной правовой информационной системы на территории Казахстана, объединяющей внутренние системы всех регионов страны, всех юридических лиц и органов власти. Негативным результатом информирования общественности стало появление нового вида преступлений, то есть «компьютерных» преступлений, поскольку криминальный мир всегда был вооружен самыми современными средствами совершения преступлений, сегодня это компьютерные информационные технологии. Развитие компьютерных информационных технологий, широкое использование компьютеров, их интеграция в телекоммуникационные сети расширяет доступ к «чужим» информационным ресурсам, открывает путь к новым способам совершения преступлений. Таким образом, наблюдается рост социально опасных преступных действий с использованием или без использования компьютерных технологий. Все вышеперечисленное является обязательным условием использования компьютерных технологий юридическими лицами и создает необходимость подготовки юристов для работы в новой среде - современной информационной среде. Сегодня юрист может не только раскрыть преступления, совершенные с использованием компьютеров, но и свободно использовать компьютерные информационные технологии в своей профессиональной деятельности. Однако следует иметь в виду, что решение правовых проблем с помощью технических средств и информационных технологий требует разработки неформальных и формальных алгоритмов и программ для работы с информацией. Это могут быть алгоритмы и программы законодательного процесса, правовое регулирование, судебные процессы, передача информации от правоохранительных органов фирмам, автоматизация поиска информации о нарушениях среди работников предприятий региона, района и многое другое.

#### **Список использованной литературы:**

1. Закон Республики Казахстан об информатизации от N 217 января 2007 г.
2. Бурцева, Е.В. Методика организации профессиональной подготовки студентов в процессе изучения образовательной области «Правовая информатика»: дис. на ... к.п.н. Спец.13.00.08 / Е.В. Бурцева. – Тамбов : ТГТУ, 2002. – 200 с.
3. Алексеев, С.С. Введение в юридическую специальность / С.С. Алексеев. – М. : Юрид. лит., 1981. – Т.1. – 359 с.
4. Алексеев, С.С. Право и правовая система / С.С. Алексеев // Правоведение. – 1995. – № 1.
5. Винер, Н. Кибернетика, или управление и связь в животном и машине / Н. Винер. – 2-е изд. – М., 1983.
6. Рассолов, М.М. Правовая информатика и управление в сфере предпринимательства: учеб. пособие / М.М. Рассолов, В.Д. Элькин, И.М. Рассолов. – М. : Юрист, 1996. – 480 с.

7. Чубукова, С.Г. Основы правовой информатики (юридические и математические вопросы информатики) : учеб. пособие / С.Г. Чубукова ; под ред. М.М. Рассолова, В.Д. Элькина. – М. : Контракт, 2007.

8. Об информации, информационных технологиях и о защите информации : федер. закон от 27.07.2006 № 149-ФЗ (ред. от 06.04.2011) [Электронный ресурс]: КонсультантПлюс. Информационно-правовой портал. – Режим доступа: URL:<http://www.base.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=home>.



УДК 340(574)

## ЭЛЕМЕНТЫ ТЕОРИИ СИСТЕМ. ПОНЯТИЕ И ОПИСАНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ПРАВОВЫХ СИСТЕМ И ИХ ПОДСИСТЕМ

Мусаева Алия Январбековна

магистр юридических наук, Международный Таразский инновационный институт имени Шерхана Мұртазы, кафедра «Государственно-правовых дисциплин»

Канатулы Эмир

группа ЮР-23/2 студент 1-го курса

Международный Таразский инновационный институт имени Шерхана Мұртазы

**Аңдатпа:** Мақалада жүйелер теориясының элементтері, мемлекеттік құқықтық жүйелер мен олардың ішкі жүйелерінің түсінігі мен сипаттамасы, сондай-ақ құқықтық жүйе туралы қарастырылады, оған заңнамалық және құқық қорғау процестерінде оны тиімді құрудың мемлекеттік құқықтық тетіктері кіреді. Қоғамның мемлекеттік құқықтық жүйесінің ішкі жүйелеріне сот жүйесі, прокуратура, сот, ішкі істер органдары, сондай-ақ мемлекеттің құқықтық сана, заңнамалық тетіктер, заңнамалық процестер, сот процестері сияқты функционалды құқықтық жүйелерінің ішкі жүйелері кіреді

**Кілтті сөздер:** жүйе, элементтер, жүйелі зерттеулер, функциялар, ақпараттық жүйе. **Аннотация:** В статье рассмотрены элементы теории систем, понятие и описание государственных правовых систем и их подсистем, а также о правовой системе, которая включает в себя государственные правовые механизмы для ее эффективного создания в законодательных и правоохранительных процессах. Подсистемы государственной правовой системы общества включают судебную систему, прокуратуру, суд, органы внутренних дел, а также подсистемы функциональных правовых систем государства, таких как правосознание, законодательные механизмы, законодательные процессы, судебные разбирательства

**Ключевые слова:** система, элементы, систематические исследования, функции, информационная система.

**Abstract:** The article examines the elements of the theory of systems, the concept and description of state legal systems and their subsystems, as well as the legal system, which includes state legal mechanisms for its effective creation in legislative and law enforcement processes. Subsystems of the state legal system of society include the judicial system, the prosecutor's office, the court, internal affairs bodies, as well as subsystems of functional legal systems of the state, such as legal awareness, legislative mechanisms, legislative processes, judicial proceedings

**Keywords:** system, elements, systematic research, functions, information system..

Систематические исследования используются уже более нескольких лет. Система - это набор элементов, которые образуют единое целое, взаимодействуя и взаимодействуя друг с другом. Любую систему можно разделить на подсистемы, а подсистему можно разделить на наименьший уровень системы - элементы. Подсистема является частью независимой системы, которая зависит от конкретных характеристик. Системный элемент -



это объект, который выполняет определенную функцию и не подлежит дальнейшей разборке.

Элементы внутри системы взаимодействуют друг с другом, а во внешней среде - напрямую и с обратной связью с другими системами. Система основана на контроле методологического подхода научно-познавательного и социально-практического общества и его отношений. Есть много определений "системы" В переводе с греческого система «состоит из частей», «соединение», то есть система представляет собой набор взаимосвязанных элементов. Например, система рассматривается как набор взаимосвязанных элементов, которые интегрированы для достижения общей цели, изолированы от окружающей среды, взаимодействуют с ней в целом и отражают свойства системы. В широком смысле система определяется в глоссарии автоматизации, компьютерных наук и компьютерных технологий: «система представляет собой набор взаимосвязанных объектов, которые поставлены перед определенной общей целью с учетом условий окружающей среды». Упорядоченный набор системных элементов и их связь друг с другом представляет структуру системы. Анализируя понятие структуры и существующих определений системы, мы выделяем следующие основные компоненты:

- 1) система представляет собой упорядоченный набор элементов;
- 2) элементы системы взаимосвязаны и внутри этой системы ее подсистемы;
- 3) система в целом выполняет возложенную на нее задачу, которую нельзя отнести к функции отдельного элемента;
- 4) элементы системы могут взаимодействовать друг с другом внутри системы, а также с независимой внешней средой внутри системы, а также изменять свое содержание или внутреннюю структуру. Элементы внутри системы взаимодействуют друг с другом, а во внешней среде - напрямую и с обратной связью с другими системами. Например, если мы рассматриваем рынок как систему, то его элементами являются: производители, покупатели, маркетологи, рекламодатели, спрос, товары и так далее. Любую систему можно разделить на подсистемы, а подсистему можно разделить на наименьший уровень системы - элементы. Связь элементов системы с внешней средой представлена входами и выходами данных элементов. Информационная система - это динамическая система, состоящая из входов и выходов. Взаимодействие всех элементов системы осуществляется потоком информации. В зависимости от конкретной цели, системы классифицируются по различным характеристикам. Все системы делятся на определенные и вероятностные в зависимости от характеристик элементов. В определенной системе все элементы четко определены. Информационная система - это определенная система. В зависимости от степени обмена с окружающей средой системы будут открыты и закрыты. Разница между открытой системой и закрытой системой заключается в процессе обмена. В зависимости от уровня сложности системы делятся на три: простые, сложные и очень сложные. Пример простой системы: система контроля посещаемости сотрудников, работников и многое другое. Примеры сложных систем: информационные системы фирмы, предприятия и многое другое. Примеры очень сложных систем: государственная информационная система, международная информационная система. Системные особенности системы:

- 1) Принцип внешней целостности - относительная адаптивность системы к окружающей среде;
- 2) Принцип внутренней целостности - свойства системы зависят от свойств ее элементов и их взаимосвязей (система не может выполнять свою функцию из-за нарушения взаимосвязи элементов);
- 3) Иерархический принцип - систему можно разделить на подсистемы, с другой стороны, сама система может быть элементом сложной системы.

Свойства системы: гомеостатическое, целостность, индивидуальность, полнота, делимость, множественность, предрасположенность, изоморфизм, соответствие.

Гомеостатические свойства - удовлетворять способность функционировать без снижения эффективности. Целью создания информационной системы является интеграция информационных ресурсов без изменения эффективного взаимодействия.

Свойство целостности - это свойство, при котором изменение одного элемента в системе влияет на изменение других элементов системы. Особенностью является защита системы от внешней среды.

Свойство полноты - изменение только одного элемента приводит к изменению всей системы.

Свойство разделения - это возможность отделить любую подсистему или элемент от системы.

Свойство множественного числа состоит в том, что отдельный элемент в системе отличается от других элементов.

Адаптивность - это способность системы адаптироваться к меняющимся условиям.

Свойство изоморфизма - это способность свойств одной системы отражаться в свойствах других систем.

Свойство соответствия - обеспечение сочетания технических и организационных условий одной системы с другими системами.

Системный подход используется во всех сферах образования, но проявляется в разных направлениях. Ученые-правоведы обращают внимание на системный подход в анализе правовых явлений, применение которого позволяет учесть все важные взаимосвязи между элементами системы. Термин «правовая система» впервые был придуман Э.Б. Пашуканисом, он использовал термин «система» не случайно и термин широко используется применительно к правовой деятельности, правовой системе, системе государственных и юридических лиц, системе правовой информации, системе доказательств, судебной власти, которые могут быть представлены как различные объединенные социальные системы людей, поскольку все явления являются системными.

Информационная коммуникация правовых систем (государственных органов, судов, прокуратуры и т. д.) По каналам связи друг с другом, учреждениями, предприятиями, организациями, гражданами и т. п. деятельность будет осуществляться. Согласно определению С.С. Алексеева, юриспруденция является особой отраслью общественной жизни, практики и науки, связанной с правом, правовой деятельностью, осуществляемой системой государственно-правового характера. Основная функция правовой системы государства тесно связана с регулированием или управлением связями с общественностью Н. Винер также подчеркнул тесную связь между понятиями «управление» и «информатизация», в результате чего любое управление основывается на сборе, обработке и использовании информации или информационных ресурсов. Таким образом, они распространяются по прямым и обратным каналам. Система обрабатывает сбор, обработку и использование информации, на основе которой действуют процессы управления. Некоторые авторы считают, что правовая система представляет собой «неотъемлемую совокупность правовых явлений, определяемых объективными законами развития общества, которые сознательно и регулярно производятся людьми и их организациями (государством) и используются для достижения их целей».

Таким образом, государственно-правовые системы представляют собой очень сложный тип публичных субъектов с функцией информационного обеспечения правовой деятельности, который включает в себя набор различных подсистем, каждая из которых выполняет определенную функцию, например, информационные системы - функциональные системы управления.

Правовая система включает в себя государственные правовые механизмы для ее эффективного создания в законодательных и правоохранительных процессах.

Подсистемы государственной правовой системы общества включают судебную систему, прокуратуру, суд, органы внутренних дел, а также подсистемы функциональных правовых систем государства, таких как правосознание, законодательные механизмы, законодательные процессы, судебные разбирательства и т.д. Функциональные правовые


системы - это механизмы достижения целей, поставленных государством. Поэтому их функции определены для этой цели и согласованы определенным образом. Функциональная правовая система определяется как определенное количество взаимосвязанных и взаимодействующих элементов, например, юридических лиц, должностных лиц, граждан. В то же время различные элементы государственной правовой системы, подсистемы взаимодействуют друг с другом и с внешней средой и выполняют свои специфические функции в зависимости от конкретного вида правовой деятельности. Выполняя установленные функции, «эти системы предстают, прежде всего, в виде сложных самоуправляющихся динамических систем, состоящих из субъектов и объектов управления. Взаимодействие систем происходит по прямым и обратным каналам, где осуществляются процессы сбора, обработки, анализа и использования информации, процессы управления. Трудовой процесс в обществе в первую очередь описывается как система. Этот процесс включает труд как целенаправленную деятельность человека, в ходе которой, используя инструменты, воздействует на определенные объекты (объекты труда) для достижения своих целей. На основании этого теоретического заключения М.М. Рассолов утверждает, что понятие и сущность информационной системы в области права «можно рассматривать как повседневную деятельность или работу (прокуроры, суды и т. д.) Для достижения целей различных социальных сфер» они представляют собой обработку информации в определенной форме для принятия любых решений с использованием электронных компьютеров, счетных и других инструментов, для выполнения определенного командно-контрольного действия, то есть для принятия определенных решений. М.М. По словам Рассолова, информационно-правовая система это:

- 1) система целенаправленной, целевой деятельности, связанной с информацией в правовых структурах, системах;
- 2) обработка юридических данных через совокупность субъектов управления и технических средств;
- 3) набор правовых информационных ссылок, криминологических течений, статистических массивов и т. д. Таким образом, основываясь на определениях теории систем и концепции систем в юридических науках, можно сделать следующие выводы: правовая система - упорядоченный набор элементов; элементы системы взаимосвязаны и взаимодействуют друг с другом и внешней средой не случайно, а с помощью необходимых связей и связей; система выполняет свою функцию, регулируя общественные отношения, объединяющие систему в целом.

#### **Список использованной литературы:**

1. Закон Республики Казахстан об информатизации от января 2007 г. N 217
2. Государственная программа «Цифровой Казахстан» была утверждена постановлением от 12 декабря 2017 года № 827
3. Закон Республики Казахстан «О доступе к информации» от 16 ноября 2015 года, Приказ № 401 Республики Казахстан.
4. Бурцева, Е.В. Методика организации профессиональной подготовки студентов в процессе изучения образовательной области «Правовая информатика»: дис. на ... к.п.н. Спец.13.00.08 / Е.В. Бурцева. – Тамбов : ТГТУ, 2002. – 200 с.
5. Алексеев, С.С. Введение в юридическую специальность / С.С. Алексеев. – М. : Юрид. лит., 1981. – Т.1. – 359 с.
6. Алексеев, С.С. Право и правовая система / С.С. Алексеев // Правоведение. – 1995. – № 1.
7. Винер, Н. Кибернетика, или управление и связь в животном и машине / Н. Винер. – 2-е изд. – М., 1983.
8. Рассолов, М.М. Правовая информатика и управление в сфере предпринимательства: учеб. пособие / М.М. Рассолов, В.Д. Элькин, И.М. Рассолов. – М. : Юристъ, 1996. – 480 с.
9. Чубукова, С.Г. Основы правовой информатики (юридические и математические вопросы информатики) : учеб. пособие / С.Г. Чубукова ; под ред. М.М. Рассолова, В.Д. Элькина. – М. : Контракт, 2007.

10. Об информации, информационных технологиях и о защите информации : федер. закон от 27.07.2006 № 149-ФЗ (ред. от 06.04.2011) [Электронный ресурс]: КонсультантПлюс. Информационно-правовой портал. – Режим доступа: URL:<http://www.base.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=home>.



**ӘОЖ 343(574)**

## **ЮВЕНАЛДЫ ҚҰҚЫҚТЫҢ ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДЕГІ КӨЗДЕРІ**

**Асқарбекқызы Назира**  
заң ғылымдарының кандидаты, ЖБА профессоры  
**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**  
**Тлеукулова Дания**  
**ЮР -23/2тобы, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық**  
**институтының заң факультетінің 1 курс студенті**

Ғасырлар мен мыңжылдықтар бойы балаларға қатысты зорлық-зомбылық қоғамдық қатынастардың нормасы болды және әртүрлі мемлекеттердің заңнамасында ресми түрде бекітілді. Қылмыстық саясатта ересектер мен кәмелетке толмағандар арасында ешқандай айырмашылық болған жоқ. Бірыңғай тәсіл қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселелеріне де, жазаны өтеуге де қатысты болды.

Балаларға өлім жазасы қолданылды, түрмелерде ересек қылмыскерлермен бірге ұсталды, дене жазасына кесілді. Балалардың отбасылық тәрбиесі де адамгершілікпен ерекшеленбеді.

Тарихтың кейбір кезеңдерінде кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауапкершілікке тарту және жазалау тәсілдері біршама жеңілдетілді. Сонымен, ежелгі Римдегі XII кестелер Заңы бойынша сотталушының кәмелетке толмаған жасына негізделген кешірім принципі қолданылды.

19 ғасырдың аяғында Ресей заңнамасында кәмелетке толмағандарға қылмыстық жазаның ауырлығын жеңілдететін және қылмыстық сот ісін жүргізуде олардың құқықтық қорғалуын жүзеге асыратын құқықтық нормалар пайда болған. Бұл ретте Екатерина II-нің 1765 жылғы 26 маусымдағы Жарлығы бойынша және 1845 жылғы Кодекс бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартуға он жастан бастап жол берілді (жазалар туралы Кодекстің 137, 137-І, 138-баптары). Он жасқа толмаған балалар жас деп танылды. Олар есі дұрыс емес деп танылды және ата-аналарына, туыстарына және қамқоршыларына сотқа берілместен берілді.

1897 жылғы 2 шілдедегі «Балалар мен кәмелетке толмаған қылмыскерлер туралы» заңда кәмелетке толмағандарға түрмеге қамау жазасы сақталған, олар үшін арнайы үй-жайлар қарастырылған.

19 ғасырдың екінші жартысында әлемде философия, педагогика және құқықтану саласындағы прогрессивті идеялардың дамуы әсерінен кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға деген көзқарас біртіндеп өзгере бастады. Мемлекеттік құқықтық жүйелердің жазалау функциялары тәрбиелік функциялармен ауыстырылады, кәмелетке толмағандардың істері бойынша сот рәсімдері жеңілдетіледі, құқық бұзушылық жасаған балалар мен жасөспірімдерді ұстауға арналған арнайы мекемелер құрылды.

1824 жылы Нью-Йоркте балалар мен жасөспірімдерді ересек қылмыскерлермен бірге түрмеде ұстаудан қорғау мақсатында алғашқы реформалар құрылды.

1831 жылы АҚШ-тың Иллинойс штатында кейбір қылмыстар үшін кәмелетке толмағандарға қылмыстық жазаларды жеңілдетуді көздейтін заң қабылданды.

Жазалау функцияларының төмендеуі ювеналды әділеттіліктің таралуына байланысты болды.

Жазалау функцияларының жеңілдетілуі ювеналды әділеттіліктің таралуына байланысты болды.

Кәмелетке толмағандардың жауапкершілігін күшейтуге қылмыс деңгейінің жоғарылауы және оған мемлекеттік құқықтық жүйенің әрекеті айтарлықтай әсер ететінін атап өткен жөн. 1922 жылы Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының Қылмыстық кодексі қабылданды, ол кәмелетке толмағандарға қатысты репрессиялық қылмыстық саясатты күшейтті, РКФСР Қылмыстық кодексінің 18-бабына сәйкес 16 мен 17 жас аралығындағы кәмелетке толмағандарға өлім жазасына дейін ересектермен бірдей жазалар қолданылуы мүмкін еді. Көп ұзамай РКФСР Қылмыстық кодексінің 33-бабына ескертпе қосылды, оған сәйкес өлім жазасы 18 жасқа толмаған адамдарға (қылмыс жасалған уақытта) қолданылмайды.

20 ғасырдың 30-40 жылдарында жаппай саяси қуғын-сүргін, біздің еліміздегі адам құқықтарының бұзылуы кәмелетке толмағандарды да айналып өткен жоқ. Посткеңестік кезеңдегі ювеналды саясат нақты бағыттылықтың болмауымен, жүйесіздікпен және қаржылық қамтамасыз етілмеуімен сипатталды. 90-шы жылдардағы КСРО-ның күйреуі және әлеуметтік-экономикалық дағдарыс кәсіпорындардың жабылуына, жұмыссыздыққа, жалақы мен зейнетақының төленбеуіне әкелді.

Мемлекеттік мүлікті қарқынды қайта бөлу елдегі қылмыстық жағдайды ушықтырды. Өмір сүру проблемалары балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелерін екінші жоспарға ығыстырды, олар бұл жағдайда ең қорғалмаған санатқа айналды. Сол кезеңдегі әлеуметтік сілкіністердің салдары бүгінде де байқалуда – бұл жүздеген мың көшедегі балалар, толып жатқан балалар үйлері, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың артуы, 14 жасқа дейінгі жас балалардың қылмыстық әрекеттерге тартылуы.

Осыған байланысты бұқаралық ақпарат құралдарында кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілік жасын төмендету туралы ұсыныстарды жиі естуге болады.

Қазіргі әлемде қылмыстық жауапкершіліктің ең төменгі жасы төмендегідей ерекшеленеді және мыналарды құрайды:

- Египетте, Иракта, Ливанда, Йеменде және басқа елдерде – 7 жас;
- Өзбекстанда, Францияда, АҚШ-тың бірқатар штаттарында және басқа елдерде – 13 жас;
- Болгария, КХДР, Норвегия, Румыния, ГФР, Ресей және басқа елдерде – 14 жас;
- Данияда, Финляндияда, Швецияда және басқа елдерде-15 жас.

Көптеген мемлекеттерде бұл жас 16 жастан бастап анықталады.

Ювеналды құқықтың қайнар көздері, құқықтың басқа салалары сияқты, әдет-ғұрыптар екенін ескере отырып, кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауапкершілікке тарту жасын құқықтық реттеудің ұқсас айырмашылықтарын белгілі бір халықтардың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерімен, бала тәрбиесінің қазіргі ерекшелігімен, жыныстық жетілу жасымен, ересектердің өмірімен танысуымен және басқа факторлармен түсіндіруге болады.

Ресейде қылмыстық жауапкершіліктің ең төменгі жасын төмендету 1930-шы жылдардағы репрессиялық кезеңге оралуды білдіреді. Қылмыс әлеуметтік-экономикалық себептерге, балаларды тәрбиелеу мен білім беру, оларды әлеуметтік пайдалы қызмет пен мәдениетке баулу мәселелеріне негізделген.

Қылмысқа, оның ішінде кәмелетке толмағандардың қылмысына қарсы күрес әрекеттері тек қылмыстық-құқықтық құралдармен ғана сәтсіздікке ұшырайды.

Ювеналды құқықтың қайнар көздеріне халықаралық құқықтық актілер 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы; 1950 жылғы Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенция; 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт; экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт; 1924 жылғы Бала құқықтары туралы Женева декларациясы; 1959 жылғы Бала құқықтары туралы декларация.; 1989 жылғы Бала құқықтары туралы конвенция;

1990 жылғы балалардың өмір сүруін, қорғалуын және дамуын қамтамасыз ету туралы Дүниежүзілік декларация; 1985 жылғы кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін жүзеге асыруға қатысты БҰҰ-ның минималды стандартты ережелері (Пекин ережелері); 1990 жылғы кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алуға арналған БҰҰ нұсқаулары (Эр-Рияд нұсқаулары) және т. б жатады.

Қазақстан Республикасында ювеналды құқықтың қайнар көздері: Қазақстан Республикасы Конституциясы; конституциялық заңдар мен заңға тәуелді актілер; жергілікті өзін-өзі басқару органдарының актілері.

Ювеналды құқық жүйесіндегі ювеналды нормаларды шартты түрде мақсаты бойынша; қолданылу аумағы бойынша; заң күші бойынша; салалық тиесілігі бойынша; құқықтық реттеу әдісі және өзге де негіздер бөлуге болады:

Мақсаты бойынша ювеналды құқық нормалары мыналарға бөлінуі мүмкін:

1) олардың қолданылуын кеңейтетін, оның ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты жалпы құқық нормалары;

2) кәмелетке толмағандардың қатысуымен құқықтық қатынастарды реттеу үшін құрылған құқықтың арнайы нормалары;

3) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын белгілейтін құқық нормалары;

4) кәмелетке толмағандардың міндеттері мен жауапкершілігін белгілейтін құқық нормалары;

5) қызметтің белгілі бір салаларында (білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, қараусыздық пен құқық бұзушылықтың профилактикасы және т. б.) ювеналды құқықтық қатынастарды реттеу үшін белгіленген құқық нормалары;

6) жаңа ұрпақтың тууын ынталандыруды қамтамасыз ететін, яғни бала туылғанға дейін оның мүддесі үшін әрекет ететін құқық нормалары;

7) кәмелетке толмағандардың туғаннан кейін олардың салауатты әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін құқық нормалары;

8) кәмелетке толмағандардың жекелеген санаттарының (жетімдер, мүгедектер, өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар және т. б.) құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін нормалар;

9) кәмелетке толмағандарға және делдалдыққа тікелей ықпал ету құқығының нормалары (отбасы, мектеп, қорғаншылық және қамқоршылық органдары және т.б.).

Әрекет аумағы бойынша төмендегідей бөлінеді:

1) Халықаралық нормативтік құқықтық актілер;

2) республикалық нормативтік құқықтық актілер (заңдар және заңға тәуелді актілер);

3) жергілікті заңнама;

Заңды күші бойынша:

1) Халықаралық нормативтік құқықтық актілер;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

3) Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдары;

4) Қазақстан Республикасының заңға тәуелді актілері (ҚР Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулылары, министрліктер мен ведомстволардың актілері);

5) Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының нормативтік актілері.

Салалық тиістілігі бойынша кәмелетке толмағанның құқықтық мәртебесін белгілейтін нормативтік актілер бойынша:

1) конституциялық құқық;

2) қылмыстық құқық;

3) отбасы құқығы;

4) азаматтық құқық;

5) әкімшілік құқық;

6) қылмыстық-атқару құқығы;

- 7) еңбек құқығы;
- 8) қылмыстық іс жүргізу құқығы;
- 9) азаматтық-процестік құқық және құқықтық реттеудің өзге де салалары.

Құқықтық реттеу әдісі бойынша:

- 1) реттеушілік заң нормалары (міндеттейтін, уәкілеттік беретін, тыйым салатын);
- 2) көтермелеу заңдық нормалары;
- 3) қорғау заң нормалары болып бөлінеді.

Бала құқықтарын қорғау жолындағы еліміздегі маңызды қадамдардың бірі Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 23 тамыздағы Жарлығымен Астана және Алматы қалаларында кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың құрылуы болды.

Кейін, 2008 жылдың 19 тамызында Президент Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен еліміздегі балаларды қорғау жүйесін жасақтауға және оны әрі қарай жетілдіруге бағытталған «Қазақстан Республикасында ювеналды әділет жүйесін дамытудың 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітілді. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған соттарды құру ювеналды әділет жүйесінің маңызды бөлігі ретінде қарастырылды. Осы мәселені шешу мақсатында 2012 жылдың ақпан айында барлық облыс орталықтарында және ірі елді-мекендерде кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда, алғаш рет Орталық Азия және посткеңестік кеңістікте кәмелетке толмағандардың қатысуымен және балалардың құқықтарын қорғауға қатысты азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істер бойынша арнайы юрисдикциялы өкілеттік берілген мамандандырылған соттар жұмыс істеуде.

Ювеналды құқық қолдану практикасында Қазақстан Республикасы Соттарының шешімдері маңызды рөл атқарады. Мысалы, кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі нормативтік қаулысы.

Сот шешімдерінің, әсіресе әлемдік, федералдық және аймақтық соттарда шығарылатын кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын азаматтық істер бойынша маңызы зор.


Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар кең юрисдикцияға ие және кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық, әкімшілік және азаматтық істердің белгілі категорияларын қамтиды. Әрбір КТМАС-та қаралған қылмыстық, әкімшілік және азаматтық істердің жалпы саны бойынша статистикалық мәліметтер қолда жоқ еді. Әйтсе де жекелеген/топтық сұхбаттар мен сауалнамалар жүргізу арқылы алған мәліметтерге сәйкес, КТМАС-тың жұмысы негізгінен азаматтық (отбасылық) және әкімшілік істерден құралғанын пайымдауға болады. Ал қылмыстық істер болса жұмыстың аз көлемін ғана құрайды. Астана қ. КТМАС-тың 1-қаңтар 2014 жылдан 28-мамыр 2014 жылға дейін қараған істерінің көбісі әкімшілік (68%); 24% -ы азаматтық және 8% - ы қылмыстық істер болды. [2] Қазақстан Республикасындағы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың дамуы/ Каролин Гамильтон, Аваз Рауф.– Астана, 2015, 84 б.

Қазақстанда кәмелетке толмағандар құқығының қалыптасуының тарихи алғы шарттары қоғамда гуманистік идеялардың бірте-бірте таралуы және баланы ерекше қорғауға және оған қамқорлық жасауға, оның ішінде оны туғанға дейін де, туғаннан кейін де тиісті құқықтық қорғауға әлеуметтік қажеттіліктерді сезіну болып табылады.

Әр түрлі елдердің заңнамасында және ҚР заңдарында баланы қорғауды құқықтық реттеу, осы салада қабылданған халықаралық стандарттармен қатар, ювеналды құқықтың қайнар көзі және құқық пен ғылымның жаңа саласының қалыптасуын анықтайтын ғылыми зерттеулердің мәні болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиет:**

1. Закон Республики Казахстан об информатизации от января 2007 г. N 217
2. Государственная программа «Цифровой Казахстан» была утверждена постановлением от 12 декабря 2017 года № 827
3. Закон Республики Казахстан «О доступе к информации» от 16 ноября 2015 года, Приказ № 401 Республики Казахстан.
4. Бурцева, Е.В. Методика организации профессиональной подготовки студентов в процессе изучения образовательной области «Правовая информатика»: дис. на ... к.п.н. Спец.13.00.08 / Е.В. Бурцева. – Тамбов : ТГТУ, 2002. – 200 с.
5. Алексеев, С.С. Введение в юридическую специальность / С.С. Алексеев. – М. : Юрид. лит., 1981. – Т.1. – 359 с.
6. Алексеев, С.С. Право и правовая система / С.С. Алексеев // Правоведение. – 1995. – № 1.
7. Винер, Н. Кибернетика, или управление и связь в животном и машине / Н. Винер. – 2-е изд. – М., 1983.
8. Рассолов, М.М. Правовая информатика и управление в сфере предпринимательства: учеб. пособие / М.М. Рассолов, В.Д. Элькин, И.М. Рассолов. – М. : Юристъ, 1996. – 480 с.
9. Чубукова, С.Г. Основы правовой информатики (юридические и математические вопросы информатики) : учеб. пособие / С.Г. Чубукова ; под ред. М.М. Рассолова, В.Д. Элькина. – М. : Контракт, 2007.
10. Об информации, информационных технологиях и о защите информации : федер. закон от 27.07.2006 № 149-ФЗ (ред. от 06.04.2011) [Электронный ресурс]: КонсультантПлюс. Информационно-правовой портал. – Режим доступа: URL:<http://www.base.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=home>.



УДК 349.6

## АТМОСФЕРАНЫ ЛАСТАУҒА ӘСЕР ЕТЕТІН СЕБЕПТЕР МЕН ЖАҒДАЙЛАР

Мұратбек Д.Қ.

2-курс магистранты

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: [daniyar13hey@mail.ru](mailto:daniyar13hey@mail.ru)

**Түйіндеме:** Мақалада жалпы себептер қылмыстылықтың жалпы себептері адам мен табиғаттың өзара қатынасының нәтижелерінде туындайтын қайшылықтар аясында түбірленеді.

**Түйінді сөздер:** табиғат, экология, мәжбүрлеу шарасы, қылмыстық іс жүргізу, қоршаған ортаны.

**Аннотация:** Общие причины в статье общие причины преступности укореняются на фоне противоречий, возникающих в результате взаимодействия человека и природы.

**Ключевые слова:** природа, экология, мера принуждения, уголовно-процессуальное, экологическое.

**Abstract:** Common causes in the article, the common causes of crime take root against the background of contradictions arising from the interaction of man and nature.

**Keywords:** nature, ecology, a measure of coercion, criminal procedure, environmental.

Қылмыстылықтың себебі криминология ғылымының басты мәселелерінің бірі. Себептілік - ол себеп пен тергеу, яғни осы екі құбылыстың арасындағы объективті, жалпы генетикалық байланыс. Себептіліктің мәні ретінде тергеу себебінің өндірісі танылады.



Әлеуметтік құбылыстар мен процесстерде детерминация категориясы маңызды орын алады. Себептілік детерминацияның бір нысаны ретінде қарастырылады.

Детерминация- «детерминант», «детерминдеу» сөздерінен туынды ұғым. Латынның *causae* сөзі "анықтау" дегенді білдіреді. Детерминация - белгілеу, анықтау процесі. Бұл жерде қылмыстылықтың детерминация процесі байланыстардың әр түрлі формаларының күрделі өзара әрекеттесуі болып табылады: ол күйдің және өзгелердің тек себептік қана емес, сонымен қатар функционалдық, статистикалық байланыстары. Академик В.Н. Кудрявцевтің көзқарасы бойынша, себептілік детерминацияның ішкі мазмұны, мәні болып табылады. Криминологиядағы себептілік ұғымы келесідей анықтаманы білдіреді: "себептілік"-бұл заттар мен құбылыстар байланыстарының түрі, яғни қандай да бір құбылыстың, процесстің туындау фактісін анықтаушы байланыс. Себептілік туралы айтқанда, себеп және салдар, себептік кешен ұғымдары қолданылып жатады. Себептік байланыстардың маңыздылығы- біріншіден, себеп әрекетке апарады, одан салдар туындайды; екіншіден, себептен әрекеттер туындауы үшін жағдайдың болуы шарт; үшіншіден, бірінші құбылыс екінші құбылысқа қарағанда заңдылық процес сипатына ие; төртіншіден, жағдайлар өздігімен салдарға әкеліп соқтырмайды [1].

Жалпы себептер қылмыстылықтың жалпы себептері адам мен табиғаттың өзара қатынасының нәтижелерінде туындайтын қайшылықтар аясында түбірленеді. Бұл қайшылықтар: табиғаттың бір бөлігі ретінде адам мен толық бүтіндей табиғат арасында, қоғам, мемлекет, аудан қоршаған ортаны қолдануда, оның әлеуметтік қажеттіліктер және оны тануда қоғам, мемлекет, аудан мүмкіндіктер арасында, табиғи ресурстардың әлеуметтік жағдайы және оларды иеленуге бағытталған әдістердің арасында әлеуметтік топтың қоғамымен табиғатты қорғау және табиғатты пайдаланушы субъектілер ретінде индивидтер арасында, табиғатты қорғау және табиғатты пайдалану субъектілерінің ерекше әр түрлі мақсаттарының арасында туындаған қайшылықтар. Аталған қайшылықтар айтылып кеткендей қолайсыз экономикалық даму жағдайында тұрақты құқыққа қарсы және сирек емес экологиялық қылмыстылық әрекеттердің болуына әкеледі. Экологиялық қылмыстылықтың жалпы себептері туралы айтар болсақ, қоғамдық экологиялық сананың деформациясының және тұрақты бөліктерінің нақты көріністеріне құрылған пікір жүйелеріне көңіл аудару қажет. Оған ең бірінші қатысты адамдардың мүмкіндіктерін жаңадан тыс бағалап жіберу, қоршаған ортаға тиімді түрде әсер ете алу сияқты, уақытында табиғатты танып және онымен өзара қатынасу процесі, табиғи ресурстардың сарқылмауына іштей сенбесе де жалған түрде оған сенгендей болып және табиғаттың қайта жандану құрылуына іс жүзіндегі емес бағалар беру, адам мен табиғаттың өзара қатынасу аясындағы құзыреттерін және сенімге келмейтін мақсаттарға бет бұру, табиғатқа, оның жағдайына, қоршаған ортаға келтірілген зиянға немқұрайдылықпен қарау және де т.б. шын мәнінде адам мен табиғаттың өзарақатынасын реттейтін экологиялық заңнаманы сыйламау [2].

Криминологиялық әдебиеттерде неғұрлым көп таралған қылмыстылықты туындататын әдеттегі мән-жайлар туралы мәліметтер келтіріледі. Бірақ өзінің әр түрлі көрінісінде және үйлесімінде бұл мән-жайлар қылмыстылықтың сан алуан түрін туындатуы, оның сапалық және сандық сипаттамаларын әр түрлі анықтауы мүмкін. Сондықтан да әр түрлі аймақтағы адамдардың нақты өмір тірлігінің жағдайын, сол жағдайлардың өзгеруін, сондай-ақ қылмыстылықтың соған дейінгі күйін әр уақытта талдау керек. Қандай да бір мән-жайдың қылмыстық іс-қимылмен байланысын жай көрсету ғана емес, сол байланыстың сипатын айқындаудың да маңызы зор.

Д.Л. Байделдиновтың пікірінше, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы себептері криминогендік себептілік процесіне келесідей элементтерді қамтуы қажет:

- себептік әсер ету факторлары мен қайнар көздерін;
- себептілік процесінің заттық негізін;
- себепті байланыстарды;

-аралық криминогендік эффектіні;

-себептік әсер етудің салдарға алмасу механизмін, яғни қылмыстық құқық бұзушылыққа ұласуы [3].

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың спецификалық себептерін анықтауда көп жағдайда оларды сапалы талдау әсер ете алады. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы қылмыстық істерді оқып білуде оларды келесідей топтастыруға мүмкіндік береді: 1. лауазымды тұлғалармен жасалатын; 2. лауазымды дәрежені иеленбейтін тұлғалармен жасалынатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтар қасақана да абайсызда да, ниетінің бағыт алуы пайдакүнемдік те өзге де болуы мүмкін.

Лауазымды тұлғалармен жасалатын экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың ерекшелігі, ереже бойынша жоғары қоғамдық қауіптілікке, оның нәтижесінде орнын толтыру қиынға соғатын экологиялық зардаптарға, кейде орны толмас зардаптарға әкеліп соқтыруында. Лауазымды қылмыстық құқық бұзушылықтардың себептері болып табылатын ең басты жағдай ұйымдастырушылық-шаруашылық міндеттерін не бұйрық орындауда орын алады. Дәл осы аяда жоспарлау, бөлу-тарату, жедел басқару, ұйымдастырушылық, бақылау құрылымдарын құру, технико-технологиялық және ресурстық қоршаған орта мен қоғамның өзарақатынасын қамтамасыз ету функциялары жүзеге асырылады. Сонымен қатар, маңызды шешімдерді қабылдай алатын лауазымды тұлғалардың шешімдері маңызға ие, бұдан лауазымды тұлғалардың орта дәрежедегі шешімдері жоғарылайды, ол экономикаға қарсы жасалатын әрекеттерді тоқтатуға әлеуметтік бақылау өз мүмкіндігін азайтады. Заңсыз шешімдердің бірі ретінде Арал теңізінің қазіргі жай-күйін айтуға болады, қаншама адам қатерлі зардапты басынан кешіріп отыр, қоғам тарапынан да халықаралық ұйымдар назарынан бұл күрделі мәселе түспей отыр. Дегенмен де, бақылауды жүзеге асыру артта қалып отыр, жыл сайын жүздеген шешімдер шығарылуда, бірақ оның ешқайсысы тәжірибеге іс жүзінде бақылауға алынбауда.

Лауазымды тұлғалардың тигізетін экологияға келтіретін құқыққа қарсы әрекеттерінің нәтижесінде кері әсері: өз уақытында табиғатты қорғау іс шараларынан бас тарту, ішкі өнімдер, ресурстар мен пайдалы қазба өнімдердің өте арзандауына әкеліп соғуы, экологияға маңызды қызметтердің зиянды нәтижелерге келуі, табиғи ресурстардың өндірістік жоспарлаудың қысқаруы немесе тездетуіне байланысты терең өңделмеуі нәтижесінде жартылай толық емес пайдалануға келуі.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар қасақана, сондай-ақ абайсызда да жасалуы мүмкін. Құқық бұзушылықтарды қасақана түрде жасайтын тұлғаларға мынадай сипат тән: жеке басын ойлаушылық, қоғамдық мәселеге және мүдделерге салақтықпен қарау, экологиялық заңнаманы елемеу, кәсіби даярлықтың қанағаттанарлықсыз болуы, ақтауға жатпайтын қатыгездік, бұзақылық, т.б. Аталған қасиеттер тұлғаның, көп жағдайда, нәтижесінде мүлдем басқаша өзгерістерге әкеліп соқтырады. Бұрында - қалай болса да жоспарды орындау, қазір- пайда, нәтиже ретінде - еңбек сіңбеген марапаттар мен жүлделер, қызмет баспалдағы бойынша жоғарылау мен өсу, лауазымдарды иеленуге күштарлық және т.б.

Абайсыздықпен жасалынатын лауазымдық экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар төмендегідей тұлғалармен жасалынады: жеңілтектік, заңға бағынбау, біліктілігінің және кәсіби даярлығының төмендігі, әлеуметтік бәсеңдігі, барлығына рұқсаты бар сезімді және бақылау жоқтығын сезіну және т.б. осы тұста біз абайсыз қылмыстық құқық бұзушылықтардың мәні мен маңызды ерекшеліктеріне арнайы зерттеу арнап, монографиялық деңгейде зерттеген көрнекті ғалым, заң ғылымдарының докторы, профессор Рамазан Нұртаевпен [4]. толықтай келісеміз.

Қасақана және де абайсызда экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаушы лауазымды құқық бұзушыларға мынадай сыртқы келбетті сипат тән: қоғамның заңға бағынушы тұлғасының тұрақты келбеті, ол көптеген жағдайларда қарсы реакцияларды

тудырмайды, осыдан уақытылы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықты тоқтату және ескерту ереже бойынша қиынға соғады.

Лауазымды тұлғалар болып табылмайтын тұлғалармен жасалатын экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың себептерін қарастыруда мақсатты түрде құқыққа қайшы әрекеттің ерекшелігін, сипатын және негізгі түрлерін есепке алу керек. Ең алдымен, бұл заңсыз балық аулау, аң аулау, заңсыз аңшылық, орманды жою мен бүлдіру қылмыстарында айқын көрінеді. Осы тектес қылмыстық құқық бұзушылықтар тобының жалпы себептеріне: әр түрлі аулауды жүзеге асыруда жоспарлауды жүзеге асыру кезінде кеткен ірі кателіктер, қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін құқықтық заңды амалдарының толық түрде болмауы, аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар санаттары жоғары "рентабельдік" және "нарықтық" жағдайда көрініс табатын өндіріс қызметіндегі өнімдерге қажеттіліктердің әсуі. Сонымен қатар, бұл бақылау және қадағалау әдістемелік қызметтерінің қылмыстылыққа әсер етуінің аз нәтижелілігі, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті реттейтін заңнаманың нәтижесіздігі. Субъективтік себептерге жатқызылады: экологиялық және құқық сананың өте төмен дәрежеде болуы; құқыққа қайшы әрекеттердің нәтижесінде пайда табуды көздей отырып аталған қылмыстық құқық бұзушылықтарға тұрғындардың немқұрайлылықпен қарауы. Аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың болуының себептері құқыққа қайшы қызметтерді жүзеге асыруына ықпал ететін, жағдай туғызатын экологиялық ортаның сай болуында. Бұл ең басты белсенді аулаулар жүргізуге мүмкіндігі бар аймақтар. Соңғы кезде жер қойнауларын заңсыз игеру, орманды дайындау, жемістерді жинау, дәрілік өсімдіктерді жинау, шыршаларды бір реттік пайдалануға дайындау сияқты экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері көптеп жасалуда. Сирек емес бұл қызмет нәтижесінде жыртқыш сипатта, жаппай қырып-жою арқылы табиғаттың қандай да бір құндылықтарын браконьерлердің алуымен қара базарда көптеп таратумен ұштасуда.

«Көлеңкелі экономика» мен қадағалаусыз келетін ақша мөлшерлерінің көп болуының нәтижесінде осы тектес аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрімен айналысушылардың көлемі көбеюде. Мысалы, өте пайдалысы болып табылатын құқыққа қайшы экологиялық қызметтердің ішінде-заңсыз балық аулау, ол Атырау мен Батыс Қазақстан облыстарында кеңінен тараған қылмыс. Браконьерлердің аз бөлігі көбінесе кез келген сатып алушымен араласып кетсе, ал өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында заңсыз балық аулаумен ұштасқан құқықбұзушылар біршама бөлігін құрайды. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың әрекеттердің негізгі болу себептеріне сипаттама бере отырып, мақсатты түрде жеке сипатта құқыққа қарсы жағдайда жасалатын экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың себептерін көрсетіп кету керек. Бұл айтылып отырған құқыққа қайшы әрекеттерге бұзақылық ниет пен тағылық тән. Мысалы: мас күйінде ошақ жағу, салақтықпен қарау салдарынан туындайтын орман массивтерін жою немесе бұзақылық ниетпен орманды өртеу.

Осы қылмыстық құқық бұзушылықтарға және атмосфераны ластау, заңсыз аңшылық, ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, ормандарды жою немесе зақымдау қылмыстарына жоғары латенттілік тән. Біздіңше, латентті экологиялық қылмыстылықтың арнайы зерттеушілерін ұйымдастыру керек. Қоғам мүшелері бұл феноменнің шынайы көлемі туралы ақпаратты білуі тиіс. Латентті қылмыстылық бөлігі жасырын немесе жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтарды қамтиды. Қылмыстылықтың жасырын бөлігі, жасалған бірақ ол жайында құқық қорғау органдары мен сот білмейтін қылмыстық құқық бұзушылықтармен мен олардың әр түрлі жиынтығынан құралады. Бұл әр түрлі себептерден болады: жәбірленуші қалтасынан ақшаның ұрланғанын құқық қорғау органдарына хабарламайды, бақылаушы органдар заң бұзушылыққа қатысты мәліметті полиция, прокуратура органдарына хабарламайды. Қылмыстылықтың жасырылған бөлігі құқық қорғау органдарына белгілі болған, бірақ қандай да бір себептермен қылмыстылық туралы статистикалық есептерге ілінбей қалған қылмыстық құқық бұзушылықтар мен олардың жиынтығынан тұрады. Оған мұндай қылмыстық құқық

бұзушылықтар туралы арыздарды іс жүзінде қарамау да, іс-әрекетке қылмыс емес деп дұрыс баға бермеу де, іс жүргізу шешімін дұрыс жасамау, оның ішінде Қылмыстық іс жүргізу кодексінің бабына қате сілтеме жасау да, қылмыстылықты алғашқы есепке алу карточкаларын рәсімдеу де, статистикалық мәліметтерді құрудағы қателіктер де, тіпті де, ЭЕМ жұмыс істеу барысында кеткен қателіктер кіреді. Сол уақытта бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардап өте жоғары деп пайымдайды отандық ғалым, профессор Е.О. Алауханов [5].

Экологиялық қылмыстылы дамуының жағымсыз тенденциясының бірі - мамандану болып табылады. Ол дегеніміз жанұяны азық-түлік және құрылыс материалдарымен қамтамасыз ету ниеттерінің ақша табу және баю ниеттеріне трансформациясы. Әсіресе, бұл үрдіс Батыс Қазақстан және Атырау, Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстарында кеңінен етек жайып отыр.

Бұл жағымсыз тенденцияның даму себептері:

- жұмыссыздық;
- жеке және мемлекеттік кәсіпорындардағы жалақыны төлемеу;
- отандық және шетелдік қылмыстық топтарды заңсыз іс-әрекетке тарту және оны ұйымдастыру.

Өндірістің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету - өте қымбат іс. Көптеген отандық өндірушілерде оған қажетті қаржы-қаражат жоқ. Осыған қоса тағы бір аспектіні атап өту керек, құнды экологиялық технологияларды өндіріске енгізу, шығарылатын өнімнің бағасын жоғарылатып жібереді. Ол өз кезегінде тауарды өткізу мүмкіндігін жояды. Дамыған елдерде мемлекет салықтық жеңілдіктер мен субсидиялар арқылы алдыңғы қатарлы экологиялық технологияларды енгізу талабын ынталандырады, ал лас өндіріспен айналысатын кәсіпорындарды айыптық санкциялары арқылы құртады. Кейбір елдерде заңды тұлғалар қылмыстық жауаптылықтың субъектісі болып табылады және экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін оны жою қарастырылған (олардың басшыларын соттау жеке тұлғаларды жауапқа тарту ережелері бойынша жүзеге асырылады).

Мемлекеттік идеологияның кемшіліктері:

Қоғамдағы идеологиялық жұмыстың жетіспеушіліктері; Туған табиғатты мемлекеттік идеология компоненті ретінде мемлекеттік органдар тарапынан қарастырылмауы; Экологиялық идеологияны мемлекет тарапынан қолдау мүлдем жоқ; Коммерциялық табысқа бағытталған бұқаралық ақпарат құралдары экологиялық идеологияға ешқандай кеңіл бөлмейді.

Тиімді табиғат пайдалануға кедергі келтіретін қару-жарақ жарысы дамыған елдердің экскалациясы.

Халықаралық экономикалық жүйеге шикізат қоры және қоқыс шұңқыры ретінде енуіне әкеліп соққан экономикалық және сыртқы саясаттың ақаулықтары.

Қазақстан Республикасының технологиялық артта қалуы, мемлекеттік басшылықтың экономикалық саясатты қалдықсыз және экологиялық таза өндіріс арқылы емес, табиғат ресурстарын өндіруді ұлғайту негізінде құруы.

Шетелдік қылмыстық құқық бұзушылықтардың топтардың белсенді әрекет етуі. Біздің елде экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауы, қылмысты кәсіптік ұйымдастыруының ел экологиясына нұқсан келтіруі.

Қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманың жеткіліксіз қамтылуы.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылыққа әсер ететін субъектілер жүйесінің алдында қойылған міндеттерге құрылымы және қамтамасыз етілуі бойынша сәйкес емес.

Табиғат пайдалану ережелерін орындауды бақылау жүйесін ұйымдастыру мен қызмет етуінің жетіспеушілігі.

Құқық қорғау органдарының экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды

болдырмау мен алдын алудағы қызметінің тиімділігінің төменділігі. Негізгі себебі, бұл органдардың қызметінің тиісті ұйымдастырылмауы мен қамтамасыз етілмеуі.

Экологиялық саясат пен экологиялық идеологияның дамымауының салдарынан болатын экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар жөніндегі "өте жұмсақ" соттық тәжірибе. Аталған санаттағы қылмыстық істер тиісті қоғамдық резонансқа ие болмауда.

Кедендік және шекаралық бақылауды ұйымдастыру мен қамтамасыз етудің тиісті деңгейде болмауы.

Экологиялық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі қоғамдық бақылаудың біздің елдегі тиімсіздігі.

Қоғамдық сананың жағымсыз аспектілері, тұрақты экологиялық дәстүрлердің болмауы.

Табиғатты қорғаумен айналысатын қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың дамымауы. Оларды халық тарапынан дұрыс қолдамау, қоғам мүшелерінің әлеуметтік позициясының бәсеңділігі.


Жасөспірімдер мен ересектерді экологиялық және рухани тәрбиелеу жұмыстарының жетіспеушіліктері.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар мен құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша діни тәрбиені тиісті пайдаланбауы.

Экологиялық қылмыстылық фактілерін саралау экономика мен табиғат арасындағы қарама - қайшылықты анық аңғартады. Бұл қарама – қайшылық табиғат пен бүгінгі адамның өмір салты арасындағы қайшылықтың салдары. Егер адам өмірі мен табиғат арасында тұрақты байланыс шын болса, бұл қайшылықтар басқа кеңістікке ауысады. Демек, табиғатқа қазіргі экономикалық сипат мен өркениетті өмір салты қатер төндіріп тұр

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Кудрявцев В.Н. Общая теория квалификации преступлений. - М.: Юрид.Литература, 1972.
2. Борчашвили И.Ш. Экологические преступления: понятие, виды, квалификация. Автореф. д.ю.н. - Караганда, 1999.
3. Байделдинов Д.Л. Экологическое законодательство РК. - Алматы, Жеті- Жарғы, 1995.
4. Рамазан Нұртаев Р.Т Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: Лекциялар курсы - Алматы, 2008
5. Алауханов Е., Үмбеталиев С, Рахметов С. Қылмыс құрамы. - Алматы, 2010.



**УДК 343.9**

## **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ**

**Тойжанов Г.Ж.**

**2-курс магистранты**

**І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.**

**E-mail: [toizhanov0400@bk.ru](mailto:toizhanov0400@bk.ru)**

**Түйіндеме:** Мақалада жалпы сыбайлас жемқорлықтың пайда болу себептерінің тарихына, сонымен қатар жан-жақты теориялық және салыстрмалы талдаулар жүргізіледі.

**Түйінді сөздер:** сыбайлас жемқорлыққа, парақорлық, клиент, қылмыстық іс жүргізу, агент, лауазымды тұлға, билік.

**Аннотация:** В статье проводится всесторонний теоретический и сравнительный анализ истории причин возникновения коррупции в целом.

**Ключевые слова:** коррупция, взяточничество, клиент, уголовное производство, агент, должностное лицо, власть.

**Abstract:** The article provides a comprehensive theoretical and comparative analysis of the history of the causes of corruption in general.

**Keywords:** corruption, bribery, client, criminal proceedings, agent, official, authority.

Нақты қойылмаған ережелер, шамадан тыс қадағалау және жан-жақты бақылау лауазымды тұлғаларға шексіз билікті береді, парақорлық пен қоғамға тиесілі материалдық құндылықтарды пайдалануда кең мүмкіндік береді. Кейбір елдерде азаматтық қоғамның дамымауы – саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың, түрлі мүдделерді қорғайтын топтардың әлсіздігі мемлекеттік билікпен теңесетін күш тәжірибе жүзінде жоқ дегенді білдіреді. Әкімгершілік билікке ие болу оны теріс пайдалануға кең мүмкіндік береді, мейлі ол протекционизм пішінінде, әлеуметтік жағдайларды заңсыз алу, жемқорлық және басқасы болсын, бұл әкімгершілік биліктің бүкіл мазмұнынан шығады. Ол анонимділік, бет-бейнесіздікпен үлесіп, қоғамдық өмірдің барлық салаларына өздігінше әсер етіп, экономикалық билікпен тең өсіп, қоғам алдында өзекті болып тұрған ақпараттарға ие болады. Бұл пікірлердің негізділігіне бүгінгі ресейлік бизнестің көшбасшыларының бастапқыда жинақтаған капиталын жүзеге асыру тәжірибесі дәлел. Ол ресурстарды бөлу және қайта бөлу, «ресми» мемлекеттік экономика мен «заңсыз» жеке экономика субъектілері арасындағы байланыс каналдарын пайдалану, жеке капитал субъектілерінің моральді-этикалық және заңды қоғам нормаларын қаперге алмаудан туындайды. Сонымен қатар жеке капиталдың жалған мемлекеттік қызметі, леквидтік емес қорларды пайдалану, дұрыс жалға алмау, қайта сатып алу жүйесі, контрабанды, валюталық операциялар, салықтан қашу және басқалары тағы бар. Жауапты шенеуніктердің көмегімен жеке капитал бағаның либерализациясын, ваучерлі жекешелендіруді, банктік желідегі заңсыз жолдарды да пайдаланды.

Еңбек жалақысы төмен болған кезде де сыбайлас жемқорлыққа берілу ниеті арта түседі. Сол себепті шенеуніктердің басым бөлігінің мемлекеттік қызметте қала беруіне өзінің қызметтік лауазымын теріс пайдалана беру болып қала береді. Кезең-кезеңімен қолданылатын жемқорлыққа қарсы күреске қарамастан, лауазымды құқық бұзушылықтарға қатысты қауіп өзінің қарама-қайшы әрекеттерінің нәтижесінде табатын материалдық артықшылықтарын шенеунік кейінге тастай алмайды [1].

Әрине, мемлекеттік қызметкерлерде жалақы артқан жағдайда парақорлық белгілі бір деңгейде өзінің кейпі мен көлемін жоғалтуы ықтимал. Алайда, айта кететін бір жәйт, жемқорлық және басқа да құқыққа қарсы әрекеттер тек жалақының көлемімен ғана емес, сондай-ақ жұмыстан босатылған бойда табыс көзінен айрылу жөніндегі үреймен жүреді. Дегенмен, аталмыш шенеунік бұл уақыттағы ие болып жүрген экономикалық және әлеуметтік кепілдігі зейнетке шыққанан кейін де жоғалтпайды. Басқа сөзбен айтқанда, шенеуніктің экономикалық қаупі тек тұрақты жалақыны жоғалтумен ғана емес, сондай-ақ қазіргі күн мен келешектегі әлеуметтік кепілдіктерді жоғалту қаупімен байланысты болуы керек. Солардың қатарында мемлекеттің түрлі қорларға (зейнетақылық, сақтандыру және т.б.) түсірген салымдарының жоққа ұшырауы бар. Нәтижесінде мемлекеттік қызметтен босатылған шенеунік қайтадан өзінің еңбек жолының басында болып, зейнеткерлік, сақтандыру және басқа әлеуметтік есептері бойынша жоқтыққа ұшырайды. Мұндай шарттарда пара алу тек күмәнді ғана емес, сонымен қатар экономикалық жағынан тиімсіз іс болмақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы алғашқы наразылық 1648 жылы Мәскеу қаласында болыпты, онда сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған екі министірді патша үкіметі көпшіліктің қолына берді, оның бұл ісі халықтың көңілінен шықты.

Парақорлық және де басқа қылмыстар үшін жауаптылық 1649 жылғы Собор жинағында көрініс тапты. Жинақтың 5 және 7 баптарында сот органдарындағы лауазымды адамдардың сыйлық алған үшін жауаптылығы қарастырылса, 6-бап ондай субъектілер ауқымын кеңейтті [2]. Сол кезде етек алған сыбайлас жемқорлықтың

алдын алу үшін І Петр өз қарамағындағы әскери қызметкерлердің мемлекеттік қызметті атқару мерзімін екі жылға азайтты. Олардың қызметін әрі қарай жалғастыру үшін, халық тарапынан жазбаша білдірген өтініш болуы тиіс еді. Сонымен қатар, патша пара берушілік және мұндай қылмысқа бас пайдасы үшін көмектескендерге қылмыстық жауаптылық енгізген. Мұндай қоғамға қауіпті әрекеттер мемлекет мүддесіне нұсқан келтіретін қылмыстар болып танылған. Сол заманда сыбайлас жемқорлық жасаған шенеунікті көрсеткен адамға жылжымады және жылжымайтын мүліктерді беріп, ал олар шенеуніктің шендеріне лайықты болса, оған дейін берілетін нормативтік акт қабылданды. Осы шараның өзі айтарлықтай нәтиже бермеді. Сол кезді сипатталған ғалымдар «І Петр кезеңінде қазына ұрлау мен парақорлық бұрын болмаған шекке жетті» деп жазды. І Петр жүргізген реформалар барысында парақорлық ұғымының мазмұны өзгерді - мемлекет мүлкін лауазымды адамдардың бас салып ұрлауы олардың қызмет бабын бас пайдалануы деп саналды.

Қазақ даласындағы әдет құқық нормаларын рулық қауымдарда қабылдаған көшпенділер мәдениетіндегі дәстүрлер анықтады. Құқықтық жүйе негіздерінің Қазақстанда қалыптаса бастауын орта және кейінгі орта ғасырға –XIV ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысы аралығын жатқызуға болады. Бұл кезеңде құқықтық дәстүрлі мұсылмандық жүйесі мен монғолдардың көшпенді өркениеттің құқықтық институттарының өзара үйлесу процессі жүрді. Бұл кезеңде жоғары айтып кеткеніміздей, қазақ қоғамындағы сыбайлас жемқорлық ұғымы болмаған. Дегенменде Қазақстан Ресейге бодан болып кіргенге дейін ақсүйектерге қатысты сый-сияпат жасау дәстүрі болған. Мысалы, қарапайым диханымыз хан, сұлтан, билерге «ұшыр» салынған - яғни алған өнімінің бір бөлігін төлеп тұрған. Сонымен қатар, шонжарлар үшін соғымға мал немесе сыбаға жинастырылған. Ортада отырған шенеунік қандай да бір қызмет атқарғанымен қарапайым халықтың сыйынан бас тарпаған, «хан немесе сұлтанға қыс бойы есебінен тамақтану үшін күзде соғымын, көктемде сыбағасын берген».

XIV ғасырдың басынан бастап Қазақстанда «Қасымханның қасқа жолы» деп аталатын Қасым ханның заңы күшіне енді, оның негізіне әдеп құқығының нормалары алынды. Бұл әдет құқығының нормаларын XVII-ғасырдың аяғында Тауке ханның «Жеті жарғысы» толықтырып бір жүйеге келтірді.

«Жеті жарғы» қоғамдағы қатынастардың барлық жағы қамтылып, онда азаматтық, әкімшілік және қылмыстық құқық нормалары, дін, салық жайында ережелер көрсетілген. Дегенмен бір орталықта жүргізілетін мемлекеттік басқару жүйесі және жемқорлық болмағандықтан парақорлық, қызмет бабын теріс пайдалану, яғни сыбайлас жемқорлыққа қатысты жауаптылық қарастырған нормалар болмады. Бұл әрине сол кездегі сыбайлас жемқорлық құбылыстың болмағанының бір дәлелі.

Романовтар әулет патшалық етіп тұрған кезде парақорлық мемлекеттік қызметкерлердің табыс көзіне айналыды. Бұл қылмысты ешқандай жазалу шарасымен тоқтату мүмкін болмады, сондықтан онымен күрестің жаңа тәсілдері іздестірілді.

1845 жылы Заңдар жинағы толықтырулар енігізіліп, қызмет бабын теріс пайдалану мен парақорлық үшін қосымша жауаптылық қарастырылды. Оның 401-бабында алған парадан екі есе көп мөлшерде айыппұл төлеу түрінде жаза белгіленді. Егер лауазымды адамға пара оны сатып алу үшін берілсе, ол жұмысынан да босатылатын еді. Айыпты адам шын жүректен өкінетін болса жаза жеңілдетілген.

1903 жылы Ресейдің «Қылмыстық жинағы» жарық көрді, оған 1883 жылғы жинақтағы лауазымдық қылмыс туралы барлық нормалар кірді. Аталған жинақта алдыңғыға қарағанда айтарлықтай өзгерістер болды.

Қазақ төңкерісіне дейінгі Ресей ғылымдары лауазымды тұлға ұғымына дәл анықтама беруге бірінші рет талпынды. Құқықтық ғылым бұл проблеманы шешуге тиіс еді. «Лауазымды тұлға» сөзі бірде кең, бірде тар мағынада қолданы. Кең мағынада оған басқарушы әкімшіліктердегі шенеуніктер де, жергілікті басқару органдарының қызметкерлері де әр түрлі жеке шаруашылық кәсіпорындарының қызметкерлері де кірді

[3].

Жемқорлық экономикасының теориялық негіздері 1970-ші жылдары неоинституционалды бағыттағы американ экономистерінің еңбектерінде пайда болды. Олардың басты идеясы егер өмірдің түрлі экономикалық салаларын мемлекеттік қадағалаумен байланысты рента болса, сыбайлас жемқорлық пайда болып, асқына түсуіне деген құрылды (экспортты-импортты шектеулер енгізу, кәсіпорындар немесе салаларға субсидиялар мен салықтық жеңілдіктерді ұсыну, бағаларды бақылау, түрлі валюталық курстардың саясаты, т.б.). Бұл жерде төмен жалақы алатын шенеуніктер жемқорлыққа барынша қатты берілген. Кейінгі эмпирикалық зерттеулер көрсеткеніндей, егер елде сыртқы сауда шектеулері азайып, өнеркәсіптік саясат барлық кәсіпорындар мен салалар үшін тең ұстанымдар бойынша құрылса, сонымен қатар шенеуніктер жалақысы сол мамандық бойынша істейтін жеке сектордан жоғары болған жағдайларда жемқорлық көлемдері төмендейді екен.

Қазіргі заманғы экономикалық ғылымда жемқорлықтың түрлі себептері аталып көрсетіледі, одан экономикалық, институционалдық және әлеуметтік-мәдени факторлары ерекше шығады.

Сыбайлас жемқорлықтың экономикалық себептері – бұл, бәрінен бұрын, мемлекеттік қызметкерлер жалақысын төменділігі, сондай-ақ фирмалар мен азаматтар қызметіне әсер етудің олардың жоғарғы өкілеттіліктері. Жемқорлық барлық жерде көктеп-көгеруде, яғни шенеуніктердің белгілі бір дефициттік құндылықтарды шешуде өкілеттіліктері кеңейе түседі. Жемқорлықтың институционалды себептеріне мемлекеттік мекемелердегі жұмыстың жабықтығы, есептілік жүйесі, заң шығармашылығы жүйесіндегі ашықтықтың болмауы, мемлекеттегі кадрлар саясатының әлсіздігі жатады. Бұлар синекурлардың кең тарауына және қызметкерлер жұмысының нәтижесіне емес басқа мәселелеріне қарап, қызметтік өсуге әкеледі [4].

Жемқорлықтың әлеуметтік - мәдени себептеріне қоғамның деморализациясы, ақпаратты толық көлемде алмауы, азаматтардың ұйымдаспауы, сондай-ақ билікке қатысты қоғамдық бәсеңсіздіктің болуы жатады.

Фактордың үш тобы да әрекет ететін елдерде (бұл көбінесе дамушы және социалистіктен кейінгі елдер) жемқорлық өте жоғарғы деңгейде. Ал, керісінше батысеуропалық өркениетке бет бұрған елдерде бұл факторлар әлсіз түрде туындап, жемқорлық та айтарлықтай төмен деңгейде.

Қадағалау жүйесінің сапалылығы ұстанымшыл мен агенттің арасында дау-дамай туа ма, әлде жоқ па – соған байланысты. Шын мәнінде үкіметтің әрбір клиентке қызмет көрсетуіне мүмкіндігі де, уақыты да жоқ, сол себепті ол белгілі бір ережелерді тағайындап, бұл қызметтерді көрсетуді шенеуніктерге жүктейді. Ұстанымшыл-үкіметке қарағанда, өз клиенттерін әлдеқайда жақсы білетін агентт-шенеуніктер клиенттермен тиімдірек жұмыс істей алады. Алайда, ұстанымшылға көптеген делдал агенттрдің алдын-ала жазылған жұмысты қай деңгейде орындайтынын тексеру бақылау қиын. Одан қалды шенеуніктер өз қызметінің шынайы нәтижелерін жасыруы мүмкін. Агент-шенеуніктің шыншылдығы толықтай бақылануы мүмкін болмағандықтан, қаншалықты шыншыл болатындығын агенттің өзі шешеді. Бұл шешім оның өз өкілеттілігін оң немесе теріс пайдаланғанына алатын сыйақысына байланысты. Мәселен, ресейлік салық жүйесінде салық төлемшісінің ақысы оның жасырған салықтарды ашқан есебінен түскен бюджет қаражатына байланысты емес. Осыдан жиі жағдайда салық жинақтаушысы шынайы қызмет еткеннен гөрі пара алуға қызығушылық танытады.

Клиенттердің агент-шенеунікке заңсыз түрде сыйақы беруі түрлі себептермен берілуі ықтимал. Азамат немесе фирма параны шенеунік тиісті қызметін жедел көрсетуі, «кезектен тыс» өткізуі үшін беруі мүмкін (жеделдеткіш пара). Алайда, бұдан да жиірек клиенттерге мемлекет ұсынып отырғаннан әлдеқайда көбірек қызмет көрсетіліп, салық заңда көрсетілгеннен кемдеу алынуы мақсатында шенеуніктерді сатып алады (тежеулеткіш пара). Шенеунік ойдан алған себептермен кедергі келтіретін кездері де болады, ондай жағдайда




шенеунік ойына келгенін орындау үшін өз лауазымын пайдаланбасын деп пара береді («жақсы қарым-қатынас» орнату парасы).

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін жауапты қызметкерлерге жоғары жалақы тағайындап, олардың лауазымдық парызын бұзғаны болған жағдайында жазаны қатаң тағайындау шарасы қолданылады. Алайда, көптеген зерттеушілердің атап өтетініндей, көп жағдайларда мемлекеттік жалақы ұстанымшыл паракорлардың (егер бұл ірі заңды бизнесмендер немесе мафия басшылары болса) қаржылық мүмкіндігімен бәсекелестікке түсе алмайды. Агенттің тиісті жалақысы қажетті болып табылады, бірақ, бұл сыбайлас жемқорлықтың адын алуға жеткіліксіз. Сондықтан ұстанымшыл – мемлекет «шыншыл әрекет танытқаны үшін» жоғарғы қошеметтерді қосады (немесе ауыстырады). Бұл дегеніміз, үкімет агенттерінің арампиғылдық танытпауы үшін психологиялық кедергілер орнатады, мәселен, оқыту мен идеологиялық насихаттау механизмі арқылы азаматтардың ар-ожданлық деңгейін жоғарылатады. Одан қалды, ұстанымшыл-үкімет клиенттермен тікелей байланыс орнатуды жөн санайды (елді мекеннен шағым түсуі), бұл агент-шенеуніктердің әрекетін бақылаудағы қосымша әрі маңызды құрал болып табылды [5].

Осылайша агенттердің жалақысынан және олардың лауазымдарының кеңдігінен «агент-клиент» қарым-қатынасы туындайды, ал агентті ұстанымшылдың қаншалықты бақылайтынынан және клиенттің ұстанымшылға қаншалықты ықпал ететіндігінен «ұстанымшыл-агент» қарым-қатынасы шығады. Ар-ожданлық нормалар бұл жүйеде барлық қарым-қатынас түрлеріне әсер етеді, ол заңнан аттамауды талап етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Алауханов. Е.О. Сыбайлас жемқорлықпен күресу: теория және практика – Алматы: Заң әдебиеті, 2009.
2. Пеняева. Л. Борьба с коррупцией – дело всех и каждого. // Исполнение наказания. - 2006. - №10.
3. Сарғұлов. Ж. Жемқорлыққа жол жоқ. // Жазаларды орындау. - 2006. - 8 наурыз.
4. Самаев. Ж. Жемқорлыққа жағдай жасаған бірқатар ауыл әкімдері заң алдында тиісті жазаларын алады. // Заң және заман. - 2006. - №8.
5. Бәкір Ә.Қ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтудің саяси және әлеуметтік амалдары туралы // «Проблемы борьбы с коррупцией в современных условиях». Материалы меж. Научно-практической конференции 29.05.2006 г. с 425-426.



**УДК 349.6**

### **АТМОСФЕРАНЫ ЛАСТАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ**

**Мұратбек Д.Қ.**

**2-курс магистранты**

**І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.**

**E-mail: [daniyar13hey@mail.ru](mailto:daniyar13hey@mail.ru)**

**Түйіндеме:** Мақалада экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу шараларының жүзеге асырылуы тікелей табиғат пен қоғамның өзара қатынас аясында әлеуметтік процесстердің әрекеттерінің нәтижесімен байланыстылығы айтылады.

**Түйінді сөздер:** алдын алу, экология, экологиялық мәдениет, адамзат, атмосфера, құқық бұзушылық.

**Аннотация:** В статье подчеркивается, что реализация мер по предупреждению экологических уголовных правонарушений напрямую связана с результатом действий социальных процессов в рамках взаимодействия природы и общества.

**Ключевые слова:** профилактика, экология, экологическая культура, человечество, атмосфера, правонарушения.

**Abstract:** The article emphasizes that the implementation of measures to prevent environmental criminal offenses is directly related to the result of actions of social processes within the framework of interaction between nature and society.

**Keywords:** prevention, ecology, ecological culture, humanity, atmosphere, offenses.

Азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарының сақталуын, қоғам тұрақтылығы, қауіпсіздік пен тыныштылықты қамтамасыз ету тұрғысынан қылмыстылықпен күресудің басты бағыты болып оның алдын алу болып табылады. Криминологиядағы қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын-алу болып қылмыстық құқық бұзушылықтың жағдайлары мен себептерін анықтауға, оны әлсіретіп жоюға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралардың көпдеңгейлі жүйесі, сонымен қатар тұлғалардың өмір сүру жағдайы және тәртібі қылмыс жасау мүмкіндігін көрсететін қылмыстық жолға түсуінің алдын алу және ондай өзгеріске жол бермеу болып табылады. Нормативтік құқықтық актілердегі және криминологиялық әдебиеттердегі "алдын алу", "профилактика", "превенция" түсініктері қолданылған. Кейбір авторлар оларды қылмыстылықтың алдын алу қызметтерінің түрлері мен бағыттарының әр түрлі деңгейлері деп пайымдайды. Ал профессор Е.О. Алаухановтың пікірінше, аталған терминдер тең, яғни өзара алмастырылады [1].

Қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын-алу дегеніміз мемлекеттің, қоғамның, жеке және заңды тұлғалардың қылмыстылыққа жаңа адамдардың тартылуына, жаңа қылмыстық іс-әрекеттердің жасалуына, қоғамдық қатынастардың ары қарай қылмыстануына жол бермеу мақсатында қылмыстылық детерминация және себептілік процесіне мақсатты ықпал ету. Атақты криминолог-ғалым Г.А. Аванесовтың ойынша, қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ықпал жасалынатын объект "өте күрделі құбылыс", оған жеке адам, адамдар тобы, оларды қоршаған орта және әр түрлі "заттар" -факторлар, себептер мен жағдайлар және т.б.жатады [2].

Қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу деп-қылмыстылықтың себептерін және оған мүмкіндік тудыратын жағдайларды анықтау және жою мақсатында мемлекеттік, қоғамдық және басқа ұйымдардың жүргізетін өзара байланыстағы әр түрлі шараларының жиынтығын танимыз. Бұл терминмен қатар "сақтандыру" термині де қолданылады. Кейбір авторлар бұл екі ұғымды синонимдер дейді, кейбіреулері олардың арасында айырмашылықтар бар дейді. Айта кеткеніміз орынды болар, қылмыстылықпен күрес ұғымы және оның мазмұны өзекті де дау-дамайлы болып табылатын криминологияның төртінші пәні. Осы ұғым туралы да сөз қозғау артықшылық болмас. Қылмыстылықпен күрес деп құқық қорғау органдарының, жеке азаматтардың сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың қылмыстылықтың себептері мен жағдайларына әсер ету, қылмыстық әрекеттерді тойтарумен байланысты жүйелік-құрылымдық қызметті танимыз. "Қылмыстылықпен күрес" термині құқықтық және ресми құжаттарда, сонымен қатар ғылыми еңбектерде кеңінен қолданылады және "бақылау", "қарсы әрекет", "қылмыстылықпен соғыс" сияқты ұғымдарды пайдалану кездері ғылыми әдебиеттерде, бұқаралық ақпарат құралдарында байқалып отыр.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу шараларының жүзеге асырылуы тікелей табиғат пен қоғамның өзара қатынас аясында әлеуметтік процесстердің әрекеттерінің нәтижесімен байланысты. Мәселен, Алматы облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізіп, облыс аумағында ұлттық экономикалық бағдарламалардың орындалуын ұйымдастырумен, өз құзыреті шегінде қоршаған ортаға байланысты экологиялық талаптарды бекітумен немесе келісумен, лимиттер мен квоталарды белгілеумен, шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлеріне, қоршаған ортаға зиянды заттардың тасталуы мен шығарылуына лицензиялар, табиғатты пайдалануға рұқсат берумен шұғылданып келеді. Жыл сайын атмосфералық ауа 75,0 мың

тоннадан астам зиянды заттармен ластанады екен. Табиғатты қорғау жөнінде атқарылған шаралар арқасында соңғы бір жыл ішінде мұндай зиянды заттардың тасталуы 2,5 мың тоннаға кеміп отыр. Жыл басынан бері тек табиғат пайдаланушылар қаржысы есебінен миллиондаған теңге табиғатты қорғау шараларын жүзеге асыруға жұмсалды. Атап айтқанда, АПК-нің екінші және 3-ші жылу орталықтарында күл ұстау қондырғыларының режимдік-реттеу шараларын өткізу, зерттеу жүргізу арқылы ауаны зиянды заттармен ластау біршама азайды; "Қаз мырыш" акционерлік қоғамының Текелі комбинатында шаң ұстағыш бірнеше қондырғы орнатылып, тозығы жеткен құбырлар ауыстырылды, биотоғандар жаңартылды. Профилактика органдарымен бұл шара жүргізіліп жатқан тұлғалардың ара қатынасы, яғни құқықтарын ескеру, криминогенді процесстердің ары қарай дамуының алдын алу және оларды ертерек анықтау мәселесі қойылады. Оның мақсаты-мемлекет, қоғам, азаматтар үшін қылмыстық зияннан туындайтын зардапты минимализациялау. Бұл ретте нақты дәлелденген фактілердің болуы шарт: біріншіден, тұлғаның әлеуметтік орта мен өмір сүру жағдайына криминалдық әсерін анықтау; екіншіден, тұлғаның рецидив жолына немесе қылмыстық жолына түсуін күәлайтын азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік құқық бұзушылықтарды бекіту. Осы фактілердің арқасында әлеуметтік тәрбие мен көмек және криминологиялық профилактиканың ара жігі айқындалады.

Нақ сол макродеңгейлі түрде криминологияға қарсы ұзақ уақытты талап ететін әсер етушілердің құрылуы, экологиялық қоғамдық қатынастарда құқықтық тәртіп пен заңдылықты, құқықтық экологиялық сана мен тәртіпті құруға септігін тигізеді. Аталған процестердің жедел іске қосылуына мысалы: табиғаттың экологиялық маңызды компоненттерді жекешелендіру нысанына өткізу мен әлеуметтік проблемаларды шешуге болады. Криминологияға қарсы процестің барлық деңгейінің субъектілері болып мемлекет, кәсіпорындар, қоғамдық ұйымдар, қоғамдық құрылымдар, жеке азаматтар танылады. Криминология ғылымындағы қылмыстылықты алдын алудың ең маңыздысы болып әлеуметтік- экономикалық сипаттағы шаралар табылады:

қоршаған ортаға интенсивті түрде әсер ететін өндірістің энергетикалық және өзге де салалары- металлургия, тау өндірісі және өзге де өндіріс өнімдерін жақсарту;

жабайы аңдардың ортасының, ауыл шаруашылық жануарларының түрлік құрамын сақтауға, жерге ұқыптылықпен қарауға бағытталған тиімді технологияларды, өндірістерді дамыту;

атмосфераға кері әсерін тигізетін, құнарлы су және өзге де биологиялық және физикалық параметрлерді ластауды азайтатын ресурсты ұқыпты пайдалану негізінде қазіргі талаптарға сай көліктерді ойлап табу [3].

Біздің ойымызша, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы әсер ететін әлеуметтік-экономикалық факторлар: жер жағдайын жақсарту, олардың тиімділігін арттыру, ауыл шаруашылыққа жарамдылығын жақсарту үшін үнемі негізделген ғылыми шаралар болуы керек. Соның ішінде міндетті есепке алатын нәрсе географиялық, климаттық және өзге де факторлар, олар адамның әрекетіне, еңбегінің, дәстүрінің, өзіндік санасының, өзіндік бағалауының сипатына әсер ете алуы тиіс. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуда сәйкесінше заң шығарушы және атқарушы құрылымдардан құралатын комитеттер мен комиссиялар үлкен рөлді иеленуі керек. Қоғамдық, сондай-ақ жеке деңгейде экологиялық құқықтық сананың үнемі өсуі мен жақсаруы үлкен маңызға ие. Бұл тапсырманы орындауда экологиялық алдын алу қызметінің негізгі құзыреттері туралы нақ осы жерде экологиялық құқықтық сананың түсіп кетуін, өнімсіздігін, дұрыс емес шешімдердің шығарылуын, қадағалаусыздықты, протекционизмді, қызметтік алға жүруді, суверенизацияны жеңудің нақты мүмкіндігі туындайды.

Экологиялық құқықтық сананың, сонымен қатар тәртіптің жетілуіне бағытталған шараларға жатқызылады:

- адамдардың құқықтық тыйым салуларымен ішкі және сыртқы келісімді қамтамасыз ету;

- экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін бекітілген жауапкершілікті негіздейтін нормаларды ақпараттандыру мен үгіт-насихат жүргізу, бұл құқық бұзушылықтарға қарсы әрекетті және шыдамаушылыққа азаматтардың әлеуметтік белсенділігін көтеру;

- экологиялық білім берудің негізгі мақсаты-қоршаған ортаны қалыпты жағдайда сақтауда жеке азаматтардың жауапкершілік сезімін қалыптастыру, әрбір адамды экологиялық саналыққа тәрбиелеу, қоршаған ортаға адамгершілік қатынасты қалыптастыру.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын-алудың нәтижелілігі ескертушілік шаралардың жалпы және арнайы сипатын белсенді қолдануды болжайды. Соңғыларға, аталғандардан басқа қатысты; экологиялық маңызды әрекеттерді жасағандығы үшін бақылауды жақсартып отырып, қылмыстық-құқықтық тыйым салулардың сақталуын енгізу. Сәйкес адресаттарды инстанцияларды экологиялық құқықбұзушылықтар фактілерін анықтағандығы туралы ақпараттандырып отыру, технологиялар мен реттеушілік функциялар мен процесстердің құрылуы мен арнайы режимін бекіту, арнайы экологиялық зиянды әрекеттерді нормативтік тыйым салу. Қадағалаудың объектілері болып ерекше табиғи кешендер, аумақтар, учаскелер, су қоймалары, атмосфералық ауа, жан-жануарлар әлемі, сулар, орман массивтері және т.б. Сондай-ақ қадағалауды жекелеген адамдар тобына және азаматтардың жүріс тұрысына орнатуды жүзеге асыру керек.

Қадағалау субъектілері: құқық қорғау органдары, табиғатты қорғау инспекциялары, қоғамдық ұйымдар, қадағалаушы мемлекеттік органдары. Қадағалау әдістері мыналарды қамтиды: тексерулер мен рейдтер жүргізу, патрульдеу арқылы табиғи объектілердің жәй-күйіне тікелей тәжірибелік бақылау жүргізу, табиғи объектілерге заңсыз қолсұғушылықтарға жол бермеу, кіргізу режимін орнату, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау үшін пайдаланылатын құралдарды алып қою, құқыққа қайшы әрекеттерді болдырмау және т.б.

Экологиялық құқыққатынастарын реттеуде құқықтық нормалардың сақталуын қадағалауды жүзеге асыру ерекше орынды иеленеді. Бұл-табиғатты қорғау заңнамасының орындалуына прокурорлық қадағалау, рұқсат беру жүйесінің қызметі, әкімшілік қадағалау, т.б. қылмыстылықтың жалпы алдын алу дегеніміз-қылмыстылықтың барлық халыққа немесе оның жекелеген топтарына ықпал ететін, жалпы экономикалық, әлеуметтік және өзге де критерийлер бойынша бөлініп алынатын және бұл ретте ондай әлеуметтік топтардың іс жүзінде барлық өкілдеріне іс-қимыл мүмкіндігін жасайтын детерминация және себептілік процесстерін жою жөніндегі шаралар жүйесі [4].

Қоршаған ортаға қылмыстық қолсұғушылықтарды алдын алудың тиімді шаралары ретінде мыналарды ұсынбақ: мамандырылған арнайы прокуратураа жүйесіне кіретін табиғатты қорғау прокуратурааларының ұсыныстары, наразылықтары, ұсынымдары; тергеушілердің ұсыныстары және соттардың жеке ұйғарымдары; экологиялық-құқықтық алдын алушылық қызмет субъектілерінің, табиғатты қорғау инспекцияларының, ішкі істер органдарының мәліметтері. Жеке азаматтар жиналыстарының, еңбек ұжымдарының, қоғамдық ұйымдардың шешімдері мен қаулылары осы бағыттағы жұмыстың ілгерілеуіне елеулі көмегі тигізеді.

Табиғатты қорғау заңнамасын жетілдіру шаралары маңызды ескертушілік орынды иеленеді. Бұл маңызды шаралар астарында мемлекеттің жүргізіп отырған саясатымен қатар, экологиялық-құқықтық саясаттың оңтайлы режимінде ғылыми негізделген, қоршаған ортаға қарсы қолсұғушылықтарды немесе қоғамға қауіпті әрекеттерді дер уақытылы криминализациялау не одан арылту түсіндіріледі.

Адам - табиғат баласы, онымен үйлесімде болу - өмірдің негізгі шарты. Даму барысының бір кезеңінде адамдар қайтпас қателік жасады: табиғат ананы өзінің малайына айналдырды, құдай үйін кәсіпханаға ауыстырды. Өркениетті адамның табиғатпен қатынас принципі - үйлесімді емес әсер ету. Міне осы -біздің мәдениетіміздің басты қателігі. Тұтыну патологиясы, комфорттан есірткі құмарлық тәуелділігі адамды табиғат ресурстарын шексіз алуға итермелейді. Бұл адамзаттың бір бөлігінің элементі болып қалыптасты. Кейбір

халықтар тұтынуды соншалықты өсірген, қазіргі таңда өздерінің ресурстары жеткіліксіз болып отыр. Әлемдік ресурстарды қайта бөлуге ұмтылу - әскери қауіптің басты көзі. Бұл қауіп әскерді ұстау мен қаруландыру үшін табиғаттан тағы ресурстарды алуды талап етеді. Ол әскер мен қару жүйелері (әсіресе ядролық, химиялық, биологиялық) қоршаған ортаны ластаудың негізгі қайнар көзі болып табылады.

Осылайша экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтың басты факторлары болып мыналар табылады:

Тұтыну патологиясы (біздің мәдениетіміздің дамуының басты бағытын анықтайтын адамдар тобының шектен тыс сұраныстары).

Бір мемлекеттердің екінші мемлекет ресурстарын басып алуға ұмтылуы (әскери қауіп және қару - жарақ жарысы) [5].

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылыққа әсер етудің Ішкі мемлекеттік аспектісі табиғатты өз азаматтарымыз бен шетелдіктердің қол сұғуынан тұрады. Бұл бағытта мынадай шаралар нәтижелі болуы мүмкін деп есептейміз: Қазақстандық қоғамының өз табиғатын қорғауға жұмылдыру:

әр адамның табиғатқа деген қарым - қатынасын өзгерту;

азаматтарды экологиялық қатерлер туралы хабардар ету;

азаматтарды қоғамдық - саяси құрылымдарға (экологиялық қозғалыстар) біріктіру;

елдегі экологиялық жағдайды сауықтыру міндеттерін жалпы ұлттық идея ретінде қалыптастыру;

табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты өзгерту мақсатында атқарушы және өкілетті билік органдарына әсер ету.

2. Экология саласындағы мемлекеттік саясатты өзгерту:

экологиялық идеологияны қалыптастыру мен дамытуға ат салысу, бұл идеяларды мемлекеттік насихаттау және қаржыландыру;

туған табиғатты қорғауға ұлттың барлық күштерін жұмылдыру, қоғамдық және діни экологиялық ұйымдарға жәрдемдесу;

экологиялық протекционизм тұжырымдамасын қалыптастыру және оны тәжірибе жүзінде жүзеге асыру;

экономикалық саясатты өзгерту, елде экологиялық таза өндірісті қалыптастыруға бағытталған стратегиялық саясатты қалыптастыру, тиісті технологияларды дамытуды ынталандыру;

сыртқы саясатты өзгерту, шетелге табиғат ресурстарын шығарудан сақтау, елімізде кез келген радиоактивті, улы және басқа да қалдықтарды енгізуге тосқауыл қою;

кедейшілік тамырына балта шабу, жұмыссыздықты шектеу, өмірдің қылмыстық рационализмін бұзу.

3. Азаматтарға экологиялық тәрбие беру жүйесін қалыптастырып, дамыту.

Қазіргі таңда экологиялық білім беру және тәрбиелеу дүние жүзінде кең түрде жақсы қарқынмен таралып, экологиялық қауіптен құтқару шараларын іске асыруға үйретіп жатқанын ақпарат көздерінен біліп жатырмыз. Экологиялық білім беру және тәрбиелеу үздіксіз жүргізілетін үрдіс. Нақты өткізілген шаралардың нәтижесінде жеке тұлғалардың ой мен санасын қалыптастыра отырып, оның табиғатқа деген көзқарасын, экологиялық мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Ал экологиялық мәдениет дегеніміз-бірнеше компоненттерден тұратын біртұтас жүйе:

- экологиялық білім жүйесі;

- экологиялық ой мен сана;

- мәдени сезімталдығы;

- экологиялық мәдени мінез-құлық, экологиялық сауаттылық, ой мен сана және сезімталдылық күнделікті іәрекеттік нормаға айналуы керек.

4. Біздің қоғамымызда әлеуметтік бақылау жүйесін дамыту, оның экология саласындағы белсенділігін арттыру, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу мен бұлтартпауға қоғамды тарту.

5. Табиғатты пайдалану саласындағы құқық қорғау және мемлекеттік бақылау органдарының қызметінің тиімділігін арттыру.

6. Арнайы экологиялық құқық қорғау органдарын елдің барлық аймақтарында ұйымдастыру (экологиялық полиция, табиғат қорғау прокуратурасы, мамандырылған соттар қызметін нығайтуға жан-жақты көмек көрсету: материалдық, қаржылай, т.б.).

7. Латентті экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтың арнайы зерттеушілерін ұйымдастыру. Қоғам мүшелері бұл феноменнің шынайы көлемі немесе масштабы туралы ақпаратты білуі тиіс [6].

Экологиялық қауіптіліктің жоғарылауына байланысты көп елдерде экологиялық факторларды ескеруге мәжбүр етті. Осыған сәйкес, қоршаған ортаны қорғау концепциясы ұғымы пайда болды. Сонымен қатар табиғатты қорғауға байланысты мемлекеттік құрылымдар құрылды. Аталған концепция шеңберінде көптеген елдер экологиялық тұрақтану процесін бастарынан кешіру де, алайда сапалы түрде жақсару байқалар емес. Себебі, көбінесе экономикалық мүдделер көзделіп, табиғатты қорғау қызметі шет қалып қоюда. Бұл үрдісті мамандар арасында жүргізілген сұраудың нәтижелері растай алады.

Біздің ойымызша, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылыққа әсер етудің басты бағыты, яғни алдын алу болып: халықтың табиғатты қорғауға деген қарым - қатынасын өзгерту, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және сол саладағы мемлекеттік идеологияны жасап шығару, қоғам мен экологиялық қылмыстылықтың қақтығысында басты тіректі мемлекет ішіндегі және халықаралық табиғатты қорғау белсенділігін үйлестіруде деп қабылдау қажет; табиғаттың сырын, өзіндік арақатынасын зерттеп, мүмкін болатын экологиялық зардаптардың мөлшерін, таралған аумағын, экономикаға келтірілген зиянын, жер бетіндегі тіршілік иелеріне тигізетін қолайсыз құбылыстарын айқындап, оған қарсы пәрменді күрес жүргізу. Адамның өзі сол табиғат пен жер Ананың перзенті, табиғат пен Жер ананы сүйе білу, оны аялау-кез-келген адамның азаматтық борышы, рухани байлығы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Алауханов Е., Үмбеталиев С., Рахметов С. Қылмыс құрамы. - Алматы: Жетіжарғы, 2001.
2. Аванесов Г.А. Экологические преступления: понятие, виды, квалификация. Автореф. д.ю.н. - Москва, 1999.
3. Виноградов С.В. Международное право и охрана воздуха. - М: Наука, 1987.
4. Байделдинов Д.Л. Экологическое законодательство РК. - Алматы, Жеті-Жарғы, 1995.
5. Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы. ҚР Атмосфералық ауаны қорғау туралы Заңы. №5 (2366). - 12.03.2002.
6. Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы. ҚР Атмосфералық ауаны қорғау туралы Заңы. №5 (2366). - 12.03.2002. Пионтковский А. А. Учение о преступлении.-М., 1961. - 236 бет.



**УДК 343.9**

## **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ ЕЛДІҢ ДАМУЫНА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ**

**Тойжанов Г.Ж.**

**2-курс магистранты**

**І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.**

**E-mail: [toizhanov0400@bk.ru](mailto:toizhanov0400@bk.ru)**

**Түйіндеме:** Мақалада сыбайлас жемқорлық мемлекеттік шешімдердің себептерін айтарлықтай бұзатындығы, сонымен қатар жемқорлыққа бас ұрған саясаткерлер мен шенеуніктер мемлекеттік ресурстарды қатаң бақылау болмайтын және параны талап етуге мүмкіндігі мол жерге бағыттауға тырысадытындығы атылады.

**Түйінді сөздер:** мемлекет, саясаткер, сый беру, жемқорлық, келісім-шартты, үкімет, экономикалық зардап.

**Аннотация:** В статье подчеркивается, что коррупция серьезно подрывает причины принятия государственных решений, а также политики и чиновники, склонные к коррупции, пытаются направить государственные ресурсы туда, где нет жесткого контроля и где есть возможность требовать взятки.

**Ключевые слова:** государство, политик, дарение, коррупция, контракт, правительство, экономические последствия.

**Abstract:** The article emphasizes that corruption seriously undermines the reasons for government decision-making, as well as politicians and officials prone to corruption, trying to direct public resources where there is no strict control and where there is an opportunity to demand bribes.

**Keywords:** state, politician, donation, corruption, contract, government, economic consequences.

Сыбайлас жемқорлық әдетте күшті әрі зиянды жағынан кез-келген елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына әсерін тигізеді.

Бәрінен бұрын сыбайлас жемқорлықтың тигізетін экономикалық зардабы ол мемлекеттің макроэкономикалық саясатын жүзеге асыруға кедергі келтіретіндігімен байланысты. Басқару жүйесінің төменгі және орта буындарындағы жемқорлықтың нәтижесінде орталық үкіметтің елдің экономикасына қатысты нақты істер жағдайы туралы ақпарат алуы тоқтап, алға қойған мақсаттарының жүзеге асырылуына қол жеткізе алмайды.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік шешімдердің себептерін айтарлықтай бұзады. Жемқорлыққа бас ұрған саясаткерлер мен шенеуніктер мемлекеттік ресурстарды қатаң бақылау болмайтын және параны талап етуге мүмкіндігі мол жерге бағыттауға тырысады. Олар мектеп оқулықтарын шығару және мұғалімдер жалақысын көтерудің орнына, әскери ұшақтарды шығару немесе басқа ірі инвестициялық жобалардың өндірісін қаржыландыруға жақын. Мынандай анекдотты мысалы бар, 1975 жылы Нигерияда жақсы «сатып алынған» үкімет шетелде үлкен көлемді цементке тапсырыс жасады. Ал, шын мәнінде оның шығарылу мүмкіндіктері барлық Батыс Еуропа мен КСРО елдерінен асып түсетін еді. Салыстырмалы еларалық зерттеулер дәлелдегеніндей, жемқорлық мемлекеттік шығындар құрылымын қатты өзгертеді: жемқорлыққа бет бұрған үкіметтер жемқорлыққа бой бермейтіндерге қарағанда, білім мен денсаулық салаларына айтарлықтай аз қаражат бөледі [1].

Сыбайлас жемқорлықтың экономикалық зардабының басты жағымсыз белгісі кәсіпкерлер арасында шығындардың (әсіресе, пара сұраушылардың алдында ұсақ фирмалар әлсіздік танытады) өсуі болып табылады. Осылайша социалистіктен кейінгі елдердегі бизнестің даму қиыншылықтары шенеуніктердің көп жағдайда кәсіпкерлердің пара беруге мәжбүр ететіндігімен байланысты, бұл уақыт өте келе қосымша салыс салымына айналады. Егер кәсіпкер ақ пейілді әрі пара бермейтін болғанымен, ол жемқорлықтың кесапатына тап болады. Өйткені, парақорлықты «дәметкен» мемлекеттік шенеуніктермен тілдесуге мәжбүр.

Сондай-ақ іскерлік құжаттарды тіркеу кезінде жемқорлық және бюрократтық сарсаңға салады, бұл инвестицияларға кедергісін тигізеді (әсіресе, шетелдік). Ақыр соңында экономикалық өсім де тежеуілдейді. Мәселен, 1990-шы жылдары американ экономисі Паоло Мауро шығарған үлгі «бюрократияның тиімділігі» (Transparency International санаған жемқорлықты қабылдау индексіне жуықтап шығарылған индекс) елдің экономикалық өсімін 2,4 ұпайға, шамамен 0,5 пайызға төмендетеді деген болжама қорытындысын жасады. Басқа американ экономисі Шан-Чин-Вайдың есептеулерінше, жемқорлық индексінің бір ұпайға артуы (он ұпайлық шәкіл бойынша) тікелей шетел инвестицияларының 0,9 пайызға

төмендеуіне әкеп соқтырады екен. Дегенмен, жемқорлық индекстерін қарастырған кезде бұрын аталып өткендей, жемқорлық деңгейі мен экономикалық даму деңгейі арасында нақты теріс корреляция жоқ, бұл байланыс тек көптеген шектеулері бар жалпы заңдылық ретінде байқалады [2].

Сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік жағымсыз нәтижелеріне келетін болсақ, ол жалпымен танылғандай, әділсіздікке жетелейді – фирмалар әділ емес бәсекелестіктің ізін қуып, азаматтардың табыстары қайта есептеліп жатады. Мұның мәнісі, ең ірі параны кезкелген тиімді заңды фирма немесе тіпті қылмыстық ұйым бере алмайды. Нәтижесінде, заңмен жүретін азаматтардың табыстары төмендеп, пара берушілер мен пара алушылардың табыстары өседі. Жемқорлық салық жинау жүйесінде тым қауіпті болып табылады, көп жағдайда ауқатты азаматтар салықтан шеттетіліп, олардың жүгі кедей азаматтардың мойнына артылып жатады.

Жемқорлыққа бой ұрған тәртіптер ешқашан азаматтардың қолдауына ие болмайды, сондықтан олар саяси тұрғысынан алғанда тұрақсыз. 1991 жылы кеңестік құрылымның оңай жеңіліске ұшырауының бірден-бір себебі, кеңестік тізімдеме толықтай жемқорлықтың шырғауына оранған қауымдастық болатын. Сондықтан ол КСРО-ның қарапайым тұрғындары тарапынан ызаға ие болды. Алайда, кеңестік заманнан кейін Ресейде жемқорлық деңгейі бұрыннан күшейе түскендіктен, көптеген ресейліктердің алдында Б.Н. Ельциннің беделі де төмендеді.

Жемқорлық туралы пікір-таласқа қатысушылардың пікірінше, жемқорлықтың тек жағымсыз ғана емес, сонымен қатар жағымды да салдары бар. Мысалы, КСРО құлаған алғашқы жылдары егер шенеуніктерге пара алуға мүмкіндік берсе, олар белсене түрде жұмыс істеп, жемқорлық кәсіпкерлерге бюрократтық қақпандарды айналып өтуге жол ашады деген пікірлер де тарап жатты.

Жемқорлықты жарылқау концепциясы ескермейтін бір жәйт, бақылаудың жоқтығы, бұған жемқорлыққа тап болған қоғамда саясаткерлер мен шенеунік-бюрократтар ие болады. Олар нұсқауларды өз ойынша бұрмалап, құрастыра алады. Мұндай жағдайда қызметті бұдан да тиімді ету мақсатынан бөлек, сыбайлас жемқорлық нұсқаулар санын көбейтудің стимулы болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда, пара алушылар жаңа кедергілерді әдейі жасап, оларды «жеңуге» көмектесу үшін қосымша ақыны талап етеді.

Жемқорлықтың «апологеттері» тағы бір дәлелдейтіні, паракорлық бюрократтық құжаттарды жинау және өңдеуге кететін уақытты қысқарта алады. Бірақ, паралар канцелярлық жұмыс жылдамдығын міндетті түрде жеделдетпейді. Мәселен, Үндістанда жоғарғы дәрежелі мемлекеттік қызметкерлер мынандай жолмен пара алады: олар пара берушіге оның құжаттардың жедел өңделуіне уәде бермейді, алайда, оның бәсекелестік компанияларының құжаттарының өңделу процестерін тежелдете түсуге сөз береді.

Жемқорлық экономиканың дамуы жолында ынталандырма болып табылатындығы туралы дәйек тің қауіптісі сол, ол заңдылық пен құқық тәртібін бұзады. Кейбір отандық криминологтар айтқанындай, 1990-шы жылдардың басында кеңестік заманнан кейінгі Ресейде «жақсы оймен» қызметтік өкілеттілігін теріс пайдаланғаны үшін жазаға тарту уақытша тоқтатылған, мұның нәтижесінде бюрократтық паракорлық өсіп, экономикалық дағдарыс күшейе түскен [3].

Қарап отырсаңыз, бұл да қиын болып па, деген ой келеді. Сыйлықты бер де – сонымен іс те бітті. Біреуіне пайдалы, екіншісіне қуанышты жағдай, мұның заңға не қатысы бар? Сөйтсек, заңға қатысы бар екен және өте тығыз байланысты. Соның ішінде Қылмыстық Кодекске.

Бұл қаншалықты күтпегендей болып көрінгенімен, дегенмен, сый тарту – бұл келісім жасаудың бір түрі. Яғни құқық қатынастары категориясын қадағалайтын нормалар оған да қатысты екен. Сый беру толықты заң актісі болып табылатындығы Азаматтық кодексте айтылған, бұл тақырыпқа онда бір арнайы бөлім бөлінген.

Сый беру өзінің мәнін жоғалтпайтын басты шарт, ол – пайда жасауға тырыспаушылығында. Бір жақ (сый тартушы) заңның 13-бабында айтылғандай, екінші жаққа



(сый алушыға) меншікке зат немесе өзіне не үшінші тұлғаға қатысты мүліктік құқықты береді, я болмаса, бұл тұлғаны өзі немесе үшінші тұлға алдындағы мүліктік міндеттемеден босатады. «Жауапты алғыстың» кез-келген пішіні келісімді және оған арналған құжаттарды жарамсыз етеді. Мәселен, белгіленбеген затты сыйлау туралы уәде бергенмен тең немесе келешекте сыйлау, немесе сыйлық берушінің өлімінен кейін бір мүлікті беру шешімі сияқты. Ал, сый берушінің себептері мен итермелеген сезімдері келісімнің заңдылығына өз әсерін тигізбейді.

Сый беру – тек пайда күтпейтін ғана емес, сондай-ақ өзара келісімді көздейтін екіжақты келісім-шарт. Сыйлықты алушы сыйдан бас тарту құқығына ие, сонда сый берудің жазба түрдегі келісім-шартына сәйкес сый беруші шығынға ұшыраса, оның өтелуін талап ете алады [4].

Мұндағы орнауы мүмкін сауал мынау: әңгіме сый туралы болып отырғанда жазбаша түрдің бұған не қатысы бар? Әрине, егер бұл жерде мұнда «басты сыйлықтың бағасы емес, бастысы – көңіл бөлу» дегендей, белгілі бір құнсыз нәрсе айтылып отырса, онда акциялардың жазбаша түрдегі тіркелуі жайында айту күлкілі жәйт. Бірақ, біз бен сіздің назарымыз – сыйлықтар болып отыр, сондықтан мұнда заңды айналып өте алмаймыз.

Мәселен, мүлік сыйға тартылуда делік. Мұндай акт тек жазбаша түрде жүргізіліп қана қоймай, әділет мекемесінде де тіркеуден өтуі тиіс. Келісімнің нотариальді құжаттамасы міндетті емес. Бұл үшін сый беруші тарапынан үшінші тұлғаны тартып, оған сенімхат берсе жеткілікті.

Сый беру келісім-шартын жасаудың еш ұяты жоқ. Бұл бюрократтық акті емес, бұл жақтар арасында туындауы мүмкін түсініспеушіліктердің алдын алады. Мысалы, егер сый алушы заңда қарастырылған мынандай әрекеттерді жасаса, сыйды қайтадан қайтаруға болады: сый берушінің немесе оның отбасы мүшелерінің өміріне қауіп төндіру, қасақана дене жарақаттарын тигізу. Келісім-шартсыз мұны істеу мүмкін еместігі түсінікті.

Егер сыйдың, мысалы, пәтер, үй, саяжай немесе автокөлік болсын, жаңа иесі зұлымдық танытып пайдаланса, сыйды қайтаруға болады. Мұнда да басты құжат сый тарту келісім-шарты болады.

Егер сый тартушы сыйды кәсіпкерлік қызметінің қаражатына алып, банкроттық туралы заңды бұзған жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға болса, онда сот арқылы мүдделі тұлға сыйды жоққа шығаруға болады.

Сыйға тартылған жылқының тісіне қарамайды деген мақал біздің заманымызда ескірген секілді. Өйткені, бүгінде сыйға тартылған тіпті «жылқы» үшін де ақы төлеу керек. «Мұрагерлік немесе сыйға тарту тәртібінде өтетін мүліктен алынатын салық туралы» заңда (№196-ФЗ, 30.12.01 ж.) бұл жөнінен толық жауаптар беріледі. Салық ставкасы мүлік құнына және сыйды алатын адамға да байланысты. Егер сыйлықта (пайдаланымда болған тұрғын үй, автокөлік, басқа мүлік) бекітілген бағасы болмаса, онда коммуналдық шаруашылық органдарына хабарласып, сарапшыға немесе сақтандыру агентіне жолығуға болады.

Қуанышты деректі салық органдарынан жасыру ойына бой алдырмаған жөн: себебі, келісім-шартты нотариус бес күннің ішінде бұл туралы хабарлауы тиіс. Тек салық төленгеннен кейін (тиісті мәлімдеме арыз беріледі), иесі сыйлықты өзінің көздегеніндей пайдалана алады.

Тұрғын үйлер (пәтерлер), ТЖК пай жинақтары сияқты сыйлар ерлі-зайыптылардың бірінен екіншісіне егер келісім жасалған күні сый берушімен бірге тұрған болса, онда бұл мүлік салықтан босатылады. Егер сыйлық ұйымнан берілсе, оған да салық төленбейді. Бірақ, мұнда ескерер бір жәйт, егер сыйлықтың бағасы минимумнан (12 айлық есептік көрсеткіші) асатын болса, оның айырмашылығы қосымша құн салығын шегеру мақсатында сый алушының табыс көрсеткішіне қосылуы керек. Сыйлыққа заттарды да, мүліктік құқықты да беруге болады. Егер сый ретінде қару-жарақ тарту етілсе, онда оның рұқсат қағазы болуы тиіс.

Сыйға тартуға болмайды-кәмелетке толмағандардың атынан және мүгедектер тарапынан; -емдеу, тәрбие беру мекемелері жұмысшыларына, әлеуметтік қорғау және басқа

да соған ұқсас мекемелердегі емделіп, қаралып немес тәрбиеленіп жатқан азаматтардан, сондай-ақ олардың туыстарынан; -мемлекеттік қызметкерлеріне және муниципалды құрылым органдарының қызметкерлеріне; -коммерциялық ұйымдар арасында. Егер лауазымды тұлға немесе қызметкерге берілген сыйдың бағамы 5 айлық есептік еңбек көрсеткішінен асатын болса, онда бұл пара деп саналады. Бұл Қылмыстық Кодекстің 290 және 291-баптарымен қаралған.

Сыйлық берудің ерекше бір түрі – қайырымдылық ету, не садақа беру. Ол сый алушының келісімін қажет етпейді. Бұл біз үшін жаңа институт. Заңның есептеуінше, бұл актінің тағы бір айырмашылығы, сыйды пайдалана алатын тұлғалар санының белгісіздігі. Садақа беру кезіндегі салық төлемі ҚР Салық кодексімен қадағаланады (екінші бөлім).


“Сыбайлас-жемқорлық” деген түсінік мағнасына этимологиялық қарау мұны “параға сатып алу”, “пара” ретінде, "corruptio" деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ "congumpire" түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген.

Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды. ҚР “Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы” Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: “...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу”. Бұл термин көп жағдайда бюрократтық аппарат пен саяси элитаға қатысты қолданылады [4].

Жемқорлықтың сипатты белгісі лауазымды тұлғаның әрекеті мен және оның жұмыс берушісі арасындағы дау-дамай немесе таңдаулы тұлғаның әрекеті мен қоғам мүддесі арасындағы дау-дамай болуы мүмкін. Жемқорлықтың көптеген түрлері лауазымды тұлғаның іске асыратын алаяқтығымен тұспа-тұс келеді және мемлекеттік билікке қарсы жасалған қылмыс санатына жатқызылады. Жемқорлыққа кез-келген адам бой алдыруы мүмкін, мәселен, дискрециялық билікке ие адам, яғни өзінің иелігіне жатпайтын ресурстарды өзінің көздегенімен пайдаланған адам (шенеунік, депутат, судья, құқық қорғау органдарының қызметкері, әкімгер, емтихан алушы, дәрігер, т.б.) Жемқорлыққа итермелейтін басты стимул экономикалық табыс (ренттер) алудың мүмкіндігі, ол билік өкілеттілігін пайдаланумен байланысты, ең басты ұстап тұратын фактор – айыпталу және жазалану факторы. Макроэкономикалық және саяси-экономикалық зерттеулерге сәйкес, сыбайлас жемқорлық кез-келген жаңашылдықтарды қауіп астына алуға қабілеті бар, экономикалық өсім мен дамуға зардабын тигізетін ең ірі кедергі .

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Пеняева. Л. Борьба с коррупцией – дело всех и каждого. // Исполнение наказания. - 2006. - №10.
2. Расследование бандитизма. Методическое пособие. – М.: Приоритет, -2000.
3. Демидов. В. Нет коррупционным преступлениям. // Исполнение наказаний. - 2006. - №11.
4. Қыстаубайқызы. Г. Жемқорлыққа қарсы күресте жаңа жүйе, жаңа бағыт айқындалды. // Халық. – 2006. - 9 наурыз.



**УДК 343.9:316.6(574)**

## АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СЕМЕЙНО-БЫТОВОГО НАСИЛИЯ В РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И ПУТИ ЕЕ РЕШЕНИЯ

Акимбаева Айнур Алимхановна  
магистр юридических наук,  
старший преподаватель, Международный Таразский инновационный институт,  
Республика Казахстан

**Аннотация.** В данной статье раскрывается понятие насилия в семье и насилия в частности, виды бытового насилия: экономические, психические, физические и сексуальные. Раскрывается понятие и определение семейно-бытовых и семейно-правовых отношений, которые начинаются с момента заключения брака.

**Ключевые слова:** насилие, семейные отношения, бытовые отношения, семейно-бытовое насилие, виды семейно-бытового насилия, физическое, психическое, экономическое и сексуальное насилие.

**Андатпа.** Бұл мақалада тұрмыстық зорлық-зомбылық және оның ішінде зорлық-зомбылықтың түсінігі, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрлері: экономикалық, психикалық, физикалық және жыныстық қатынастар қарастырылады. Некеге тұрған кезден басталатын отбасы-тұрмыстық және отбасы-құқықтық қатынастардың түсінігі мен анықтамасы ашылды.

**Кілт сөздер:** зорлық-зомбылық, отбасылық қатынастар, тұрмыстық қатынастар, тұрмыстық зорлық-зомбылық, тұрмыстық зорлық-зомбылық түрлері, физикалық, психикалық, экономикалық және жыныстық зорлық-зомбылық.

**Annotation.** This article reveals the concept of domestic violence and violence in particular, types of domestic violence: economic, mental, physical and sexual. The concept and definition of family-household and family-legal relations that begin from the moment of marriage are revealed.

**Key words:** violence, family relations, domestic relations, domestic violence, types of domestic violence, physical, mental, economic and sexual violence.

Противодействие семейно-бытовому насилию, общественная опасность семейно-бытового насилия, последствия семейно-бытового насилия, совершенствование мер противодействия семейно-бытовому насилию, совершенствование уголовного законодательства.

Да, как не говори, но на сегодняшний день в семейно-бытовой сфере имеет место жестокости и жесткости одного человека над другими членами семьи. Для того чтобы как-то исправить положение и предупредить совершение общественно опасного деяния в законодательстве предлагаются уголовно-правовые меры борьбы. В уголовном кодексе были статьи 108 (предусматривавшая ответственность за умышленное причинение легкого вреда здоровью) и ст. 109 (предусматривавшая ответственность за нанесение побоев), которые были исключены Законом Республики Казахстан от 3 июля 2017 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования правоохранительной системы». После этого, семейные «хулиганы», почувствовав безнаказанность, стали более уверены в своих позициях и еще больше стали совершать противоправные деяния в семейных отношениях. Таким образом, рост числа семейно-бытовых насилий увеличивался с каждым днем.

Семья – это ячейка общества и поэтому является важным элементом структуры общества. Семья ни как не защищена от криминогенных обстоятельств и факторов, вызывающих конфликты в бытовых обстоятельствах. Семья - это то, где мы проводим больше времени своей жизни. Считается, что семья – это крепкий тыл. Если в семье царят понимание, благополучие, любовь и уважение к друг другу – это является гарантией стабильности, спокойствия целой страны. Да, да, всей страны. Ведь если человек спокоен в быту, то это гарантия хорошего уровня его жизни. И, конечно же, любое правонарушение и

беспокойство в семье, приводит к серьезным последствиям таким, как нарушение физического и духовного спокойствия. В итоге, от всего происходящего серьезно страдают члены семьи, особенно уязвимая их часть - женщины и дети.

Давайте рассмотрим причины, последствия и пути разрешения семейных конфликтов. Для начала растолкуем – что такое «семейный конфликт». Семейный конфликт – это разногласия и не понимание между членами семьи, которые возникают из-за мотивов и целей, не совпадающие в каких-то ситуациях.

На мой взгляд, причины конфликтов в семье чаще всего возникают из-за того, что не уделяется достаточного внимания, чтобы заметить причину назревающего конфликта и исправить все. Ведь недовольства, которые часто возникают между мужем и женой, а также до боли известная и старая как мир причина – это конфликт между родителями и детьми. Ссоры между поколениями были, есть и будут всегда так, как они неизбежны. Зачастую, такие ссоры возникают по следующим причинам:

Первая причина – это, когда родители осознают, что их ребенок не соответствует идеалу, который они придумали и начинают критиковать их, сравнивать с детьми своих друзей, знакомых и конечно же это приводит к выяснению отношений, к обидам и ссорам.

Вторая причина – это жесткий контроль и чрезмерная опека над ребенком. В этот период ребенок начинает проявлять сопротивление и возникает конфликт с родителями.

Третья, я бы сказала, неизбежная причина - переходный возраст. Это самый важный и самый сложный период в жизни каждого ребенка. В этот период ребенок может злиться по поводу и без, пытаясь найти себя и свое место в обществе, заявить о себе, доказать свою значимость в мире.

Все выше названные причины – это следствие разногласий и конфликтов родителей между собой. Давайте подробно рассмотрим причины разногласия между супругами. Причины могут быть как эмоционально-психологические, так и бытовые. В основном все ссоры связаны с неспособностью адаптации к жизненным переменам и к новым условиям повседневного уклада.

Теперь рассмотрим причины семейных конфликтов в психологическом и эмоциональном аспекте.

Первое – это неудовлетворенность, которая может проявляться в разных сферах. Это психологическая проблема очень отрицательно влияет на одного из супругов и создает напряжение в отношениях. Такая напряженная обстановка в конце концов приводит к неминуемым и бесконечным склокам и ссорам. Дефицит понимания, внимания, нежного отношения между супругами, приводит к проблемам в интимной сфере тоже. В итоге между партнерами возникают мысли о расторжении брака, об измене и т.д.

Второе – это психологическая причина. Это когда один из супругов не готов к созданию семьи. Полное осознание и уверенность в создании семьи зависит не от возраста, а от его чувств. Конечно же, он должен быть уверен в том, что осознанно готов взять на себя некоторую обязанности и ответственность после создания семьи. Потому, что брак обязывает каждого из супругов проявлять терпимость, сопереживание, внимание и т.д.

Проводя беседы, психологи выявили определенные факторы:

- это постоянное соперничество в отношениях (кто в доме хозяин);
- это при возникновении проблемы бежать от них;
- постоянно винить, критиковать и воспитывать одного из супругов;
- это когда человек находится в растерянности и осознанно отказывается брать на себя определенную деятельность или ответственность;
- это сомнения и подозрения в отношении своего партнера.

Это и есть те самые, основные факторы, которые являются очевидным показателем неготовности одного из супругов к реальным проблемам в совместной жизни. Здесь важно быть внимательнее и вовремя понять близкого вам человека, чтобы сохранить эмоциональное взаимоотношение между супругами.

Есть еще одна социальная причина, которая возникает на пути семейных отношений. Чаще всего это зависит от разных взглядов на жизнь и воспитания. Конечно же, при совместной жизни возникают такие вопросы, как «Кто больше зарабатывает?, кто важнее и главнее?», и обеспеченность семьи и т.д. Если один из бедной семьи, а другой из обеспеченной это может быть первой и главной причиной для постоянных ссор и обид между молодыми. Если все время копить в себе все обиды, не проговаривать о них вслух и не решать это вовремя, то в один прекрасный день это перерастет в огромный скандал. Не проявление уважения друг к другу при высказывании претензии или недовольства зачастую переходит в унижение и оскорбление в отношении.

Недоверие и ревность – это тоже главный враг долговечных отношений и крепких браков. Если один из супругов не доверяет другому и постоянно изводит его своей ревностью и подозрениями, то это бесконечная кабала, под названием «конфликт». Потому что эмоционально-психологическое состояние в семье играют значительную роль. Но и о бытовых причинах не стоит забывать так, как это основной стержень и основной источник всех проблем. Назовем несколько распространенных примеров:

- материальные проблемы (недостаток денег, завышенные запросы, безработица).
- жилищные вопросы (проживание с родителями одного из супругов, жилищные вопросы, переезды с одной квартиры на другую, отказ в помощи в домашних делах и т.д.)
- воспитания детей – проявление безразличия в воспитании детей или наоборот чрезмерной заботы и опеки, а также разные взгляды на метод воспитания.
- алкоголизм, наркомания, игромания и другие вредные привычки, а также абсолютное отрицание менять что-либо или же свой образ жизни.

Психологи считают, что каждая семья в первые пять лет проходят этап притирания друг к другу. То, есть каждая семья за это время проходит разные периоды привыкания, понимания, сочувствия, учится жертвовать своими интересами, временем, учится уступать друг другу, помогать и поддерживать свою вторую половинку. На протяжении всей жизни семья проходить несколько периодов таких, как:

- первые годы в браке (конфликты связанные с притиркой характеров и материальные, жилищные вопросы).
  - второй период – это рождение детей (супруги становятся родителями, появляются новые обязанности и дополнительная ответственность)
  - следующий период наступает при проживании более десяти лет совместной жизни.
- Психологи утверждают, что это самый сложный период, когда быт съедает былые пылкие чувства между супругами. Это недостаток внимания, неоцененность, ревность, подозрение и т.д.

Семья является социальным институтом. На причины конфликтов в семье можно посмотреть со стороны социологии так, как в современном обществе постоянно происходят изменения, которые по-разному влияют на обстановку в семье. Можно назвать ряд социальных причин таких, как безработица, отсутствие образования или несоответствие профессии требованиям рынка труда, бедность и социальная дискриминация. А также, наряду с этим, существуют еще и браки по расчету, потеря принципов морали и нравственности и т.д. Конечно же, всё это очень сильно влияет и тяжело отражается на молодой семье. Конечно же, всё это очень сильно влияет и тяжело отражается на молодой семье. Вообще, ссоры возникают по любому поводу, по любой причине и на любой стадии отношений. Но главный мотив все же присутствует. Семейно-бытовые конфликты я бы разделила на несколько видов. Таких, как физиологический, ценностный, материальный, демонстративный и показательный.

Причины и последствия конфликтов в семье

Тяжесть последствий зависит от типа ситуации, способа её разрешения и поведения участников. Бывают ссоры, которые идут на пользу, помогают выяснить сложившиеся недопонимания, устранить их и улучшить атмосферу. Но чаще всего последствия локальных столкновений носят негативный характер. Они сильно отражаются на психическом и

физическом здоровье всех, кто живет в одном доме. Прежде чем злиться на супруга, подумайте, не пожалее ли вы об этом, ведь причиненная рана от любимого человека очень долго заживает и порой не прощается никогда. Нарушается общение между мужем и женой, появляются обиды, недоверие, постепенно само существование ячейки общества теряет смысл, что приводит к неизбежному разводу.

Ссоры отрицательно сказываются на неокрепшей психике ребенка. Он тяжело воспринимает негативное отношение родителей друг к другу и потом все проецирует на себя, считая, что сам является главной причиной раздора. Это накладывает огромный отпечаток на все, что ребенок делает сейчас, каким он будет в дальнейшем.

Чтобы избежать этих негативных последствий, лучше не доводить до ссоры, устраняя все разногласия мирным путем. Но если все-таки это не удастся, есть определенные приемы, с помощью которых можно предупредить развитие недопустимого сценария.

Способы и пути разрешения семейных конфликтов

В процессе совместной жизни возникают определенные трудности и столкновения между супругами. Но за счастье стоит бороться, его нужно выстрадать в быту, поиске компромиссов, заботе друг о друге. Чтобы в доме царили любовь и взаимопонимания, а все размолвки разрешались только в конструктивном направлении, каждый партнер должен постараться и приложить максимум усилий.

Первое и самое важное, что вы должны сделать, это научиться терпеть. Воспринимать партнера как самого себя, закрывая глаза на недостатки, стать частью другого. Следует сопереживать, не игнорировать и не принижать его личности, а попытаться внимательно выслушать и понять. Нужно уметь договариваться и идти на компромиссы. Важно помнить, что всегда есть способ улучшения ситуации, какой бы сложной она ни была. Если супруги готовы вместе находить выход, а не обвинять друг друга, то у них все обязательно получится.

Как разрешить семейный конфликт

Ваши действия должны строиться по следующему плану:

- выявление причины разногласия;
- оценка вины каждого участника;
- отключение эмоций, включение разума;
- принятие компромиссного решения;
- профилактика возникновения ссоры.

Психологи выделяют следующие способы профилактики семейно-бытовых конфликтов:

- взаимное уважение;
- стремление к компромиссу, толерантности;
- умение прощать ошибки своего спутника;
- отсутствие взаимных обвинений, прямой критики, неодобрения;
- здоровая самоирония партнеров;
- сохранение доверительных отношений;
- объективный взгляд на разные точки зрения;
- умение сохранять общность позиций и переживаний.

В работах американской исследовательницы Д.Г. Скотт по психологии выделяются пять основных стилей или путей решения конфликтов в семейных отношениях:

- Конкуренция – используется, когда один из партнеров стремится вынудить другого принять его решение, в угоду своих целей.
- Уклонение – можно применить при неуверенности в положительном решении спора.
- Приспособление – происходит, когда один субъект доминирует, а второй принимает его интересы без больших для себя потерь. Тем самым вырабатывается решение, удовлетворяющее обоих.
- Сотрудничество – характеризуется желанием обоих супругов устранить разлад и прийти к обоюдовыгодному решению при условии равноправия (альтернативные варианты).

- Компромисс – обе стороны идут на уступки, когда понимают что хотят одного и того же, но в данной ситуации это невыполнимо (временное решение проблемы).


Выбор какой-либо модели зависит от степени сложности ситуации. Чтобы понять, как избежать конфликтов в семье, найти способы их разрешения и уладить разногласия, вы должны выяснить, что привело к ссоре. Каждая пара в зависимости от своих особенностей сможет найти правильный выход из сложившихся обстоятельств.

Если у супругов не получается самостоятельно решить проблему, всегда можно обратиться к специалисту. Психотерапевт или психолог сможет создать условия для взаимодействия сторон, выявления первопричины недовольства собой и другим и подскажет способ устранения раздражения и напряжения. Многие специалисты придерживаются в практике консультирования модели «посредника». Это способ, когда муж и жена с помощью третьего лица приходят к разрешению конфликта.

Такое многообразие способов разрешения, профилактики и предупреждения семейных конфликтов не случайно, так как столкновение может иметь самую необычную форму, подкрепляться целым комплексом причин, которые не всегда подходят под какую-либо классификацию. Чем дольше коллизия существует, тем больше усилий потребуются для нахождения выхода из нее, поэтому нужно как можно быстрее подобрать правильный способ и воспользоваться им.

#### **Список использованной литературы:**

1. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана от 2 сентября 2019 года «Конструктивный общественный диалог - основа стабильности и процветания Казахстана». Эл. ресурс: [adilet.zan.kz/rus/docs/K1900002019](http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1900002019). Дата обращения: 30 января 2020 года.
2. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка. - М.: Мир и образование, 2016. - 890 с.
3. Антонян Ю.М. Насилие. Человек. Общество. - М.: Юрид. фирма «Контракт», 2001. - 186 с.
4. Пионтковский А.А. Преступления против личности. - М., 1938. - 350 с.
5. Иванова В.В. Преступное насилие: Учебное пособие для вузов. - М., Новый юрист, 2002. - 112 с.
6. Машинская Н.В. Насилие в семье. (Криминологические и уголовно-правовые аспекты). Автореферат к.ю.н.: 12.00.08 - М., 2001. - 29 с.
7. Сердюк Л.В. Семейно-бытовое насилие: криминологический и уголовно-правовой анализ. Монография. - М.: Юрлитинформ, 2015. - 255 с.
8. Жилиева С.К. Неблагополучная семья как дезадаптирующий фактор безнадзорности несовершеннолетних / Актуальные проблемы уголовного и гражданского судопроизводства. ГИБДД и иные правоохранительные органы как субъекты правоприменения: сборник научных статей регионального «круглого стола». - Орёл, 2017. С. 80-87. Наука и практика. 2016. № 2 (67).
9. Меликов Ф.А. Уголовно-правовые и криминологические меры противодействия насилию в семье. Автореф. дисс... канд. юрид. наук. - М., 2017. - 31 с.
10. Архангельский Л.М. Социально этические теории личности. - М.: Мир и образование, 1974. - 210 с.



**УДК 316.334.3**

**A88**

### **ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНАН САҚТАНУ ЖОЛДАРЫ.**

**Асқарбекқызы А.**

**з.ғ.м., аға оқытушы**

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты,**

**«Заң» факультеті**  
**Қазақстан Республикасы, Тараз қ.**

**Андатпа.** Қазіргі уақытта төрттік әлемде барлық мыңдаған адамдар қаржы пирамидасының құрбаны болуда. Бұл бүкіл әлемдік проблема. Қарапайым халық оңай ақша табу жолын іздеп, көптеген алаяқтың қармағына ілінуде. Өкінішке орай, мұндай жағдай мемлекеттік органдар, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар тарапынан қаржылық сауаттылықты кеңінен ақпараттық насихаттауға қарамастан қалыптасуда, қазақстандықтар өз жинақтарын түрлі алаяқтарға аударуды жалғастыруда. Әрине, алдау данышпандары өздерінің алаяқтық схемалары үшін барлық ертегілер мен аңыздарды ойлап табады, олардың кейбіреулері бір қарағанда заңды және сенімді болып көрінеді. Бұл мақалада қаржы пирамида схемасының құрбаны болудан қалай сақтануға болатынын қарастырамыз.

**Кілт сөздер:** пирамида, әлемдік проблема, заңсыз, алаяқ, қаржылық сауаттылық.

**Аннотация.** В настоящее время в четвертичном мире жертвами финансовой пирамиды становятся все тысячи людей. Это глобальная проблема. Простые люди ловят себя на ловушке многих мошенников, ищущих способ легко заработать деньги. К сожалению, такая ситуация складывается, несмотря на широкую информационную пропаганду финансовой грамотности со стороны государственных органов, а также общественных организаций, казахстанцы продолжают переводить свои сбережения различным мошенникам. Конечно, гении обмана придумывают всевозможные сказки и легенды для своих мошеннических схем, некоторые из которых на первый взгляд кажутся законными и правдоподобными. В этой статье мы рассмотрим, как избежать того, чтобы стать жертвой схем финансовой пирамиды.

**Ключевые слова:** пирамида, мировая проблема, нелегал, мошенник, финансовая грамотность.

**Annotation.** Currently, thousands of people are becoming victims of a financial pyramid scheme in the Quaternary world. This is a global problem. Ordinary people catch themselves in the trap of many scammers looking for a way to make money easily. Unfortunately, this situation is developing, despite the widespread information propaganda of financial literacy by government agencies, as well as public organizations, Kazakhstanis continue to transfer their savings to various scammers. Of course, the geniuses of deception come up with all sorts of fairy tales and legends for their fraudulent schemes, some of which at first glance seem legitimate and plausible. In this article, we will look at how to avoid becoming a victim of a pyramid scheme.

**Keywords:** pyramid, world problem, illegal, Scam, financial literacy.

Қаржы пирамидасы - бұл құрылтайшылар жаңа салымшылардың ақшасы арқылы салымшылар алдындағы міндеттемелерді жабатын алаяқтық схемалардың бір түрі. Қаржы пирамидасы-бұл инвестицияларды ұсыну немесе өнімді сату арқылы емес, басқаларды схемаға тарту үшін төлемдер немесе қызметтер туралы уәде арқылы қатысушыларды жалдайтын бизнес-модель. Рекрутингтік компаниялардың саны артқан сайын, рекрутинг тез мүмкін болмайды және қатысушылардың көпшілігі пайда таба алмайды; осылайша, пирамидалар тұрақсыз және жиі заңсыз болып табылады.

Қаржы пирамидалары-бұл алаяқтар өздерінің еңбекпен тапқан ақшаларын адамдардан алдау үшін кеңінен қолданатын тактика. Осы жылдар ішінде олар адамдарға тез байып, қаржылық еркіндікке уәде беретін танымал қаржылық алаяқтыққа айналды. Адамдардың бұл схемаларға неліктен берілетіндігінің артындағы Психология көп қырлы, бірақ бұл мақалада біз бұл құбылыстың негізгі себептерін қарастырамыз.

Қаржы пирамидасы дегеніміз не?

Қаржы пирамидасы-бұл алаяқтық схема, оның қатысушыларына олардың қаржылық салымдарынан жоғары табыс алуға уәде беріледі. Схеманың бастапқы қатысушылары жаңа қатысушыларды қаржылық сыйақы туралы уәделерімен азғырып, жалдайды. Мүшелер қосылу үшін жиі жарна төлеуге мәжбүр болады, ал пирамиданың басында тұрған адам олар әкелген әрбір жаңа мүше Төлеген ақшадан комиссия алады. Схема ақшамен жаңа



мүшелердің шексіз ағынына негізделген, олар да жаңа мүшелерді тартуы керек. Сайып келгенде, схема сәтсіздікке ұшырайды, нәтижесінде қатысушылардың көпшілігі шығынға ұшырайды. Мұндай схемалардың проблемасы-олар қатысушылардың үлкен және үлкен базасын құруға негізделген, бұл ұзақ мерзімді перспективада тұрақсыз. Неліктен адамдар қаржы пирамидаларының қармағына түседі?

Қаржы пирамидаларының заңсыз сипатына қарамастан, көптеген адамдар әлі де өз қармақтарына түсіп қалады. Бұл құбылыстың себептерінің бірі - қаржылық пирамидаларды қолданатын алаяқтар адамдардың эмоцияларына, тілектеріне және психологиялық қажеттіліктеріне шебер әсер етеді. Міне, адамдардың қаржы пирамидаларының қармағына түсуінің кейбір себептері.

#### 1. Бір нәрсені жіберіп алудан қорқу (FOMO)

Адамдарды қаржы пирамидаларына қосылуға итермелейтін негізгі психологиялық факторлардың бірі-қолайлы мүмкіндікті жіберіп алудан қорқу. Адамға тез немесе оңай көп ақша табуға мүмкіндік берілсе, ол азғыруларға бой алдыруы мүмкін, өйткені бұл оған көп ақша табудың жалғыз мүмкіндігі болуы мүмкін. Бір нәрсені жіберіп алудан қорқу адамдарды схеманың промоутерлері жасаған жоғары инвестициялық кірістердің тым оптимистік уәделері сияқты ескерту белгілерін елемеуге мәжбүр етуі мүмкін.

#### 2. Қаржылық пайдаға ұмтылу

Көптеген адамдар қазіргі кездегіден көп ақша тапқысы келеді. Қаржы пирамидалары бұл тілекті өте аз күш-жігермен немесе қатысушыдан талап етілетін біліммен инвестицияның жоғары кірісін ұсына отырып пайдаланады. Тез және оңай ақша табудың болашағы көптеген адамдар үшін шешілмейтін болуы мүмкін.

#### 3. Жеке қатынастар

Қаржы пирамидалары көбінесе адамдардың жеке қарым-қатынастарына немесе әлеуметтік желілерге бағытталған, оларды достары немесе отбасы мүшелері арқылы тартады. Сіз білетін адамдар сіздің сеніміңізге көбірек ие болатындықтан, сіз өзіңіз білетін және жақсы көретін адам ұсынған деп ойласаңыз, сіз инвестициялауға немесе басқаларды осы схемаға қатысуға тартуға дайын болуыңыз мүмкін.

#### 4. Табынушылық атмосфера

Әдеттегі қаржы пирамидасы табынушылықты еске түсіретін атмосфераны құра алатын кадрлар мен ұсыныстарға баса назар аударады. Олар көбінесе жоғары қысымды тактиканы қолданады, мысалы, сізді тез шешім қабылдауға немесе схемаға қатысуды отбасыңыз бен достарыңыздан құпия ұстауға шақырады. Адамдар схеманың және оның ұйымдастырушыларының сәттілігіне тым қызығушылық танытуы мүмкін, бұл оларға ескерту белгілерін байқауды немесе алаяқтық операциямен айналысып жатқанын түсінуді қиындатады.

#### 5. Ұсыныс уақытпен шектеледі

Қаржы пирамидаларының көпшілігі шектеулі уақытқа ғана қол жетімді деп мәлімделген ұсыныстармен бірге жүреді. Бұл схемаға қатысушылар қатысушылардың эмоциялары мен инстинктеріне тікелей жүгінетін жеделдік пен тапшылық сезімін қалыптастыру үшін қолданылады. Қаржы пирамидаларының нақты мысалдары: Қаржы пирамидасының ең танымал мысалдарының бірі-Берни Мэдоффың Понци схемасы. Бұл схема инвесторларға мыңдаған доллар шығын келтіріп, жойқын әсер етті. Берни Мэдофф бұл схемаға көбірек адамдарды тарта отырып, инвестицияның жоғары қайтарымын уәде етті. Сайып келгенде, схема ашылды және Мэдофф қылмыстары үшін 150 жылға бас бостандығынан айырылды. Тағы бір мысал-көптеген зерттеушілер мен реттеушілер қаржы пирамидасы деп атаған атышулы Herbalife тағамдық қоспалар компаниясы. Инвесторлар мен дистрибьюторлар Herbalife өнімдерін салмақ жоғалтуға және денсаулыққа басқа да артықшылықтарға әкелуі мүмкін деген мәлімдемелермен сатуға міндетті. Алайда, Herbalife-пен байланысты белгісіздіктің көп бөлігі оның инвесторлары сатылымның көп бөлігін компаниядан тыс клиенттерге емес, дистрибьюторларға жүзеге асырады.

Қорытынды. Қаржы пирамидалары әртүрлі себептермен көптеген адамдар үшін тартымды. Қаржы пирамидаларымен байланысты ықтимал қауіптерге қарамастан, кейбір адамдар оларға тартылады. Қаржы пирамидаларының артындағы психологияны түсіну арқылы біз өзімізді құрбандардың тағдырын болдырмайтын білім мен құралдармен қаруландыра аламыз. Сондықтан әрдайым компанияның мәртебесін реттеуші мәліметтер базасымен салыстыру, тәуелсіз заңгерлік кеңес алу және жоғары тәуекелді инвестициялық мүмкіндіктерден сақ болу қажеттілігін ұмытпаңыз. Осындай сақтық шараларын қолдана отырып, сіз өзіңіздің еңбекпен тапқан ақшаңыздың қауіпсіз екендігіне және қаржы пирамидалары немесе басқа да танымал қаржылық алаяқтықтар арқылы ешқашан жоғалмайтындығына сенімді боласыз.

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қаржы пирамидасының негізгі белгілері жөніндегі нұсқаулығын ұсынамын:**

**Қаржы пирамидасының негізгі белгілері:**

1. Мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей:
  - бағалы қағаздар нарығындағы қызметті;
  - банк қызметін, оның ішінде депозиттер тарту, кредиттер беру, аударымдар мен төлемдерді жүзеге асыру және т.б. бойынша;
  - микрокредиттер беру жөніндегі қызметті;
  - коллекторлық қызметті жүзеге асыруға Агенттік лицензиясының/есептік тіркеуінің болмауы.
2. БАҚ-та, интернет-ресурстарда, оның ішінде әлеуметтік желілерде жоғары кірістілік, пассив кіріс алуды уәде ететін жаппай жарнама.
3. Компания клиенттерден жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті нарықтан жоғары баға бойынша (үш айдан бөліп төлеу арқылы немесе ең төменгі пайыздық мөлшерлеме бойынша) сатып алуды ұсынады, сондай-ақ керісінше клиенттерге жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті нарықтан төмен баға бойынша (міндетті аванстық төлеммен) сатып алуды ұсынады.
4. Компания бастапқы капиталды міндетті түрде салып, бірлескен кәсіпорынның/компанияның қатысушысы болуды ұсынады.
5. Белгілі бір сомаға тауарды/қызметті сатып алу және қосымша бірнеше тұлғаны тарту (бұл ретте бөлшек сауда жоқ) міндетті талап болып табылады.
6. Ақша қолма-қол ақшамен, жеке тұлғаның карточкалық шотына не төлем ұйымдарының терминалдары арқылы электрондық әмиянға салынады.
7. Компанияның, жеке тұлғаның немесе қоғамдық жобаның қызметі туралы нақты анықтама (бірегей қызмет туралы мәлімдеме) жоқ.
8. Компанияның немесе жобаның қызметіне кейіннен қатысу үшін алдын ала (арнайы) жарналардың болуы.
9. Нарықтық көрсеткіш деңгейінен едәуір жоғары кірістілік туралы жария уәде.
10. Кірістілікке кепілдік беру (банк салымдарын қоспағанда, бұған қаржы нарығында тыйым салынған).
11. Атауда, нышандарында, жарнамаларда сөздер мен сөз тіркестерін немесе оларды белгілі компанияларға, брендтерге ұқсас ететін нышандарды пайдалану.
12. Әртүрлі бағдарламаларға халықтан ақша қаражатын тарту, оның ішінде банктік кредитке балама ретінде болатын автомобильдер, пәтерлер, жер учаскелері, халық тұтынатын тауарлар және т.б. сатып алуға тарту.
13. Шарт компанияда, жеке тұлғада немесе жария жобада ақша қаражатының инвесторы (салымшысы) алдында қандай да бір міндеттемелер болмайтындай етіп жасалады. Не шарт инвестордың (салымшының) шарттық қатынастар тоқтатылған және компания, жеке тұлға немесе жария жоба тарапынан міндеттемелер орындалмаған жағдайда да ақша қаражатын қайтаруы мүмкін емес болатындай етіп жасалады.

14. Анонимділік – компанияның немесе жобаның құрылтайшылары және басшылары (тегі, аты, әкесінің аты, өмірбаяны) туралы нақты ақпараттың болмауы, қаржылық есептіліктің болмауы

15. Офистің болмауы немесе айрықша номиналдық офистің болуы, мысалы, заңды тұлғаны тіркеу орны бойынша немесе жеке тұлғаның тұрғылықты жері бойынша.

16. Егер «қаржы пирамидасы» заңды тұлға нысанында ұйымдастырылса, компанияны офшорлық юрисдикцияда (Кипр, Сейшель аралдары, Белиз және т.б.) тіркеу

17. Нарықтық деңгейден айтарлықтай асатын, кепілдік берілген кірісті (мүліктік пайда) төлеуге уәде бере отырып, болмаған активтерге және (немесе) жобаларға инвестициялар.

#### **Пирамида ғұмырының үш кезеңі:**

**Бірінші** – қаржы пирамидасын құру. Әдетте, қатысушылар аздаған, сондай-ақ айтарлықтай көп сома енгізсе де ұйымдастырушылар бірінші қатысушыларға өз қаражатынан уәде етілген табысты төлейді.

**Екінші** – қаржы пирамидасын көпшілікке тарату. Құныққан салымшылар қатысушыларды, оның ішінде туыстары мен таныстарын бірінен соң бірін тарта бастайды. Сондай-ақ ұйымдастырушылар әйгілі блогерлерді, жұлдыздарды тарту арқылы әлеуметтік желілерде агрессивті жарнаманы пайдаланады. Бірақ бұл кезеңде жаңа қатысушыларға сыйақы жеке қаражат есебінен емес, жаңадан тартылған адамдардың есебінен төленеді.

**Үшінші** – пирамиданың сөзсіз құлдырауы. Ол белгілі бір қатысушылар саны мен қомақты сома жиналған кезде орын алады. Оңай әрі жедел қол жеткізуге болатын пайдаға сеніп келген адамдар сыйақыдан да, өз ақшасынан да қағылады. Сондай-ақ, оларды қандай да бір жолмен қорғау мүмкіндігі болмайды, өйткені Қазақстанда қаржы пирамидаларының қызметі заңсыз әрі тыйым салынған, демек пирамида ұйымдастырушылары қол қойған құжаттардың ешқайсысы заңды күшке ие болмайды.

Қаржы пирамидасына әдетте, ерікті түрде әрі құқықтық қызмет көрсетусіз кіріп жатады. Демек, ешкім салынған қаражаттың қайтарылатынына ешқандай да кепілдік бермейді. Сондықтан да, егер сізді тезірек шартқа қол қойып, ақша салғызуга асықтырса, арандатушылыққа берілмеңіз.

Егер сізде қаржы пирамидасына тап болғаныңызға қатысты күдік пайда болса:

- дереу тұрғылықты жеріңіз бойынша құқық қорғау органдарына, ПМ-ге;
- сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне және Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігіне жүгінуіңіз қажет. Қаржы реттеушісіне «Fingramota Online» мобильді қосымшасының «Қаржы пирамидалары және қаржылық алаяқтық» бөлімі арқылы немесе Call-орталықтың 1459 қысқа нөмірі бойынша (жұмыс уақыты: жұмыс күндері сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін) жүгінуге болады.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми сайтында кепілдік берілген кірісті төлеуге (мүліктік пайда) уәде ететін, оның ішінде әрекеттеріне ҚНРДА-ға азаматтардың шағымдары келіп түскен азаматтардан және ұйымдардан ақшаны тарту жөнінде қызмет белгілері бар тұлғалардың тізімі жарияланды.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің интернет-ресурсында қаржы пирамидасы ретінде қызметі күдікті, сондай-ақ сот үкімі шығарылып қойған ұйымдардың кеңейтілген тізбесі жарияланды.

Қаржы пирамидаларының қызметіне тыйым салу 30-дан астам елде қарастырылған. Оның ішінде Австрия, Ұлыбритания, Франция, Канада, Италия, Қытай, Біріккен Араб Әмірліктері.

Қазақстан мыналарды қамтамасыз етеді:

- қылмыстық жауапкершілік - қаржы пирамидасын құрғаны және (немесе) қызметін басқарғаны үшін (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 217-бабына сәйкес);

- әкімшілік - қаржылық (инвестициялық) пирамида қызметі туралы жарнамаларды дайындау, тарату және орналастыру үшін («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 150-бабына сәйкес).

Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі жөніндегі агенттіктің

**Қаржылық пирамида белгілері бар жобалар тізімі,**

Сотқа дейінгі тергеу басталған жобалар:	Сотқа дейінгі тергеп-тексеру ақталмайтын негіздер бойынша аяқталған қаржы пирамидасы белгілері бар жобалардың тізімі	Тергеу аяқталды (сотта қаралуда)	Соттардың үкімдері жасалған жобалардың тізімі
«Chia Tai Tianqing» «Chia Tai Pharmacy» «Crowd1» «Qnet» «Hit Beat Music» «Sterling Invest» «Amanat home» Чаты в мессенджеріх «Озимиз гой Арай», «Вклад чат 100%», «Luxery» (Боранбек) «The Great Tower» «Has Logistic» (TOO «UpgradeAS») «He работа» ПК «Ақ үй Арман» ПК «Asar baspana» «Metago» «Quasar»	Бахыт «Subcal» «Sweet Money» Чаты в мессенджеріх «5000#20000», «3000#9000» Чаты в мессенджеріх «Доверие», «Реализуй мечту» «Ауба-Жанұя»	«Auto Seller» «ЖК Otau KZ» «Qaz home» Чаты в мессенджеріх «Миллионеры 30 на 90», «Рассвет» «World money»	«LV Force» -30.09.2022 «Qnet»- 25.08.2023 «Unique Finance»- 24.05.2021 ПК «Елімай-2019»- 24.07.2023 «B2B Jewerly»- 28.10.2021 TOO «Fast Vic» и TOO «Caspian Crocus»- 03.11.2022 «World Business Consulting»- 31.03.2022 «Finiko»- 17.03.2023 «Innova Gold»- 31.08.2023 «Qozqan»- 30.06.2023 «Investment Consulting Agency»- 05.07.2022 «Antares»/ «Antares Trade»- 28.07.2023 «Eden life», «ММК Investment»- 02.03.2023 «Шаңырақ+» (TOO «Best Road Investment»)- 30.12.2022 «Sincere Systems»- 05.07.2023 «Семейный капитал»- 04.07.2023 «River Coins Limited»- 28.09.2022 «Денежный поток»- 11.05.2021 «Великое будущее»- 18.10.2021 «Мебельный проект Нур»/ «Нұр-жиһаз»- 16.08.2022 «Лидер Капитал 168»- 28.09.2022

			<p>Нарымбетова (проект «Тендер»)- 14.09.2022</p> <p>Чаты в мессенджерах «4 күн 70%, 5 күн 70%», «Айналым», «VIP чат», «Bay Life», «Bay Life чеки», «Бронь»- 04.05.2023</p> <p>ПК «Ата-мекен 2021»- 01.02.2023</p> <p>«Hermes LTD», входящий в состав холдинговой компании «Life is good»- 22.05.2023</p> <p>Чаты в мессенджерах «Айналым 30%», «3 күнде 30%», «Асыл инвест»- 28.12.2021</p>
--	--	--	---

#### Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы No 508 Заңы
2. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі N 169 Заңы
3. <https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat?lang=kk>
4. <https://www.gov.kz/memleket/entities/qriim?lang=kk>



ӘОЖ 316.7.340.111

### АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДА АДАМ ЕҢ ЖОҒАРҒЫ ТҮЛҒА

**Бектұрғанова Райхан Шубайқызы**  
заң ғылымының магистрі, аға оқытушы.

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық институты,**  
**Қазақстан, қ. Тараз**

**Аннотация.** Мақалада қазіргі Қазақстанда азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуы туралы айтылады. Азаматтық қоғамда адамгершілік, гуманистік, діни, ұлттық, әлеуметтік-экономикалық қатынастар мен адамзат институттары дамуда. Азаматтық қоғамда адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының Үстемдігі әрқашан басым болады.

**Кілтті сөздер:** Қоғам, отбасы, адамзат, бостандық, ұлт, дін, демократия.

**Аннотация.** В статье речь идет о формировании и развитии гражданского общества в современном Казахстане. В гражданском обществе развиваются нравственные, гуманистические, религиозные, национальные, социально-экономические отношения и институты человечества. В гражданском обществе всегда будет превалировать верховенство прав и свобод человека и гражданина.

**Ключевые слова:** Ключевые слова: общество, семья, человечество, свобода, нация, религия, демократия.

**Abstract.** The article focuses on the formation and development of civil society in modern Kazakhstan. In civil society, develop the moral, humanitarian, religious, national, social and economic relations and institutions of mankind. The civil society will always prevail rule of rights and freedoms of man and citizen.

**Keywords:** society, family, humanity, freedom, nation, religion, democracy.

Адам баласы өмірге бір-ақ рет келеді. Бұл жалған ешкімге мәңгілік, тұрақты емес, әркім жарық дүниеде еркіндік пен бостандықта өмір сүргісі келеді. Әрине, адам жалғыз өмір кеше алмайды, қоғамдасып өмір сүреді, қоғамның белсенді субъекісі. Адам қоғамдық құрылым да, оның бірлігінде, институттарында, ұйымдарында, әрекет ететін шешуші тұлға. Сөйтіп, адам біртұтас, әлеуметтік жүйеге яғни қоғамға бірігіп өмір сүреді.

Алайда, қоғам деген құпиясы терең, күрделі материя. Қоғам деп бірігіп еңбек ететін жеке адамдардың жиынтығын және олардың арасындағы екі жақты қатынасты айтамыз. Қоғам адамаралық қатынастарды реттей отырып, адамның өмір сүруі мен дамуына материалды жағдай жасайды әрі рухани мәдени құндылықтарды жасаудағы өзара байланысты реттейді. Қоғамсыз адамдардың өмір сүруі мүмкін емес. Қоғамның құрамдас бөліктері не жеке адамдар, әлеуметтік институттар мен ұйымдар, таптар мен қауымдар, байланыстар мен әрекеттер, нормалар мен құнылықтар, өзара қарым-қатынастар жатады. Қоғам отбасылардан, ұжымдарға, ұйымдардан қоғамға бірігеді. Әрине, мұндай бірігу ұзақ тариха мерзімді өз ішіне алады. Осылардың барлығын азаматтық қоғам құрайды. Азаматтық қоғам әлемдегі барлық жүйелердің ең жоғары, ерекше сапалы даму дәрежесінің нәтижесі, адамардың алуан түрді сапалы іс-қимыл мен қызметінің негізінде қалыптасатын тарихи бірлік. [1.1446]

Азаматтық қоғам бірыңғай шаруашылығы ұқсаса, дүниетанымның бастауы бір, қандас, мүделлес адамдардан тұрып, бірге әрекет етеді, қоғамның ажырамас бір бөлігі әрі оған тәуелі болады. Қоғам сойтіп, өз қолына төмендегідей әкімшілік әрекеттерді иеленеді:

-адамдардың өміріне қажетті материалдық игіліктер жасайды.

- еңбек өнімдерін бөледі.

-әлеуметтік қызмет атқарады

-әлеуметтік қатынастарды тәртіпке келтіріп, оны рухани жағынан реттейді.

-қоғамдық қатынастарды жетілдіреді.

-қоғамның ар-намысын қорғайды.

-қоғамдық сананы биік дәрежеге көтереді.

Қоғамның дамып, жетілуіне қоршаған географиялық-табиғи орта да әсер етіп, олардың өмір сүру салты мен ұйымшылдығының орнығуына ықпал етеді. Қайсысы бір халық болмасын өздері біріккен қоғамдағы оның мүшелерін азамат, қоғам азамат, мемлекет азаматы деп атаған. Қазір де солай атайды.

Осыған байланысты азаматтық ұғымы өте терең мәнді иеленеді. Жалпы адамзат баласы адам болса. Ол азамат деген терминнің мәні терең әрі күрделі. Сөздіктерде «азамат» деген термин сөздің мәні адамның белгілі бір мемлекеттердің азаматтары қатарына жатуы әрі сол адамның өз мемлекетіне саяси –құқықтық қатынастылығын білдіреді. Ол өзі азаматы болып есептелетін мемлекеттің заңын мойындауға, өзінің азаматтық парыздарын адал атқаруға міндетті.

Біздің қазақ халқы азамат деген сөзге терең мән береді. Азамат әке-шеше, отбасының немесе руының ғана емес, бүкіл халықтың ұлы. Азамат солар үшін өмір сүреді. «Азаматтық қоғам» атауы кейін пайда болғанымен азаматтық қоғам дәстүрлі қазақ қоғамында өз көрінісін рулық-туыстық жүйе арқылы тапқан. [2.546]

Азаматтық қоғам – адамгершілік, ізгілік, діни, ұлттық әлеуметтік-экономикалық, отбасылық қатынастар мен институттар жиынтығы. Осы аталғандардың көмегі арқылы жекелеген адамдардың және олардың топтарының мүделлері қанағаттандырылады. Осыған сүйене отырып азаматтық қоғам ұлттық, рулық, діни, саяси, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан мүделестердің жиынтығы десек артық айтпаған болар едік. Себебі қоғам

мүшелері белгілі бір мүдделерінің қажетсінуінен туындаған мәселелерді қанағаттандыру үшін бір қоғамға бірігеді.

Қоғамсыз адамаралық қатынассыз өмір сүруге болмайды. Қоғам өмір сүрудің басты тәсілі. Қоғамның ең майда бөлігі – отбасы. Екінші сатысы – ұжым. Ұжымдардан қоғам құралады. Үшінші сатысы – қоғам дами келе әлеуметтік топтарды жүзеге келтіріп, одан мемлекет пайда болады. Мемлекет ішінде әлеуметтік топтар, этностар, ұлттар, таптар болуы заңды нәрсе. Олар экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, діни өмірге сан қырлы байланыстар мен іс-әрекеттер қоғамдық қатынас деп аталады. Мемлекет осыларды реттеп отыруы үшін қажет. Ең жақсысы біртекті, туыстық, дүниетаным, материалдық тұрғыдан өзара жақын, діндес ұжымдардан тұратын қоғам.

Сонымен азаматтық қоғам дегеніміз адамгершілік, ізгілік, діни, ұлттық, әлеуметтік-экономикалық, отбасылық, туысқандық, бауырлық қатынастар мен институттар арқылы жекелеген адамдардың және олардың топтарының мүдделері қанағаттандырылатын қоғам.

Азаматтық қоғамда адам ең жоғарғы тұлға болғандықтан әрі олардың негізін өнегелі істер, құқықтық дағдалар, шеберліктер арқылы кемелдендіре түсу құқықтық мемлекеттің парызы.

Адам ұғымы жеке адамның биологиялық-әлеуметтік табиғатын білдіреді. Кез келген нақтылы адам тұлға болып саналады. Ол табиғи және әлеуметтік ерекшеліктерге ие бола алады. Тұлға дегеніміз нақты қоғамдық экономикалық құрылымның мүшесі ретінде адамды сипаттайтын ерекшеліктердің жиынтығын білдіреді. Қазіргі заманда өркениеттің басты жетістігі адам құқығы мен бостандығын нақты қалыптастыру болып табылады, барлық мемлекет оны қорғап, оған кепіл болуы тиіс.

Қазақстан Конституциясының 1-бабында: «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы адам мен адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылған. 1948 жылдың желтоқсанында адам құқықтарын кодификациялау дәуірі басталды. Адам құқықтары институтын және процедураларын жақсарту, олардың іс жүзінде асыру және қорғау шаралары енгізілді. Өйткені, әлемнің тіпті алдыңғы қатарлы, ең демократияшыл мемлекеттерінде адам құқығы мен бостандықтары аяққа басылуда еді. Міне, осы Декларация қабылданғалы жарты ғасырдан асып отыр. Демократиялық-құқықтық мемлекет құру жайлы сөз қозғалғанда адам құқықтары мен бостандықтары түбегейлі қамтамасыз етілуінсіз қол жеткізуге болмайтыны белгілі болды. [3.104б]

Адам құқығы мен бостандықтарының жай-күйі әр мемлекетте адам мен мемлекет қарым-қатынасы қағидасының қалайша сақтауына байланысты. Әлемдік қатынастарда танылған бұл қағидаларды ұлттық заңдарға енгізу, құқықтарды қорғаудың мезанизмін қалыптастыру өзекті мәселе.

Адам құқықтарын қорғау механизмі мынадай шараларды қамтиды:

- Конституциялық бақылау;
- Соттық қорғау;
- Қорғаудың әкімшілік-құқықтық формалары;
- Қорғаудың соттық емес формалары

Бұл шараларды біздің елімізде әр түрлі болса да қолданылады. Жалпы адам құқықтары мен бостандықтары туралы заңдарды дамыту жолында Қазақстан басқа өркениетті елдердің тәжірибесін қолдана бастады. Бірақ, өз тарихымыздың сабақтастық жағы ұмыт қалмауы тиіс.


Сонымен ойымызды қорыта келгенде азаматтық қоғам ерекше қоғамдық жүйе болып, оның құқық жүйесі саясаттан тыс, қоғам мүшелерінің баршасының мақсат-мүддесін, қажетсінулерін қанағаттандыратын, өнбойы ізгілік толы, адам құқығы мен бостандықтарына шырай беретін болуы тиіс. Әлем жұршылығының да өркениеттің де талаптары, яғни теңдік, әділдік, бейбіт өмір имандылықтан, ар-намысты сақтаудан, адамгершіліктен туындайды. Бұл ұғымдар бойға әбден сіңген, ұлт жанның берік қамалдары. Азаматтық қоғам осылардың қорғаны әрі кепілі. Халқымыздың жан дүниесінің тарихи болмысынан, ерекшелігінен

туындап қалыптасқан адами құндылықтарды ұрпақтарынан ажыратпау, айырмау керек. [4.986]

Азаматтық қоғам адамгершілік, ізгілік, діни, ұлттық, әлеуметтік-экономикалық, отбасылық қатынастар мен институттарының кемелденіп, жетілген түрінің көмегіарқылы қалыптасып, қоғам мүшелерінің мүделлері қанағаттандырылады. Өйткені, ол бір мезгілде реттеушілік, басқарушылық, біріктірушілік, қорғаушылық және имандылық қызметтерін атқарады. Сондықтан ол бір мезгілде заң да, билік те, қоғамдық болмыс пен өнегелі көзі, рухани құндылық бола алады. Азаматтық қоғамда адам құқықтары мен бостандықтарын ерекше қорғай отырып, жалпы әлемдік өркениет жаратқан рухани-мәдени құндылықтарды негізге алып құрылғанда ғана өмірі ұзақ болады. Адам өмірге келген соң лайықты өмір сүруге құқылы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Адам және қоғам. Оқулық. Алматы. «Рауан». 2013. -144б.
2. О гражданском обществе. Казахстанская правда. 2015. 9 июля
3. Қазақстан Республикасы Конституциясы. Алматы. «Жеті жарғы», 1996.48б
4. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий (постатейный). В двух книгах. Отв. ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. Алматы: Жеті жарғы, 2003 ж.



УДК 328.188.5

## **ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ, ҚОҒАМ БІРЛІГІ**

**Бектұрғанова Райхан Шубайқызы**

**заң ғылымының магистрі, аға оқытушы.**

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық институты,  
Қазақстан, қ. Тараз**

**Аңдатпа.** Мақала қазіргі кезде бүкіл әлемде ерлі-зайыптылық пен отбасы мәселелеріне баса көңіл бөлу және ажырасу деңгейінің жоғарылауына байланысты жазылып отыр.

**Кілтті сөздер:** өмір, ажырасу, отбасы, ер, әйел.

**Аннотация.** Статья написана в связи с большим вниманием к брачно-семейным проблемам во всем мире и увеличением количества разводов.

**Ключевые слова:** жизнь, развод, семья, муж, жена.

**Annotation.** The article has been written in the help of a large number of questions about the whole world.

**Key words:** live, divorce, family, husband, wife.

Жағдайы қолайсыз отбасылармен жұмыс - мемлекеттің басты мәселелерінің бірі. Отбасындағы сәтсіздік баланың психикалық дамуындағы кемшіліктерге алып келеді. Мұның бәрі кейін бала мінезінің жеке тұлға болып қалыптасуына зор әсерін тигізеді. Сондықтан сәтсіз отбасылар проблемалары – дұрыс шешілуі барлық азаматтардың жағдайына әсер ететін әлеуметтік мәндегі проблемалар.

Отбасылық қалыптан тыс дағдарыс – отбасы өмірлік циклының кез-келген кезеңінде кездесетін дағдарыс, ол өмірдегі жағымсыз жағдайдағы қобалжу. Р.Хилл отбасының дағдарысын үш факторға бөліп қарастырды.

1. Сыртқы қиындық ( жеке тұрғын үй, жұмыстың болмауы );
2. Күтпеген жағдай, стресстер ( отбасы немесе бір мүшесі жол апаты, зорлану т.б.)



3. Ішкі отбасы жағдайын тепе-теңдікте бағалай және жеңе алмауы қақтығысты немесе стрестік сапалардың қарастырылуы (күрделі ауру, өлім, ерлі-зайыптылардың опасыздығы, ажырасуы).

Ажырасу дегеніміз - некені ресми түрде бұзу. Қазіргі кезде бүкіл әлемде ерлі-зайыптылық пен отбасы мәселелеріне баса көңіл бөлу ажырасу деңгейінің жоғарылауына байланысты болып отыр. Өзгеріп отыратын қоғам жағдайында біздің елімізде ажырасу деңгейіне әсер еткен себептер мынадай: әйелдердің кәсіптік қызметке жаппай кірісуі, діннің өз күшін жоғалтуы, халықтың білімділігінің және жалпы мәдениетінің едәуір артуы, соның нәтижесінде некеге деген талаптың көтерілуі, ажырасуға қатысты заң нормаларының әлсіздігі, жыныстық моральдың бұрмалануы. Ірі өнеркәсіп өндірісінің дамуы және осыған байланысты тұрғындардың едәуір бөлігінің ауылдан қалаға қоныс аудару процесі, сондай-ақ отбасын нуклеаризациялау туыстық жүйе мен қоныстанушы қауымның ерлі-зайыптылардың іс-әрекеттерін әлеуметтік бақылауын әлсіретті. Бұл тұрғыдан ерлі-зайыптылардың, әсіресе, мектеп жасына дейінгі жастағы балалары бар отбасылардың достарымен араласу мүмкіндігі өте шектелген. Алайда аталған өзгерістер әр аймақта әр түрлі жүріп отыр. Мысалы, біздің еліміздің тарихи-мәдени ерекшелігі-туыстық, достық, көршілік байланыстардың өте тығыз болып қала беретіндігінде.

Ажырасу алдындағы жағдайдың дамуының басы ерлі-зайыптылардың (немесе олардың бірінің) қарым-қатынасқа және жалпы некеге көңілі толмауынан басталады. Бұл жағдай бірнеше сәттен тұрады:

Ерлі-зайыптылардың (немесе олардың бірінің) ажырасу туралы шешім қабылдауы;

Ерлі-зайыптылық қатынастарды тоқтату;

Қоғамға ерлі-зайыптылық қатынастардың жайсыздығы туралы жариялау (ажырасу жөнінде өтініш беру).

Ажырасу себептері: сотта талқылау барысында 1-ші орында мінез-құлқының сәйкессіздігі, 2-орында-жұбайының адалсыздығы тұр. Тағы бір себеп- ішкілікке салыну. Жиі кездесетін себептер: отбасын құруға мүдделі болмау, жыныстық өмірге қанағаттанбаушылық, бір-біріне нашар қарау, қаржы мәселесі бойынша келіспеушілік, қызғану, балалы болмау, аурулар. Өте сирек кездесетін себептер: ерлі-зайыптылардың саяси немесе діни көзқарастарының келіспеуі. Ажырасудың тағы бір маңызды аспектісі оның салдары болып табылады. Жалпы алғанда, ажырасу салдары жөніндегі мәселе толық зерттелмеген.

Ажырасу себептерінің 3 тобы көрсетіледі:

1. Тұрмыстық (тұрғын үй жағдайы, жұбайлардың біреулерінің үй шаруашылығын жүргізудің білместігі немесе қаламауы, материалдық тапшылығы, мәжбүрлі бөлек тұруы).

2. Жеке адам аралық келіспеушілік (махаббат және құштарлық сезімін жоғалтуы, дөрекілік, өмірге деген көзқарастың әртүрлілігі, жұбайлардың біреулерінің ауруы, қызғаныш, күдікшілдік).

3. Сыртқы факторлар (опасыздық, жаңа жанұяның немесе ажырасу бастаушысында жаңа сезімнің пайда болуы, ата-ананың және басқа да адамдардың араласуы).

Тұрмыс құруға мотивациялық даярлық дегенге мыналар: отбасын құрудың басты себебі ретінде махаббат, дербестікке даярлық, құрылайын деп жатқан отбасына жауапкершілік сезімі және баланы тууға және тәрбиелеуге даярлық кіреді.

2012 жылдың 1 қаңтардан бастап электронды үкімет порталында «Неке бұзуды тіркеуге өтініш беру» деп аталатын жаңа қызмет енгізілді. Бұл қызмет бүкіл Қазақстан аумағында қолданылады. Онлайн режимінде некені бұзу кәметке толмаған балалары жоқ ерлі-

зайыптылардың өзара келісімі кезінде жүзеге асырылады. Алайда 2008 жылдың 1 маусымынан кейін некеге тіркелген азаматтар ғана ғаламтор арқылы ажыраса алады. Өйткені ақпараттық жүйеде тек осы уақыттан бастап қиылған некелер туралы ғана деректер бар.

Егер неке бұзу кезінде әдеттегі тәртіппен ерлі-зайыптылардың ортақ арызы, олардың жеке бастарын куәландыратын құжаттар, неке туралы куәлік ұсынылса, онда электронды үкімет порталына өтініш берер кезде өз ЖИН-ін енгізіп, өтінішті электронды сандық қолтаңбамен растаса жеткілікті. Азаматтар қате мәліметтер ұсынған жағдайда оларға дәлелді түрде қабыл алынбайды.

Көптеген отбасылар махаббат негізінде құрылатынын естен шығармауымыз тиіс. Социологтардың мәліметтеріне сүйенсек мұндай отбасылардың саны шамамен 70-75% құрайды. Шын, құштарлық сезімсіз «ақыл бойынша» 15-20% отбасылар жастар арасында құрылады. Шамамен 5-10% отбасылар әл-ауқатты құндылықтар бойынша құрылады. ( яғни болашақ ерлі-зайыптылардың біреуі әл-ауқатты – жақсы жабдықталған пәтер, жоғары еңбек ақы, автомобиль және т.б. ие болғанда ).

Күні кеше ғана бірін-бірі сүйіп қосылған адамдар ажырасып, жанжалдасып немесе дүние-мүлік, тұрғын үйге таласып, жаға жыртысып жатады. Бұл заман ағымына байланысты жастар психологиясының өзгеруі немесе шетелдіктерге көп еліктеушілік салдары. Өйткені бұрындары қазақтарда некенің бұзылуы өте сирек кездесетін жағдай болатын. Қазірде ажырасуға бірден-бір себепкер әйелдердің бала тууға қабілетсіздігі, яғни, «бедеулік» республикада жылдан жылға өсуде. Осының салдары шаңырақ шырқының тез бұзылуына итермелейді. Отбасы шырқы бұзылуының тағы бір себеп-салдары – әлеуметтік тұрмыстың нашарлауы, ішімдік ішу мен нашакорлыққа әуестену және ерлі-зайыптылардың арасында түсінпеушіліктің туындауы. Ажырасу көбінесе отбасындағы ұзаққа созылған қақтығыстардан, отбасылық қатынастардың ушығуынан болып жатады.

Ажырасу санының өсуінде байқалатын, некенің және жанұяның тұрақсыздығы іс жүзінде әлемнің барлық дамыған елдеріне тән екені бізге белгілі.

Бірақ, өмірдің қандай да болмасын нақты көрінісінің, қадірлеу жүйесінің болмауы, халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын, қағидалары мен ережелерін білмеу, отбасылық өмірдің мағынасы туралы бұлдыр көрініс, отбасы үшін ақиқат өмірді өте проблемалы етеді. 25-30 жастағы адамдар арасында ажырасу көп кездеседі. Сонымен қатар ажырасудың жоғарғы жиілігі 40-жас шамасында да кездеседі.

Ажырасудың себептері сан түрлі. Жантанушылар солардың басты себептерінің бірі ретінде адамның өзіншілдігін көрсетеді. Жұптасқан екеу бірін-бірі түсінуге, кеткен кемшілігі үшін кешірім сұрап, ақылға жүгініп, өмірді әрі қарай жалғауға дайын болмағандықтан, әрқайсысы өзінің сөзін растап, ақырында шаңырақ ортасына түсіп құриды.

«Үй болғасын ыдыс-аяқтың сықырлайтыны да» заңды. Өмірде күтпеген, кездейсоқ жайлар кездеседі. Соның бәріне шыдамдылықпен төзгендер ғана берік отбасының іргесін қалайды. Ошақтың ойрандалуын әкелетін жайттарды ойлап, тізбектеп көрсек: Екі жас бірін-бірі толық зерттеп білмей жатып, жылт еткен махаббат сезіміне алданып, бас қосады. Уақыт өте келе кешегі қырмызыдай сызылған қыз қырсық мінездерін көрсете бастайды. Ал кеше жүзінен нұр төгіліп, бұл үшін тау қопаруға дайын тұратын жігіт енді айнып, бақытын сырттан іздейді. Біздің елімізде жастар әлеуметтік жағынан нашар қорғалған. Көбінің баспанасы болмағандықтан, үйленген соң ата-енесімен бірге тұруына тура келеді. Ал бұрыннан балаларына бұйрық беріп, айдап өргізіп, иіріп жусатып үйреніп қалған енесі немесе атасы жаңа түскен келінге талапты қатаң қоюы да мүмкін. Кейде жай ғана қатаң қоймай, келінге

күн көрсетпей, ізіне түсіп, істеген ісін жақтырмай, өмірін өксікке толтырып, көзінен жас арылтпайтын да ата-аналар бар. Қазақ қоғамында ажырасуға кейде құдалар арасындағы келіспеушілік те әсер ететіні ежелден белгілі. Немесе, жұбайлардың бірінің жеңіл жолға салынуы немесе басқа адаммен шатасуы. Әйтпесе, арақ, наша, ойынкұмарлықтың кесірінің зардабы. Одан қалса, перзенттің болмауы. Мұндай жағдай сирек болса да кездеседі. Көп жағдайда жастардың бірінің денсаулығы келмегендіктен, ұзақ уақыт перзентті бола алмаулары ықтимал. Қазіргі заманда бұл мәселені медициналық жолмен шешуге болады. Тіпті бір-бірін шын сүйген адамдар бала асырап алуы да мүмкін. Немесе, еріксіз үйлену немесе алып қашудың салдары. Не тұрмыс тауқыметі. Қазіргі жастар мүмкіндігінше бақуатты тіршілік кешкісі келеді. О баста күйдім-сүйдіммен үйленгенімен, келе-келе тұрмыстағы ауыртпалықтар жан-жақтан қысқан кезде оған шыдамай, әркім өз жөнімен кететін жағдай кейінгі жылдарда жиі кездесетін болды. Мұның себебі – біздің жастардың әлеуметтік жағынан қорғалмағандығы. Жастардың көбі жұмыссыз, баспанасыз, пәтер жалдап тұруға мәжбүр. Көзқарастарының сәйкеспеуі де өз әсерін тигізеді. Ал бүгінгі күнде қазақ баласының кришна, иегова, сатанизм, тағы басқа осы сияқты азғындатқыш ағымдарға ілесуі, тіпті исламның өз ішінде сан түрлі ағымдарға еріп, адасуы себеп болып жүр. Біздің мүмкіндігінше жүйелеп, топтап көрсетіп отырғанымыз – ажырасуға көбірек ықпалы тиіп жүргендері ғана. Ал жұмбағы көп мына дүниеде ажырасудың себебін айтып тауысу мүмкін емес. Тіпті кейде ажырасуға түкке тұрмайтын жағдайлар да себеп болады. Әйтсе де, бүгінде мұндай келеңсіздіктерге аса мән бермей, күнделікті құбылыс ретінде қарап жүрміз. Өйткені, қазір ажырасуды сөз ету сәннен кеткен. Себебі де түсінікті. «Көп қайнаған сорпаның дәмі кетер» демекші, ажырасудың да қоғамда жиілеп кетуіне байланысты оған назар аудармайтын болдық. Енді еліміздегі ажырасқандардың статистикасына назар аударайық. Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостиль қою басқармасының мәліметтеріне сүйенсек, республикамызда отбасын құру мен ажырасудың прапорциялық қатынасы 1:4-ке сәйкес екен. Бұл әр төрт некенің біреуі ажырасып кетеді деген сөз. Яғни, қиылған некенің 25 пайызы. Ал Алматы қаласы мен Ақмола, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында бұл көрсеткіш 1:3-ке тең. Ең өкініштісі, елімізде мұндай цифрлардың жыл санап артуы болып отыр. Мәселен, 2009 жылы 39257 неке бұзылса, 2010 жылы 41021 отаудың шаңырағы шайқалған. Яғни өткен жылы сексен мыңнан астам адамның тағдыры тоқырауға ұшыраған. [3, 30 б]

Генетик ғалымдардың айтуынша, әрбір тұлға – түбі жоқ шексіз ақпаратты сақтайтын сиқырлы сандық. Ғылыми тілмен айтсақ, бір адамның түр-тұрпатын жасауға 75 000 000 000 клетка ат салысады. Осыншама триллиондаған клетка жиналып, жалғыз адамның тәнін құрап, тіршілігіне сеп болады. Түптеп келгенде кез-келген адам жалғыз-ақ клеткадан тұрады. Бір клетканың ішінде 46 хромосома нығыздалып, сақталған. Әрбір хромосомада ең бірінші жаратылып жерге түскен Адам пайғамбардан бастап, өмір кешкен бүкіл адамзаттың генетикалық ақпараттары сақталып тұр. Клетка ядросының ішіндегі ақпарат қоймасының көлемі шексіз. Мысалы, бір адам өзінің денесінен бір ғана клетканы суырып алып, оның ядросын жарып, іштегі «мини кітапхананы» оқитын болса, алдыңғы ата-бабасының тұр-сымбаты мен мінез-құлқын айна-қатесіз тауып, олармен танысып шыққан болар еді. Демек, мінез-құлқымыз бұзылып, арсыздыққа ұрынсақ, ата-бабадан келе жатқан ақпараттық қорды бүлдіріп аламыз. Соны ата-баба сүйегіне қара таңба салғанымыз десек болады. Және жамандық өзімізбен кетпей, ұрпақтан ұрпаққа қан жаңарғанша сақталып отырады. Бүгінде күн тәртібінен түспей келе жатқан ұлтсыздық, тексіздік мәселесі бекерден-бекер қозғалып

жүрген жоқ. Ұлтымыз, ұрпағымыз таза, абыройлы болсын десек, арымызға кір келтіретін ажырасудан аулақ болған жөн. Ажырасудың артында баланың тағдыры жатыр. Бала тағдыры- ұлттың тағдыры. Бұл ажырасудан келетін апат. Бұл апат жойқын зілаладан да қауіпті. Өйткені, таразының бір жағында тұтас ұлт тұрғанын естен шығармау керек. Демек, ажырасуға бүкіл халық болып қарсы тұру керек. Қажет болса, билік ажырасқандарға салық немесе айыппұл салғанның да еш артықтығы жоқ. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, орта есеппен Ресейде 1000 отбасының 80%-ы, Белоруссияда 62%-ы, Украинада 55%-ы, Канадада 48%-ы, АҚШ-та 45,8%-ы, Ұлыбританияда 42%, ал Францияда 38%-ы кейін ажырасып кетеді екен. Демек, әлем бойынша әр екінші отбасының оты сөніп, ошағы ойрандалады. Мұндайға жол бермеу үшін Жапония, Корея сияқты бірқатар елдерде үйленердің алдында екі жастың бір-біріне қаншалықты сай келетінін, мінездерінің сәйкестігін, жарасымдылығын тексеріп кәдімгідей сынақ жүргізетін көрінеді. Жастардың жарасымдылығын зерттей отырып, оларды таныстыратын, кейін тіпті үйленуіне себеп болатын түрлі көптеген арнайы орталықтар жұмыс істейді. Мамандардың айтуынша, бұл агенттіктерде танысып, жарасып кетіп жатқандар жылдан жылға арту үстінде және ажырасушылар да аз көрінеді. Бұл бір жағынан күлкілі көрінгенмен, екіншісі ажырасып жатқан қазіргі уақытта бұған да көңіл бөлген жөн сияқты. «Тең-теңімен, тезек-қабымен» дегенді қарға тамырлы қазақ бекер айтпаған. Кастаға бөлініп өмір сүретін Үндістанда ажырасу деген мәселе жоқ десе де болады. Мұнда 1000 некеден тек 11-і, яғни 1,1%-ы ажырасатын көрінеді. Бұл әлемнің басқа елдеріне қарағанда ең төмен көрсеткіш. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, орта есеппен Ресейде 1000 отбасының 80%-ы, Белоруссияда 62%-ы, Украинада 55%-ы, Канадада 48%-ы, АҚШ-та 45,8%-ы, Ұлыбританияда 42%, ал Францияда 38%-ы кейін ажырасып кетеді екен. Демек, әлем бойынша әр екінші отбасының оты сөніп, ошағы ойрандалады. Мұндайға жол бермеу үшін Жапония, Корея сияқты бірқатар елдерде үйленердің алдында екі жастың бір-біріне қаншалықты сай келетінін, мінездерінің сәйкестігін, жарасымдылығын тексеріп кәдімгідей сынақ жүргізетін көрінеді. Жастардың жарасымдылығын зерттей отырып, оларды таныстыратын, кейін тіпті үйленуіне себеп болатын түрлі көптеген арнайы орталықтар жұмыс істейді. Некені бұзу нәтижесінде ерлі зайыптылардың некеде тұрған кездегі жеке және мүліктік қатынастары тоқтатылады. Мысалы, бірге тұруы, ортақ бірлескен меншік, өзара қамқорлық және асырау. Соның өзінде кейбір құқықтық қатынастар бірден тоқтатылады да, енді біреулерінің сақталуы мүмкін. Некеге тұрған кезінде бірлесіп жиған мүліктері бөлінген жағдайда, әдетте, некенің тоқтатылуымен байланысты ерлі – зайыптылардың ортақ бірлескен меншік тәртібі де тоқтайды, бірақ мүлік бөлінбеген жағдайдағы ажырасу өзінен -өзі жұбайлардың ортақ бірлескен меншігін үлестік меншікке айналдыра алмайды. Некенің бұзылуымен бірге жұбайы қайтыс болғаннан кейін мұрагерлік құқығы, бұрынғы жұбайы – ажырасушысының өліміне байланысты келтірілген зиянның орнын толтыру және т.б. құқығы да жойылады.

Некенің тоқтатылуы жаңадан некеге тұру құқығын туғызады. Ажырасу жолымен некенің бұзылуы ата – аналарының балаларына қатысты құқықтары мен міндеттерін тоқтата алмайды. Отбасының заңдық белгілеріне мыналар жатады: адамдардың неке немесе туыстық негізде бірігуі; өзара имандылық және материалдық қолдау; бала туу және оларды тәрбиелеу; өзара жеке басындық және мүліктік құқықтар. Бір негізден немесе ортақ атадан тарайтын адамдардың қандастық – кіндіктестік байланысы, туыстық деп түсініледі. Туыстықтың екі тармағы бар: тікелей және жанама.

Ерлі – зайыптылардың арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды

туындататын, отбасын құру мақсатымен заңда белгіленген тәртіп бойынша тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасаған ері мен әйелдің арасындағы тең құқықтық одақты неке деп түсінуіміз керек. Қазақстанда тек мемлекеттік АХАТ органдарында жасалған адамдардың одағы ғана неке деп танылады. Болашақ ерлі – зайыптылардың өзара келісімі және олардың неке жасы 18 – ге толуы неке қиюдың басты шарты болып табылады. Мемлекет аналар мен балаларды қолдайды, отбасын қорғауға алады.

Ерлі – зайыптылардың жеке және мүліктік құқықтық қатынастарының тоқтатылуы некенің тоқтатылуы деп түсініледі. Неке заңда айқындалған оқиғалардың туындауы салдарынан не ерлі – зайыптылардың бірінің немесе екеуінің бірдей қалауымен тоқтатылады. Ажырасу жолымен некенің тоқтатылуы заңда белгіленген тәртіп бойынша АХАТ органдарында немесе сотта іске асырылады. Статистика мәліметтеріне сүйенсек, жалпы әлеуметтік мәселелер бойынша ажырасу шамамен 60 пайызды құрайды. [4, 13 б]

Қазір ажырасу көбіне 30 – 40 жас аралығындағы ерлі-зайыптылардың арасында орын алады екен. Оның басты себебі, бұл кезде отбасын асырау әсіресе тұрақты жұмысы жоқ адамдарға қиын тиеді. Ал тұрмысы бақуатты адамдар арасында ажырасу кемде-кем. Сондай-ақ жаңадан отау құрған жас жұбайларда да ажырасу аз, өйткені жаңағыдай мәселелер балашаға есейе бастаған шақта пайда болады. Ол үшін жас жұбайларға мемлекет тарапынан пәтер, жұмыс жөнінен белгілі бір дәрежеде көмек керек. Әлеуметтік көмек түрлерін көбейту арқылы тұрмысы нашар отбасыларға қолдау көрсетуді нақты қолға алған жөн. Ал ең бастысы, ұлттық идеологияға баса назар аудармай жағдай түзелмек емес. Телеарналарда шетелдің атыс-шабыс пен эротикалық көріністерге толы фильмсымақтарын көрсетуге де шектеу қою керек.

Бұл орайда қоғам проблемасының қандай себептермен туындағанына тоқталайық. Біріншіден, – маскүнемдік пен нашақорлық. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, сауалнамаға қатысқандардың 51 пайызының ойынша отбасының шырқы дәл осы себеппен бұзылатын көрінеді. Ары қарайғы орындарда ажырасуға түрткі болатын мыналар екен: әлеуметтік жағдайы (баспананың болмауы) – 41%, жас жұбайлардың отбасылық өмірге әлі де болса дайын болмауы – 31%, тұрмыстық жағдайының төмендігі – 29%, туыстар арасындағы түсініспеушілік – 18%, нәрестенің болмауы – 10%. Дәл осы аталғандар отбасының шырқын бұзатын негізгі себептер екен.

Екіншіден, кешегі кер замандағы коммунистік режимнің салқын саясаты – біздің қарапайым да қасиетті әйелдерімізді эгоистік көзқарасқа тәрбиеледі. Осыдан келіп өзімшілдік мінез туындап, мәнсапқұмарлық қасиет алдыға шықты.

Үшіншіден, біздің бабаларымыз ежелден ер азаматты әйелден бір саты жоғары қойған болатын. Бұл – әйелдің еркек алдындағы төмендігін көрсетпейді, қайта өз ерін сыйлаған бұрымды өз отбасын да тапжылтпай дамытады деген ұғым еді. Қазіргі таңдағы гендерлік саясат еркек пен әйелді тең дәрежеде ұстауға бағыттады. Билікте болсын, жұмыста болсын, карьерада болсын еркек пен әйел арасындағы деңгей айырмашылығын байқамайтын болдық. Сол себепті біздің қазіргі ұстанған гендерлік саясат та осы кеселдің өршуіне бастап бара жатқан сияқты.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев. Педагогика. - Алматы, 2000.
2. Е.Сағындықұлы, Педагогика(дәстүркурсы). - Алматы, 1999.
3. А.О. Пинт. Ата-аналар, сіздер үшін. - Алматы, 1972.
4. Ю.П. Азаров. Отбасы педагогикасы. - Москва, 1985.



УДК 334.723.  
Б40

## МЕМЛЕКЕТТІК- ЖЕКЕ СЕРІКТЕСТІКТІГІНІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАЛУЫ.

Бектұрғанова Райхан Шубайқызы  
заң ғылымының магистрі, аға оқытушы.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық институты,  
Қазақстан, қ. Тараз

**Аңдатпа.** Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік –бұл мемлекеттік және жекеменшік сектордағы инфраструктуралық қызметтер мен қоғамдық қызметтер көрсету жобаларын іске асыру мақсатындағы ынтымақтастық..

**Кілтті сөздер:** Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік, нарық, бизнес, жоба, жауапкершілік, құқық.

**Аннотация.** Государственно-частное партнерство-это сотрудничество в целях реализации проектов по оказанию инфраструктурных услуг и общественных услуг в государственном и частном секторах..

**Ключевые слова:** Государственно-частное партнерство, рынок, бизнес, проект, ответственность, право.

**Annotation.** Public-private partnership is cooperation in order to implement projects for the provision of infrastructure services and public services in the public and private sectors..

**Keywords:** Public-private partnership, market, business, project, responsibility, law.

Мемлекеттік-жеке серіктестік –бүгінде ел экономикасын жана белеске көтеруге, оны әртараптандыруға және кәсіпкерлерді ірі инвестициялық жобаларға тарта отырып, мемлекетпен бірлесе бизнесті жаңа өрістерге шығаруға септесетін үлкен жобалардың бірі. Сонымен қатар жаңа жұмыс орындары ашылып, жастарды жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді

Жалпы мемлекеттік –жекеменшік серіктестік идеясының заманауи түсінігі, қайта жаңғыруы ХХ ғасырдың 80-жылдарында Ұлыбританияда туындады деп есептелді. Бұл бағыт соңғы жылдары халықаралық және ұлттық деңгейде ең алдымен инфрақұрылымды дамытуға бағытталған инновация ретінде қабылданғанымен, көптеген елде билік пен жеке сектор арасындағы байланыс бұрыннан қалыптасқан. Бразилия, Испания, Италия, Мексика, Америка құрама Штаттары және Францияда мемлекеттік-жекеменшік серіктестік жобаларының тарихи тереңде. Британиялық ғалым Стивен Хокинг Линдер «Сексенінші жылдардың соңындағы серпін мен қажетті реформалық дәреже алғанына қарамастан, мемлекеттік жекеменшік серіктестік билік үшін жаңашылдық емес. Он жылдан астам уақыт бұрын Америка Құрама Штаттарында федералдық үкіметте мұндай әріптестік ешқандай салтанатсыз, реформалық мөрсіз-ақ, қала инфрақұрылымын дамытуда жеке инвестицияны ынталандыру құралы ретінде қолданылды» деп пікір білдірген. Мұнымен қоса, ғылымның айтуынша, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік өңірлік экономиканы қалыптастыруда федералдық бастамалардың шоғырландырудың тетігіне айналған. «Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік» термині бастапқыда Америкада пайда болған. Білім беру бағдарламаларын қаржыландыруда мемлекет пен жеке сектордың бірлесіп жұмыс атқаруынан басталған. Кейініне 1950 жылдары қоғамдық пайдалану нысандарын қаржыландыру қолға алынса, 1960 жылдары қаланы модернизациялау мен қайта құруда жекеменшік кәсіпорында қатысып, бұл байланыс нығая түсті. Осылайша мемлекеттік маңызы бар тас жолдар мен магистральды

салу және пайдалануға беруде жеке меншік сектор негізгі рөл атқарады. Сонымен қатар Жапонияда бұл тәсілді пайдаланып, алғашында жеке сектордың қаржылай көмегі арқылы көпір салынған. [1]

Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік –бұл мемлекеттік және жекеменшік сектордағы инфраструктуралық қызметтер мен қоғамдық қызметтер көрсету жобаларын іске асыру мақсатындағы ынтымақтастық (білім, денсаулық, ТКШ, энегетика және көлік).

Мемлекеттік жекеменшік серіктестіктің негізгі қағидаттары мынадай болып табылады:

- Мемлекет және жекеменшік бизнес серіктестік болып табылады;
- Тараптар арасындағы ынтымақтастық ресми, заңды негізде тіркелген;
- Тараптар арасындағы ынтымақтастық бір-бірімен және заң алдында тең құқылы жауапкершілік пен міндеттерді иеленеді;
- МЖӘ анық қоғамдық, әлеуметтік бағытта болады;
- МЖӘ негізінде жобаларды іске асыруда тараптардың ресурстары шоғырландырылады;
- Инвестициялар мен жеке компаниялардың басқа да көмек түрлері бойынша әр түрлі объектілерді Үкіметтің өкілеттігінен алмастыру;
- Қаржылық тәуекелдер мен шығыстар, сондай-ақ тараптар қолжеткізген нәтижелер алдын-ала белгілі бір пропорцияда бөлінеді.

Мемлекеттік жеке серіктестік мемлекет пен бизнес арасындағы ең тиімді серіктестік түрі ретінде, себебі дағдарыс жағдайында мемлекет тарапынан сұраныстың тұрақтылығы несиелік мекемелердің сенімділігін нығайтып және инвестициялық тәуекелін азайтатын маңызды құралы. Мемлекеттік жеке серіктестікті оның қатысушыларының арасында тәуекелдер мен пайданы тепе-тең және әділ бөлу, сондай-ақ мемлекет тарапынан бақылау жағдайында мемлекеттік сектор жауапкершілігі саласында дәстүрлі жататын қызметті көрсету үшін жауапкершілікті жеке меншік сектор субъектілеріне толық немесе бөлшектеп тапсыруды қарастыратын мемлекеттік және жеке меншік секторлардың өзара байланыс жасау нысаны ретінде белгілеуге болады. Мемлекеттік-жеке серіктестік нысанына байланысты жеке меншік сектор сол немес басқа қызметтерді, тәуекелдер түрлері мен жауапкершілікті өзіне қабылдайды. Жеке меншік секторға қатысу дәрежесі қаншалықты жоғары болса, қабылданатын тәуекелдің, жауапкершіліктің, міндеттемелердің деңгейі соншалықты жоғары, жсалған мемлекеттік-жеке серіктестік келісімшарттар мерзімі соншалықты ұзақ. Осы қарама-қайшылық мемлекеттің ұсынылатын инфрақұрылымдық және әлеуметтік қызметтердің көлемінің өсуіне және жақсаруна қызығушылық танытумен, ал кәсіпкерлік құрылымдар жобадан түсетін табысты тұрақты алып тұруға және пайданың тұрақты өсіміне қызығушылық танытады. Тараптардың мүддесінің орталығы жобаны толығымен жемісті жүзеге асырумен қорытындыланады. Мемлекеттік –жеке серіктестік жобасын жүзеге асыру жетістігіне тараптардың ерекеше мүмкіндіктерін біріктіру болып табылады. Кәсіпкерлік құрылым жобаны қаржылық ресурстармен, жаңашыл технологиямен қамтамасыз етеді, кәсіби тәжірибені, тиімді басқару дағдысын, оның ішінде шешімқабылдаудағы икемділік пен жеделділікті пайдаланады. Мемлекет өз кезегінде меншік иесінің құқытарын іске асыра отырып, халықтық және өзге де жеңілдіктерді, кепілдіктерді пайдалану, сондай-ақ қаржылық ресурстардың кейбір көлемін алу мүмкіндігін береді. Осындай тәсілмен мемлекеттік-жеке серіктестік құру мемлекетке шаруашылық жүргізудің заманауи тиімді әдістерін толық көлемде пайдалануға мүмкіндік береді, өйткені басқару функциялары кәсіпкерлік құрылымға өтеді, бірақ бұл жағдайда қадағалау және бақылау құқығы сақталады. Компания өз кезегінде кәсіпкерлік тәуекелдерді төмендетіп, мемлекеттік ресурстар мен кепілдіктерге қолжетімділік береді. Мемлекеттік жеке серіктестік жобаларын енгізу халықтың өмір сүру деңгейін жоғарлата отырып, жастарды жұмыспен қамтуға және мемлекеттік инфрақұрылымның объектілерін дамытуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, мұндай серіктестік қатысушылар алдында біршама тәуекелдердің туындатады. Сондай ақ, қаржы пайдасының жартысы мемлекеттік сектордан тәуекелді жеке компанияға өткізумен байланысты мемлекеттік инфрақұрылым объектілерін жеке қаржыландырудан пайда болады.

Мемлекеттік жеке серіктестік маңызды аспектісі ұлттық жобалар мен әлеуметтік экономикалық даму бағдарламалары аясында үкімет пен корпорациялар арасында келісім шарт жасасу болып табылады. Егер олар қоғамдық жұмыстарды орындайтын болса, келісім шарт шеңберінде жеке фирмалар жирма бес жылға дейін өту мерзімімен қолайлы шарттармен несие алуларына болады. Олар шаруашылық қызметінің құрылымдау және жаңғырту процесін ынталандыратындай, бұл қарыздар, негізгі капиталға 65дейін инвестицияларды жабуға болады. Мемлекеттік жеке серіктестік үкімет пен бизнес және қоғам үшін де оң нәтижелерге алып келерін әлемдік тәжірибеде көрсетеді. Мемлекеттік жеке серіктестіктің тиімділігі:[2]

- Басым инвестициялық және инновациялық жобаларады жүзеге асыруды жеделдету.
- Мемлекеттік шығыстардың қысқаруы және инфрақұрылымның объектілеріне техникалық қызмет көрсету үшін бағаны тқмендету
- Өңірлердің инвестициялық тартымдылығын арттыру.
- Кәсіби шеберлігін арттыру және әлеуметтік жобаларды іске асыру мақсатында тиімді мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету.
- Қазіргі заманғы, жоғары технологиялық инфрақұрылымды датыту.
- Өндірістік және көліктік инфрақұрылымды, тұрғын үй коммуналдық шарушылық, денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік мәдени инфрақұрылымды жетілдіру.
- Тауарлар мен қызметтер сапасын арттыру.
- Қоғам мен жаңа жұмыс орындарын құру мүдделерін қорғау.
- Қоғам әл ауқатын арттыру.
- Дамудың жүйелік проблемаларын шешу.
- Жеке қаражат тарту арқылы бюджет шығыстарының азаюы.
- Жұмыстар мен қызметтердің сапасы мен тиімділігін арттыру.
- Салық және бюджет төленетін басқа да міндетті төлемдерден түскентабыстардың артуына.
- Инвестициалар мен инновацияларды арттыру.
- тарифтерді тқмендеті, бәсекелестік деңгейін арттыру.
- әлеуметтік тұрақтылықты нығайту.
- Серіктестермен оларды жылжыту үшін тәуекелдерді бөлісу мүмкіндігі.
- Бизнес пен мемлекеттік органдар арасындағы өзара сындарлы дамыту.
- Жеке және қоғамдық инвесторлардың мүдделерін оңтайлы ұштастыру.
- Мемлекеттік меншік және қаржы ресурстарын құру, жетілдіру және тиімді пайдалану.
- Нарықтағы әкімшілік ықпал ету тетіктерін жетілдіру.
- Дәстүрлі мемлекеттік салаға қол жеткізу.
- Салық және басқа да де жеңілдіктер түрінде жобаларды ілгерлету, тікелей мемлекеттік қолдау және көмек көрсету.
- Бюрократияны жеңуге мүмкіндік.
- Мемлекеттік тапсырыстар алу.
- Қанағаттандыратын кепілдік бойынша ұзақ мерзімді инвестициялық орналасу мүмкіндігі.
- Мемлекетпен шығындар мен тәуекелдермен бөлісу.
- Жеке инвестициялық белгілі бір кепілдіктерін жасауда мемлекеттің мүдделерінің бірлігі.

Осылайша, мемлекеттік жеке серіктестіктің негізінде қоғамның кең ауқымды мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін үкіметтің және жеке сектордың барлық деңгейлері арасында тиімді ынтымақтастық жүйесі жатады.

Мемлекеттік жеке серіктестік айналасында ерекшелігіне байланысты серіктестіктердің көптеген түрлерінің нақты тапсырмалары жеке модельдерге бөлінеді. Мемлекеттік жеке серіктестік мақсатына сәйкес коммерция, қаржыландыру моделі және ұйымдастырушылық моделі деп бөлінеді. Ұйымдастырушылық модельге қазіргі таңда мемлекеттік жеке серіктестік кең тараған бір түрі-концессия жатады. Концессия, Муниципалитет немесе мемлекетке жататын шарушылық объектілер, кәсіпорын немес табиғи байлықтарды нақты бір жағдайда эксплуатацияға беру келісім шартын айтады. Капиталистік елдерде концессиондар болып, жоғары табыс алу үшін қолданылатын ірі монополияларды айтады.



Қаржыландыру моделіне біріктірілген жобалық қаржыландыру, лизингтің барлық түрлері, жалға беру, коммерцилық жалға беру жатады. Қазіргі уақытта Қазақстанда концессия механизмдерін қолдана отыра Мемлекеттік жеке серіктестік жобаларын жүзеге асұр практикасы қолданылуда. Халықаралық тәжірибе негізінде мемлекеттік жеке серіктестік жобалары тиімді жүзеге асырудың келесі факторларын ерекшелеуге болады:[3]


-мемлекет үшін инфраұұрылым нысанының құрылысы емес, көлем мен қызмет сапасы бағытта болады.

-жоспарлау, құрылыс салу, инфрақұрылымдық пайдалану саласындағы жеке сектордың біліктілігі мен тәжірибесі қызмет көрсету, көлем мен сапа үшін пайдаланылады, ол мемлекетпен анықталады.

-жеке сектордың шығындарын орнына толтыру оның жұмыс сапасына байланысты. Халықаралық практикада мемлекеттік жеке серіктестік негізгі екі түрі ажыратылып көрсетіледі. Институционалдық және келісім шартты. Мемлекеттік жеке серіктестік жобаға қатысушылар арасындағы келісім шарттық қарым –қатынасқа негізделген серіктестікке жатады. Институционалдық мемлекеттік жеке серіктестік мақсаты пайдасына жұмыс пен қызметтерді көрсету болып табылатын, мемлекет пен жеке сектордың қатысуымен бірлескен кәсіпорын құру деп жоспарланады. Мемлекеттік –жеке серіктестік формада дамыту-қазіргі заманғы нарықтық экономикадағы әлеуметтік экономикалық бағытты күшейту процесінің маңызды құрамдас бөлігі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. [https://massaget.kz/men\\_kasipkermin/biznes\\_ideyalar/52200/](https://massaget.kz/men_kasipkermin/biznes_ideyalar/52200/)
2. Мемлекеттік- жекешелік әріптестік туралы заң 2017жыл 30 қараша
3. Климова Н.В. Частное государственное партнерство: сущность, преимущества, риск. Москва:ИНИОН РАН.Выпуск 4 ,часть 1,2009.



**ӘОЖ 004.056**

### **КОМПЬЮТЕРЛІК АҚПАРАТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАР ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК**

**Датеева Айбала Мейрамханқызы**  
заң ғылымдарының магистрі

**Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**  
«Азаматтық және қылмыстық құқық» кафедрасының оқытушысы

**Андатпа:** бұл мақалада ақпараттық технологиялар саласындағы құқық бұзушылықтардың себептері, көздері және қауіп-қатер түрлері қарастырылады. Қылмыс жасау үшін компьютерді қолдану тәсіліне, сондай-ақ ақпараттық салада қылмыс жасаудың алдын алуға көмектесетін шараларға байланысты берілген.

**Түйінді сөздер:** ақпараттық технологиялар, ақпараттық технологиялар саласындағы құқық бұзушылықтар, киберқылмыс, «фишинг».

**Аннотация:** в данной статье рассмотрены причины, источники угроз и виды правонарушений в сфере информационных технологий. Приведены категории в зависимости от способа использования компьютера при совершении преступлений, а также меры, способствующие предупреждению совершения преступлений в информационной сфере.

**Ключевые слова:** информационная технология, правонарушения в сфере информационных технологий, киберпреступность, «фишинг».

**Abstract:** this article discusses the causes, sources of threats and types of offenses in the field of information technology. Categories are given depending on the method of using a computer to commit crimes, as well as measures to help prevent the commission of crimes in the information sphere.

**Key words:** information technology, offenses in the field of information technology, cybercrime, phishing.

Қазіргі таңда өмірімізді ақпараттық технологияларсыз елестету қиын. Ақпараттық технология – объектінің, процестің немесе құбылыстың жай-күйі туралы жаңа сапалы ақпарат алу үшін деректерді жинау, өңдеу және беру құралдары мен әдістерінің жиынтығын пайдаланатын процесс.

Ұялы байланыстың көмегімен біз өзімізден алыстағы адаммен оңай байланыса аламыз, ал интернет бізге кез келген ақпаратты табуға немесе бейнені көру арқылы уақытты өткізуге көмектеседі. Дүкенге барудың қажеті жоқ, бірақ интернет-дүкен арқылы қажетті заттарға тапсырыс беріңіз. Неліктен сіз мұны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметтер және онлайн ақпарат арқылы жасауға болатын кезде, ауруханада дәрігерге бару үшін талонға баруыңыз керек. Мұның бәрі біздің өмірімізді айтарлықтай жеңілдетеді, бірақ біз қаншалықты жиі бұл бізге қарсы болуы мүмкін деп ойлаймыз.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы, сондай-ақ әлемдік қауымдастықтың компьютерленуі ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстардың тұрақты және жылдам өсуіне әкеледі. Және, әдетте, көп жағдайда құқық бұзушылар Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінде көзделген барлық жауапкершіліктерді толық түсінбейтін азаматтар болып табылады.

Ақпараттық технология қылмыстары немесе киберқылмыс – ақпараттық технологияларды қылмыстық мақсатта пайдаланатын адамдар жасайтын қылмыстар.

П.А. Критенцовтың айтуынша, адамдар интернет арқылы байланысуға, әртүрлі сайттарды қарауға, пошта жәшіктерін құруға мұндай пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар алмаған және тағы басқа [ 1].

Келесі заңгер ғалымдардың еңбектері компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстарға қатысты кейбір мәселелерге, сондай-ақ компьютерлік қылмыспен күресуде туындайтын мәселелерге арналған: Андреев Б.В., Батурин Ю.М., және басқалар.

Ақпараттық технология саласында қылмыс жасаған кезде компьютер қылмыс жасау объектісі немесе құралы ретінде пайдаланылады.

Қылмыс жасауда компьютерді қолдану әдісіне байланысты Марк Эккенвейлер (АҚШ Әділет министрлігі қылмыстық бөлімінің құқық қорғау операциялары басқармасы директорының орынбасары) келесі категорияларды ажыратады:

1. Қылмыскердің мақсаты ақпаратты ұрлау немесе оны қызықтыратын жүйеге зиян келтіру болса, компьютер қылмыстың объектісі болып табылады.

2. Компьютерлер жүйенің қауіпсіздігін (шабуыл) жеңу әрекеті немесе электронды құралдармен жасалған дәстүрлі қылмыс (мысалы, алаяқтық) сияқты қылмыс жасауға жәрдемдесу құралы ретінде пайдаланылады.

3. Компьютер жад құрылғысы ретінде пайдаланылады. Мысалы, компьютер рұқсатсыз кіруге ұшыраған кезде. Жүйені бұзған соң, қылмыскердің бағдарламалық жасақтамасы (парольдер, ұрланған несие картасы нөмірлерінің тізімдері) бар файлдарды сақтау үшін арнайы каталог жасалады [2].

Құқықбұзушылық себептері:

1.Әлеуметтік (тұрғын үй мәселесі, жұмыссыздық, материалдық табыстың төмендігі, экономикалық құлдырау).

2.Психологиялық (моральдық босандық, рухани кедейлік, заңды сыйламау, құқықтық нигилизм, жазасыздық сезімі).

3.Биологиялық (ата-анасынан қылмыс жасауға бейімділіктің тұқым қуалауы, қылмыскер тұлғасы).

Ақпараттық технологиялар саласындағы құқық бұзушылықтар мыналарды қамтиды: вирустық бағдарламалық қамтамасыз етуді тарату; пайдаланушының құпия деректерін ұрлау; басқа адамдардың зияткерлік өнімдерін ұрлау; әлеуметтік желілердегі басқа адамдардың аккаунттарын бұзу; Интернеттегі алаяқтық; дұрыс емес ақпарат тарату, жала жабу; Интернетте терроризмнің таралуы; ұлтаралық араздықты қоздыру немесе дінаралық араздықты қоздыру.

Экстремистік топтардың ұйымдастырушылары мен қатысушылары соңғы ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаһандану процесін өз мақсаттары үшін белсенді пайдаланады, соның көмегімен олар өз инфрақұрылымының элементтерін құқық қорғау органдарына осал етеді. Лаңкестік ұйымдар құрылуда, олардың негізі желілік құрылым принципі болып табылады, бұл өз кезегінде қазіргі ақпараттық-коммуникациялық жағдайларда олардың әлеуетін арттыруды тудырады. Олар біртұтас орталықтармен және ақпараттық-коммуникациялық арналармен, орталықпен де, бір-бірімен де өзара әрекеттесетін қоғамдастық құрамына кіретін шеткері қылмыстық топтардың өмір сүруінің автономды тәсілімен сипатталады [3].

Террорлық ұйымдарды тарту және тартымды имиджін жасау үшін барлық дерлік танымал әлеуметтік желілер мен ресурстар пайдаланылады: ВКонтакте, Youtube, Facebook, Instagram, Twitter. Сонымен қатар, осы әлеуметтік желілердің барлық мүмкіндіктері пайдаланылады (жаппай жіберулер, «репосттар», бейне және музыкалық материалдарды, фотосуреттерді, құжаттарды орналастыру; бар беттерде басқа ресурстардан тиісті тақырып бойынша материалдарға сілтемелер жарияланымдарға қосылады. пікірлер).

Адамдарға әсер ету үшін лаңкестер қорқыныш пен дәрменсіздік сезімін оятуға бағытталған қоқан-лоққыларды таратудан, американдық журналист Дэниел Перлді тұтқындаушылардың өлтіргені туралы бейнежазба сияқты өз әрекеттерінің жан түршігерлік суреттерін таратудан тұратын психологиялық шабуылды пайдаланады. бірнеше сайттарда жарияланған. Сондай-ақ террористер кибертерроризм арқылы психологиялық шабуылдар жасай алады, дәлірек айтқанда, мұндай әрекеттердің қаупі туралы қорқыныш тудыруы мүмкін. «Киберқорқыныш» компьютерлік шабуылдар қаупі туралы алаңдаушылықтан туындайды (мысалы, ұшақ апаттары, әуе қозғалысын басқару жүйелерінің бұзылуы, қор биржаларын реттейтін компьютерлік жүйелерді бұзу арқылы ұлттық экономиканың бұзылуы және т.б.) қоғам шабуыл болатынына сене бастайды.

Біздің заманымызда онлайн-алаяқтық кем емес. Фишингтік шабуылдар алаяқтықтың ең көп таралған түрі болып табылады және пайдаланушыны адастыруға арналған. «Фишинг» термині ағылшын тілінен шыққан балық аулау - балық аулау, бұл құбылыстың мәнін дәл жеткізеді. Бүгінгі күні осы түрдегі бірнеше әдістер танымал:

1. Интернет-провайдер, банк, электрондық пошта жүйесіндегі және т.б. деректер қорындағы мәселелер туралы хабарлама хаттарды жіберу. Бұдан әрі әкімшілік пайдаланушы тіркелгісін қалпына келтіру үшін кейбір ақпаратты жіберуді сұрайтыны хабарланады. Мұндай хаттардың негізгі идеясы - сенімді пайдаланушыны шабуылдаушыларға жеке деректерін жіберуге мәжбүрлеу. Ең бастысы, пайдаланушы деректерді шабуылдаушыға дербес жібереді;

2. Пайдаланушының шотына белгілі бір ақша сомасының түсуі немесе шотқа қатысты мәселелер туралы хабарлама бар хаттарды жіберу (әдетте әртүрлі банктік жүйелер атынан). Хатта фишерлердің веб-сайтына (және бұл веб-сайт пошта жөнелтілімі жіберілетін жүйенің веб-сайтымен визуалды түрде бірдей) немесе нақты веб-сайтқа апаратын сілтемені қамтиды, бірақ сұрау параметрлері таңдалады. сайттар аралық сценарийлерді жүзеге асырудың ерекше жолы. Фишерлердің айналасына түсіп қалған пайдаланушы өзінің жеке сәйкестендіру деректерін жалған веб-сайтқа енгізеді, бұл кейіннен оның аккаунтын басқаруға мүмкіндік береді;

3. Интернет-дүкенде сатып алуға болатын белгілі бір тауарлардың жарнамасы бар спам жіберу; Дүкеннің веб-сайтына сілтеме хатта берілген. Техника алдыңғыға ұқсас - дүкен

веб-сайтының орнына пайдаланушы фишерлердің веб-сайтында немесе алаяқтар жасаған түнгі дүкеннің веб-сайтында аяқталуы мүмкін.

Төлем жүйелеріндегі «кателер». Бұл әртүрлі нұсқаларда мезгіл-мезгіл қайта жанданатын алаяқтықтың кең таралған түрі. Жәбірленушіге әдетте (әдетте электрондық пошта арқылы) белгілі бір төлем жүйесінде пайда табуға мүмкіндік беретін осалдықтың анықталғаны туралы хабарланады. Мұндай ақпарат тек спам ретінде жіберіліп қана қоймай, сонымен қатар веб-сайттарда немесе форумдарда жариялануы мүмкін. Бұл жағдайда осалдық жеткілікті түрде егжей-тегжейлі сипатталған және әдетте белгілі бір соманы «сиқырлы» әмиянға ілеспе әрекеттермен жіберуге дейін созылатын ақша табу әдісі ұсынылады (мысалы, төлемнің мақсатын көрсету арнайы әдіс, белгілі бір соманың еселігін аудару және т.б. ). Ақша аударылғаннан кейін ол біраз уақыттан кейін қайтарылады және қайтарылған сома көбірек болады деп уәде етілген.

Әртүрлі ақпараттың орасан зор көлемін пайдалануға негізделген қазіргі қоғамның дамуын әлеуметтік өмірдің барлық салаларына электронды есептеуіш техниканы кеңінен енгізусіз елестету мүмкін емес. Ол жеке басқару немесе шаруашылық бөлімшелер деңгейінде тиісті ақпаратты сақтау және өңдеу немесе азаматтар арасындағы байланыс құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кеңінен жүзеге асырылады.

Бірақ ғылыми-техникалық революцияның өрістеуі Қазақстанның экономикалық даму факторларының құрамындағы түбегейлі прогрессивті өзгерістерді ғана емес, сонымен қатар қылмыстық әлем дамуының теріс тенденцияларын да анықтайды, бұл қылмыстың жаңа нысандары мен түрлерінің пайда болуына алып келеді. шабуылдар. Бұл қылмыстық топтар мен қауымдастықтардың өз қызметінде ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін белсенді пайдалана бастауынан айқын көрінеді.

Осыған байланысты Қазақстанда бұрын отандық заң ғылымы мен тәжірибесіне беймәлім және компьютерлік техника мен компьютерлік қылмыстарды ақпаратты өңдеу технологияларын қолданумен байланысты қылмыстық шабуылдардың жаңа түрінің пайда болуы және дамуы фактісі ерекше алаңдаушылық туғызады. Соңғысы заң шығарушыдан қылмыстың осы жаңа түріне қарсы тұру үшін шұғыл және барабар құқықтық шараларды қабылдауды талап етті. [4].

Компьютерлік ақпаратты қылмыстық-құқықтық қорғау Қазақстанның қылмыстық заңнамасына алғаш рет енгізілді. Ағымдағы жылы «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Осы заңда ақпаратты қорғаудың негізгі қағидаттарын белгілей отырып, компьютерлерді, деректер қорын, тұтастай алғанда күрделі ақпарат желілерін қорғау бойынша шаралардың тұтас кешені көзделген; салыстырмалы түрде жақында жаңа Қылмыстық кодекс күшіне енді, онда осы саладағы әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілікті қарастыратын тұтас 227-бап бар. Қорғау механизмінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін құқықтық аппарат құру – өте күрделі міндет. Әдеби дереккөздерді талдау қорғау механизмінің құқықтық құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға болатын бірнеше құқықтық мәселелердің дамуы туралы айтуға мүмкіндік береді. Оларға мыналар жатады:

1. Жүйелердегі деректерге қол жеткізуді бақылаудың құқықтық негіздерін белгілеу.
2. Деректерді қорғауға байланысты бір немесе басқа жолмен технологиялық операцияларды орындау үшін жүйеішілік жауапкершілікті белгілеу.

Осылайша, бірқатар қорытындылар жасауға болады. Біріншіден, ақпаратты қорғауға бағытталған қалыптасып келе жатқан құқықтық механизмді көрсететін теориялық негіз жинақталды. Екіншіден, авторлардың көпшілігі алдымен құқықтық реттеуді қажет ететін мәселені анықтайды, содан кейін мұндай реттеудің құралдарын ұсынады, яғни функционалдық тәсіл қолданылады. Үшіншіден, интегралды жүйе ретінде автоматтандырылған жүйелерді қорғаудың құқықтық механизмі туралы әлі де нақты түсінік жоқ.

Компьютерлік қылмыс шекараны білмейді. Бұл халықаралық ұғым. Адам өміріне жаңа технологиялардың енуімен, ақпарат алмасу жылдам, арзан және тиімді болған кезде, ақпарат саласындағы қылмыс әдетте қылмысты анықтау үшін бар ұғымдардан асып түсті. Компьютерлік қылмыстарды шартты түрде екі үлкен категорияға бөлуге болады – компьютердің жұмысына араласумен байланысты қылмыстар және компьютерді қажетті техникалық құралдар ретінде пайдаланатын қылмыстар.

Компьютерлік ақпарат түсінігі Қылмыстық кодекстің 205213-баптарында анықталған. Компьютерлік ақпараттың субъектісі болып 2015 жылғы 24 қарашадағы Заңның 2-бабында ақпараттық ресурстар табылады. «Ақпараттандыру туралы» ақпараттық жүйелердегі құжаттардың жеке массивтері ретінде қарастырылады. Бұл ресурстар, Заңның 2-3баптарына сәйкес, тұлғалар, объектілер, оқиғалар, процестер және халық туралы мәліметтерді, олардың берілу нысанына қарамастан қамтиды. Заң олардың мазмұнына толық түсініктеме береді.

Компьютерлік ақпараттың ерекшелігі оның салыстырмалы түрде қарапайым берілуі, түрленуі және қайта жасалуы; затты ұстауға қарағанда ақпаратты алу кезінде. Ол бастапқы көзде оңай сақталады; Пайдаланушылардың шексіз дерлік саны ақпараты бар бір файлға бір уақытта қол жеткізе алады. Сонау 1982 жылы КСРО Жоғарғы Соты жүргізген сот тәжірибесін шолу қылмыстық сот ісін жүргізуде компьютерлік ақпаратты пайдалану шарттарын көрсетті. Көбінесе рұқсат етілмеген қол жеткізу, әдетте, біреудің атын пайдалану, физикалық мекенжайларды, техникалық құрылғыларды өзгерту, мәселелерді шешкеннен кейін қалған ақпаратты пайдалану, бағдарламалық қамтамасыз етуді және ақпараттық қолдауды өзгерту, сақтау құралдарын ұрлау, жазу жабдықтарын орнату, деректерді жіберуге қосылған арналар. Прогресс қылмыскерлердің мүлде жаңа категориясын – хакерлерді тудырды. Компьютерлік технологияға соншалықты құмар адамдар, ол әдептілік шегінен шығады. Тексерілмеген деректерге сәйкес, әлемде ақпарат, деректер және т.б. алмасатын хакерлердің тұтас бірлестігі бар. Көп жағдайда олар компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстарды жасайды. Хакерлер. Кейбіреулер үшін бұзу және ұрланған ақпаратты түсінуге тырысу ойын-сауық болса, басқалары үшін бұл бизнес. Олар парольдермен, көшіруден қорғау жүйелерімен жабылған белгілі бір адамдардың желілерінің немесе компьютерлерінің «есігін» айлар бойы «қағып», қарапайым сөздерді пароль ретінде сынап алады. Және бұл көрінгендей ақымақ емес (кем дегенде, бұл соңғы уақытқа дейін болды). Қашықтағы компьютерлерге заңсыз қосылудың бірнеше қарапайым және тиімді жолдары бар. Бүкіл трактаттар осы тақырыпта жазылған, оларды шексіз мөлшерде Интернетте – ғаламдық дүниежүзілік компьютерлік желіде табуға болады. Заңды пайдаланушының файлдарына рұқсатсыз кіруге жүйе қауіпсіздігінің әлсіз жақтарын табу арқылы да қол жеткізіледі. Табылғаннан кейін шабуылдаушы жүйедегі ақпаратты баяу зерттеп, оны көшіріп, оған бірнеше рет оралуы мүмкін, мысалы, дисплейдегі тауарларды қарап жатқан сатып алушы немесе кітапхана сөрелерін шолу кезінде кітапты таңдаған оқырман. Бағдарламашылар кейде кателерді түзету кезінде анықталмайтын бағдарламаларда кателер жібереді. Бұл «бос орындарды» табуға мүмкіндіктер жасайды. Үлкен күрделі бағдарламалардың авторлары логиканың кейбір әлсіз жақтарын байқамауы мүмкін. Кейде осалдықтар электрондық схемаларда кездеседі. Әдетте олар бағдарламаны тексеру, өңдеу және жөндеу кезінде әлі де анықталады, бірақ олардан толығымен құтылу мүмкін емес. Бағдарламашылар кейінірек пайдалану үшін әдейі «бос орындар» жасайды. «Гап» техникасын дамытуға болады. Табылған (жасалған) «саңылауда» бағдарлама «үзілген» және оған бір немесе бірнеше командалар қосымша енгізіледі. Бұл «люк» қажетіне қарай «ашылады», ал енгізілген командалар өз тапсырмасын автоматты түрде орындайды. Көбінесе, Бұл әдісті жүйелерді жобалаушылар мен жүйелердің алдын алу және жөндеумен айналысатын ұйымдардың қызметкерлері пайдаланады. Кезірек, «бос орындарды» өз бетінше анықтаған адамдар. түпнұсқалық сәйкестендіру құралдары жоқ (мысалы, физиологиялық сипаттамалар: саусақ іздері, торлы қабық үлгілері, дауыс және т.б.) бұл әдістемеден қорғаныссыз қалады. Оны жүзеге асырудың ең оңай жолы - заңды пайдаланушылардың кодтары мен басқа идентификациялық шифрларын алу. Көптеген жолдар бар, олар кейде қате телефон

қоныраулары сияқты, қашықтағы компьютерден желі пайдаланушысы өзі ойлаған жүйемен жұмыс істейтініне толық сенімді бола отырып, басқа біреудің жүйесіне қосылады. Нақты байланыс орын алған жүйенің иесі, ақылға қонымды жауаптарды генерациялау арқылы бұл адасушылықты белгілі бір уақыт бойы сақтай алады және осылайша кейбір ақпаратты, атап айтқанда кодты ала алады. Кез келген компьютерлік орталықта компьютер жұмысындағы ақаулар немесе басқа ауытқулар кезінде жүйелік құрал ретінде пайдаланылатын арнайы бағдарлама бар, көлік құралдарында «Апат болған жағдайда әйнекті сындырыңыз. » Мұндай бағдарлама шабуылдаушының қолындағы күшті және қауіпті құрал болып табылады. Соңғы кездері елімізде ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар дайындайтын жоғары оқу орындары құрыла бастады. Рұқсат етілмеген қол жеткізу жүйенің ақаулығының нәтижесінде де болуы мүмкін. Мысалы, пайдаланушының кейбір файлдары ашық қалса, ол деректер банкінің өзіне тиесілі емес бөліктеріне қол жеткізе алады. Барлығы банк клиенті қоймада өзіне бөлінген бөлмеге кіріп, қойманың бір қабырғасы жоқ екенін байқағандай болады. Бұл жағдайда ол басқа адамдардың сейфтерін бұзып, оларда сақталған барлық нәрсені ұрлауы мүмкін. Зияткерлік меншікті қорғаудың осы бағыттағы алғашқы қадамдары: «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау; Жаңа Қылмыстық кодекске арнайы 210-бап «Зиян келтіретін компьютерлік бағдарламалар мен бағдарламалық өнімдерді жасау, пайдалану немесе тарату» дегенді енгізілген.

Осы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 205-213 баптарында қамтылған қылмыстық іс-әрекеттер мәні электрондық есептеуіш техниканың өзін қылмыс жасау құралы ретінде пайдалану болып табылмайтын әрекеттер болып табылады. Бұл мақалада компьютерлерді пайдаланатын ақпарат пен ақпаратты өңдеу жүйелерінің қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін әлеуметтік қауіпті әрекеттер кіреді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ.
3. Ақпараттық құқық бұзушылықтармен күресу аспектілері: монография / Қ. Аратұлы.- Алматы: Қазақ университеті, 2019-196 б.
4. <https://www.zharar.com/rus/dyplom/27860-info.html>



УДК 349

## **К ВОПРОСУ ОБ ИНФОРМАЦИОННЫХ ПРАВАХ ГРАЖДАН В КИБЕРПРОСТРАНСТВЕ**

**Жексембаева Наркес Есимханқызы**  
магистр права

**Международный Таразский инновационный институт имени Шерхана Муртазы,**  
кафедра «Гражданское и уголовное право»

**Датеева Айбала Мейрамханқызы**  
магистр юридических наук

**Международный Таразский инновационный институт имени Шерхана Муртазы**  
кафедра «Гражданское и уголовное право»

**Аннотация:** Статья посвящена анализу современного состояния информационных прав человека и гражданина. Обоснована необходимость теоретического и нормативного регулирования прав человека в виртуальной среде. Определено, что виртуальная среда также

нуждается в правовом регулировании, так как затрагивает права человека. Доказана необходимость разработки четвертого поколения прав, которые должны охватывать весь комплекс прав человека в информационном пространстве.

**Ключевые слова:** права человека, информационные права, защита прав человека.

**Андатпа:** Мақала адамның және азаматтың ақпараттық құқықтарының қазіргі жай-күйін талдауға арналған. Виртуалды ортада адам құқықтарын теориялық және нормативтік реттеу қажеттілігі негізделген. Виртуалдық ортаға сондай-ақ адам құқықтарына әсер ететіндіктен, құқықтық реттеу қажет. Ақпараттық кеңістікте адам құқықтарының толық ауқымын қамтуы тиіс төртінші ұрпақ құқықтарын дамыту қажеттілігін дәлелдеді,

**Түйінді сөздер:** адам құқықтары, ақпараттық құқықтар, адам құқықтарын қорғау.

**Annotation:** The article is devoted to the analysis of the current state of information rights of a person and a citizen. The necessity of theoretical and normative regulation of human rights in a virtual environment is substantiated. It is determined that the virtual environment also needs legal regulation, as it affects human rights. The necessity of the development of the fourth generation of rights that should cover the whole complex of human rights in the information space has been proved.

**Keywords:** human rights, informational rights, protection of human rights.

Актуальность развития информационных прав человека обеспечивается глобальными процессами, происходящими во всех сферах жизнедеятельности личности, общества и государства.

Внедрение процессов информатизации практически во все сферы не могли не затронуть и серьезно преобразовать всю систему прав человека и гражданина, внести существенные корректировки во взаимодействие человека с государством и обществом в целом. Так или иначе, создание трансграничной, глобальной сети Интернет и безоговорочное его вторжение в социально-экономический и политический сектора привел к глобальной информационной революции, повлекшей рост знаний человечества в миллиарды раз. Появились сферы информационной экономики и информационной инфраструктуры, которые в современном обществе диктуют правила игры и определяют условия развития целых государств. Именно рост информационного сектора в современном мире определяет состояние защищенности национальной безопасности, а умение вести информационные войны является первейшим уровнем защиты национальных и государственных интересов.

Ученые согласны с тем, что эти процессы не остановить и современное человечество вступило в новый этап своего развития – Индустрию 4.0, которая предполагает «массовое внедрение киберфизических систем в производство (индустрия 4.0) и обслуживание человеческих потребностей, включая быт, труд и досуг. Изменения охватят самые разные стороны жизни: рынок труда, жизненную среду, политические системы, технологический уклад, человеческую идентичность и другие [1]. Данная стадия развития экономики вызванная революционным путем, в данном случае путем информационной революции, предполагает серьезные преобразования, а именно трансформации экономики, прозрачности мира, индивидуализации человеческого мира, социальному расслоению и расшатыванию политических систем. Все это в первую очередь напрямую или косвенно затрагивает права человека. При всем при этом, теория прав человека только в недавнем прошлом выделила информационные права как отдельную категорию, определив их как «право свободно искать, получать, передавать, производить и распространять информацию об окружающей среде, о правовых явлениях и процессах и др.» [2, с. 89]

Ученые однозначно приходят к выводу о необходимости выделения следующего (четвертого, а некоторые уже и пятого) поколения прав человека.

Если российские ученые утверждают, что четвертое поколение прав человека это ни что иное как «духовно-нравственные права и свободы человека и гражданина, которые провозгласили и провозглашают духовные и моральные ценности личности. К ним относят право на жизнь, уважение достоинства, запрет пыток и бесчеловечного обращения, права на творчество, право выбора, свобода совести и вероисповедания, право на духовное

образование и воспитание и др.» [3]. То европейские ученые более прагматичны и только сегодня поднимают вопрос о появлении четвертого поколения прав, что вызвано тем, что «Четвертая промышленная революция разрушает традиционные рынки и вынуждает частные компании вводить новшества или гибнуть, она также может дестабилизировать структуру адвокатской деятельности. Гражданское общество, международные правозащитные механизмы и отдельные защитники должны будут приспособиться к экспоненциальному росту автоматизации, новым инструментам и возможной потере работы. Получающаяся в результате цифровизация правозащитной работы может сопровождаться аналогичными преобразованиями в частном секторе, создавая более гибкие и гибкие распределенные сети участников, что является своего рода «облаком прав человека». Эти люди и организации из любой точки мира, подключенные через Интернет, будут способны осуществлять вмешательства в режиме реального времени и инновационные формы сотрудничества. Но способны ли правозащитные организации осуществить этот переход, Традиционные концепции прав человека также находятся под давлением, потому что технологии создают новые возможности для нарушений прав человека. Как может существовать конфиденциальность в мире, наводненном смартфонами, интерактивными динамиками и фитнес-тренерами? Деагрегирование этих данных, чтобы сделать их анонимными, несмотря на решение проблемы конфиденциальности, все еще проблематично, поскольку эти наборы данных используются для обучения алгоритмов, которые все в большей степени способны предсказывать и даже манипулировать поведением человека. Эмоциональный искусственный интеллект (ИИ), например, стремится не только понять, когда люди чувствуют себя счастливыми или грустными, но и стратегически влиять на их настроение. Представьте себе потенциал зеркала в ванной комнате или автомобиля, который может подбодрить людей, успокоить их или даже повысить их бдительность на подсознательном уровне, скажем, путем манипулирования звуками, температурой, или с разговорной реплики. Теперь представьте эту технологию в руках диктатора. Оправдание одного поколения, даже если оно совершено на законных основаниях, может привести к тому, что последующие поколения получают новые инструменты контроля, о которых они не могли сказать» [4].

На наш взгляд, именно с этой точкой зрения необходимо согласиться. Кардинальные изменения политического, экономического и социального характера, которые уже начались не могут не сопровождаться изменениями в правах человека. Уже сегодня мы отчетливо ощущаем изменения в нашем информационном пространстве. Ни один человек не может быть гарантирован от информационного влияния на его сознание, на возможность проникновения к конфиденциальной информации, взламывания интернет-банкинга, и как совершенно правильно отметили европейские коллеги организации контроля за каждым индивидом уже на новом высокоинтеллектуальном уровне.

Вместе с тем, анализ информационных прав, свобод и обязанностей не получил должного рассмотрения с теоретической точки зрения. До сих пор не раскрыто все содержание понятия «информационные права» и «информационные свободы», нет определения и содержания «информационных обязанностей». Вместе с тем, есть осознание необходимости защиты информационных прав.

Первым шагом, предпринятым в данном направлении явилось принятие в 2011 году Советом ООН по правам человека Руководящих принципов ООН по вопросам бизнеса и прав человека (Руководящие принципы). С одной стороны, это был первый международный инструмент, который возложил на компании ответственность за соблюдение прав человека. А с другой это документ определил 10 наиболее значимых рисков в области прав человека для компаний в области информационных и коммуникационных технологий (ИКТ), а также возможности для их позитивного воздействия. К числу таких рисков документ отнес:

1. Искусственный интеллект и аналитику больших данных;
2. Развитие Интернет вещей;
3. Шифрование;
4. Ненависть и борьба с насильственным экстремизмом;



5. Правоохранительные отношения;
6. Права ребенка;
7. Надлежащая проверка клиентов;
8. Недискриминация;
9. Сырье и материалы;
10. Принудительный и кабальный труд [5]

Все эти десять направлений в той или иной степени охватывают определенный объем информационных прав, однако не в достаточной степени. И это вполне объяснимо, современное человечество пока бессильно против созданных собою же информационных технологии, который пронизывают собой всю жизнь современного человека. Осознавая такое положение вещей Консультативная сеть Онлайн-коалиции за свободу (ФОС) признавая важность подотчетности, прозрачности и участия многих заинтересованных сторон на форумах, где обсуждаются вопросы международной государственной политики. Кроме того, в нем признается важность привлечения неправительственных экспертов по правам человека к национальным процессам. В заявлении содержится призыв к правительствам, которые не являются членами ФОК, также рассмотреть вопрос об усилении своих процессов путем привлечения неправительственных экспертов по правам человека [5].

Соответственно, на самом высоком уровне признается, что **«в этом мире, полном технологий, люди, обладающие здравым смыслом, должны обеспечить, чтобы технологии не подавляли наше чувство человечности.** Права человека должны соблюдаться независимо от того, как технологии улучшаются день ото дня. При этом мы не говорим, что технологии медленно манипулируют нашим миром, мы просто хотим подразумевать влияние технологий, если люди будут расти в зависимости от этой роботизированной и компьютеризированной оцифровки» [6].

На наш взгляд, сама суть сложившейся ситуации сводится к тому, что обостряются противоречия между свободой информации и свободой получения информации и правом на защиту частной жизни проблема обеспечения прав человека в цифровом мире выходит на первый план. При этом следует отметить, что в современном мире существенно расширяются те объекты информации, которые необходимо отнести к информации о частной жизни. Также расширяется такое понятие как государственный интерес к информации о своих гражданах и не только.

Государственная власть уже не может ограничиваться обеспечением доступа к публичной информации, ей необходим весь объем информации для обеспечения государственных интересов и прежде всего национальной или государственной безопасности, что определяет необходимость использования государственными органами все более новых технологии обработки больших данных. Большинство из государственных и негосударственных услуг обуславливают переход к принципу «открытости по умолчанию» либо к цивилизованному принуждению к доступу к определенным сведениям о человеке.

Особо следует упомянуть уже и о том, что в современный период возникает новый объем прав человека, так называемые Интернет-права, которые по сути своей копируют права человека, но с переносом их в киберсферу.

Анализ такого рода прав следует начинать с исследования информационных прав в целом. По данному вопросу существуют различные точки зрения. Если обратиться к казахстанским исследователям, то следует вспомнить мнения М.А. Шокенова и А.Е. Жатканбаевой. М.А. Шокенов предлагает следующую систему информационных прав:

1. право на получение информации;
2. право на поиск информации;
3. право на осуществление запроса необходимой информации (в государственные органы);
4. право на создание информации;
5. право на неприкосновенность личной информации, а также каналов возможной передачи такой информации;
6. право на передачу информации;

7. право на массовое распространение информации;
8. право на применение содержания информации;
9. право на воспроизведение информации;
10. право на хранение информации;
11. право на утаивание информации [7, с. 56].

Тогда как А.Е. Жатканбаева систематизирует информационные права и выделяет лишь:

1. Право на доступ к информации;
2. Право на производство и распространение информации;
3. Право на защиту (конфиденциальность) информации;
4. Право на хранение информации [8, с. 112].

Ряд ученых выделяет помимо информационных прав еще комплекс информационных свобод, так, например, Л.И. Бачило выделяет среди комплекса информационных прав еще и свободу мысли и слова, а также свободу массовой информации и запрет на цензуру [9].

Все эти права и свободы, практически в полном объеме переносятся на киберсферу. При этом следует отметить, что в современных условиях жизнедеятельности современного человека именно киберсфера является базовой средой реализации выше указанных информационных прав и свобод. Посредством Интернета граждане и организации осуществляют получение и передачу информации, информационные программные средства позволяют перерабатывать и преобразовывать информацию и использовать ее для создания дальнейших информационных потоков.

В науке появилось понятие «цифровая личность», которая существует:

1. Для государственных органов, создаваемая в системе Электронного правительства при регистрации, оказании государственных услуг, страхования и пр.;
2. В общественных информационных системах на авторских страницах.

Так или иначе, жизнь человека практически переносится в Интернет пространство. Интернет, это прежде всего сфера бизнеса, торговли, проектирования, обмена информацией, это электронный банкинг и сфера обращения капитала, и затем эта сфера обмена эмоциями, чувствами, впечатлениями, сфера самостоятельного обучения и пр.

Интернет является неотъемлемой частью жизни современного общества и образует еще одну сферу виртуальной жизнедеятельности. Это привело к необходимости внесения в действующее законодательство. Так, например, при отсутствии официального завещания в практике возникает необходимость учета воли умершего из его публикации в сайтах и пр. Не менее интересным является факт того, что в суде признаются в качестве доказательств информацию взятую из публичных и частных систем и пр. В итоге, Интернет пространство все больше требует правового регулирования и формирует отдельное правовое поле. Все это усугубляется развитием цифровизации и внедрением индустриальной революции.

Во всех случаях оборота информации в информационных системах лицо обладает всем комплексом конституционных, административных, гражданских и иных прав, направленных на реализацию и защиту своих интересов.

Это связано, прежде всего с тем, что объектом этих прав – информацией, которая признается объектом гражданского права. Это обосновано тем, что на информацию распространяются права владения, пользования и распоряжения. Информация прекратилась в универсальный объект права, существующий в любой правовой отрасли. Кроме того, благодаря технологиям появляются новые объекты права [10].

Соответственно, права человека в той или иной степени преобразуются и уже во многом расширяются и требуют нового правового регулирования. В этом смысле, необходимо согласиться с мнением европейских ученых о том, что назревает рождение 4 поколения прав человека и гражданина и разработки механизма их гарантирования и утверждения.

Отечественная практика внедрения информационных технологии в жизнь серьезно продвигается, финансируется и стимулируется государством, внедрены и успешно действуют различные информационные системы обеспечения деятельности государственных органов и сбора информации, что существенно облегчает жизнедеятельность государство,

прежде всего. Полная автоматизация управленческого процесса включающая в себя еще и защиту национальных интересов и безопасности, объединяющая в себя все возможности государства так или иначе затрагивают права и свободы человека.

В частности огромные претензии со стороны граждан вызывает безопасность и доступность информационных систем, неправомерное распространение конфиденциальной информации со стороны государственных органов, коммерческих организации. Также граждане зачастую возмущаются о принуждении предоставления конфиденциальной информации при осуществлении разрешительной, кредитной, регистрационной и иной деятельности. Все это в той или иной степени ограничивает конституционные права граждан.

Возникает необходимость определения грани между интересами и правами человека и интересами и правами государства.

Государство защищая интересы большинства должно при всем при этом уважать и соблюдать права человека определяя границы своего вмешательства. В настоящее время, такие границы четко не определены даже при наличии специального законодательства, например законов «О персональных сведения», законодательства о банковской и коммерческой тайне и пр.

Соответственно перед современным конституционным и информационным правом стоит первостепенная задача определения пределов невмешательства.

#### **Список использованной литературы:**

1. Четвертая промышленная революция интернет вещей, циркулярная экономика и блокчейн // <http://www.furfur.me/furfur/changes/changes/216447-4-aya-promyshlennaya-revolyuitsiya>
2. Исаков В.Б. Основы права: учебник для неюридических вузов и факультетов — М.: Норма: ИНФРА-М, 2015. – 480 с. 2015.
3. Ивентьев С.И. Духовно-нравственные права и свободы человека и гражданина. Казань, 1999. с.5-6. <http://iventev.narod.ru/>
4. Time for a Fourth Generation of Human Rights? // <http://www.unrisd.org/TechAndHumanRights-Soh-et-al>
5. ФОС выпускает Совместное заявление о полномочном представителе МСЭ в 2018 году // <https://freedomonlinecoalition.com/news/foc-issues-joint-statement-on-the-itu-plenipotentiary-2018/>
6. Технология призывает к четвертому поколению прав человека // <http://oneoldvet.com/technology-calls-for-a-fourth-generation-of-human-rights.php>
7. Шакенов М.А. Правовое регулирование информационного пространства. Диссертация на соиск. уч. степени к.ю.н. Астана, 2009 г. 149 с.
8. Жатканбаева А.Е. Конституционно-правовые основы информационной безопасности РК. Монография. А., 2009 с. 201.
9. Бачило И.Л. Информационное право: практической информатики: Учебное пособие. М., 2006. с.254
10. Талапина Т.В. Право и цифровизация: новые вызовы и перспективы// <https://cyberleninka.ru/article/n/pravo-i-tsifrovizatsiya-novye-vyzovy-i-perspektivy>



**ӘӨЖ 343.061**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ АЛДЫН АЛУ ТЕТІГІ: ҚЫЗМЕТ  
ЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӘНЕ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**

**Жексембаева Наркес Есімханқызы**

**құқық магистрі, аға оқытушы, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз  
инновациялық институты,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.**

**Аннотация.** Мақалада мемлекетіміздегі қылмыстық-атқару жүйесінің ұлттық алдын алу тетігі және адам құқықтарын халықаралық деңгейде қорғау мәселелері, сондай-ақ адам құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттары, омбудсмен институтының мазмұны баяндалған.

**Кілт сөздер:** ұлттық алдын алу тетігі, адам құқықтары, халықаралық қорғау стандарттары, омбудсмен институты.

**Аннотация.** В статье освещены вопросы национального превентивного механизма уголовно-исполнительной системы и защиты прав человека на международном уровне, а также международные стандарты защиты прав человека, содержание института омбудсмена.

**Ключевые слова:** национальный превентивный механизм, права человека, международные стандарты защиты, институт омбудсмена.

**Annotation.** The article deals with the issues of the national preventive mechanism of the penal enforcement system and the protection of human rights at the international level, as well as international standards for the protection of human rights, the content of the Ombudsman institution.

**Keyword:** the national preventive mechanism, human rights, international standards for the protection of human rights, the Ombudsman institution

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасында демократиялық мемлекет қағидаттарына сәйкес келетін заманауи құқықтық жүйені қалыптастыру саласында үлкен жұмыс атқарылды. Бұл біздің мемлекетіміздегі қазіргі қылмыстық-атқару саясатына да қатысты.

Мемлекеттің қарастырылып отырған құқықтық саласын одан әрі жетілдіру оны сотталғандармен қарым-қатынастың негізгі қағидаттары мен тәртібін айқындайтын адам құқықтары туралы халықаралық актілердің және халықаралық келісімдердің ережелеріне сәйкестендіру қажеттілігімен ғана емес, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің материалдық-техникалық базасын жақсартумен қатар, жүйе ретінде одан әрі жетілдіруге бағытталған нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу қажеттілігімен де негізделеді қылмыстық жазалар және оларды өтеу шарттары, сондай ақ онда пробация институтын құру арқылы арнайы уәкілетті мемлекеттік орган құрылды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне 2014 жылдың 5 шілдесінде қол қойылғаны белгілі. Айта кетейік, оған көптеген жаңалықтар енгізілді, алайда біз ҚР ҚАК-нің 39-бабында ұлттық алдын алу тетігі ретінде белгіленген осындай новеллаға тоқталамыз.

Айта кетейік, Ұлттық алдын алу тетігі алғаш рет посткеңестік кеңістікте, дәл Қазақстанда енгізілуде. 39-бапта ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметі арқылы жұмыс істейтін азаптаулардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетін қорлайтын емдеу мен жазалау түрлерінің алдын алу жүйесі түрінде әрекет ететіні атап өтілді. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары өз қызметі шеңберінде жазаларды орындайтын мекемелер мен органдарға барады. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, сондай-ақ Үйлестіру кеңесі іріктейтін азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қоғамдық бақылау комиссиялары мен қоғамдық бірлестіктердің мүшелері, заңгерлер, әлеуметтік қызметкерлер, дәрігерлер ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары болып табылады. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметін үйлестіреді, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қажетті әлеуеті мен кәсіби білімін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдайды.

Ұлттық алдын алу тетігінің қызметін тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жанынан Үйлестіру кеңесі құрылады. Адам құқықтары

жөніндегі уәкілді қоспағанда, Үйлестіру кеңесінің мүшелерін Қазақстан Республикасының азаматтары арасынан Адам құқықтары жөніндегі уәкіл құратын комиссия сайлайды.

Сондай-ақ, адам құқықтары жөніндегі уәкіл:

- Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы Үйлестіру кеңесі туралы ереже;
- ұлттық алдын алу тетігіне қатысушыларды іріктеу тәртібі;
- алдын ала болу үшін ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардан топтар құру тәртібі;
- алдын алу сапарлары бойынша әдістемелік ұсынымдар;
- алдын ала болу қорытындылары бойынша жыл сайынғы шоғырландырылған баяндаманы дайындау тәртібі.

Біріккен Ұлттар ұйымының Азаптауға қарсы комитетінің азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жазаның алдын алу жөніндегі кіші комитетімен өзара іс-қимыл жасайтын Үйлестіру кеңесіне жеке тоқталайық. Осы уақытқа дейін мұндай өзара әрекеттесу тәжірибесі байқалған жоқ.

42-бап ұлттық алдын алу тетігіне қатысушының құқықтарын регламенттейді. Мәселен, ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысы:

- 1) жазаны орындайтын мекемелерде және органдарда ұсталатын, алдын ала болуға жататын сотталғандардың саны, осындай мекемелердің саны және олардың орналасқан жері туралы ақпарат алуға;
- 2) жазаны орындайтын мекемелерде және органдарда ұсталатын, алдын ала болуға жататын сотталғандармен қарым-қатынасқа, сондай-ақ оларды ұстау шарттарына қатысты ақпаратқа қол жеткізуге құқылы;
- 3) қалыптасқан топтардың құрамында белгіленген тәртіппен алдын ала баруды жүзеге асыруға;
- 4) алдын ала болуға жататын жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандармен және (немесе) олардың заңды өкілдерімен куәларсыз, жеке өзі немесе қажет болған жағдайда аудармашы арқылы, сондай-ақ ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының пікірі бойынша тиісті ақпарат бере алатын кез келген басқа адаммен әңгімелесу жүргізуге;
- 5) алдын ала келуге жататын жазаны орындайтын мекемелер мен органдарды кедергісіз таңдауға және баруға;
- 6) азаптаулар мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас пен жаза түрлерін қолдану туралы хабарламалар мен шағымдарды қабылдауға құқылы.

Бұдан басқа, ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысы заңды қызметті жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болып табылады.

1998 жылғы 29 маусымда Қазақстан БҰҰ-ның азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын емдеу мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясын ратификациялады. 2008 жылғы 26 маусымда БҰҰ-ның азаптауға қарсы конвенциясына Факультативтік хаттама ратификацияланды.

Азаптауға қарсы конвенцияға Факультативтік хаттама шеңберінде Қазақстан қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін 2013 жылғы 2 шілдеде Мемлекет басшысы Қазақстанда азаптауға қарсы күрестің ұлттық алдын алу тетігін құрған Заңға қол қойды.

Ұлттық алдын алу тетігі БҰҰ-ның көрсетілген халықаралық шарттарына сәйкес құрылған азаптаулардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жаза түрлерінің алдын алу жүйесін білдіреді.

Ұлттық алдын алу тетігінің мақсаты Қазақстан азаматтарын соттар мен құзыретті мемлекеттік органдардың шешімдері негізінде азаматтар уақытша орналастырылатын мекемелер мен ұйымдарға тәуелсіз профилактикалық сараптамалық сапарларды жүзеге асыруға тарту болып табылады. Ұлттық алдын алу тетігінің мақсаттары мен міндеттері, шарттары, сондай-ақ оған қатысушылардың құқықтары мен міндеттері, кандидаттарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару Кодексінде, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде, "Қазақстан Республикасының әлеуметтік Кодексі" Қазақстан Республикасының Кодексінде,

"Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген, "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы", " адамдарды арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз етеді".

Қазақстанда Ұлттық алдын алу тетігі "Омбудсмен+" моделі негізінде жұмыс істейді. "Омбудсмен+" моделі - омбудсмен институтының үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтық қоғам ұйымдарының өкілдерімен бірлесіп Ұлттық алдын алу қызметін үйлестіруін білдіреді. Ұлттық алдын алу тетігі құрылғаннан кейін Қазақстанда адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құзыреті кеңейтілді және оның мәртебесі ұлттық және халықаралық деңгейде айтарлықтай нығайды. 2022 жылы "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы" Қазақстан Республикасының конституциялық заңы қабылданды.

Ұлттық алдын алу тетігі қызметін тиімді үйлестіру мақсатында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанынан консультативтік-кеңесші орган – Үйлестіру кеңесі құрылды.

Консультативтік Кеңес азаптаудың алдын алу жөніндегі Кіші Комитетпен өзара іс-қимыл жасайды, Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушыларын іріктейді, өңірлік топтар құрады және олардың басшыларын тағайындайды, бару жоспарын айқындайды, бару туралы есептерді қабылдайды, Ұлттық алдын алу тетігінің шоғырландырылған баяндамасын дайындайды, сондай-ақ Ұлттық алдын алу шеңберінде Омбудсмен мандатын іске асыруға өзге де түрде жәрдемдеседі.

Консультативтік Кеңес мүшелерін сайлау тәртібі арнайы Ережемен регламенттелген. Аталған комиссияның құрамына беделді қоғам қайраткерлері мен үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының көшбасшылары, бұқаралық ақпарат құралдары және заң қоғамдастығының өкілдері, көрнекті ғалымдар, Парламент депутаттары және т.б. кіреді. Айта кету керек, консультативтік кеңес құрамына тек азаматтық қоғамның өкілдері кіреді.

Өз кезегінде Ұлттық алдын алу тетіктің қатысушылары қоғамдық бақылау комиссиялары мен қоғамдық бірлестіктердің мүшелері, заңгерлер, әлеуметтік қызметкерлер, дәрігерлер арасынан сайланады. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары аймақтық топтарға бөлінеді, бұл әлемдегі тоғызыншы ел үшін таза практикалық шешім.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясынан және басқа да актілерден, соның ішінде азаптауға қарсы Конвенциядан және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жаза түрлерінен және оған факультативтік хаттамадан бастап, Халықаралық құқық та, барлық дерлік мемлекеттердің ұлттық заңнамасы да азаптауға және адамдарға олардың адамдық қадір-қасиетін төмендететін әртүрлі нысандарға тыйым салады. Азаптауға қарсы конвенцияға Факультативтік хаттаманың 3, 17 - баптарына және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жаза түрлеріне сәйкес әрбір қатысушы мемлекет ұлттық деңгейде азаптаудың алдын алу үшін бір немесе бірнеше тәуелсіз органдарды (ұлттық алдын алу тетіктерін) құрады, тағайындайды немесе қолдайды. Осылайша, ұлттық алдын алу тетіктері бұл мемлекеттер ұлттық деңгейде Факультативті протоколды орындау үшін тағайындаған ұйымдар. Берілген мандат шеңберінде Ұлттық алдын алу тетігі бас бостандығынан айыру орындарына тұрақты баруды жүргізеді, баяндамалар ұсынады және қолданыстағы заңнамаға немесе заң жобаларына қатысты ұсынымдар енгізеді. Ұлттық алдын алу тетігі атынан халықаралық шарт алғаш рет оның орындалуына ықпал етуге арналған ұлттық органдар құруды көздеді.

Факультативті протокол Ұлттық алдын алу тетігінің нысаны мен құрылымына қатысты нұсқамаларды қамтымайды және мемлекеттерге бір немесе бірнеше қолданыстағы немесе жаңадан құрылған мекемелерге олардың өкілеттіктерін беру құқығы берілген. Алайда хаттамада Ұлттық алдын алу тетігіне қойылатын ең төменгі талаптар қамтылады, оларға сәйкес ұлттық алдын алу тетігі:

- тәуелсіз (функционалдық, кадрлық және ведомстволық тәуелсіздік);
- жеткілікті ресурстарға (қаржылық, кадрлық, ұйымдық) ие болуға тиіс.

Азаптаудың алдын алу жөніндегі Кіші комитеттің және азаптауға қарсы комитеттің басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас пен жазаның басшылығы функционалдық және қаржылық тәуелсіздік кез келген ұлттық алдын алу тетігі үшін ең төменгі талап болып табылады деп бекітеді. Ұлттық алдын алу тетігі БҰҰ-ның азаптауға қарсы конвенциясына Факультативтік хаттама бойынша өз функцияларын орындау кезінде толық қаржылық және жедел дербестікке ие болуы тиіс. Тиісінше, Ұлттық алдын алу тетігінің тәуелсіздігіне тиісті көңіл бөлінуі тиіс.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, сондай-ақ Үйлестіру кеңесі іріктейтін азаматтардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қоғамдық бақылау комиссиялары мен қоғамдық бірлестіктердің мүшелері, заңгерлер, әлеуметтік қызметкерлер, дәрігерлер, яғни мемлекеттік органдардан тәуелсіз адамдар ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары болып табылады. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметін үйлестіреді, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қажетті әлеуеті мен кәсіби білімін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдайды.

Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары өз қызметі шеңберінде жазаларды орындайтын мекемелер мен органдарға, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелер мен үй-жайларға, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін, бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға, сондай-ақ мәжбүрлеп емдеуге арналған ұйымдарға барады. Факультативті протоколға сәйкес мемлекет Ұлттық алдын алу тетігін қолдау жөніндегі міндеттемені өзіне алды, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 2 шілдедегі № 111-V Заңы негізінде Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушыларының аталған азаматтар орналасқан мекемелерге алдын ала бару жөніндегі, оның ішінде олардың шағымдары негізінде шығыстарын өтеу жолымен жүзеге асырылып келеді. Алдын алу сапарларын Ұлттық алдына алу тетігінің қатысушылары Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы Үйлестіру кеңесі бекіткен жоспарлар, сондай-ақ азаптау немесе өзге де қатыгездік туралы хабарламалар және немесе ақпарат келіп түскен жағдайда Омбудсменнің рұқсаттары негізінде жүргізеді.

Айта кету керек, алдын алу шаралары ескертусіз жүргізіледі. Үйлестіру кеңесі Біріккен Ұлттар ұйымының Азаптауға қарсы комитетінің азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жазаның алдын алу жөніндегі Кіші комитетімен өзара іс-қимыл жасайды. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысы заңды қызметті жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болып табылады. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының заңды қызметіне кедергі келтіретін лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады. Осылайша, ҰАТ-ның Қазақстан Республикасындағы функционалдық тәуелсіздігі туралы сенімді түрде бекітуге болады.

Қолданыстағы заңнамада Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушыларының алдын ала болуға жататын мекемелер мен ұйымдарды кедергісіз таңдау және оларға бару құқығы көзделген. Бұдан басқа, Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысы:

- алдын ала болуға жататын мекемелерде, ұйымдарда және органдарда ұсталатын адамдардың саны, осындай мекемелердің / ұйымдардың саны және олардың орналасқан жері туралы ақпарат алуға;
- алдын ала болуға жататын мекемелерде, ұйымдарда және органдарда ұсталатын адамдармен қарым-қатынасқа қатысты ақпаратқа қол жеткізуге, ал сондай-ақ оларды ұстау шарттарын;
- қалыптасқан топтардың құрамында белгіленген тәртіппен алдын ала баруды жүзеге асыру;
- алдын ала болуға жататын мекемелерде, ұйымдарда және органдарда ұсталатын адамдармен және (немесе) олардың заңды өкілдерімен куәларсыз, жеке өзі немесе қажет болған жағдайда аудармашы арқылы, сондай-ақ Ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының пікірі бойынша тиісті ақпарат бере алатын кез келген басқа адаммен әңгімелесу жүргізу;


- алдын ала болуға жататын мекемелерде, ұйымдарда және органдарда ұсталатын адамдармен және (немесе) олардың заңды өкілдерімен азаптауды және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын емдеу мен жазалау түрлерін қолдану.

Бұл тетіктің элементтері қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің сотталғандардың адамдық қадір-қасиетін тану және қорғау жөніндегі құзыреті мен міндеттерінің тиісті деңгейін қамтамасыз ету, жазаларды орындау мен өтеу саласын тиімді қоғамдық бақылау, жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын баяндаудың заң техникасының нақтылығы мен мінсіз болуы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделеріне арналған бірқатар ережелерінің қайшылықтарын еңсеру болып табылады.

Қорытындылай келе, Ұлттық алдын алу тетігін енгізудің басты проблемасы Қазақстанда да, посткеңестік кеңістікте де тәжірибенің жоқтығы екенін атап өткім келеді. Сондай-ақ БҰҰ Кіші комитетімен өзара іс-қимылды ұйымдастыру үшін қажетті тиісті мамандардың тапшылығы. Осылайша, біз Қазақстандағы Ұлттық алдын алу проблемасын теориялық және практикалық компоненттермен одан әрі зерттеуді қажет етеді деп санаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Конституциясы. 30.08.1995 ж.
2. ҚР Қылмыстық-атқару кодексі. 05.07.2014 ж.
3. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы Конституциялық Заңы 05.11.2022 ж.
4. БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Конвенция, 04.11.1950 ж.
5. Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция // 1984 жылғы 10 желтоқсан
6. Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға факультативтік хаттама // 2002 жыл 18-желтоқсан



**ӘОЖ:342.417.(574)**

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ ЖӘНЕ ЕРКІНДІГІ: ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МЕН ҚОРҒАУДЫҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ**

**И.С.Ильясова**

**заң ғылымдарының магистрі,**

**Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты.**

**Қазақстан, Тараз қ., Желтоқсан 69б. (e-mail: [iliasowais@mail.ru](mailto:iliasowais@mail.ru))**

**Аңдатпа:** Зерттеу барысында жалпы мәселе (ұлттық заңнама, оның ішінде конституция нормаларын) белгіленді, негізгі мәселе (салалық заңдар аясында) анықталды, сонымен бірге тиісті уәкілетті мемлекеттік орган мен бизнес омбудсмен қызметін қысқа талдау нәтижесінде арнайы мәселелер айқындалды. Осыған орай бірнеше кәсіпкерлік еркіндікті қамтамасыз ету және оны қорғау бойынша ұсыныстар (кешенді, институционалды тетіктермен) жасалды.

**Түйін сөздер:** Кәсіпкерлік қызмет, конституция, құқықтық мәртебе, кәсіпкерлік еркіндік, азаматтық кодекс, кәсіпкерлік кодекс, конституциялық сот, адам құқықтары бойынша уәкіл, рейдерлік, көлеңкелі экономика, жосықсыз бәсекелестік, банкроттық, бизнес омбудсмен.



**Аннотация:** В ходе исследования был определен общий вопрос (национальное законодательство, в том числе нормы Конституции), определен основной вопрос (в рамках отраслевого законодательства), а также определены специальные вопросы в результате краткого анализа деятельности соответствующего уполномоченного государственного органа и бизнес-омбудсмена. В этой связи выработаны предложения (комплексными, институциональными механизмами) по обеспечению и защите нескольких предпринимательских свобод.

**Ключевые слова:** предпринимательская деятельность, конституция, правовой статус, предпринимательская свобода, Гражданский кодекс, Предпринимательский кодекс, Конституционный суд, уполномоченный по правам человека, рейдерство, теневая экономика, недобросовестная конкуренция, банкротство, бизнес омбудсмен.

**Abstract:** during the study, the general issue (national legislation, including the norms of the Constitution), the main issue (within the framework of international legislation), as well as special issues in the final analysis of activities were discussed the corresponding state body and business ombudsman. In this connection, proposals (complex, institutional mechanisms) to ensure and protect non-profit entrepreneurs.

**Key words:** entrepreneurial activity, Constitution, Law status, entrepreneurial activity, citizen code, entrepreneurial code, constitutional water, approved by the people's rights, raiding, tenevaya economy, non-governmental competition, banking, business ombudsman.

Зерттеу тақырыбының өзектілігін айтар болсақ, кәсіпкерлік еркіндік көптеген елдің, оның ішінде Қазақстан Республикасының Конституциясында кәсіпкерлік қызметтің конституциялық-құқықтық мәртебесі бекітіліп, кәсіпкерлік еркіндік мойындалып танылғанымен, алайда оны іске асыру, қамтамасыз ету, бақылау жағдайы толықтай жүргізілмей келеді. Себебі: біріншіден, елдегі ішкі жалпы өнім бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілерінің, оның ішінде сол микрокәсіпкерлік субъектілерінің үлесі аз (үкіметтің ресми мәліметіне сүйенсек 20% шамасында). Яғни кәсіпкерліктің осы деңгейі көтерілмей тұр десек болады; екіншіден, кәсіпкерлік еркіндікке нұқсан келтіретін түрлі жағым құбылыстардың (яғни көлеңкелі экономика, адал бәсекелестік қағидатының сақталмауы, жосықсыз бәсекелестіктің айқын көріністерінің болуы, елде кәсіпкерлік қызметті заңды тексеруден бөлек заңсыз тексеру үрдісі бар, рейдерлік қылмыстардың аз ашылуы, сыбайлас жемқорлық және т.б.) ықпалын түсіру қажеттілігі өзекті мәселе болып келеді; үшіншіден, уәкілетті, құқық қорғау, сот органдары жүйесінде кәсіпкерлікті қорғау жағдайы көңілді көншітпейді деуге тура келеді.

Енді осы тұста, Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметтің конституциялық-құқықтық мәртебесі және еркіндігі жайлы зерделеген кейбір ғылыми зерттеу жұмыстарына талдау жасауды жөн көреміз.

Ендігі ретте отандық зерттеуші Н.А. Сулейменовтың «ТМД елдеріндегі және алыс шет елдердегі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау практикасы» атты мақаласын қысқа саралауды жасаймыз. Мақала авторы тақырыпқа қатысты кейбір әдебиеттерді зерделей келе, «шетелдік тәжірибені зерделеуді негізге ала отырып, ҚР Қылмыстық кодексіне мынадай ұсыныс жасайды. «Кәсіпкерлік субъектілерін қайырымдылық және өзге іс-шараларға мәжбүрлеп тартқаны үшін, сонымен бірге Өзбекстан және Қырғызстан заңнамасы мысалында жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізу тәртібі мен мерзімдерін бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті енгізуді» [11, С.283] ұсыныс жасаған. Автор пікірінің құптарлық тұсы бар. Себебі: біріншіден, бұл автор мақалада ҚР Қылмыстық кодекстің (ҚК) 249-бабына 249-1 бабын авторлық редакцияда болуын ұсынған. Ол ұсыныстың жасалуы, жасыратындығы жоқ, кейбір тұлғалар немесе тұлғалар тобы саяси биліктік және әкімшілік ресурстар арқылы кәсіпкерлік субъектілерін қайырымдылық қорларға ақшалар аударуға мәжбүрлеп жатады. Асылында ҚР ҚК 249-бап «Рейдерлік» деп аталған. Бұл қылмыстың қылмыстық сипаттамасын қысқаша қарапайым сөзбен айтар болсақ, қайсыбір кәсіпкерлік субъекті қалыптастырған бизнесін, оның мүліктерін, акцияларын арзан баға сатып алу,

рейдерлік пиғылмен алып қою, тіпті болмағанда қайырымдылық қорға ақша салдыруға мәжбүрлеу және тағы да басқа тәсілдері арқылы алып қою мақсаты немесе ұдайы параға беруге мәжбүрлеу мүддесі бар қылмыстық іс-әрекеттердің жиынтығы болып табылады; екіншіден, отандық зерттеуші ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 175-бабын криминализациялауды, яғни жоғарыда айтылған ҚР ҚК -249-1 бабын қосуды ұсынған болатын; үшіншіден, аталған қылмыстық іс-әрекеттер кәсіпкерлік еркіндігін пайдалануға және оны қамтамасыз етуге заңсыз кедергі келтіреді және елдегі кәсіпкерлік қызметтің және оның тиісті субъектілерінің конституциялық-құқық мәртебесін төмендетуге ықпал етеді деп есептейміз.

Қазіргі Қазақстан Республикасының Конституциясы 26-бабы 4-тармағы мазмұнында «Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар» [4] деп жазулы норма бар. Бұл норма мазмұнынан көрініп тұрғандай, «әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар» делінген конституциялық норма белгіленген. Бұл норманың мазмұнына түсіндірме бере кетеміз. Бірінші кезекте «әркім» деген сөздің мағынасын аша түсейік. Аталмыш сөз конституциясының бірқатар баптарында қолданылады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің 12-бабына (Жеке тұлға ұғымы) жеке жүгінеміз. Оның мазмұнында «Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар жеке тұлғалар болып ұғынылады. Егер осы Кодексте басқаша белгіленбесе, бұл тараудың ережелері барлық жеке тұлғаларға қолданылады» [5] делінген анықтамалық норма бекітілген. Ол нормаға сәйкес әркім деген кезде «жеке тұлға» деп ұғынылатындығы, яғни бұл ретте ҚР азаматы, шетел азаматы және «азаматтығы жоқ тұлғалар» екендігін көрсетіп анықтап берген дегіміз келеді. Демек, аталған үш жеке тұлға өз мүліктерімен кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқылы екендігін анықтап берген. Яғни жеке тұлға кәсіпкерліктің субъектісі бола алады. Ал бір жағынан айтар болсақ, аталмыш норма кәсіпкерлік қызметтің конституциялық-құқықтық мәртебесін белгілеп берген әрі жеке тұлғаларға онымен айналысуға құқығы бар екендігін анықтап берген деп түйін жасаймыз.

Еліміздің ата заңында тағы бір бабын, яғни 24-бабын жеке түрде саралап та өтеміз. Бұл баптың 1-тармағында: «Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар» [4] делінген конституция нормасы белгіленген. Яғни жеке тұлға кәсіпкерлік қызметтің бір түрі болып табылатын қызмет көрсетумен әрі кәсіпкерлік қызметке қатысты кәсіп түрімен айналысуға құқығы бар деген мағынаны білдіреді. Бұл норма да 26-баптың 4-тармағы сияқты кәсіпкерлік қызметтің конституциялық-құқықтық мәртебесін қосымша нақтылай түседі деп есептейміз. Бір жағынан қызмет пен кәсіп түрін таңдауға құқығы бар екендігін көрсетіп береді.

Осы тұста, айта кетер жайт, жоғарыда конституцияда белгіленген негізгі нормалар жеке тұлғаның жеке кәсіпкерлік қызметке қатысты конституциялық-құқықтық мәртебесі мен еркіндігін міндеттеу, тыйым салу (шектеу) арқылы емес, керісінше оның құқықтары мен бостандықтарын (еркіндіктерін) тану әрі мойындау негізінде айқындайды. Енді бұл конституциялық-құқықтық мәртебе мен еркіндік азаматтық және кәсіпкерлік заңнама аясында нақтылай көрінісін береді десек болады. Себебі: біріншіден, ақиқатында конституция нормалары ықшамды әрі түпкілікті құқықтық бастау (құқықтық қайнар көз) болатын негіз болып келеді; екіншіден, аталған құқықтық құндылықтар азаматтық заңнама, оның ішінде атап айтар болсақ, Азаматтық кодекстің 7-бабының (Азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болу, өзгеру және тоқтатылу негіздері), 8-бабының (Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру), 9-бабының (Азаматтық құқықтарды қорғау), сондай-ақ 10-бабы (Кәсіпкерлер мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау) мен 11-бабының [5] (Кәсіпкерлік еркіндігін пайдаланып қиянат жасауға жол бермеу) ережелеріне сай жүзеге асырылады; үшіншіден, кәсіпкерлік қызметтің конституциялық мәртебесі мен еркіндігіне қатысты дәл құқықтық негіздемесін, яғни аталған кәсіпкерлік қызметтің конституциялық-құқықтық мәртебесі мен еркіндігін иемдене отырып, азаматтық заңнаманың нормаларын да

басшылыққа алып, әрі қарай кәсіпкерлік қызметті нақты іске асыруға құқықтық мүмкіндіктерді беретін кәсіпкерлік заңнама, оның ішінде кәсіпкерлік кодекстің [6] нормалары бекітіп береді. Демек, ата заңда бекітілген конституциялық-құқықтық мәртебе мен еркіндіктер, құқықтар мен міндеттер өз кезегінде салалық заңнамалар арқылы міндеттелген нормалар орындалуы, тыйым не шектелген ережелер сақталуы тиіс, сондай-ақ құқық субъектісінің еркіне қарай пайдаланылады.

Ендігі ретте кәсіпкерлік қызмет айналысуына байланысты кәсіпкерлік субъектілері болатын жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың тиісті кәсіпкерлік қызметін реттейтін кәсіпкерлік кодексінің нормаларын талдап өтеміз.

Аталмыш кодекстің 1-бабы «Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасы» деп аталған. Сол баптың 1-тармағының мазмұнында «Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады» [6] деген норма қамтылған. Норманың мәтінінен белгілі болғандай, осы заң негізгі заңға (яғни конституцияға) негізделеді және оны осы кодекстен сілтеме жасалатын және сол кодекске сілтеме етілетін нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы құрайды деген мағынаны білдірген. Бұл норма басқаша айтар болсақ, кәсіпкерлік қызметке қатысты кәсіпкерлік кодекстің нормалары өз кезегінде конституция нормаларына сәйкес іске асырылады, ал егер құқық бұзушылық болса, онда бұзылған құқықты қалпына келтіру үшін өзге қажетті заңдар қолданылады деген түсініктемені береді дегіміз келеді. Демек, адамзат, оның ішінде адамның, жеке тұлғаның кәсіпкерлікке қатысты құқықтары мен еркіндіктерін қамтамасыз түрлі заңдардың жиынтығы бар.

Осы жерде «кәсіпкерлік» деген ұғымға құқықтық сипаттағы анықтама іздеп көрелік. Кәсіпкерлік кодекстің 2-бабының 1-тармағында «Азаматтардың, қандастардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлікке) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлікке) негізделген дербес, бастамашыл қызметі кәсіпкерлік болып табылады» [6] делінген анықтама норма бекітілген. Аталған анықтамалық норманың мазмұнынан белгілі болғандай, бірінші кәсіпкерліктің субъектілері белгіленіп көрсетілген. Яғни 1. Азаматтар; 2. Қандастар; 3. Заңды тұлғалар. Бұл жерде біздің ойымызша, тағы бір ұғымдық тіркес жетпей тұр деп айтсақ болады. Ол ұғымдық тіркес – жоғарыда сараланып өткен «жеке тұлға». Сол себептен «азаматтардың» деген сөздің орнына «жеке тұлғалардың» деген сөзді қолдану қажет деп ұсыныс етеміз. Біріншіден, осы анықтамалық норма белгіленген кәсіпкерлік субъектілері нақтылана түседі. Бұл ретте конституция нормасында белгіленген «әркім» деген сөзбен, сондай-ақ азаматтық кодекстің 12-бабында бекітілген «жеке тұлға» деген ұғымдық тіркеспен өзара құқықтық үйлесімділік болады. Екіншіден, ҚР Қылмыстық кодекстің 15-бабы 1-бөлігі «Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа жатады» [7] делінген нормадағы, сондай-ақ ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодекстің 28-баптың 1-тармағында «Әкімшілік жауаптылыққа: 1) әкімшілік құқық бұзушылық аяқталған немесе оның жолын кескен кезде он алты жасқа толған, ақыл-есі дұрыс жеке тұлға; 2) заңды тұлға жатады» [8] деген нормадағы «жеке тұлға» деп жазылған ұғымдық тіркеске сай болуы тиіс. Үшіншіден, ҚР Азаматтық кодексте бекітілген «жеке тұлға» (12-бап) және «заңды тұлға» (33-бап) [5] делінген ұғымдық тіркестерге берілген анықтамалық нормаларға сәйкес болуы қажет. Осы тұста, сол ұсыныс ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 23-бабының 1-тармағында «Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар, қандастар және мемлекеттік емес коммерциялық заңды тұлғалар (жеке кәсіпкерлік субъектілері), мемлекеттік кәсіпорындар (мемлекеттік кәсіпкерлік субъектілері) кәсіпкерлік субъектілері болып табылады» [6] делінген нормаға да қатысты деп санаймыз. Өйткені ол жерде де «азаматтар» деген жеке сөзді «жеке тұлғалар» делінген ұғымдық тіркеспен алмастыру керек. Тіпті аталған кәсіпкерлік кодекстің 30-баптың 1-тармағында «Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың таза кіріс алуға

бағытталған, жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделген және жеке тұлғалар атынан, олардың тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын дербес, бастамашыл қызметі дара кәсіпкерлік болып табылады» [6] делінген анықтамалық нормада «жеке тұлға» деген ұғымдық тіркес тиімді түрде нақты қолданылған дегіміз келеді. Бұл ұғымдық тіркес өз кезегінде өзге нормаларда дұрыс әрі қисынды қолданылған деуге болады. Сол себепті осыған назар салу қажет деп білеміз. Бұл құқықтық мәселені реттеу сол бағыттағы құқықтық қатынастарға, сондай-ақ аталған кодекстің және өзге заңдардың арасындағы өзара құқықтық байланысына үйлесімді құқықтық орта мен жағдайды қалыптастырады.

Сонымен, осы мақаламыздың қорытынды тұжырымын жасаймыз.

Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметтің конституциялық-құқықтық мәртебесі және еркіндігі: қамтамасыз ету мен қорғаудың кейбір қырларын саралау барысы көрсеткендай, елде кәсіпкерлік қызметтің конституциялық-құқықтық мәртебесі бекітіліп және кәсіпкерлік еркіндік те белгіленгенімен, іс жүзінде оны реттеу (құқықтық реттеу, мемлекеттік реттеу, өзіндік реттеу, жеке реттеу), іске асыру (кәсіпкерлер арасындағы бәсекелестікті дамыту, мемлекет орган, кәсіпкерлер, құқық қорғау, бизнес омбудсмен өкілдері арасында өзара ынтымақтастық жүйесі толықтай жолға қойылмауы және тағы басқа мәселелер), сондай-ақ бақылау функцияларының (мемлекеттік, ішкі әрі сыртқы бақылау (халықаралық бақылау), әсіресе қоғамдық бақылаудың біркелкі жүргізілмеуі, адалдық бәсекелестікті қалыптастыру, жосықсыз бәсекелестікті жүгендеу үшін бақылау және тағы басқа мәселелер) орындалуы, сақталуы, пайдалануы, әсіресе құқық қолдану практикасының өзіндік мәселелері қордаланып қалған. Демек, институционалды жүйені кешенді сипатта реттеу қажет деп түйін жасаймыз.

Енді осы мәселелерді реттеу мақсатында мына ұсынысты бергіміз келеді. Қазіргі Қазақстан Республикасындағы саяси режимнің ауысуы, Президент Қ.К. Тоқаевтың тиімді кешенді реформа бойынша бастамаларының болуы, жақында өткен республикалық референдум нәтижесі аясында ата заңға толықтырулар мен өзгерістер енгізу, салалық заңдардың, оның ішінде кәсіпкерлік заңнаманы жетілдіру, мемлекеттік әрі құқықтық реттеу жүйесін жаңғырту, қоғамдық бақылау, бизнеске салаға қатысы бар құқық субъектілерінің өзара ынтымақтастығын қалыптастыру, сондай-ақ кәсіпкерлік еркіндік қағидатына қарама қайшы келетін жағымсыз құбылыстар мен іс-әрекеттердің, әсіресе сол құқық бұзушылықтардың (қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік) алдын алу мәселелерін анықтау, оларды жеке әрі кешенді сипатта шешу тетіктерін жүргізу қажет деп санаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:**

- 1 Амиров Н.К. О влиянии свободы предпринимательства на экономический рост//Вестник университета «Туран». Научный журнал. № 3 (71) 2016 г. - С. 216-265.
- 2 Сальникова Д.А. Принципы конституционно-правовой политики по вопросам защиты свободы предпринимательской деятельности в России, Беларуси и Казахстане// <https://cyberleninka.ru/article/n/printsipy-konstitutsionno-pravovoy-politiki-po-voprosam-zaschity-svobody-predprinimatelskoy-deyatelnosti-v-rossii-belarusi-i/viewer>.
- 3 Дуброва Н.Б., Сарбасов Б.А. Правовые основы государственного регулирования предпринимательской деятельности в Республике Казахстан// <https://cyberleninka.ru/article/n/pravovye-osnovy-gosudarstvennogo-regulirovaniya-predprinimatelskoy-deyatelnosti-v-respublike-kazahstan/viewer>.
- 4 «Қазақстан Республикасының Конституциясы» Конституция 1995 жылы 30 тамыз//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>.
- 5 «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>.
- 6 «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>.

- 7 «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>.
- 8 «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>.
- 9 Сальникова Д.А. Конституционно-правовое регулирование участия бизнес-омбудсменов во внесудебной защите свободы предпринимательской деятельности в Российской Федерации и в Республике Казахстан//Вестник Саратовской государственной юридической академии. - № 1 (144) – 2022. – С. 76-83//<file:///C:/Users/User/Downloads/konstitutsionno-pravovoe-regulirovanie-uchastiya-biznes-ombudsmenov-vo-vnesudebnoy-zaschite-svobody-predprinimatelskoy-deyatelnosti-v-rossiyskoj-federatsii-i-v-respublike-kazahstan.pdf>.
- 10 ЖОБА: «ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы//<https://qazaqstan.tv/index.php/news/157275/>.
- 11 Сулейменов Н.А. Практика защиты прав предпринимателей в странах СНГ и дальнего зарубежья//Вестник Московского университета МВД России. - № 6. – 2021. – С. 278-283//<https://cyberleninka.ru/article/n/praktika-zaschity-prav-predprinimateley-v-stranah-sng-i-dalnego-zarubezhya/viewer>.
- 12 Russell S. Sobel, J. R. Clark, Dwight R. Lee. Freedom, barriers to entry, entrepreneurship, and economic progress. Rev Austrian Econ (2007) № 20. P.221–236//[https://scholar.google.com/scholar?hl=ru&as\\_sdt=0%2C5&q=Freedom%2C+barriers+to+entr%2C+entrepreneurship%2C+and+economic+progress&btnG=](https://scholar.google.com/scholar?hl=ru&as_sdt=0%2C5&q=Freedom%2C+barriers+to+entr%2C+entrepreneurship%2C+and+economic+progress&btnG=).
- 13 «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176>.
- 14 «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 сәуірдегі № 271 қаулысы//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000271>.
- 15 Қазақстан Республикасында бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы. ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің сайтынан алынды. 17 қаңтар 2022//<https://www.gov.kz/memleket/entities/zk/documents/details/252910?lang=kk>.
- 16 Hong T.M. Bui, Alua Kuan & Tuan T. Chu. Female entrepreneurship in patriarchal society: motivation and challenges//<https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/08276331.2018.1435841>.
- 17 «Жаһандық кәсіпкерлік мониторингі: Қазақстан 2017/2018» баяндамасы//<https://gsb.nu.edu.kz/storage/files/shares/GEM%20project/kz-2017.pdf>.
- 18 Saiymova M, Kurmanalina A, Demeuova G, Abdykerova G, Akhmetova G, Yesbergen R, Balginova K, Shakharova A, Jussibaliyeva A. The role of government in managing entrepreneurship in Kazakhstan and applying international experience in entrepreneurship education//Journal of Entrepreneurship Education Volume 22, Issue 3, 2019. <https://repository.apa.kz/bitstream/handle/123456789/106/2019%20Есберген%20Р..pdf?sequence=1&isAllowed=y>.



УДК 343.72  
А86

## ҒАЛАМТОРДАҒЫ АЛАЯҚТЫҚ.

Нұрбаев Д.  
ҚКП-23-1 тобы  
Асқарбекқызы А.  
З.ғ.м., аға оқытушысы,

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты,  
«Заң» факультеті,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.**

**Андатпа.** Бұл мақалада ғаламтор арқылы жасалатын алаяқтық, алаяқтардың қазіргі таңдағы өтімді айла тәсілдер онымен қоса еліміздегі ғаламтор алаяқтарынан жапа шеккендердің статистикасы туралы жазылған. Технология қарқынды дамып жатқан қазіргі заманда ғаламтордағы сауатсыздықтың кесірінен еліміздің көптеген адамдары ғаламтордағы алаяқтардың құрбанына айналууда. Бұл әлемдік проблемамен әлі де күресудеміз. Сондықтан ғаламтордағы алаяқтардың айласына түспес үшін ғаламторды сауатты әрі сақ пайдалану қажет.

**Кілт сөздер:** ғаламтор, айыппұл, дипфейктер, вишинг, фишинг, банк картасы, онлайн сауда, құқық қорғау органдары, вирус, электронды почта.

**Аннотация.** В этой статье рассказывается о мошенничестве, совершаемом через Интернет, о современных ликвидных хитростях мошенников, а также о статистике жертв интернет-мошенничества в нашей стране. В наше время, когда технологии стремительно развиваются, многие люди страны становятся жертвами интернет-мошенников из-за неграмотности в интернете. Мы все еще боремся с этой мировой проблемой. Поэтому необходимо грамотно и осторожно пользоваться интернетом, чтобы не поддаваться на уловку мошенников в интернете.

**Ключевые слова:** интернет, штраф, дипфейки, вишинг, фишинг, банковская карта, онлайн торговля, правоохранительные органы, вирус, электронная почта.

**Annotation.** This article tells about fraud committed over the Internet, about modern liquid tricks of scammers, as well as about statistics of victims of Internet fraud in our country. Nowadays, when technology is rapidly developing, many people in the country are becoming victims of Internet scams due to Internet illiteracy. We are still struggling with this global problem. Therefore, it is necessary to use the Internet competently and carefully so as not to succumb to the trick of scammers on the Internet.

**Keywords:** Internet, fine, deepfakes, vishing, phishing, bank card, online trading, law enforcement agencies, virus, e-mail.

Алаяқтық дегеніміз – бағзы заманнан бері адамзат баласымен бірге жасап келе жатқан қылмыстардың түрі. Ол қоғамның жағдайына байланысты түрленіп, дамып, жаңа сипатта көрініс беріп жатады. Соған орай, алаяқтықтың бүгінгі таңдағы жаңа бір сипаты – ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты өмірге келген интернет-алаяқтық болып отыр және оның түрлері де күн өткен сайын кең таралып, көбейіп келеді. Ғаламтордағы алаяқтықтың көптеген түрі бар. Мәселен: онлайн сауда, фишинг, банк карталары, жалған ұтыс, жасанды интеллект және т.б тәсілдер арқылы жасалады. Алаяқтар адамның ақпараттық жүйедегі сауатсыздығын пайдаланып сеніміне алдап арбау арқылы кіріп ақшаларын жымқырып кетіп жатыр. Көбінесе ғаламтордағы алаяқтар ақпараттық жүйені толық меңгерген, IT саласының немесе банк қызметкерлері болып келеді. Олар әлеуметтік парақшаны, электронды почтаны да оп-оңай бұзып алады. Мамандардың пайымдауынша ғаламторға өзіңіз туралы жеке мәліметтерді жариялау тым қауіпті болып саналады. Сондықтан әлеуметтік парақшаларыңызға өзіңіз туралы артық деректерді, мәліметтерді жарияламағаныңыз абзал. Бүгінгі таңда елімізде алаяқтық атымен танымал қылмыс түрі кеңінен етек жаюуда. Әсіресе технология дамып жатқан заманда ғаламтор арқылы жасалатын алаяқтықтың көрсеткіші ұлғаюуда. Ғаламтордағы әккілер әсіресе әлеуметтік желілерді ұтымды пайдаланып отыр. Ғаламтордағы алаяқтық қазіргі қоғамның ең өзекті әрі маңызды мәселесіне айналып отыр. Ең жиі кездесіп жүрген ғаламтор алаяқтықтың түрлері: интернет арқылы сауда жасау және қызмет көрсету, сондай ақ өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке деректерді иемдену және бөтен біреудің атынан онлайн несие рәсімдеу арқылы жасалатын қылмыстар болып отыр. Интернеттің мүмкіндігін қылмыстық іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін оңтайлы пайдаланып жүрген алаяқтардың әдіс-

тәсілдері күн сайын өзгеріп, жаңарып отырады. ИМ өкілі қолында компьютер, смартфон, планшеті бар кез-келген адамның кез келген уақытта ақпараттық жүйенің соның ішінде ғаламтор алаяқтарының құрбандарына айнала алатынын ескертті. ҚР Қылмыстық кодексінің 5-тарау 190-бабы бойынша алаяқтық-бұл бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімді теріс пайдалану бөтен мүлікке құқықты иемдену болып саналады. Бұл үшін айыппұл салу немесе бас бостандығынан айыру сынды жазалар қарастырылған. Соңғы кездері елімізде көптеген қазақстандыққа белгісіз бөтен номерден қоңырау шалып өздерін банк қызметкеріміз деп таныстырып, дербес деректерді растай отырып, картаңыздағы болып жатқан күдікті операциялардың алдын алуыңыз керек деп сендіріп, картадағы ақшаны жымқыруда. Міне бұл қазіргі таңдағы ғаламтор алаяқтарының ең өтімді айла тәсілдерінің бірі болып табылады. Бұдан бөлек алаяқтар "Вишинг", "Фишинг", "Дипфейктер" онымен қоса team Viewer, AnyDesk қондырғыларымен қашықтан басқару бағдарламаларын орнату арқылы өздерінің арам пиғылдарын жүзеге асырады. Бұл алдау арбау тәсілдері өздерінің жаңашылдығымен бір бірінен асып түседі.

#### 1. Вишинг немесе телефондық алаяқтық.

Мұндай жағдайда әдетте алаяқтар банк қызметкерлерінің, ИМ органдары, прокуратура қызметкерлерінің атын жамылып сізге карта шотыңызда күдікті операциялар туралы жалған хабар беріп, ақшаңызды ұрлатып алмас үшін дербес деректерді тезірек жіберу керектігіне сендіреді. Ақыр соңында сіз алаяқтардың арбауына түсіп шотыңыздағы барлық дерлік қаражаттан айырыласыз немесе сіздің атыңызға несие рәсімдеп жіберуі әбден мүмкін. Егерде сізде бұндай жағдай кездесетін болса сізге ескеру қажеті ол банк қызметкері сізге ешқашан өз номерімен хабарласып жеке деректерді растамайды себеі банкте барлық клиенттердің ақпарат қоры жиналған оның орнына егер расымен банк қызметкері болса сізге банктің өзіне тікелей хабарласуыңызды сұрайды.

#### 2. Фишинг алаяқтық.

Бұл жағдайда алаяқтар көбінесе E-mail почталары арқылы өз айла тәсілін жүзеге асырады. Бұл алаяқтық түрі осындай тәсілдер арқылы іске асады: алаяқтар танымал әйгілі дүкендердің немесе танымал адамдардың есімінен жалған почта ашып сізге бір сілтеме жіберіп ол жердегі деректерді толтыруды немесе жай ғана сілтемеге өту арқылы сізге тиесілі қомақты сұлықты алуды өтінеді ақыр соңында бұл жалған сайттарға кіргізу арқылы сіздің қондырығыңызға толықтай басқара алуына мүмкіндік алады. Бұндай кезде сізге ескеру қажеті бұл почтаның нақтылығына көз жеткізу қажет. Егерде жалған немесе күдік тудыратындай жағдайлар байқалса дереу ол почтаны бұғаттап құзыретті органдарға хабарлау қажет.

#### 3. team Viewer, AnyDesk алаяқтығы.

team Viewer, AnyDesk бұл қосымшалар бөтен адамға қашықтықтан компьютерге немесе смартфонға қосылуға толықтай мүмкіндік береді. Екі бағдарламада лицензияланған ешқандай қауіп немесе қатер төндірмейді, алайда алаяқтар бұл қондырғы арқылы да өз арам пиғылдарының жүзеге асыруда. Яғни банктегі күдікті операциялар туралы немесе тағыда басқа жалған ақпарат бере отырып сізге team Viewer немесе AnyDesk арнайы қосымшаларын орнатуға иландырады. Қосылу кодын алғаннан кейін олар смартфонда сақталған логиндерге, құпиясөздерге, мобильді банкингке қол жеткізеді.

#### 4. Дипфейктер алаяқтығы.

Дипфейктер-бұл жасанды интеллект арқылы өңделген фотолар, бейнелер немесе аудио жазбалар. "Deepfake" термині "терең" және "жалған" деген екі сөзден шыққан. Бұл технология өмірде жоқ адамдарды бар қылып көрсетуге, кез келген дауысты, мимиканы қолдан жасауға, адамның ешқашан айтпаған сөздерін сөйлеген сөзіне қосуға мүмкіндік береді. Алаяқтар үшін бұл тәсіл таптырмас тәсіл болып табылады. Яғни дипфейктер көмегімен алаяқтар:

1. Банктік шоттарға қолжеткізу, ондағы ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыру және жалған несие рәсімдеу үшін бөгде адамның жеке басын қолдан жасай алады;

2.Қайтыс болған адамның деректерін ұрлап,банктік онлайн қызметтерге қолжеткізу үшін оған жан бітіре алады;

3.Өмірде жоқ жаңа адамды синтездеп,оны ірі қаржылық транзакциялар мен кредиттік алаяқтықтың күрделі схемаларын жасау үшін пайдалана алады.

Дипфейктердің құрығына түспеу үшін сізге ескеру қажеті бұл: жақын туысыңыз немесе танысыңыз телефон соғып ақша аударуды сұраса,сөйлесуді доғарып оның номерін өзіңіз теріп оған қайтадан қоңырау шалыңыз.Сізге шын мәнінде алаяқтар емес оның өзінің телефон соққанына көз жеткізіңіз.Онымен қоса алаяқтар өз өнімдерінің сапасына ол фото,видео,аудио болсада оның сапасын аса қатты көңіл бөлмейді.Сондықтан адамның көзі бір түрлі ашылып жұмылып немесе аздап тұтығып сөйлеуі робот сияқты сөйлеу мәнері күдік тудыруы мүмкін.Сізге жасанды болып көрінген нарсенің бәріне күдікпен қарау қажет. Елімізде 2023 жылы басталғалы бері алаяқтықтың 40 мыңға жуық түрі тіркеліп 97 млрд теңгеден асатын қаражат шығыны орын алған.Ал 2024 жылы басталғалы елімізде 4 млрд қа жуық қаражатты алаяқтардың жымқырғаны белгілі болды деп хабарлайды ПМ-нің өкілдері.Осы ретте мұндай құқықбұзушылықтың жартысына жуығы ғаламтор арқылы жасалатын алаяқтыққа тиесілі 19,9 мың жағдай тіркеліп оның әр бесіншісі елордада жасалғаны белгілі болды.Себебі бұл өңірде қала тұрғындары онлайн сервистер мен банк қызметтерін белсенді қолданады.Бұдан әрі төлем карталарын пайдалана отырып алаяқтық жасаудың 267 жағдайы,несиелеу саласында-53 жағдай және ақшалай қаражатты қарызға алу арқылы-41 жағдай тіркелген.Одан кейін 2-ші орында Алматы 8-5 мың жағдай тіркелсе 3-ші орында Қарағанды облысы 3,3 мың жағдай есепке алынған. Ал ең төмен көрсеткіштер елімізде Ұлытау (397 жағдай) Қызылорда (615 жағдай) және Жамбыл (806 жағдай) облыстарында тіркелген. Алаяқтық әрекеті салдарынан елімізде 34 623 адам зардап шеккен,оның ішінде:Ерлер-15603,Әйелдер-19020.Сондай ақ кәмелетке толмағандардың-102,мектеп,гимназия,лицей колледж және жоғарғы оқу орындарында оқитындардың-291,зейнеткерлер-1714,мүгедектерден-8 адам алаяқтықтың құрбаны болған.Жапа шеккендердің барлығы дерлік бір айла түріне алданған ол онлайн сауда.Жарнамалар белгілі сауда платформаларында немесе веб сайттарда әлеуметтік желілерде яғни WhatsApp,Instagram,Telegram желілерінде жүзеге асады.Бұл жердегі ең өтімді алдау схемасы бұл құнды қымбат затты арзан етіп жарнама шығарып,алатын адамнан алдын ала төлем жасауды талап ету.Төлем жасалғаннан кейін алаяқтар іс-түссіз жоғалып кетеді.Алаяқтықтың бұл түрінің жалпы құрайтын саны 7 мыңға жуық. Әрине,интернетте керемет тауарлардың жарнамаланып жатқанын көргенде қай-қайсымыз да оны сатып алуға құлшынамыз.Мұндай жағдайда,ең біріншіден,сол тауар алатын сайт қандай сайт,жалған емес пе,соны анықтауға тырысуымыз керек.Оның мекенжайы,телефондары бар ма,соған қараймыз.Егер болып жатса,оған хабарласып сатушысымен сөйлесуіңіз қажет.Осы сайтта бұл тауарды бұрын алған адамдардың пікірлері бар ма,олар не дейді,осыған да назар аударсақ артық болмайды.Осындай жан-жақты ақпараттарды анықтап алғаннан кейін ғана ақшаны төлеуімізге болады.Ал,жалған интернет дүкендерге алданып қалып жатқандардың көбі "дүкеннің" егжей-тегжейін қарап тексеріп жатпай-ақ сайтта көрсетілген шотқа ақшаны жібере салады. Осы жерде тағы айта кететін жағдай бұл-әрбір интернетке қосылған компьютерде,планшетте вирусқа қарсы бағдарламалар міндетті түрде болғаны дұрыс.Себебі ол сізге қажетсіз,күмәнді,сіздің бағдарламаңызға тікелей зиян келтіретін бөтен файлдарды тез анықтап,бәрін өзі-ақ жойып отырады немесе сізге ескертеді. Одан кейін естеріңізге сала кетейік,банктер болсын,құқық қорғау органдары болсын,еш уақытта сізге телефонмен хабарласып немесе мессенджермен жазып,логин,пароль секілді құпия мәліметтерді сұрамайды.Тіптен қажет болған жағдайда,банк қызметкері бар мәселені нақтылау үшін "біздің кез келген бөлімшімізге келіп кетіңіз" деп өтінуі мүмкін.Өйткені,телефон арқылы ондай мәселелер шешілмейді.Осыны ұмытпайық. Қазақта "Аңқау елге-арамза молда" деген мәтел бар.Күн санап ғаламтор мен әлеуметтік желінің көз ілеспес жылдамдықпен қарыштап дамып,оның ішінде ақпараттардың тез таралғанына таңғалып жүргенде ғаламторда қалтаны қағып,бармақ тістетіп жүрген алаяқтар арам жолмен кәсіптерін өркендетіп жүр.Алаяқтық-



бұл ерте заманнан бері қоғамда теріс әрекет болып саналады. Ғаламтордағы алаяқтық, бұлақпарат кеңістігінде адамдарды алдап арбау. Оң-солын танып үлгермеген жастар мен ғаламторды енді игеріп жүрген үлкендер алаяқтардың құрығына оңай түседі. Ғаламтордағы алаяқтықтың түр-түрі бар. Алаяқтардың басты мақсаты-адамдардан ақша жымқыру. Алаяқтық қоғамда бұрыннан өмір сүріп келе жатыр. Ақпарат кеңістігінде жұмыс істегенде абай болу керек. Себебі онлайн отырып, опық жеп қалғандар аз емес. Алаяқтар өз әрекетін жүзеге асырған соң, көзден ғайып болады. Кейін онымен байланысу тіпті мүмкін емес болып қалады. Алаяқтардың аяласына түспеу үшін ең алдымен ғаламторды жөнді пайдаланып үйрену қажет. Егер қоғам ғаламторды дұрыс пайдаланса, жеке ақпараттарды жарияламаса, таныс емес адамдармен байланыспаса, мұндай деректер аз тіркеледі. Интернет алаяқтыққа алдында қашып құтыла алмайды. Бірнеше жылға бас бостандығынан айырылады немесе айыппұл мөлшерін төлейді.

#### Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Т.Г.Третьяк, М.И.Мошенничество и сходные составы преступлений Научный альманах. 2016. №10-1 (24). С.393-396
2. Чеботарев Р.А. Ахмадуллин, А.С. Разграничение мошенничества и смежных составов преступления Апробация. 2016. №10-1 (24) С.103-105
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 5-тарауы
4. «Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» ҚР ЖС 2017 жылғы 29 маусымдағы №6 нормативтік қаулысы



УДК 316.356.2  
А88

### ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ ҚАЗІРГІ ДЕҢГЕЙІ.

Ордабаева А.  
ҚҚП-23-1 тобы  
Асқарбекқызы А.

з.ғ.м., аға оқытушысы,

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты,  
«Заң» факультеті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Андатпа.** Бұл мақалада тұрмыстық зорлық-зомбылық тақырыбы жан жақты талқыланады және де сондай жағдайға тап болғанда не болмаса куәгері болған уақытта жасалуы керек маңызды әрекеттерге нұсқау беріледі. Бұл мақаланы жазудағы басты мақсат – тұрмыстық зорлық-зомбылық ұғымын заң түсініктемелерімен жеткізу және оның түрлері мен таныстыру жасалу керек әрекеттерге шолу жасау.

**Кілт сөздер:** Отбасы, зорлық, ұру, қинау, әйелдер, қыздар, қысым көру, зорлық-зомбылық, статистика.

**Аннотация.** В этой статье подробно обсуждается тема домашнего насилия, а также дается указание на важные действия, которые необходимо предпринять, когда вы окажетесь в такой же ситуации или во время свидетеля. Основная цель написания этой статьи-донести понятие домашнего насилия до юридических объяснений и дать обзор видов и действий, которые необходимо ознакомить.

**Ключевые слова:** семья, насилие, избиение, мучения, женщины, девушки, угнетение, статистика.

**Annotation.** This article discusses the topic of domestic violence in detail, and also provides an indication of important actions to take when you find yourself in the same situation or during a

witness. The main purpose of writing this article is to bring the concept of domestic violence to legal explanations and to give an overview of the types and actions that need to be introduced.

**Keywords:** family, violence, beating, torment, women, girls, oppression, statistics.

Біз дамыған, белсенді, тәуелсіз қоғамда тұрамыз. Дегенмен отбасылардағы тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары орын алатындығы жалған ақпарат емес. Қазақстан Республикасы Конституциясында адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмауына, әркімнің арнамысы, абыройы қорғалуына толық құқығы бар екендігі жазылған. Нақта айта кетер болсақ Қазақстан Республикасы Конституцияның 2-ші бөлімінің 10-шы бабынан 39-шы бабына дейін таныса өткенде байқауға болады.

Көбіне бұндай жағдайларда кінәлі тұлғалар ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 73 бойынша жаза қолданылуы мүмкін. Алайда орын алған әрекеттер арасынан қылмыстық істер орын алса ҚР «Қылмыстық Кодексі» нақтырақ айтқанда 109-ұрып соғу, 110-қинау, 131-қорлау баптары бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Бірақта бұл ақпарат болжамалы түрде. Себебі әрбір жағдайда орын алған іс-әрекеттер алуан түрлі болатындығын ұмытпаған жөу

Статистика бойынша шағымдардың көбі Шымкент, Астана, Алматы қалаларында, сондай-ақ Қарағанды, Павлодар және Қостанай облыстарында тіркелді.

Қазіргі уақытта тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелер қызметінің құқықтық негізін Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы мен Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенци, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі, Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Ішкі Істер органдары туралы» Заңы және басқа нормативтік құқықтық актілер құрайды. Зорлық-зомбылық тек ұрып соғумен шектелмейді. Олда ішінен бірнеше түрлерге бөлінеді. Таныстыра өтсек олар төрт түрге бөлінеді.

1. Күш көрсету-дене күшін қолдану, денені ауырту немесе қасақана зиян келтіру

2. Психологиялық зорлық зомбылық-жеке адамның психикасына жоспарлы түрде әсер ету, оны қорқыту, қорлау бопсалау немесе өмірге, денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту.

3. Сексуалдық зорлық-зомбылық - адамның еркінен тыс жыныстық тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы жасалған іс-әрекеттер.

4. Экономикалық зорлық-зомбылық - жеке адамның заңды, заңмен көзделген құқығы бар үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан жоспарлы түрде айыру.

ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодексінің 73-ші бабына сәйкес, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер қатарана әдепсіз сөйлеу, қасақана қорлап тиісу, адамды кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге тұрғынжайда жасалған басқа да әрекеттер жатады.

Қоғамда әртүрлі жағдайлар орын алады. Біз бәріне сақ болуымыз өте маңызды. Егерде Зорлық-зомбылық құрбаны болсаңыз немесе сондай жайыттарға куәгер болсаңыз бей жай отырмауыңыз керек. Себебі сіздің үнсіздігіңіз кінәлі адамды жазаламауға көмек болады. Сол себептіде жан жақты ұсынылып жатқан көмекті пайдалануыңыз маңызды. Мамандандырылған орталыққа хабарласып толық ақпарат алып, ішкі істер органына немесе тұрмыстық зорлық-зомбылық жасалғаны жайында арызды полиция учаскелік инспекторына жаза аласыздар. Немесе сенім телефондары (1415-тұрмыстық зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелдер үшін арналған) хабарласу орталықтары да бар.

Егер де байланысқа шықсаңыз орындалатын бірнеше іс-әрекеттер, оның ішінде Ішкі істер органдары атынан жасалынатын іс әрекеттер: Зардап шегушілердің тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау үшін ішкі істер органдарының тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану құқығы берілген.

1) Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектісі тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адаммен профилактикалық сөйлесу жүргізеді. Профилактикалық әңгімелесудің негізгі міндеттері тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаудың себептері мен жағдайларын анықтау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әлеуметтік және құқықтық салдарын түсіндіру және заңға бағыну мінез-құлықтың керектігіне сендіру.

2) Ішкі істер органы жергілікті полиция қызметінің басшысы немесе орынбасары, учаскелік полиция инспектор немесе кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспектор он алты жасқа толған, есі дұрыс адамға қатысты қорғау нұсқамасын шығарады. Қорғау нұсқамасында тұрмыстық зорлық-зомбылық жасауға, жәбірленушінің отбасының кәмелетке толмаған немесе әрекетке қабілетсіз мүшелерін қоса алғанда, оның еркіне қарамастан оны іздестіруге, оның ізіне түсуге, оған баруға, онымен ауызша, телефон арқылы сөйлесуге немесе өзге де тәсілдермен байланыс жасауға тыйым салынады. Өзіне қатысты қорғау нұсқамасы шығарылған адамды ішкі істер органдары профилактикалық есепке қояды және оған профилактикалық бақылау жасауды жүзеге асырады. Қорғау нұсқамасының қолданылу мерзімі ол өзіне қатысты шығарылған адамға берілген кезден бастап отыз тәулік. Тексеру мерзімділігі күнтізбелік жеті күнде кемінде бір ретті құрайды. Мамандандырылған дағдарыс орталықтары тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен субъекттерге арнайы көмек көрсетеді, консультативті-психологиялық және заңгерлік көмекті тегін ұсынып, қажет болған жағдайда жәбірленушілерді медициналық көмек көрсетілу үшін медициналық мекемелерге жібереді, уақытша баспана береді. Осы ретте ең маңыздысы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының толық қауіпсіздігі және де анонимділігін қамтамасыз етеді. Балалары бар әйелдер мамандандырылған дағдарыс орталығында бір айдан жарты жылға дейін баспаналай алады. Бұл зардап көрген әйелдерге таптырмас көмек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:**

1. Валосова, Н. Ю. Семейное (домашнее) насилие как проблема междисциплинарного характера [ Электронный ресурс] / Валосова Н. Ю. // Matters of Russian and International Law, 2017. - Vol. 7, Is. 3A. – 311-319беттер
2. Балтабаев С.А. К вопросу о бытовом насилии в отношении женщин // Вестник КарГУ. - 2015. - № 2(78). -110-113 б.
3. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы. // online.zakon.kz.
4. Бектурганов Н.М., Жумагазиева Р.Ш. Криминологическая характеристика применения насилия в семье в республике Казахстан и за рубежом // Вестник казахско-русского международного университета. - 2014.3 (8). - С. 232-237.
5. Муханова Е.Д. Насилие в семье: проблема социальная и правовая // Наука. Мысль: электронный периодический журнал. - 2017. - № 4. - 144-149 б.
6. Шикула И.Р. К вопросу профилактики семейно-бытового насилия в отношении детей // АВБсП. - 2015. - №3. - 28-30 б



ӘОЖ 34.096

### **СУДЬЯ ӘДЕБИ НОРМАЛАРЫН САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Каржаубаева Ляззат  
аға оқытушы, з.ғ.к.**

**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,  
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ  
Исаева Жанат  
доцент, з.ғ.к.**

**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,  
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ**

**Аннотация.** Бұл мақалада судьялардың өзінің кәсіби қызметінде және тұрмысында судьялар әдебін сақтаудың құқықтық реттеудің ерекшеліктері қаралады. Судьялар мінез-құлқының этикалық стандарттарға сәйкестігі мәселелері қаралып, мінез-құлық этикасын бұзғаны үшін судьяларға қатысты статистикалық деректер мен тәртіптік практика материалдары зерттелді. Қорытындысында сот әдебін бұзушылықтың алдын алу және осы теріс қылықтар бойынша тәртіптік практиканы жетілдіру мәселелері бойынша қорытындылар жасалды.

**Кілтті сөздер:** судьялық әдеп, сот ісін жүргізу, тұрмыстағы мінез-құлық, судьялық әдеп стандарттарын бұзу, құқықтық реттеу, тәртіптік практика, жетілдіру жолдары.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются особенности правового регулирования соблюдения этики судьями в своей профессиональной деятельности и в быту. рассмотрены вопросы соответствия поведения судей этическим стандартам, Исследованы статистические данные и материалы дисциплинарной практики в отношении судей за нарушение этики поведения. В завершении сделаны выводы по вопросам профилактики нарушений судейской этики и совершенствованию дисциплинарной практики по данным проступкам.

**Ключевые слова:** судейская этика, судопроизводство, поведение в быту, нарушения стандарты судейской этики, правовое регулирование, дисциплинарная практика, пути совершенствования.

**Annotation.** This article examines the specifics of the legal regulation of ethics by judges in their professional activities and in everyday life. The issues of compliance of judges' behavior with ethical standards are considered, statistical data and materials of disciplinary practice against judges for violation of ethics of behavior are investigated. In conclusion, conclusions were drawn on the prevention of violations of judicial ethics and the improvement of disciplinary practice for these offenses.

**Keywords:** judicial ethics, judicial proceedings, behavior in everyday life, violations of standards of judicial ethics, legal regulation, disciplinary practice, ways of improvement.

Кешегі дана билердің дәстүрін бүгінгі әлемдік тәжірибемен байыта отырып дамытқан еліміздің сот корпусы кешенді сот реформасының жүзеге асырып келеді. Биліктің басқа тармақтарына қарағанда сот билігі қоғамның сеніміне тікелей байланысты. Судьялардың құқықтық мәселелер бойынша шығарған шешімдеріне азаматтар соттың кәсібилігіне, заңға мойынсұнушылығына және тәуелсіздігіне сенімді болуы керек. Сондықтан, бүгінгі қазыларымыздың жалпы мінез-құлық қағидаттары қандай болу керектігі жайында мәселе туындаған кезде, ең алдымен, Судьялық әдеп кодексін басшылыққа аламыз.

Грек тілінен аударғанда "Этика" сөзі "әдет, әдеп" дегенді білдіреді, тұтастай алғанда бұл ұғым мінез-құлық нормаларының жиынтығының қоғамдағы рөлі туралы ілімді қамтиды [1].

Сот қызметінің этикалық проблемасы қазіргі уақытта, өкінішке орай, адамгершілік нормаларының тапшылығына (дефицитына) байланысты өзекті мәселеге айналды. Бұған қоғамдағы экономикалық тұрақсыздық, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі де себеп болып жатыр. Сонымен қатар, БАҚ өкілдерінің сот билігі институттарын теріс сипаттайтын репортаждар мен мақалалары жағдайды ушықтандырады. Оған судьялардың кей әрекеттері де себеп болатыны жасырын емес.

Сот залында және одан тыс жерде этика нормаларын сақтау туралы талап процестің барлық қатысушыларына қатысты болса да, оны ұстану үшін судьяларға ерекше

жауапкершілік жүктелетіні сөзсіз. Себебі судьялардың кәсіби міндеттерін орындау кезінде моральдық, этика нормаларын бұзуының салдары - бір судьяның жеке басының беделінің төмендеуі ғана емес, барлық сот төрелігіне сенімсіздікке әкеледі және ең бастысы, азаматтардың құқықтарының бұзылуы, олардың Заң үстемділігіне көңілі қалуына әкеледі.

Судьялардың орынсыз мінез-құлқы әртүрлі формада болуы мүмкін және сол үшін судьяның әдеби стандарттары қоғамның сенімін бұзатын осындай күмәнді әрекет-әрекетсіздікпен күресуге арналған.

2016 жылы 21 қарашада Қазақстан Республикасы судьяларының VII съезінде судьялық әдеп кодексі қабылданды[2]. Судья қашанда берген антына берік болуға, қоғамдық қызмет пен тұрмыстық жағдайда кез келген әрекеттерді жүзеге асырған кезде, әдепсіз жүріс-тұрыстың көріністеріне жол бермей, судья лауазымының жоғары мәртебесіне лайық болып, әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауы тиіс. Кодексте судьяның жоғары мәртебесіне байланысты сот төрелігін іске асыруда оның мінез-құлық қағидалары бекітілген. Мысалы, судья сот отырысын жүргізудің жоғары мәдениетін қамтамасыз етуге, өзін лайықты, әдепті ұстауға және процеске қатысушылардан сондай қарым-қатынасты яғни, сотты құрметтеуді талап етуі тиіс.

Ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы өлшемі бойынша халықтың судьяларға деген сенім деңгейі 55,2% құрады. Егер 2019 жылы 60 судья тәртіптік жауапкершілікке тартылған болса, 2020 жылы 66 адам, 2021 жылы 71 адам, 2022 жылы 47 судья жауапқа тартылған, олардың тоғызы жұмыстан шығарылды[3]. Статистикаға сәйкес, жауапқа тартылатын судьялардың негізгі саны аудандық соттардың судьялары болып табылады.

Судья әдебіне қайшы келетін әрекеттердің жиі түрлеріне келесілер жатады:

- Отбаындағы жан-жалдар;
- Сот істері бойынша мүдделі тұлғалармен процессуалдық емес байланыстар;
- Ойын мекемелеріне бару;
- Қызметтік тұрғын үйді теріс пайдалану;
- Қызметтік міндеттерін орындау кезінде де, қызметтік емес қатынастарда да теріс қылықтар;
- Әкімшілік көліктік құқықбұзушылықтар;
- Заңсыз тапсырмалар беру
- мүдделер қақтығысы болған кезде судьяның өз-өзіне отвод білдірмеуі,
- өзінің лауазымдық міндеттерін уақтылы орындамауы[3].

Жалпы практикада судьяның іс-әрекетінде этика нормалары бұзылды ма, жоқ па анықтау қиын болуы мүмкін, бірақ мыны нәрсені ескеруіміз қажет - бұл мінез-құлықты бағалау басқалардың мұны қалай қабылдағанына тікелей байланысты - судьяның мінез-құлқы оның бейтараптығына күмән келтіре ме, оған деген сенімді әлсірете ме, жоқ па. Ол үшін судья сөздері мен әрекеттерін ғана емес, эмоциялар мен сезімдерін де бақылау қажет. Тіпті кейде әдейі судьяны ашуландыруға тырысуы да мүмкін.

Эмоцияларын шебер басқара алуы айналасындағыларға жағымды әсер етуінен бөлек, судьяға қарай жасалып жатқан әдепсіз әрекеттердің жасырын себептерін тануға да мүмкіндік береді. Судьяның жеке басының коммуникативті қасиеттеріндегі ең бастысы - қарым-қатынасты орната білу ғана емес, өз әрекетімен істі жан-жақты түсінуге, қарауға деген қабілеттілігін, ниетін көрсете білу. Судья келген тұлғаға оның жағымсыз әрекетінің негізсіздігін көрсете білуі керек, сәйкесінше тиісті мінез-құлық нормасын ұсына білуі қажет.

Процессуалдық және процессуалдық емес байланыс ретінде танылу керек. Мысалы, процессуалдық емес байланысқа судьяның іс бойынша пікірін біреуімен бөлісуі, тараптармен іс бойынша сот отырысынан тыс, бейресми жағдайда сөйлесуі жатады [4]. Кез-келген қарым-қатынасты тек жеке кездесуді ғана емес, сонымен бірге телефондар, өзге де байланыс құралдары арқылы, электрондық құрылғылар мен цифрлық технологиялармен де байланыс деп түсіну керек.

Норма контекстінде процессуалдық емес байланыс ретінде қарастырылмауы керек жағдайларға, мысалы, судьяның іс бойынша адвокат-өкілмен кездесіп қалып, іске ешқандай қатысы жоқ басқа тақырыптар туралы сөйлесуін жатқызуға болады.

Судьялардың отбасы мүшелері судья мәртебесін алған сәттен бастап автоматты түрде қоғамның назарына түседі. Күнделікті өмірде өздерінің арандатушылық мінез-құлқымен, жағымсыз әрекеттерімен, сөздерімен судьяның өзіне, оның моральдық келбетіне еріксіз көлеңке түсіруі мүмкін. Отбасылық мүддені болдырмау және мүдделер қақтығысына жол бермеу қажет. Материалдық мүдделер ақылға қонымды және орынды болуы керек. Судья өзінің отбасы мүшелеріне, жақын туыстарына және басқа адамдарға оның сот төрелігін жүзеге асыруға байланысты әрекеттеріне әсер етуіне жол бермеуі керек.

Судьяның шешімі не әрекеті құқықтық нормалардан асып түсіп, жазасыз заң бұзушылыққа айналатын жағдайлар да кездеседі. Әдетте судьялардың қабылдаған актілерін этика жөніндегі комиссиялар емес, жоғары тұрған саты қайта қарайды. Алайда, судьялар адамдарды тиісті рәсімдерді сақтамай қамауға алған, орынсыз қорғау құралдарын ойлап тапқан немесе заң үстемдігі қағидатын бұзған жағдайлар судьялардың орынсыз мінез-құлқының мысалдары болуы мүмкін. Сондықтан мұндай жағдайда қоғамдық бақылаудың маңызы зор.

Қоғамдық бақылау екі мақсатты көздейді: тиісті судьяның мінез-құлқын түзету және сот органдарының басқа өкілдерін ескерту. Әдеп жөніндегі комиссиялар әдетте этикаға жат мінез-құлық үшін ескертулер немесе сөгістер жариялауға құқылы. Олар сондай-ақ тәлімгерлік, бақылау немесе қосымша оқыту сияқты түзету шаралары туралы шешім қабылдауы мүмкін. Неғұрлым өрескел орынсыз мінез-құлқтың сирек ауыр жағдайларында өкілеттіктерді тоқтата тұру немесе қызметтен шеттету сияқты шаралар қолданылады.

Судья этикасын бұзудың себептеріне көп жағдайда кәсіби стресстің себебін жатқызып жатады, яғни судья жұмысының қиындығы. Сонымен қатар, қоғам судья бейнесін бір нақты кейіпте жасап алған. Судьяның бейнесін мүлдем суық, ешқандай эмоциясыз, шешім қабылдаушы машина, бейтараптықтың символы ретінде сипаттап қойған. Ал бұл көптеген судьялар үшін соған сәйкес келемін деп көптеген психологиялық стресске алып келеді. Сот іс-әрекеті эмоцияларға толы, көбіне теріс эмоцияға. Судья робот емес, жақсылық пен жамандыққа немқұрайлы қарайтын. Қылмыс, әсіресе ауыр қылмыс, кез-келген адамда ашу, жеккөру сезімін тудырады. Бірақ судья кәсіби маман ретінде мұндай сезімдерді сырттай көрсетпеуі керек. Ол ішкі эмоционалды бола отырып, сыртқы мінез-құлқында фактілерді, жағдайларды қабылдау кезінде эмоционалды болмауы керек. Судьяның мұндай мінез-құлқы ғана іс бойынша объективті шындықты анықтауды және сот процесінің тәрбиелік әсерін қамтамасыз етеді. Өз сезімдерін басқара білу судьядан дамыған ерікті қасиеттерді – шыдамдылықты, салқынқандылықты, байсалдылықты талап етеді. Ол үшін судья өзінің және басқа адамдардың эмоциялары мен әрекеттеріне жауап ретінде тікелей әрекеттерін реттеуді үйренуі қажет, өйткені оның әл-ауқаты, сондай-ақ басқа адамдардың қалыпты өмір сүруі және олармен қарым-қатынасы осыған байланысты[5].

Мұндай эмоциялардан арылудың алғашқы қадамы-тиісті эмоционалды реакциялардың қашан, қандай жағдайда пайда болатынын және олардың ақылға қонымды емес шектерде қалай дамитынын білу және сезіну. Адамның өзіне деген үлкен, жүйелі және табанды жұмысы қажет, себебі құтылғысы келетін жағымсыз эмоционалды реакциялар - бұл өте тұрақты өмірлік әдеттер, санадан тыс деңгейде автоматты түрде пайда болатын және адамның тікелей саналы және ерікті бақылауынан тыс жүзеге асырылатын психологиялық көзқарастар.

Жоғарыда айтқандардың негізінде, келесідей қорытынды жасауға болады:


1. Судьяның Әдеп кодексі бұл тек кодекс емес, судьяларға басшылыққа арналған нұсқаулық болу керек. Әдеп кодексі ережелер мен тыйымдарды бұзғаны үшін тәртіптік жазаның тізбесін жасауды мақсат етпейді. Бұл ережелер, ең алдымен, судьялардың өздерінің кәсіби және қызметтен тыс әрекетін реттеуге, күнделікті міндеттерді дұрыс орындауға арналған нұсқаулық болу қажет.

2. Қазіргі демократиялық қоғамда азаматтардың сотқа деген сенімі сот істерін құзыретті және әділ шешумен ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде сот билігі өкілдерінің мінсіз мінез-құлқымен қамтамасыз етуін талап ету қажет. АҚШ-тың бұрынғы президенті Теодор Рузвельт айтқандай: "ешкім заңнан жоғары бола алмайды және ешкім заңнан төмен бола алмайды; және біз оны орындауды талап еткенде рұқсат сұрамаймыз. Заңды сақтау - бұл құқық емес, міндет". Біздің елдерімізде де сот төрелігін жүзеге асыратын судьялар этика нормаларын сақтауы тиіс және олар бұзылған жағдайда жауапкершілікке тартудан бұрын, оны түзету қажет.

3. Өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгінген азаматтар, әсіресе бірінші рет болса, белгілі бір судьяның мінез-құлқы бүкіл сот төрелігі жүйесі туралы әсер қалдырады. Қоғамның ерекше психологиялық көңіл-күйін, атап айтқанда, қарапайым адамдардың құқыққорғау органдары мен соттан қорқуын, әр істің алдын-ала шешілгендігіне және "сайланғандардың" жазасыздығына деген сенімділікті, биліктің жоқтығы мен қарапайым азаматтардың дәрменсіздігінің дәлелдерін санадан тыс күтуді ескеру қажет.

#### **Пайдаланған әдебиеттердің тізімі:**

1. Краткий политический словарь /отв. ред. Л.А. Оников, Н.В. Шишлин - М., 1988. - С. 473.
2. Судьялық әдеп кодексі 2016 жылы 21 қарашада Қазақстан Республикасы судьяларының VII съезінде қабылданды - <https://www.sud.gov.kz/rus/content/kodeks-sudeyskoy-etiki>
3. Национальный доклад №6 о состоянии судейских кадров в Республике Казахстан, Астана 2024г - <https://www.gov.kz/memleket/entities/vss/documents/details/600182?lang=ru>
4. Куанова И.З., Носов П.Б., Темирова Е.А. Комментарий к Кодексу судейской этики. Нур-Султан, 2021
5. Черемискина И.И. Черты личности судей на разных этапах профессионализации // Территория новых возможностей. Вестник Владивостокского государственного университета экономики и сервиса. 2020. Т. 12, № 1. С. 145–152.



**ӘОЖ 341.221; 341.222**

### **ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ СУЛАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Утегенова Гульзат Амандыковна**  
**заңтану магистрі, оқытушы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті**  
**Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы**

**Аннотация.** Трансшекаралық су объектілерін құқықтық қорғау және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдік ынтымақтастығы қарастырылып, трансшекаралық суларды қорғау және пайдалану туралы халықаралық шарттарға су объектілерін пайдаланушы мемлекеттердің халықаралық-құқықтық жауапкершілік түрлері мен нысандарын реттейтін нормаларды енгізу ұсынылды. Трансшекаралық суларды қорғау мен пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық ынтымақтастығын дамытудың тетіктері айқындалды.

**Түйін сөздер:** экология, экологиялық құқық, трансшекаралық су, халықаралық шарт, конвенция, су ресурстары, жауапкершілік .

**Аннотация.** Предусмотрено международное договорное сотрудничество Республики Казахстан в области правовой охраны и использования трансграничных водных объектов,

рекомендовано включить в международные договоры об охране и использовании трансграничных вод нормы, регулирующие виды и формы международно-правовой ответственности государств-пользователей водных объектов. Определены механизмы развития международного сотрудничества Республики Казахстан в области охраны и использования трансграничных вод.

**Ключевые слова:** экология, экологическое право, трансграничные воды, международный договор, конвенция, водные ресурсы, ответственность.

**Annotation.** International contractual cooperation of the Republic of Kazakhstan in the field of legal protection and use of transboundary water bodies is envisaged, it is recommended to include in international treaties on the protection and use of transboundary waters norms regulating the types and forms of international legal responsibility of States users of water bodies. The mechanisms for the development of international cooperation of the Republic of Kazakhstan in the field of protection and use of transboundary waters have been identified.

**Keywords:** ecology, environmental law, transboundary waters, international treaty, convention, water resources, responsibility.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдары экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жаңа мемлекеттік жүйесінің пайда болуы және қалыптасуы, қоршаған ортаны қорғауды басқаруы және Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы атқарушы билік органдарының жақсы ұйымдастырылуы мен территориялық тармақталуы арқылы табиғат пайдалануы жылдары болды. Ол қоршаған ортаны қорғау және біздің мемлекетіміздің суларын ұтымды пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың қалыптасуы мен одан әрі жүзеге асуын қамтамасыз етті.

Траншекаралық суларды қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттер ынтымақтастығының халықаралық-құқықтық тәжірибесі ынтымақтастықтың бұл түрінің басты нысаны халықаралық шарттар екенін көрсетеді.

Траншекаралық суларды қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттердің халықаралық-құқықтық ынтымақтастығының кең құқықтық базасына қарамастан, осы саладағы халықаралық шарттарға жасалған талдау, кей жағдайларда трансшекаралық суларды қорғау және пайдалану туралы нормалар басқа бір қосымша нормаларды талап ететінін немесе өзге халықаралық актілерге сілтеме ережелері болатынын көрсетті. Мәселен, «Шекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы» конвенцияда [1] осыған ұқсас жауапкершілік саласындағы нормаларды, критерилерді және шараларды дайындау бойынша тиісті халықаралық күштерге қолдау көрсететін тараптардың жауапкершілігіне қатысты норма бар. Сонымен жоғарыда аталған Тұжырымдамада осы халықаралық шарттардың нормативтік ережелерін бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің түріне, нысанына қатысты нормалар қамтылмаған.

Қазақстандық ғалым С.Ш.Төлеубекова суды трансшекаралық пайдалану мәселесін зерттей отырып, былай деп көрсетеді «Қазақстанның көрші мемлекеттермен келісімінде суды шамадан тыс алудағы немесе су объектісінің ахуалын төмендетуге әкелетін қалдық суларды ағызудағы жауапкершілігі айтылады. Алайда бұл келісімдерде қандай да бір тараптың әрекетсіздігінен келген залалдың орнын толтыру туралы мәселесі қарастырылмайды (мәселен, келесі тарапқа ақпаратты өз уақытында ұсынбау). Қазақстандық келісімдерге бір мемлекеттің территориясына залал келтіруге әкелген келесі тараптың әрекетсіздігі үшін жауапкершілік шараларын (мысалы, мүлдікті) енгізу керек-ақ» [2,143 б.]. Бұл жерде С.Ш.Төлеубекованың көзқарасын қолдай отырып, трансшекаралық суларды қорғау және пайдалану туралы заңнаманы бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің тиісті нормаларының жоқтығы мәселесіне көңіл аудару қажет.

Аталған мәселені зерттеу объектісі тұрғысынан қарастырсақ, мұндай ақаулар келісім-шарттарда ғана емес, сонымен қатар трансшекаралық суларды қорғау және пайдалану саласындағы қатынастарды реттейтін салаларда, институттарда, нормаларда орын алып



отырғанын атап өту керек. Сондай-ақ ақауларды анықтау трансшекаралық суларды қорғау және пайдалану саласындағы пайда болатын қатынастарды дамыту факторларының бірі болып табылатынын ескеру қажет. Ол ең алдымен, ақаулықтың қолданыстағы мінез-құлық ережесін толықтыра отырып, жаңа норма тудыратынынан көрінеді. Осылайша, трансшекаралық суларды қорғау және пайдалану туралы нормалардың кодификация процесі мен қарқынды дамуына түрткі болады. Сондықтан екі не одан да көп мемлекеттің территориясында орналасқан немесе бір мемлекеттің территориясынан екіншісіне орын ауыстыратын суларды қорғау және пайдалану мәселелерін реттейтін нормалардың ақауларына жете тоқталу керек.

Трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғаудың күрделі экологиялық-экономикалық мәселелерінің бірі су тасқынының алдын алу және оның салдарымен күресу болып есептеледі. Су тасқынымен келетін залалдың кей жағдайда көп болатыны соншалық нақты есептеуге келмей жатады. Трансшекаралық өзендер және өзге де су қоймалары бойынша ортақ шекаралары бар мемлекеттер су тасқынынан үлкен материалдық шығынға ұшырай отырып, олардың алдын-алу және олардың қауіпті салдарын жою бойынша ортақ күш салуға мүдделі. Алайда қоршаған ортаны қорғау бойынша халықаралық тұжырымдамалар мен келісім-шарттар мұндай қатынастарды қазіргі экологиялық ахуал талап ететін деңгейде шеше алмайды. Бір жағынан су тасқынының алдын алу және оның салдарын жою мәселелерін шешудің құқықтық әдістеріне еш кедергі жоқ. Екі жақты келісімдерде су тасқынына қарсы шараларды реттеу трансшекаралық суларды ұтымды кешенді қорғау және пайдалану туралы басқа да келісімдермен бірге жүргізілуі тиіс.

Су тасқынына қарсы тараптардың құқықтары мен міндеттері 1992 жылғы 27 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Келісінде көрсетілген. Су шаруашылық мәселелері бойынша ақпарат алмасу судың мүмкін болатын зиянды ықпалы туралы ақпаратты да қамтиды. Келісімде су тасқынының алдын алу және күресу бойынша, алдын ала болжамдар бойынша ортақ ғылыми зерттеулер қарастырылған. Тараптар трансшекаралық ықпал ете алатын болса, су шаруашылық жоспарлары мен шараларын келісе алады, мәселен, мұзды өткізу бойынша шаралар, суды кешенді пайдалану және қорғау бойынша ортақ схемаларды қолдану және т.б.

Трансшекаралық суларды халықаралық пайдалану және қорғау мәселесін халықаралық келісім-шартқа отыру, болашақ халықаралық құжат нормаларының орындалуы үшін жауапты халықаралық орган құру жолымен шешу қажет.

Болашақ халықаралық екі жақты келісім-шартқа отыру үлгісі ретінде 1992 жылғы Шекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенция алынуы мүмкін. Конвенцияның 2-бабына сәйкес тараптар төмендегідей барлық қажетті шараларды қабылдайды:

а) трансшекаралық ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін судың ластануының алдын алу, шектеу және қысқарту;

б) су ресурстарын экологиялық негіделген және ұтымды басқару мақсатында трансшекаралық сударды пайдалануды қамтамасыз ету, оларды сақтау және қоршаған ортаны қорғау;

с) трансшекаралық ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін қызметті жүзеге асыру барысында олардың трансшекаралық сипатын есепке ала отырып, трансшекаралық суларды ақыла қонымды әрі әділ пайдалануды қамтамасыз ету;

д) экожүйені сақтауды қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда қалпына келтіру.

Трансшекаралық ықпал етудің алдын алу, шектеу және қысқарту үшін тараптар қалдық суды тастауға рұқсат беруі тиіс және осы процесті бақылауы керек. Қалдық суларды тастаудың шекті мөлшері қолда бар ең жақсы технология негізінде жүргізілуі тиіс, сонымен қатар коммуналды-тұрмыстық қалдық суларды биологиялық тазарту әдістерін қолдану қажет. Сонымен бірге тараптар ауыл шаруашылығын жүргізу нәтижесінде және басқа да аралас көздерден биогенді және қауіпті заттардың түсуін қысқарту үшін неғұрлым тиімді тәжірибені әзірлеп қолдануы тиіс.

Осыған орай, «Шекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы» конвенцияның декларативті сипатына қарамастан, оның ережелері қандай да бір бассейнді немесе аймақтың ерекшелігін көрсететін трансшекаралық су объектілерін қорғау және пайдалану бойынша екі жақты немесе көп жақты халықаралық келісімдерді әзірлеуге негіз бола алатынын атап өту қажет.

Қазақстан Республикасы 2000 жылдан бастап Халықаралық келісімнің мүшесі болып табылады, 2003 жылы Конвенцияның 25 және 26 баптарына түзетулер енгізілгеннен кейін Конвенция жаһандық деңгейге көтерілді. Конвенцияға Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) мүше кез келген мемлекет қосыла алады.

Бүгінгі күні Конвенцияға 40 астам мемлекет мүше болып табылады, оның ішінде бізге көрші Ресей, Өзбекстан және Түрікменстан мемлекеттері де осы халықаралық келісімнің толыққанды мүшелері болып табылады.

Қазақстан 2019-2021 жылдары Трансшекаралық өзендер мен халықаралық көлдерді пайдалану және қорғау жөніндегі конвенция бюросына төраға болды.

Қазақстан су ресурстарын қорғау және пайдалану саласындағы ынтымақтастықты дамытуға үлкен көңіл бөледі және барлық іргелес елдермен тығыз өзара іс-қимыл жасайды. Атап айтқанда, Орталық Азия елдерімен, Ресеймен және Қытаймен бірқатар келісімдерге қол қойылды.

Орталық Азиядағы трансшекаралық өзендерді қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзара іс-қимыл Халықаралық Аралды құтқару қорының (ХАҚК) және Мемлекетаралық үйлестіруші Су шаруашылығы комиссиясы (ХШҚК) және Орнықты даму жөніндегі мемлекетаралық комиссия (ОДМК) сияқты оның құрылымдық органдарының қызметі шеңберінде, ал Ресей, Қытай және Қырғызстанмен - екі жақты комиссиялар шеңберінде жүзеге асырылады.

Қазақстанның бастамасы бойынша Орталық Азия елдері көшбасшыларының тұрақты консультациялық кездесулері өткізіледі, онда өңірдің су шаруашылығы саласындағы неғұрлым өзекті проблемалар талқыланады.

Су ресурстарын пайдалану мен қорғау проблемаларын шешуде еліміз халықаралық Су құқығы нормаларын ұстанады және Орталық Азиядан конвенцияға қосылған алғашқы елдердің бірі.

Өткен үш жылда Қазақстан Жұмыс бағдарламасын және Конвенцияны жүзеге асыру стратегиясын орындауға жәрдем көрсетті. Атап айтқанда, біздің республика су ресурстарын трансшекаралық контексте бөлу жөніндегі Конвенция нұсқаулығын әзірлеуді қолдады.

Қазақстанның қолдауымен Гидротехникалық құрылыстарды қауіпсіз басқару, су және энергетикалық ресурстарды бірлесіп пайдалану мәселелері бойынша Орталық Азия елдері үшін бірқатар өңірлік іс-шаралар өткізілді.

2017 жылдан бастап еліміздің бастамасы бойынша Астана қаласында Конвенцияның ынтымақтастық орталығы – Суды бағалаудың халықаралық орталығы (ХТҚО) орналасқан.

Орталық Азияның басқа мемлекеттерінің осы Конвенцияны мойындауын су объектілерін ортақ пайдалануды реттейтін халықаралық қатынас жүйесіндегі маңызды кезең деп қарастыру керек.

Осыған байланысты тұтастай трансшекаралық суларды қорғау бойынша мемлекеттердің халықаралық келісімдерге қатысуға тартылуы өзекті болып тұр. Осы орайда, трансшекаралық суларды қорғау және пайдалану туралы халықаралық келісімдерге мемлекеттердің тарту әдістерін, оның ішінде экономикалық тетікті әзірлеу маңызды болып саналады.

Экологиялық құқық теориясында қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігі ретінде, көп жағдайда, «заңнамамен қарастырылған қоршаған ортаны қорғауды және ұтымды табиғат пайдалануды қамтамасыз етудің экономикалық шараларының жиынтығы» түсініледі» [3,411 б.].

Қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігін реттеудің құқықтық негіздері Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 4-бөлімінде бекітілген [4]. Қоршаған ортаны қорғауды экономикалық реттеу тетіктерінің түрлері болып:

- 1) қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақы;
- 2) қоршаған ортаға эмиссияларды басқарудың нарықтық тетіктері;
- 3) экологиялық сақтандыру;
- 4) қоршаған ортаны қорғауға бағытталған қызметті экономикалық ынталандыру;
- 5) парниктік газдардың шығарылуын қысқарту мен сіңірілуінің нарықтық тетіктері;
- 6) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері танылады.

Бұл тетіктер трансшекаралық суларды қорғау туралы заң талаптарын орындаудағы мемлекеттердің экономикалық мүдделілігі үшін жағдай жасауы тиіс, сондай-ақ трансшекаралық суларды қорғау және пайдалану туралы халықаралық келісімдерге мемлекеттерді тартуға жәрдемдесуі керек.

Қоғам мен табиғаттың өзара байланысы саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына жасалған талдау трансшекаралық табиғи объектілерді қорғау және пайдаланудың экономикалық тетігі 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су Кодексінде ғана құқықтық тұрғыдан бекітіліп көрсетілген [5]. Қазақстан Республикасы Су Кодексінің 144-бабына сәйкес, трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың экономикалық негізі:

1) осы су объектісінде және оған іргелес аумақта биологиялық тепе-теңдікті ұстап тұру, ұдайы молайту және сақтау мақсатында трансшекаралық суларды тиімді және ұтымды пайдалануды;

2) трансшекаралық әсер ету нәтижесінде кінәлі тарап келтерген залал үшін өтемдік жауапкершілікті;

3) пайдаланылатын су ресурстарына үлес қосып қатысу қағидасында басқа мемлекеттер пайдаланатын трансшекаралық суларды басқару, реттеу және қорғау жөніндегі су шаруашылығы объектілерін біржақты пайдалануды жүзеге асыратын мемлекетке шығындарын өтеуді;

4) мемлекеттердің бірінің тиісті бекітілген халықаралық шарттардың негізінде белгілеген өзінің трансшекаралық сулар үлесін (үлесінің бөлігін) өтемдік негізде екінші мемлекетке беруін көздейді.

Трансшекаралық суларды қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы шеңберінде бұл шараларды шекаралас мемлекет территориясының трансшекаралық ластануы нәтижесінде пайда болған төтенше экологиялық ахуал жағдайында өзара қаржылай көмек көрсету туралы нормамен толықтыру қажет. Осыған ұқсас мазмұндағы нормалар Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда бекітілген. Кейбір халықаралық құжаттар трансшекаралық экологиялық залал жағдайында қаржылай көмекті жүзеге асыру үшін арнайы ортақ қаржыландыратын орган құрады.


Осылайша, трансшекаралық су объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық ынтымақтастығының негізгі нысандарын қарастыру осы саладағы кейбір халықаралық шарттарда кемшіліктер бар екенін көрсетті, оларды анықтау мен орнын толтыру, біздің ойымызша, трансшекаралық суларды қорғау және пайдалану саласындағы ҚР-ның халықаралық ынтымақтастығының келісімдік нысанын одан әрі дамыту мен жетілдіруге ынталандырар еді. Трансшекаралық су объектілерін қорғау мен пайдалануға қатысты көпжақты халықаралық тұжырымдамаларда трансшекаралық сулардың экологиялық-құқықтық режимін бұзғаны үшін мемлекеттерге халықаралық жауапкершіліктің түрлері мен нысандарын реттейтін нормалар қамтылмаған. Трансшекаралық ластағаны үшін мемлекеттерге халықаралық-құқықтық жауапкершілік түрлері мен нысандарын реттейтін нормаларды халықаралық шарттарға енгізу жолымен мұндай кемшіліктердің орнын толтыру қажет.

Қазіргі кезеңде халықаралық шарттарға мемлекеттерді тартудың ең тиімді әдісі халықаралық және ұлттық заңнамада қарастырылған трансшекаралық суларды тиімді қорғау және ұтымды пайдалануды қамтамасыз етудің экономикалық шараларының жиынтығы ретінде түсінілетін трансшекаралық суларды қорғаудың экономикалық тетігінің элементтері болуы тиіс. Бұл тетік мемлекеттердің трансшекаралық суларды қорғау туралы заң талаптарын орындауға экономикалық мүдделі болуға жағдай жасауы керек және трансшекаралық суларды қорғау және пайдалану туралы халықаралық шарттарға мемлекеттерді тартуға жәрдемдесуі тиіс.

Қорыта келе, мұндай кемшіліктердің тек трансшекаралық суларды қорғау және пайдалану мәселелеріне қатысты халықаралық шарттар, институттар, нормалар үшін ғана емес, трансшекаралық табиғи объектілердің өзге де түрлерін қорғау және пайдалану туралы халықаралық шарттар, институттар, нормаларға да тән сипат екенін атап көрсету қажет. Сондай-ақ трансшекаралық суларды қорғау және пайдалануды қамтамасыз ететін әмбебап нормаларды әзірлеу қажеттілігі туындап тұр. Бұл нормаларды трансшекаралық сулардың экологиялық-құқықтық режимін реттейтін екіжақты, көпжақты халықаралық шарттарда, сонымен қатар ішкі ұлттық құқықтық деңгейде көрініс табуы мүмкін.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Шекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияға қосылуы туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 23 қазан N 94-ІІ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000094>
2. Тюлеубекова С.Ш. Правовое обеспечение исполнения обязательств РК по экологическим конвенциям: з.ф.к.дис.жұм.: 12.00.06. - Алматы, 2003. - 190б.
3. Бринчук М.М. Экологическое право (право окружающей среды): Учебник для высших юридических учебных заведений. - М.: Юристъ, 1998. – 688б.
4. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы №400-VI ҚРЗ Кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400>
5. Қазақстан Республикасының Су Кодексі. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі N 481 Кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000481>



ӘӨЖ 343.72

## **КИБЕРҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҚПЕН КҮРЕС ЖҮРГІЗУ ШАРАЛАРЫ**

**Жәкіш Анеля**

**«Заң» факультетінің 2 курс студенті,**

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты,**

**Қазақстан Республикасы, Тараз қаласы**

**Жексембаева Н.Е.**

**құқық магистрі, аға оқытушы,**

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, Қазақстан Республикасы, Тараз қаласы**

**Аннотация.** Мақалада киберқылмыс және интернет алаяқтық туралы күрес жүргізу шараларын, Қазақстандағы соңғы статистикалар мен азаматтардың ең көп алданған түрлері қарастырылады.

**Кілт сөздер.** Киберқылмыс, интернет алаяқтық, ғаламтор, хакер, фишинг, ФБР, колцентр, CVV-код, банк картасы.

**Аннотация.** В статье рассматриваются меры борьбы с киберпреступностью и интернет-мошенничеством, анализируются последние статистические данные в Казахстане и самые обманутые виды граждан.

**Ключевые слова:** Киберпреступность, интернет-мошенничество, интернет, хакер, фишинг, ФБР, колл центр, CVV-код, банковская карта.

**Annotation.** The article discusses measures to combat cybercrime and Internet fraud, analyzes the latest statistical data in Kazakhstan and the most deceived types of citizens

**Keywords.** Cybercrime, Internet fraud, Internet, hackers, phishing, FBI, call center, CVV code, bank card

XXI ғасыр ғылым мен технологияның қарқынды дамыған заманы. Ақпараттық технологиялардың дамуымен және оларды қолдану аясының кеңеюімен алаяқтықтың жаңа түрлері пайда болуда. Осыған байланысты, жаһандық мәселелердің ең өзектілерінің бірі-киберқылмыстылық және интернет алаяқтық болып табылады. Виртуалды әлемді қолшоқпарына айналдырғандар мен олардың құрығына ілініп жер сипап қалғандар жетерлік. Шет елден басталған интернет алаяқтық біздің Қазақстанда айналып өтпеді. Статистикаға сүйенсек интернет алаяқтардың құрығына түскендер саны жылдан-жылға артуда. Сонымен киберқылмыстық дегенміз не?

Киберқылмыс туралы ұғым ең алғаш өткен ғасырдың 60-шы жылдары алдымен Америкалық, одан соң өзге де әлемдік басылымдарда пайда болды. 1983 жылы Париж қаласында Халықаралық экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдарының сарапшылары бас қосып, киберқылмысқа криминологиялық айқындама берген. Бұл – электронды жүйеде немесе ғаламтор арқылы жасалатын қылмыс. Киберқылмыскердің негізгі мақсаты әртүрлі процестерді басқаратын компьютерлік жүйе және онда таратылатын ақпарат болып табылады. Киберқылмыстың ең өзекті түрі- интернет алаяқтық.

Интернет алаяқтық- ақпараттық жүйені және ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді айтамыз. Қазіргі таңдағы елімізде интернет алаяқтықтың көп кездесіп жүрген түрлеріне: интернет-дүкенмен айналысатын алаяқтар, фишинг, интернет арқылы қайыр сұрау, телефон алаяқтық, SMS-алаяқтық және интернет-банкинг жатады.

1)Интернет дүкенмен айналысатын алаяқтықтар-ғаламторда, әлеуметтік желілерде әртүрлі заттар, киім-кешек, телефон, басқа да тұрмыстық бұйымдарды арзан бағада сатамыз деп жарнамалап, QIWI әмиян арқылы төлем жасатып, ақшаларын жымқырады. Көбінесе тексеру барысында осындай QIWI әмияндардың нөмірі шетелдерге тиесілі болып жатады.

2)Фишинг-интернет пайдаланушының жеке мәліметтерін (логин,пароль) жасырын алу және жымқыру. Алаяқтар алдымен электронды адресіңізге түрлі смстер, сілтемелер жіберіп кіруіңізді сұрап, ұялы телефоныңызға немесе ноутбуктарыңызға өздерінің вирустарын енгізеді.

3)Интернет арқылы қайыр сұрау-әлеуметтік желілерде танымал демеушілердің, қайырымдылық қорларының атынан мұқтаж адамдарға көмек көрсету туралы жарнамалар береді. Өздері сол қорлардың сайтының не акаунтының көшірмесін жасайды. Тек реквизит нөмірлерін ғана басқаша болады. Осылайша өздерінің жымысқы әрекеттерін іске асырады.

4)Телефон алаяқтық-қандай да бір алаяқтық әрекет бойынша істің мән-жайын анықтамақ болып, өзін банк қызметкері немесе құқық қорғау органының қызметкері ретінде таныстыру арқылы қазақстандықтардың дербес деректерін алуға тырысады. Телефонға келген SMS және CVV кодтарды айтып жіберуін өтініп, сосын сол арқылы шоттар ашады, несие рәсімдейді және ақша ұрлайды.

5)SMS алаяқтық-сізге телефон немесе теледидар секілді бағалы заттар сататын белгілі компаниялардың немесе туристік фирмалардың атынан хабарлама келеді не телефон шалады да: «Сіз бағалы сыйлық ұттыңыз, сізге затты жеткізу үшін төлем жасаңыз деп» алдауына түсіреді. Бұндай батпан құйрықты құр жібемейтін азаматтар төлем жасап, алданып қалады.

6)Интернет банкинг-несие ұйымының интернет арқылы алыстан банк қызметін көрсетуі. Яғни, азаматтан карта нөмірін біліп алу арқылы атынан несие рәсімдеп, әлемнің

кез-келген жерінде отырып, шоттарды басқара алады. Сонымен қатар, түрлі ақша аударымдарын жасап, қауіпті шығын келтіретін операцияларды жүзеге асырады.

Қазіргі таңда интернет алаяқтықтың түрі көбейді. Ақшаларын белгісіз адамның карталарына аударып, жер сипап қалғандар саны жетерлік. Қазақстанға негізінен интернет алаяқтық 2017 жылы біртіндеп келе бастады. Ол жылдары кішігірім интернет алаяқтықтар жасалған болатын. Бұл мәселенің қанатын аспанға жайып өзекті болған тұсы 2019 жылы пандемия кезінде барлық қосымшалардың онлайн жүйеге көшуінде еді. Пандемия кезінде онлайн түрде интернет магазиндерден киім-кешек, әртүрлі бұйымдар, техникалар тіпті күнделікті қолданыстағы азық-түлікте түрлі қосымшалар арқылы тапсырыс бере бастадық. Міне осы кезден бастап жалған сайттар ашып, тегін жеткізу түрін ұсынып, интернет алаяқтар өз жұмыстарын жасай бастады. Сол кездегі деректерге сүйенетін болсақ 2019 жылы ФБР-ге алданған адамдар саны 467 мыңға жеткен. Олар жалпы сомасы 3,5 млрд доллардан айырылған. Ал әр жыл сайынғы ұрланатын ақшаның көлемі шамамен 600 млрд долларды құрап үлгерген, сонымен қатар әр жыл сайын бұл ақшаның көлеміде көбейіп отырған.



#### **2019, 2020, 2021- жылдардағы интернет алаяқтық қылмысының өсуі.**

Осы статистика бойынша жыл сайын интернет алаяқтық қылмыстары өсіп отырған. 2019 жылы 7769 қылмыстық іс қаралса, 2020 жылы бұл істің саны 14220ға өскен, ал 2021 жылы интернет алаяқтық бойынша қылмыстық істің саны 21405-ті құрады. Ал 2024 жылғы деректерді қарасақ бар болғаны екі айдың ішінде интернет алаяқтардың құрбаны болғандар саны 3000-нан астам адамды құраған. Ал азаматтарға келген шығын 4 млрд ақша көлемін құрады. 2024 жылы интернет алаяқтықтың ең көп қылмыстық іс қозғалғаны сайттарда, мессенджерлерде жасалатын сауда, бұл іс бойынша 1000-нан астам қылмыс тіркелген. Ал осы ағымдағы жылда брокерлік компанияларға, жобаларға инвестиция салу арқылы ақшаларды көбейту бойынша 300-ден астам іс тіркелген. Банк қызметкерлері, құқық қорғау органдарының атынан телефон соғу ісі бойынша 1000-ға жуық істер қаралды. Осындай қоңыраулар легі шетелдерден де соғылған. Бұл іс бойынша 44 млн симкарталар бұғатталған болатын. Осыдан шығаратын ой алаяқтар ақылды емес, біз сауатсызбыз. Неге?

Себебі олар өз атынан ешқашан әрекет етпейді, өздері туралы мәлімет бермейді, үнемі IP мекен-жайларын, телефон нөмірлерін өзгертіп отырады. Олар адамның сеніміне кіре отырып, психологиясымен жұмыс жасап іске көшеді. Ал біз солардың арбауына түсіп, сан соғып отырмыз. Ал осындай істердің ең негізгі мүшесі-хакер.

Ал хакер деп әлемдегі ең ірі компьютерлік желілерге кіруге қол жеткізген, өзінің электрондық саладағы білімін жаңа идеялар енгізу арқылы дәлелдейтін және де технологияның даму мәдениетін егжей-тегжейлі білетін адамды айтамыз. Сонымен қатар, олар технология саласында оқыған немесе үлкен оқу орнын бітірген адам ғана емес, ешқайда

оқымаған, тіпті мектеп оқушысыда болуы мүмкін. Алайда біздің қоғамда қандай да бір электрондық жүйеге заңсыз шабуыл жасаған адам «хакер» аталып кеткен.

Сонымен хакер қалай шабуыл жасайды:

- 1) Түрлі смс-кодтар жолдайды;
- 2) Компьютерлік құралдар арқылы (флешка, USB т.б.);
- 3) Программалық қосымшалар;
- 4) Сілтемелер мен сайттар арқылы.

Хакердің шабуылы құрылғыларға қалай әсер етеді:

- 1) Телефон өзінен-өзі сөніп, қосылып тұрады;
- 2) Телефон арқылы сөйлескенде өзгеде түсініксіз дыбыстарды ести бастайсыз;
- 3) Түрлі символдар мен сандар бар СМС-тер келуі;
- 4) Батерея қуаты тез таусылады;
- 5) Құрылғы жиі қатып қалады;
- 6) Кейбір програмалық қосымшалар түр, дыбыс сұрап, ақылы түрде қызмет ұсынуы мүмкін.

Қазіргі кезде хакерлер тарапынан болып жатқан қылмыстар уақыт озған сайын күн санап артуда. Мұның себебі ақпараттық технологиялардың тез қарқынды дамуы. Осындай мәселелерді шешу бойынша Қазақстанда «Киберпол жобасы» қолға алынды.

Киберпол-интернет алаяқтықтың тергеу амалдарының жаңа тәсілі. Осының арқасында интернет алаяқтық және киберқылмыстар бойынша тергеу мерзімі 20-30 күннен 3-4 күнге дейін қысқарды. Киберпол бір терезе арқылы қабылдайды да, тез арада жұмысты бастайды. Ол жерде 3 қызметкер жұмыс атқарады. Олар: аймақтық ПД Жедел Криминалистика басқармасының бір қызметкері, тергеуші, жедел уәкіл жұмыс істейді. Үшеуі бірлесіп, интернет алаяқтық туралы арыздар бойынша шетелдік және отандық бағдарламалық жүйелер арқылы қылмыскерді тез табу үшін жедел әрекет етеді. Қазақстанда Киберпол жобасы 2023 жылы өз жұмыстарын жасай бастады.

Соның нәтижесінде 2023 жылы Астана қаласында 4-коллорталық анықталды. Ол жерден ноутбук, техникалық құрал-жабдықтар, ақпараттық қосымшалар, IP мекен-жайларды өзгертуге арналған қосымшалар, фишингтік сайттарға сілтемелері бар файлдар, қашықтықтан басқару құралдары табылды. Сонымен қатар басқа шет мемлекеттермен байланыс құралдары анықталған.

2024 жылы 8 наурызда жедел іздестіру шаралары кезінде Астана қаласында интернет алаяқтыққа қатысты азаматтарды ұстап, тінту кезінде 35 симкарта, 6 банк картасы, 10 телефон тәркіленді.

Алматы қаласында екі банк қызметкері интернет алаяқтықпен ұсталды. Қазақстандық симкарталарды сату арқылы whatsapp мессенджерлеріне кіруге мүмкіндік жасаған. Бұл үшін олар 700 доллардан 1200 долларға дейін сыйақы алып отырған.

16 наурызда Алматы қаласында Украинадан келген азаматтардан симкарталардың массивын сақтау үшін GSM терминациялауға арналған жабдық табылды. Соның нәтижесінде Алматы қаласынан дроппер азамат ұсталды.

Дроппер немесе дроп-бұл алаяқ ұрлаған ақшаны өзінің банк картасы арқылы өткізетін адам. Кейде карточкасын үшінші тұлғалар пайдаланғанын білмеген адам алаяқтық объектісіне айналуы мүмкін.

Мұндай қылмыстар түрін жасаған адамның мүлкі тәркіленіп, белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ал егер аса ірі мөлшерде жасаған болса, мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып немесе онсыз, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осы жоба Қазақстанға кеш келседе біршама істердің шешілуіне өз септігін тигізіп қана қоймай, ілгері көш алдына шығуға біршама үлес қосып жатыр. Жарты жылдың ішінде көптеген істердің шешімі табылды. Сонымен қатар, ақпараттық түсіндіру жұмыстары да сондай қарқынмен жүргізіліп отыр.

Мысалы, 2023 жылы интернет алаяқтық туралы Республикалық телеарналарында 268, өңірлік телеарналарда 719, интернет ресурстарында 2089 ақпарат шығарылған. Ал 2024 жылы Республикалық телеарналарда 63, өңірлік телеарналарда 221, интернет ресурстарында 581 материал шығарылды.

Қорытындылай келе, мақаладағы басты мәселе ғаламтордағы құқықбұзушылық, нақтырақ айтқанда, киберқылмыс пен интернет алаяқтық. Ең алдымен қоғамды жалмап бара жатқан бұл мәселенің шешімін шығаруымыз қажет. Себебі бұндай істерді жасайтын алаяқтардың әдіс-тәсілдері де күн санап өзгеруде. Олардан сақтанудың жолы өте қарапайым:

- 1) Қаржылық және ақпараттық сауаттылықты арттыру себебі күн өткен сайын дамып жатқан интернет саласындағы өзекті мәселерді біліп, қорғану шараларын жүргізіп жатқан құзырлы органдардың ресурстарын бақылап отыруымыз қажет;
- 2) Қарапайым халыққа ауызекі сөйлеу стилінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу яғни, қазіргі көп терминдерді қарапайым халық түсіне бермейді сол үшін ауызекі сөйлеу стилін қосуымыз керек;
- 3) Шетелден келетін байланыс операторлардың қоңырауларын жіті қадағалау;
- 4) Лицензиясы бар сайттардан ғана сауда жасау;
- 5) Антибирустар орнату (гаджет, компьютер, ұялы телефон);
- 6) Сайтқа кіру кезінде бір реттік логин, парольдерді қолдану;
- 7) Түрлі сайттарға, сілтемелерге кірмеу;
- 8) Телефонға келіп түскен смстерді ешкімге хабарламау.
- 9) Банктағы шоттарды жиі тексеріп отыру.

Киберқылмыстың 99%-ы интернет алаяқтықпен байланысты. Сондықтан Қазақстандағы егде жаспен, орта жастағы адамдардың барлығының ақпараттық сауаттылығын арттыруымыз керек. Қазір алаяқтардың сан түрлі айласына алданатындардың саны жыл өткен сайын артуда, бұл қылмысқа қанша іс қозғалсада толықтай жойылып кетуі екіталай. Аңқау халықты олжа қылып, ақшаларын жымқырып жатқандардың жолын кесу өз қолымызда. Қылмыстың өтеуі - жаза!

#### **Пайдаланған әдебиеттердің тізімі:**

1. Актуальные киберугрозы – 2018. Тренды и прогнозы. – URL: <https://www.ptsecurity.com/ru-ru/research/analytics/cybersecurity-threatscape2018/#id3> (дата обращения 9.05.2019)
2. Глотина И.М. Киберпреступность как теневой бизнес // Экономические науки. – 2016. – №6 (388). – 54 с.
3. Глотина И.М. Киберпреступность: Основные проявления и экономические последствия // Вопросы экономики и права. – 2014. – №8. – 12 с.
4. Головинов О. Киберпреступность в современной экономике: состояние и тенедации развития // Вопросы инновационной экономики – 2016. – Т. 6. – №1– 79 с.



**ӘОЖ 343.**

## **ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ НАШАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТЕГІ ОТБАСЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПТІҢ РОЛІ**

**Есентүгелова Элмира**  
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті**  
**«Экономика және құқық» институты**  
**Ю-22-1 оқу тобының студенті, Қазақстан**  
**Жусупбекова Мадина Қойшыбайқызы**  
**Ғылыми жетекші, «Құқықтану» БББ доценті, з.ғ.к.,**  
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан**



**Аннотация:** Зерттеуде жастар арасындағы нашакорлыққа қарсы күресте отбасы, мектеп және қоғамның аса қажетті ролі негізделеді. Автор отбасылық құндылықтардың, білім алу жүйесінің және әлеуметтік-мәдени ортаның есірткінің тоқтатудың қалыптасуына әсерін зерттейді. Есірткі заттардың кәмелетке толмағандардың арасында таралу негізін статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, таралуының алдын алу бойынша теңдестірілген және тиімді тәсілді құру үшін осы секторлар арасындағы үйлестіру мен серіктестіктің маңыздылығы атап өтіледі. Зерттеу жастар арасындағы салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған кешенді стратегияларды әзірлеуге негіз болады.

**Кілт сөздер:** отбасылық құндылықтар, білім беру, қоғам, neet санатындағы адамдар, есірткі.

**Аннотация:** В исследовании обосновывается роль семьи, школы и общества в борьбе с наркоманией среди молодежи. Автор исследует влияние семейных ценностей, системы образования и социокультурной среды на формирование наркотических средств. Подчеркивается важность координации и партнерства между этими секторами для создания сбалансированного и эффективного подхода к предотвращению распространения наркотиков среди несовершеннолетних на основе статистических данных. Исследование послужит основой для разработки комплексных стратегий, направленных на пропаганду здорового образа жизни среди молодежи.

**Ключевые слова:** семейные ценности, образование, общество, люди категории neet, наркотики.

**Abstract:** The study substantiates the role of family, school and society in the fight against drug addiction among young people. The author examines the influence of family values, the education system and the socio-cultural environment on the formation of narcotic drugs. The importance of coordination and partnership between these sectors is emphasized in order to create a balanced and effective approach to preventing the spread of drugs among minors based on statistical data. The study will serve as a basis for the development of comprehensive strategies aimed at promoting a healthy lifestyle among young people.

**Keywords:** family values, education, society, neet people, drugs.

Қазіргі таңда Қазақстанда жастар арасындағы есірткіге қатысты қылмыстық істер аса көп мөлшерде тіркелуде, бұл қоғамға айтарлықтай қауіп төндіреді. Соңғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, қоғамда үлкен алаңдаушылық туғызып, есірткіні тұтынатын жастардың үлесі артып келеді. Оның ішінде 15 пен 19 жас аралығындағы жасөспірімдер, бұл тенденция дабыл қағып, жастар арасындағы есірткінің таралуына жол бермеу үшін пәрменді шаралар қабылдаудың қажеттілігін көрсетеді.

2023 жылы қыркүйек айында елімізде 19 жастағы қыз студенттер психотропты заттарды тасымалдау және тарату фактісі бойынша Қостанай қаласында ашық сот өткен болатын. Соттық процесс елімізде үлкен жаңалыққа айналды, оған себеп сот процессінің білім ордасында болуы. 10 жылға бас бостандығынан айырылған студенттердің қателігін қайталамас үшін сот Байтұрсынов атындағы жоғарғы оқу орнында студенттердің алдыда болған [1].

Елімізде соңғы 10 айдың ішінде 3 мыңнан астам адам сотталып, 100 тоннадан астам есірткі тәркіленген. Онымен қоса, 75 есірткі жасайтын жасырын зертхана анықталған. Үлестірушілер арасында шетелдіктерден бөлек, еліміздің құқық қорғау органдарының қызметкерлері де бар.

Соңғы 5 жылда синтетикалық есірткіні тәркілеу көлемі 10 келіден 1 тоннаға дейін күрт өскен. Дүниежүзінде мыңнан астам есірткі түрі бар десек, оның 700-ге жуығы елде бар. Ең өкініштісі, ауыр қылмысқа жастар мен жасөспірімдердің әуес. Кәмелетке толмаған 6 бала сотталып, 26 жасөспірімге қатысты іс қозғалған [2].

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1-қыркүйектегі Қазақстан Халқына жолдауында синтетикалық есірткі тұтынатындардың көбеюі ұлт саулығына зор қауіп төндіріп отырғанын,

уақыт өткен сайын мұндай есірткі арзан әрі қолжетімді бола бастағанын, соған байланысты синтетикалық есірткіні өндіруге және таратуға қарсы күрес жалпыұлттық деңгейде жүргізілуі тиіс екендігін атап көрсетіп, нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресу жұмыстарын жандандыру тапсырылған. Сол себепті ең бірінші қоғамның әр түрлі жас категориясындағы адамдардың есірткімен өзара әрекеттесуі әртүрлі себептерін қарастыру қажет.

Жасөспірімдер мен кәмелетке толмағандардың есірткі қылмыстарымен айналысуының негізгі себептерін зерттей келе:

- Өзін-өзі растауға және оның жеке басын іздеуге ұмтылу. Жасөспірім кезінде көптеген жастар ерекшеленудің жолдарын іздейді, олардың тәуелсіздігін баса көрсетеді, бұл жаңа тәжірибе іздеуде есірткі тәжірибесіне әкелуі мүмкін.

- Тағы бір маңызды себеп – қоғамдық ортасының әсер етуі. Жасөспірімдер құрдастарының қысымына ұшырауы, белгілі бір топқа сәйкес келуге тырысуы немесе жай сән үрдістерін ұстануы мүмкін. Бұл тұрғыда есірткіні қолдану белгілі бір әлеуметтік ортаға жату тәсілі ретінде қабылдануы мүмкін, бұл есірткіні қолдануға қосымша мотивация тудырады.

- Сондай-ақ, отбасылық ортаның әсерін ескермеуге болмайды. Отбасындағы проблемалар, ата-аналардың сенімі немесе қолдауының болмауы жасөспірімнің қолдау іздеуге және есірткіден эмоционалды жеңілдетуге ұмтылуына ықпал етуі мүмкін. Есірткіні қолдану қиындықтардан және стресстен құтылудың бір түрі болуы мүмкін, бұл есірткіні қиындықтарды жеңудің тартымды түріне айналдырады.


- Қосымша аспект-есірткіні қолданудың салдары туралы хабардарлықтың болмауы. Жасөспірімдер көбінесе есірткіге байланысты қауіптер мен қауіптерді білмейді және оларды жаңа сезімдерді сезінудің зиянсыз әдісі ретінде қабылдауы мүмкін. Білім беру бағдарламалары мен ақпараттық науқандар хабардарлықты арттыруда және тұтынудың басталуын болдырмауда шешуші рөл атқаруы мүмкін.

Кәмелетке толмағандар арасындағы есірткі тәуелділігіне және оның табыс көзі ретінде көруіне назар аударуды және жан-жақты шешуді қажет ететін күрделі әлеуметтік проблема болып табылады. Кәмелетке толмағандар мен жасөспірімдер жеке тұлға ретінде қалыптасатын уақытта осал болады, бұл оның болашағына әсер етуі мүмкін. Есірткі жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығына зиянды әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың әлеуметтік интеграциясын бұзады.

Есірткінің негізгі қауіптілігі есірткіні бірнеше рет қабылдағаннан кейін қайталама дозаларға құмарлық пайда болады. Нашақор, әдетте, психотропты заттардың қандай қауіпті салдары бар екендігі туралы ойланбайды. Бірақта салдары болашақта психологиялық және физикалық тәуелділік пайда болады.

Әрбір жаңа дозамен есірткі нашақордың миы мен жүйке жүйесін көбірек бұзады. Бұл сипаттағы бұзылулар, әдетте, мидың жеке бөліктеріне және есте сақтауға жауап беретін жеке нейрондарға қатысты болады. Адам есірткіден басқа ештеңе туралы ойлай алмайды. Оның кәсіби қызметі тез төмендейді және адам қоғаммен байланысын тоқтатады. Енді адам есірткі затын қабылдағанда, ол тыныштық пен ләзатқа тез жетеді, бірақта әсері ұзаққа созылмайды. Есірткі миға өте қысқа уақытқа ғана әсер етеді, бірнеше сағаттан кейін адам есірткі затына ақша іздеп, оны қайтадан қолдануға мәжбүр болады. Есірткі қолданатын адам өзінің қоғамдағы рөлін ұмыта бастайды. Тәуелді адамның жалғыз мақсаты тек -есірткі. Дүниетаным басқаша болады. Адам өзінің хоббиіне, жұмысына, отбасына деген қызығушылығын жоғалтады.

Есірткінің бір дозасы үшін адам ұятты әрекеттерге – ұрлыққа, тонауға және тіпті өлтіруге дейін барып жатады. Жакын адамдармен қарым-қатынас өте тез бұзылады, бірақ тәуелді адам енді тоқтатылмайды. Нашақордың алдындағы барлық моральдық негіздер мен құндылықтар жоғалады. 2022 жылғы ҚР Провстаттың мәліметі бойынша елімізде 764 адам нашақорлық жағдайда құқыбұзушылық жасаған [3].



Елімізде психотропты заттарға немесе есірткілік қылмыстарға жақын 15- 28 жас аралығындағы адамдар көбіне NEET- Not in Education, Employment or Training (білімі жоқ, жұмысы жоқ тұлғалар) санаттық адамдар болып табылады. Өткен жылдың соңында осындай жас қазақстандықтар санының үлес салмағы 6,9%-ға жетті. 2022 жылдың "жұмыссыз және оқусыз" мәртебесі бар жастар саны 235,7 мың азаматты құрады. 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда олардың саны 22,4 мың адамға аз болды. Дамушы елдерде NEET адамдарының көпшілігі білім ала алмаған және лайықты жұмыс таба алмаған аз қамтылған отбасылардан шыққан. Көбінесе олар девиантты мінез-құлыққа "кетеді", бұл қоғамның бір бөлігін маргинализациялауға әкеледі. Осылайша еліміздегі 235,7 мың азаматтың ішінде жыл сайын 3-4 мың есірткілік қылмыспен айналысады [4]. Осы ауқымды проблеманы шешуде мен өзімнің ұсыныстарымды қосар болсам:

Біріншіден, NEET- Not in Education, Employment or Training (білімі жоқ, жұмысы жоқ тұлғалар) санатындағы адамдардың пайда болуын азайту мақсатын да оларды әлеуметтік жұмыспен немесе жоғарғы оқу, мамандандырылған курстарды оқытумен қамтамасыз ету. Бұл ұсыныс 1 жылда кем дегенде 10-15 мың адамды қамтыса, еліміздегі тек қана есірткілік қылмыстар емес және басқада құқықбұзушылықтарды (ұрлық, алаяқтық, т.б) проценті төмендейді. Сондай-ақ жоғары оқу мен орта білімді аяқтап жатқан тұлғаларды ұзақ уақытқа содзырмай жұмыспен немесе оқумен қамту керек.

Екіншіден, психотропты препараттарды сататын онлайн сайттарды, күмән тудыратын жұмыстарды, қабырғаларға жазылған кодтарды әшкерелеп, жою, қылмыскерді жауапқа тарту.


Үшіншіден, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа профилактикалық жұмыстар жүргізу. Лекция оқу нысанын пайдаланбай, психикалық әсер ету арқылы нашакорлыққа қарсы көз қарас қалыптастыру. Отбасылық мәселелерді шешуде психологтар мен мемлекеттік органдардың көмек көрсетуі.

Осылайша, есірткіге тәуелді жастар білімін жоғалту, кәсіби өсу перспективалары және тіпті өмірлік мақсаттарын жоғалту қаупіне тап болады. Сонымен қатар, есірткі қоғамдағы басқада адамдардың қауіпсіздігіне қауіп төндіреді, себебі олардың әсерінен қылмыстар мен

кақтығыстар туындауы мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін білім беру бағдарламаларын, отбасы мен қоғамның қолдауын, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қатаң бақылауын қамтитын кешенді шаралар қажет. Жастар қоғамның негізгі ресурсы екенін және оны есірткінің зиянды әсерінен қорғау болашақ ұрпақ үшін салауатты және тұрақты қоғамның қалыптасуына ықпал ететінін түсіну маңызды.

#### Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Қостанай жаңалықтары. <https://top-news.kz/pokazatelnyj-process-po-delu-studentok-kstk-rasprostranjavshih-narkotiki-vynesen-prigovor/>
2. Астана ТВ: Есірткіге қатысты кәмелетке толмаған 6 бала сотталған. <https://m.astanatv.kz/kz/news/99825/>
3. <https://ranking.kz/reviews/socium/prestupleniya-v-sostoyanii-narkoticheskogo-opyaneniya-v-rk-stali-sovershatsya-zametno-rezhe.html>.
4. Представители молодежи NEET живут за счёт родителей или «второй половины», и это их устраивает. <https://m.forbes.kz/news/2023/03/10/>



УДК: 316.356:343.6

## БЫТОВОЕ НАСИЛИЕ НАД ЖЕНЩИНАМИ

Акимбаева Айнур Алимхановна

магистр юридических наук, старший преподаватель,

Международный Таразский инновационный институт, Республика Казахстан

Оралбаева Айсулу

студент факультета «Юриспруденция», Международный Таразский инновационный институт, Республика Казахстан

**Аннотация.** В данной статье рассматривается актуальная проблема – проблема бытового насилия над женщинами. Каждый случай насилия - это потеря для общества. Преодоление бытового насилия над женщинами требует совместных усилий со стороны государства, общественных организаций, медиа и каждого человека.

**Ключевые слова:** общество, насилие, женщины, закон, жертва насилия.

**Андатпа.** Бұл мақалада өзекті мәселе – әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі қарастырылады. Әрбір зорлық-зомбылық оқиғасы қоғам үшін шығын. Әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықты жеңу мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының және әрбір адамның бірлескен күш-жігерін қажет етеді.

**Кілт сөздер:** қоғам, зорлық-зомбылық, әйелдер, заң, зорлық-зомбылық құрбаны

**Annotation.** This article discusses a current problem - the problem of domestic violence against women. Every incident of violence is a loss for society. Overcoming domestic violence against women requires joint efforts on the part of the state, public organizations, media and every person.

**Key words:** society, violence, women, law, victim of violence

Бытовое насилие над женщинами - это серьезная социальная проблема, с которой сталкиваются женщины во многих странах мира. Начиная от физического и эмоционального насилия до экономического и сексуального угнетения. На первый взгляд может показаться, что это проблема индивидуальных отношений, но на самом деле она имеет корни в глубоко укоренившихся социокультурных нормах и неравенствах.

Одним из наиболее острых проблем в области бытового насилия над женщинами является его частота. По данным Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ), около 1 из 3 женщин в мире сталкивается с физическим или сексуальным насилием со стороны партнера или другого мужчины в течение своей жизни. Это цифры, которые нельзя игнорировать.

Бытовое насилие над женщинами - это одна из серьезных социальных проблем в Казахстане, которая требует внимания общества и государственных органов. Вопреки усилиям правительства и активистов за последние годы, это явление все еще остается распространенным и вызывает огорчение.

Согласно исследованиям, проведенным в Казахстане, около 30% женщин сталкиваются с физическим или сексуальным насилием со стороны партнера или других мужчин в течение своей жизни. Эти цифры, возможно, недостаточно полные из-за стигмы и страха, которые часто сдерживают женщин от раскрытия случаев насилия.

Причины бытового насилия над женщинами многообразны и сложны. Они включают в себя социокультурные факторы, такие как устойчивые представления о мужской силе и женской подчиненности, экономическую зависимость женщин от своих партнеров, а также отсутствие законодательной и социальной поддержки для жертв насилия. Нередко к насилию приводят и проблемы с психическим здоровьем у насильников.

Важно понимать, что бытовое насилие над женщинами имеет серьезные последствия как для жертв, так и для общества в целом. Это может привести к травмам, повреждениям, психологическим расстройствам, а в некоторых случаях - даже к смерти. Кроме того, это создает неблагоприятную атмосферу страха и неуверенности, которая угнетает женщин и мешает им осуществлять свои права и достижения в жизни.

Борьба с бытовым насилием над женщинами требует комплексного подхода. Это включает в себя введение эффективных законов против насилия, создание безопасных мест и укрытий для жертв, расширение доступа к психологической и юридической поддержке, а также изменение социокультурных норм и ценностей, которые лежат в основе этой проблемы.

Кроме того, важно поддерживать и обучать мужчин в вопросах равенства полов и ненасильственного разрешения конфликтов, чтобы они могли стать союзниками в борьбе против насилия над женщинами.

Проблема бытового насилия над женщинами в Казахстане связана с несколькими факторами. Во-первых, существует распространенное убеждение в мужском доминировании и женской подчиненности, которое поддерживает насилие в отношениях. Во-вторых, неравные социально-экономические условия могут делать женщин более уязвимыми перед насилием и менее склонными к поиску помощи из-за экономической зависимости от насильника.

Государственные органы Казахстана предпринимают ряд мер для борьбы с бытовым насилием. Это включает в себя принятие законодательства, направленного на защиту прав женщин и наказание насильников. Также действуют центры помощи для женщин, предоставляющие поддержку и консультации по вопросам безопасности и правовой защиты.

Однако, несмотря на все усилия, проблема бытового насилия над женщинами в Казахстане продолжает оставаться вызовом. Для ее решения необходимо усиление мер по профилактике насилия, повышение осведомленности общества о правах женщин и о доступе к помощи, а также создание условий для экономической и социальной независимости женщин.

Каждый случай насилия - это потеря для общества. Преодоление бытового насилия над женщинами требует совместных усилий со стороны государства, общественных организаций, медиа и каждого человека. Только солидарное действие и постоянное внимание к этой проблеме могут привести к ее решению и созданию безопасного и равноправного общества для всех его членов.

Решение проблемы бытового насилия над женщинами в Республике Казахстан требует комплексного и многоуровневого подхода, который включает в себя следующие меры:

**1. Укрепление законодательства и его эффективная реализация:**

Необходимо создать и улучшить законы, которые защищают права женщин и предоставляют им средства защиты от насилия. Важно также обеспечить эффективное применение законов, чтобы нарушители были наказаны и жертвы получили справедливость.

**2. Повышение осведомленности и образования:**

Необходимо проводить широкие кампании по борьбе с насилием над женщинами, которые направлены на повышение осведомленности в обществе о этой проблеме. Обучение населения о правах женщин и о том, как можно помочь жертвам насилия, также является важным аспектом этой работы.

**3. Развитие системы поддержки для жертв:**

Необходимо создать и развить центры поддержки для жертв насилия, где они могут получить конфиденциальную помощь, психологическую поддержку, юридическую помощь и временное укрытие.

**4. Обучение правоохранительных органов и медицинского персонала:**

Важно обучать правоохранительные органы и медицинский персонал о том, как обнаруживать случаи насилия и как оказывать поддержку жертвам. Это поможет улучшить реакцию населения на случаи насилия и обеспечить жертвам необходимую помощь.

**5. Содействие экономической независимости женщин:**

Поддержка программ и инициатив, направленных на повышение экономической независимости женщин, поможет уменьшить их уязвимость перед насилием. Это может включать в себя образовательные программы, тренинги по трудоустройству и финансовую поддержку.

**6. Поддержка мужской антинасильственной инициативы:**


Важно включать мужчин в усилия по борьбе с насилием над женщинами, обучать их о правах женщин и последствиях насилия, и содействовать созданию сообществ, где мужчины могут поддерживать друг друга в соблюдении ненасильственного поведения.

Обращение к этим мерам совместно с участием всех уровней общества - от государственных институтов до общественных организаций и индивидуальных граждан - поможет сократить случаи бытового насилия над женщинами и создать безопасное и равноправное общество для всех его членов.

В заключение, бытовое насилие над женщинами - это не просто частный случай насилия в семье, это глобальная проблема, которая требует серьезного внимания и усилий от общества в целом. Справедливое и равное общество возможно только тогда, когда каждый человек, независимо от пола, может чувствовать себя безопасно и уважаемо.

**Список использованной литературы:**

1. Закон Республики Казахстан «О профилактике бытового насилия» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.07.2023 г.)
